

12016

3341к

Қазақстан Республикасының  
Тәуелсіздігіне

25 жыл

КУЧУКОВА НУРИЛЯ КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ  
КЕРІМБЕК ҒАЛЫМЖАН ЕСҚАРАҰЛЫ

# САЛЫҚТЫҚ-БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ

● Оқу құралы ●

**КУЧУКОВА НУРИЛЯ КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ  
КЕРІМБЕК ҒАЛЫМЖАН ЕСҚАРАҰЛЫ**

# **САЛЫҚТЫҚ-БЮДЖЕТТИК ЖОСПАРЛАУ**

*Oқу құралы*



**Алматы  
2016**

ӘОЖ 336.144 (075.8)

КБЖ 65.261.3 м 73

К 89

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮҮ-нің Гылыми кеңесі

(Хаттама №2, 18 қыркүйек 2015 жыл) және Т. Рұсқұлов атындағы ЖСОУ жаңындағы

ҚР БжФМ-нің РОӘК «Әлеуметтік гылымдар, экономика және бизнес»

мамандықтар тобы бойынша ОӘБ-мен ұсынылды.

Пікір берушілер: **А.Б.Зейнельгабдин** – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Торагасының Кеңесінің, Ә.Г.Д., профессор;

**С.Ж.Ынтықбаева** – Т.Рұсқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті «Қаржы және несие» кафедрасының мемгерушісі, Ә.Г.Д., профессор;

**А.А.Ильяс** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қаржы» кафедрасының профессоры, Ә.Г.Д.

### Кучукова Н.К.

К 89 **«Салықтық-бюджеттік жоспарлау»: оку құралы / Н.К. Кучукова, F.E. Керімбек / Алматы: Экономика, 2016. – 444 бет.**

ISBN 978-601-225-882-0

«Салықтық-бюджеттік жоспарлау» оку құралы нағызғеге бағытталған стратегиялық жоспарлау мен бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын, мемлекеттік бюджетті жоспарлау негіздері және оны азірлеудің кезеңдерін, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын, республикалық және жергілікті бюджетті қалыптастыру механизмдерін, мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарын жоспарлау мен болқаудың елестері мен үлгілерін, сонын нәтижесінде салықтық және салықтық смес түсімдерді жоспарлаудың ерекшеліктерін, салықтық-бюджеттік жоспарлаудың халықаралық тәжірибелесін мәнгеруге мүмкіндік береді.

Сондымен катар Қазақстан Республикасындағы салықтық-бюджеттік жоспарлау үшін негіз болып табылатын, стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын қамтамасыз ететін еділік стратегиялық күжаттарының мазмұны, әлеуметтік-экономикалық дамудың бес жылдық кезеңге болжамының және Қазақстан Республикасы бюджеттік параметрлерінің үш жылдық кезеңге болжамының мазмұны, «Үш жылдық кезеңге ариалған республикалық бюджет туралы» Записы. Салық кодексі және Бюджет кодексінің мазмұны анылған.

Оку құралы мемлекеттік билік иен басқару органдарының басшыларына, қаржыгерлерге, гылыми қызыметкерлерге, экономикалық ЖСОУ-ның докторанттарына, магистранттарына, студенттеріне, кадрларды қайта даярлау және олардың белгілілігін артырыу курстарының тындауыштарына, қаржылық және қаржылық смес органдардың қызыметкерлеріне, бюджет үдерісінің барлық қатысушыларына және жалпы оқырманға ариалған.

ӘОЖ 336.144 (075.8)

КБЖ 65.261.3 м 73

ISBN 978-601-225-882-0

© Кучукова Н.К., Керімбек F.E., 2016.

© «Экономика» баспасы» ЖПИС, 2016.

## КІРІСНЕ

Салықтық-бюджеттік жоспарлау макроденгейде елдің алеуметтік-экономикалық және қаржылық ал-ауқатының болашағын, оның саяси тұрақтылығын және экономикалық тәуелсіздігін анықтайды. Бұл ретте салықтық-бюджеттік жоспарлау елді адайы көлешекте дамытудың стратегиялық құржаттарына пегізделеді және үтітік экономика мен алемдік экономиканың даму жағдайына тәуелді болады.

Қазақстан соңғы он жылдықтарда қарқынды тұрғанда дамуда және оның қаржылық қуаты нығайып келе жатыр. Қазақстан Республикасы Президенттің 2012 жылдың 14 жесе тоқсанындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында корсетілгендей, 15 жыл інінде үтітік экономиканың көлемі 1997 жылды 1,7 триллион теңгеден 2011 жылды 28 триллион теңгедеге дейін үлгейлан. Елдің ЖІО 16 еседен астам артын, 160 млрд доллар инвестиция тартылған. Үтітік қорды қоса алаңдап дағы аштын-валията резервтері 87 млрд теңгени немесе ЖІӨ-нің 40%-дан астам үлесін құрайған. 2012 жылды, Бүкіләлемдік экономикалық форумың бағалауы бойынша, Қазақстан алемнің 144 елінің арасынан 51 орынга табан тірреген. 2012 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан ЖІӨ көлемі бойынша планетаның ірі 50 экономикасының қатарына қосылады, – деп атап корсетті және басты мақсат – 2050 жылды әлемнің ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу деп белгіледі.

Одан қоса, қазіргі уақытта тіменде корсетілгендей қуатты ғаламдық және ішкі қауіттер де бар, олар:

- азық-тұлғақ және энергетикалық дағдарыс қауіттері;
- судың қатты тапшылығы;
- табиғи ресурстардың сарқылуы;
- үлесін келе жатқан алеуметтік тұрақсыздық;
- үшінші индустріалдық тоңкеріске кошыу;
- жаңа алемдік тұрақсыздық қауіттері және т.б.

Бұл жағдайда Қазақстан үшін экономикалық табыстар мен адамдардың омір сұру саласын жақсартудың арасындағы оңтайтын төңгерімді табу оте маңызды. Осы міндетті макроденгейде сауатты салықтық-бюджеттік жоспарлау атикаруы тиіс, себебі, мемлекеттің бюджеттің кіріс және шығыс боліктері арқылы мемлекеттіңіздің барлық экономикалық, фискалдық, инвестициялық, инновациялық, адам капиталын дамытуды қамтитын құрылымдық және алеуметтік саясаты іске асырылады. Адамдардың омір сұру деңгейін арттыру көп жағдайларда елдің мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарын

#### 4. Салыктық-бюджеттік жоспарлау

жоспарлаудың сапасына, салықтар, мемлекеттік шығыстар, трансфертер және экономиканы мемлекеттік реттеудің озге де құралдары арқылы экономиканың салаларын дамытуды ынталандырудың тәсілдері мен механизмдеріне тәуелді болады.

Бірінші кезекте Қазақстаниң салықтары мен мемлекеттік шығыстары жақын болашақта келесілер бойынша міндеттер кешенін орындауы тиіс:

- халықты жұмыспен қамту;
- тұрғын үйдің қол жетімділігі;
- өнімлерді дамыту;
- тұрғындарга көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру;
- елдің индустримальды-инновациялық дамуы;
- инфрақұрылымды, кәсіткерлікті, ауыл шаруашылығын дамыту;
- адам каниталының сапалы осімі.

Осы міндеттерді орындау үшін елде қабылданған және қазіргі кездे республикатың бюджеттен орасан зор қаржылық ресурстардың бөлінуі арқылы жүзеге асырылып жатқан «2010-2014 жылдарға арналған Қазақстаниң үдемелі индустримальды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы», «Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы», «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», «2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы», «2011-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында деңсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы», «2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының тұрғын үй шаруашылығын жаңарту бағдарламасы», «Өнімлерді дамыту» бағдарламасы, «2012-2020 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту бағдарламасы» секілді мемлекеттік бағдарламалары базытталған.

Сонымен қатар бюджет саясатының жаңа қағидаларын – озінің мүмкіндіктері шеккінде жұмысауды және тапшылықты мүмкін болатын ең томенгі шекке дейін қысқартуды белгіле迪. Қара күндерге арналған резевтерді арттырып, олардың үзақ мерзімді келешикте сақтауын жүзеге асыру қажет. ЖІӨ-ге қатысты бюджет тапшылығын 2013 жылды 2,1%-дан 2015 жылды 1,5%-ға дейін томендету міндетті қойылған. Қаржылық-бюджеттік үдеріске деген қатынас жеке салымдарға қатынас секілді мүжият және ойластырылған болуды тиіс. Басқаша айтқанда, бірде бір бюджет теңгесі құр босқа жұмыс алмауы тиіс. Мемлекет бюджетінде үзақ мерзімді перспектива түрғысынан алғанда онімді болып табылатын экономиканы артаратаптандыру

және инфрақұрылымды дамыту секілді жасалып шыттық жобаларға бағытталуы қажет.

Жоғарыда аталаған міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы мемлекет бюджетінің ЖІӨ-ге қатысты табыстарының артуын қамтамасыз ету керек және бірнеші кезекте, оны ұлттық экономиканы жеделдейтіп артаратандыру мен жаңарту, еңбектің онімділігін, тиімділігін және науқожелігін арттыру, экономиканың барлық секторларында ең жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу науқожесінде энергия сыйымдылықты томендету есебінен жүзеге асыру қажет. Өз кезегінде, осы маңызды міндеттердің іске асырылуы бизнеске деген салық жүктемесін дұрыс жоспарлаған жағдайда және адам капиталын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасаған жағдайда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Бюджеттің кіріс және шығыс баптарын жоспарлағанда елдің ең маңызды басымдықтары және стратегиялық міндеттері, макроэкономикалық көрсеткіштері мен сыртқы факторлары ескерілуі тиіс.

Салықтық-бюджеттік жоспарлау – бұл көптеген факторлар мен шарттарды ескеретін күрделі әрі озара байланысты үдеріс. Тұпкі науқожеге бағытталған бюджеттік жоспарлаудың жаңа әдістері министрліктер мен ведомстволардан болғандағы қарастыралғандағы иегерін қана қоюоды емес, сонымен қатар нақты түпкілікті науқожелерге қол жеткізуі де талап етеді.

Бұл пәнди иегерудің мәні басымды мақсаттарға қол жеткізуге – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуға бағытталған жаңа «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру жағдайындағы салықтық-бюджеттік жоспарлаудың экономикалық, үйымдық және құқықтық аспектілері болып табылады. «Салықтық-бюджеттік жоспарлау» пәннің мазмұны елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және қазақстандықтардың омір сүру сапасын жаңарту мақсатында мемлекеттік салықтық және қаржылық менеджмент саласындағы білімдердің тұмас жүйесін ұсынады.

Зерттеу обьектісі – Елбасы-Ұлт Кошбасшысының жыл сайынды халыққа арналған Жоғардауы, перспектива дағы елдің, министрліктер мен ведомстволардың стратегиялық құжастары, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің (экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі) бес жылдық кезеңге арналған елдің алеуметтік-экономикалық дамуы туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бюджеттік параметрлердің үшін жылдық кезеңге арналған болжасмы, республикалық бюджеттің атқарылуы болынша Үкіметтің есентері және соңғы он жылдағы республикалық

6. Салықтык-бюджеттік жоспарлау  
бюджеттің атқарылуын бақылау бойынша Есеп комитетінің есептері,  
Қазақстан Республикасының Бюджет және Салық кодекстері, тиісті  
жылдардағы республикалық бюджет туралы заңдар, Қазақстан Респуб-  
бликасы Ұлттық Банкінің ақша-несие саясатының негізгі бағыттары,  
Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, ше-  
метлік, ресейлік және қазақстандық экономист-ғалымдардың гылыми  
енбектері мен оқу-әдістемелік әзірлемелері және т.б. болды.

Баяндай мақсаты – стратегиялық және бюджеттік жоспар-  
лау үдерістерін, сонымен қатар олармен байланысты бюджет  
қатынастарын теориялық жасылау мен тәжірибелік талқылау не-  
гізінде, оған қоса Қазақстанның салық және бюджет салаларындағы  
заңнамалық және нормативтік құжастарды зерттеу негізінде  
республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының қалыптасу  
механизмін игерудегі білім алушылардың теориялық және тәжірибелік  
дайындығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасындағы бюджеттік  
жасылтық үдерістерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету;  
алемдік тәжірибелі есепке алғанда салықтык-бюджеттік  
жоспарлау мен болжамдаудың даму перспективалары бойынша білім  
алушылардың білімдерін тереңдепту.

Оқу қуралинда келесідей нақты сұрақтар қарастырылады:

1. Қазақстан Республикасындағы стратегиялық жоспарлау не-  
гіздері.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына  
арналған соңғы Жолдауларының негізінде Қазақстанның жаңа міндет-  
тері.

3. Қазақстан Республикасындағы бюджеттік жоспарлаудың  
негіздері. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің мазмұны мен  
құрылымы.

4. Қазақстан Республикасындағы иетижеге бағытталған  
бағдарламалық-мақсаттық бюджеттеу қағидаларының енгізілуі.

5. Қазақстан Республикасының алдағы перспективадағы  
алеуметтік-экономикалық дамуының және бюджет параметрлерінің  
болжамдары.

6. Қазақстан Республикасы алеуметтік-экономикалық саяса-  
тының негізгі бағыттары.

7. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қалыптасу ме-  
ханизмдері және олардың құрылымы.

8. Бюджетке түсемін негізі салықтық түсімдер (КТС, ҚҚС,  
ЖТС және басқалар) мен салықтық емес түсімдердің негізгі түрлерін  
жоспарлау мен болжамдау; үлгілері мен механизмдері.

*9. Бюджет шығыстарын жоспарлау.*

*10. Салықтық-бюджеттік жоспарлаудың халықаралық тәжірибелесі.*

Оқу құралы Қазақстанда бюджет қатынастарының даму қарқыны бойынша оқу материалын ғана қамтып қоймайды, сонымен қатар ғылыми зерттеу мен талқылау үшін де мәселелер ұсынады. Бұл оқу құралы оқытушыга семинар сабактарын откізуге және білім алушылардың өзіндік жұмыстарын үйымдастыруды көмек көрсетуге шығарылған. Атаптап оқу құралының басты артықшылығы оның, біріншіден, елдің ең жаңа стратегиялық құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілеріне негізделуінде және екіншіден, ғынылған қорытындыларды дәлелдеу және түсінікттер мен терминдерді бекітүмен қолжетімді нысандарды елеулі көлемдегі ақпаратты игеру мүмкіндігін беруінде болып табылады. Осы мақсаттар үшін өзін-өзі бақылау үшін арналған сұрақтар, тақдау баяндамалары мен презентациялардың тақырыптары берілген, салықтық-бюджеттік жоспарлау саласындағы мәселелерге назар аударуға мүмкіндік беретін глоссарий жасалған, ал ол өз кезегінде игеріліп отырған материалдың жақсы есте қалуына септігін тигізеді.



## 1-ТАРАУ. НӘТИЖЕГЕ БАҒДАРЛАНГАН, МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ – БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУДЫҢ НЕГІЗІ

1. Қазақстан Республикасында стратегиялық жоспарлаудың негіздері. «Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050» даму стратегиялары.
2. Тауелсіздік жылдарындағы Қазақстанның экономикалық жетістіктері.
3. Мемлекеттік органдардың қызметін стратегиялық жоспарлау – нәтижесеге бағдарланған бюджеттік жоспарлаудың негізі.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы бойынша негізгі міндеттер.

### 1.1

|| Қазақстан Республикасында  
стратегиялық жоспарлаудың негіздері.  
«Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050»  
даму стратегиялары

«Қазақстан-2030» стратегиясы» Елбасының халықта арнаған ең алғашқы Жолдауы болған, бұл жөнінде 1997 жылы баяндама жасады. Экономикалық реформаларды мақсатты жүргізуің, қолайлы инвестициялық ахуалды жасаудың, когамда тұрақтылықты қамтамасыз етудің арқасында Қазақстан бүгін экономикалық осу деңгейі бойынша дүние жүзінде алдыңғы орындарда. Даму стратегиясының жеті ұзақмерзімді артықшылығы үлемелі даму үшін өзірленіп, қазір нәтижелі жүзеге асырылуда. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында жетістіктерге жету үшін елдің негізгі құжаты – «Қазақстан-2030» даму стратегиясын жүзеге асыру үшін өзірленген салалық және территориалдық стратегияларды (индустриалды-инновациялық, даму, коліктік, ақпараттық және т.б.) іске асыру тиғізді.

Мемлекеттік стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін орындауда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің алатын орны маңызды – бұл мемлекеттің кіріс және шығыс болімдерінен тұратын маңызды қаржылық жоспары. Елдің алдында тұрган ауқымды стратегиялық міндеттерді орындау үшін зор қаржылық ресурстар қажет.

#### Мемлекеттік бюджет:

– біршама мен маңызды стратегиялық міндеттерді шешу үшін елде бар барлық қаржылық ресурстарды зандау және жеке тұлғаларға сауатты және нәтижелі салық салу арқылы жұмылдыруға арналады;

— екіншіден, мемлекет бюджеті бюджеттік қаражаттарды тиімді қолдануды қамтамасыз етуі керек, сәйкесінше, мемлекеттің маңызды міндетті тиімді макроэкономикалық, соның ішінде, фискалды (салықтық-бюджеттік) саясатты қалыптастыру болып табылады.

«Қазақстан-2030» Жолдауында қандай стратегиялық мақсаттар мен міндеттер көрсетілген және қазіргі уақытта оларды жүзеге асыру нәтижесі қандай деген мәлелелерді қарастырайық.

«Қазақстан-2030» даму Стратегиясының бірінші ұзақ мерзімді басымдылығы үлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Үлттық егemenдік пен территорияның біртұтастығын қоргау – кез-келген мемлекеттің үдемелі және тұрақты осуінің міндетті шарты болып табылады.

Бұл артықшылықты жүзеге асыру үшін өткен жылдары елдің мемлекеттік шекарасын безендіруге, Қарулы күштерді реформалауға және мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайтуға, құқық қорғау органдары жүйесіндегі өзекті мәселелерді шешу, соның ішінде, қылмыспен құрес және құқық тәртібін нығайту бойынша бірнеше шаралар жүргізілді. Стратегиядагы шараларды іс жүзінде жүзеге асыру ұйымдастырылған қылмыс, діни экстремизм және терроризм, нашақорлық және наркобизнес, адамдарды сату және зансыз миграция сияқты қазіргі заманғы қауітерге қарсы жауап беруге мүмкіндік береді. Даму Стратегиясы қабылданған сәттен бастап откен уақытта, үлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қоғамынан іс-шаралар атқарылды.

*Мемлекеттің әскери құрамында ірі масштабты реформалар жүргізілді, атап айтқанда:*

- Қазақстаниң Қарулы күштерінің құрылымын жасау аяқталды;
- әскери басқару органдары жетілдірілді;
- әскерді мамандандыру және материалды-техникалық қамтамасыз етілді;
- әскери инфрақұрылымды дамыту, қайта қаруандыру бойынша және басқада бірқатар шаралар атқарылды.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыстың алдын-алу үшін ішкі істер органдары құқық тәртібін қоргау механизмін жетілдіріп, құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша сақтандыру қызметтері белсендерлілді, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қызметтерінің әр түрлі жұмыстарына қазіргі технологиялар мен әдістерді енгізді. Үлттық қауіпсіздік жүйесін ары қараң нығайту үшін осы сала бойынша халықаралық серікестік кеңейе береді.

*Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның шоғырлануын (консолидация) қамтамасыз ету бойынша міндеттер үлттық дамудың ұзақ мерзімді стратегиясының екінші маңызды ұзақ мерзімді басымдылығы*

**бөліп табылады.** Бұл арғықшылыққа ұлттық қауіпсіздікке берілгендей үлкен мән беріледі, себебі Қазақстан сияқты көп ұлтты және көп конфессиялы елде қоғамдағы көліспеушілік сіз ешқандай қауіпсіздік туралы әңгіме болмайды.

*Бұл тапсырманы орындау үшін:*

- елдің барлық азаматтары үшін теңдік мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- Қазақстанда өмір сүретін барлық этникалық топтар үшін тең құқықтар қамтамасыз ету;
- отпелі кезеңдің әлеуметтік мәселелерін шешу;
- халықтың бай және кедей санаттары арасындағы айырмашылықты қысқарту;
- әр түрлі конфессиялар арасындағы өзара сыйластықты, шыдамдылықты, сенімділікті нығайту.

Тәуелсіздік жылдарында және «Қазақстан-2030» даму Стратегиясын жүзеге асыру барысында ұлтаралық көлісімді сақтап, нығайтудың «Қазақстан жолы» атты өзіндік жобасын әзірледі. Қазақстанның саяси жүйесін реформалау жүргізілді.

*Екінші артықшылық шегінде жүзеге асырылатын ендігі міндет*

– «Қоғамды ары қарай консолидациялау және қазақстанды бірегей басекеге қабілетті ұлт ретінде қалыптастыру».

*Үшінші ұзак мерзімді басымдылығы – шетелдік инвестициялары жогары деңгейлі ашық нарықтық экономикага негізделген экономикалық осу.* Қазақстан оз даму жолында экономикалық осімнің 10 негізгі принциптерін ұстанады:

- мемлекеттің экономикаға шектеулі тікелей араласуы;
- макроэкономикалық тұрақтылық;
- бағаларды ары қарай ырықтандыру;
- ашық экономика және еркін сауда;
- жеке меншік институттарын нығайту;
- жекешелендіру саясаты;
- шетел инвестицияларын тиімді қорғауды қамтамасыз ету;
- энергетикалық және басқа табиғи ресурстарды өндіреу және онтайтыны қолдану;
- индустримальды-технологиялық стратегияны қалыптастыру;
- онімді әртараптандыру.

1997 жылдан кейінгі кезеңде Қазақстанның экономикасында маңызды оңзәгерістер болды. Экономикалық осім мен макроэкономикалық тұрақтылық өндіруші өндірістің дамуына байланысты болды, себебі әлемдік нарықтағы шикізат тауарларына бағажогары болды, сәйкесінше, шикізат өнімнің экспортты артты. Қазақстан экономикасының ары қарай тұрақты дамуы экономиканы әртараптандыру және жаңғыру

негізінде, сонымен катар бәсекеге қабілетті өнім түрлерін өндіруге жағдай жасау мен экспорттың артуы негізінде мүмкін болады. 2003 жылы индустримальды-инновациялық даму Стратегиясын қабылдаған уақыттан бастап отандық экономиканы әртараптандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізді. «Қазақстан-2030» Стратегиясын жүзеге асыру үшін «Самұрық-Қазына» Үлттых әл-ауқат коры құрылды, оның қызметінің негізгі мақсаты – мемлекеттік активтерді басқару. Аудандық деңгейде коммуналды активтерді басқару бойынша шаруашылық атқарымдарды тапсыру максатымен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) құрылды. Казіргі кезде күн тәртібінде «парасатты экономика» қалыптастыру және адам капиталын дамыту негізінде Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру туралы мәселе тұр.

*Стратегияның тортінші ұзақ мерзімді басымдылығы – Қазақстан азаматтарының деңсаулығы, білімі және ал-ауқаты болып табылады. Бұл басымдылықты жүзеге асыру үшін негізгі бағыттар:*

- аурулардың алдын-алу және салауатты өмір салтын жандандыру;
- тамактануды, коршаған орта мен экология тазалығын жақсарту;
- қазіргі білім беру жүйесін, мамандарды даярлауды, біліктілігін арттыруды дамыту.

Экономикалық жағдайды тұрақтандыру кезінде елде деңсаулық сақтау, білім беру салалары бойынша реформалар жүргізілді, демографиялық жағдай жақсарды, халықты әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі кеңейді. Алдағы уақытта казакстанның үлттых әмір сапа стандартын алдыңғы қатарлы елдер деңгейінде қамтамасыз ету көзделген.

*Энергетикалық ресурстардың дамуы – үлттых стратегияның бесінші ұзақ мерзімді басымдылығы.* Қазақстанда энергетикалық ресурстардың мол коры бар, мұнай бел газдың коры бойынша әлемде ондыққа кіреді, жылдан-жылға мұнай мен табиғи газ өндіруді арттыру да. Дәл осы мұнай-газ саласы өзінің артынан экономиканың басқа салаларын тартқан локомотивке айналды. Қазақстан Стратегиясын жүзеге асыру барысында ең үздік халықаралық технологияларды, ноу-хауды және ірі капиталды тарту үшін әлемнің жетекші мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді көлісімшарт жасалды. Ол бар корларды тез және нәтижелі қолдану үшін, сонымен қатар мұнай мен газды экспорттау үшін құбырлар жүйесін жасауға қажет.

*Қазақстанның энергетикалық алеуеттің ары қарай дамыту келесі маңызды міндеттерді шешуді қарастырады:*

- мұнай-газ кешенімен байланысты терен қайта өңдеу салаларын қамтамасыз ету;

- қосылған құны жоғары үлесті халықаралық нарыққа жедел шығу;
- әлемдік нарықтарға энергоресурстарды әртараптандыру мен тұрақты каналдарды қамтамасыз сту.

*Жаңандануга байланысты Стратегияның алтыншы ұзақ мерзімді басымдылығы оте озекті болып отыр, ол Қазақстаниң жаңа жақты инфрақұрылымының дамуымен, әсіресе, көлік және байланыспен байланысты.* Экономиканың бұл секторлардың дамуының қажеттілігі елдің экономикалық және географиялық ерекшеліктерімен байланысты: үлкен территория, теңізге шығу жолының болмауы, елді мекендер мен табиғи ресурстардың біркелкі орналаспауы – осының бәрі республиканың экономикасын көлік жүйесіне тәуелді етеді. Азия мен Еуропаның түйісуіндегі орналасқан Қазақстаниң транзиттік әлеуеті маңызды болып саналады, сонымен қатар Азия мемлекеттеріне Ресей және Еуропамен географиялық баламасы жоқ жерүсті көлік байланысы болып табылады.

Алтыншы басымдылықта көрсетілген міндеттерге сәйкес елде «2015 жылға дейінгі ҚР Көлік Стратегиясы және арнайы телекоммуникация салаларын дамыту бағдарламасы» жүзеге асырылуда. Қазақстан Еуразияның ірі және жабдықталған құбыр, теміржол, автокөлік, теңіз және әуе көлік жолына айналуы керек. Елде телекоммуникациялық саланың дамуымен біртіндеп барлық елді мекендер байланыс қызметімен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар ғаламторды қолданушылардың саны көбейеді.

*Кәсіби мемлекеттің қалыптасуы – ұлттық даму Стратегияның жетінші ұзақмерзімді басымдылығы.*

*Негізінде Үкімет пен жергілікті билік қалыптасқан Стратегияның жеті негізгі принциптері келесіде:*

- тек бірнеше ең маңызды атқарымдарды орындауға бағытталған жинақы және қасіби Үкімет;
- стратегия негізінде бағдарламалар бойынша жұмыс істей;
- нақты реттелген мекемеаралық үйлестіру;
- министрлердің өкілеттілігі мен жауапкершілігін арттыру, олардың есентілігі мен қызметтерін стратегиялық бақылау;
- министрлер ішінде қайта орталықтандыру, орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жеке секторға;
- жемқорлықпен курес;
- жалдау жүйесін, кадрларды дайындау және жылжыту жүйесін жақсарту.

Мемлекеттік басқару жүйесінің інтижелігін жақсарту мақсатында, 1990 жылдардың сонынан бастап Қазақстан күрделі әкімшілік реформалар енгізді. Осы жылдарды мемлекеттік басқару құрылымын

1-тaraу. Нәтижеге бағдарлаптан, мемлекеттік жоспарлаудың... 13 онтайландыруда КР Мемлекеттік қызмет істері бойынша агенттігі құрылды, Сонымен бірге Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Жемқорлықпен күрес туралы», «Әкімшілік шаралар туралы» заңдары, сондай-ақ «Мемлекеттік қызметкерлердің ар-ождан кодексі» қабылданды. Мемлекеттік қызметке қабылдаудың конкурстық жүйесі енгізілді. Мемлекеттік органдарды басқару тәжірибесіне жауапты хатышылар институты енгізілді. Мемлекетке лайық емес атқарымдардың бір бөлігі бәсекелік ортаға берілді. Тұпкі конституциялық өзгерістерге сәйкес билік күштейтілді, мәслихаттар жергілікті басқару органдарының өкілеттілігіне ие болды.

Бұғынгі таңда Үкімет әкімшілік реформаларды жалғастыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізуде. «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы на салынған ұзақ мерзімді басымдықтар ел ішіндегі және сыртындағы жағдайларға байланысты жыл сайын нақтыланып отырды, оны Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында атап өтеді. Осылай әлемдік конъюнктура нашарлаған жағдайда экономиканың тұрақты өсуін сақтау КР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2008 жылғы Жолдауында: «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатының артуы – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деп айттылды Атынан көрініп түрғандай, қандай қын жағдай туындаса да, әлеуметтік сұрақтар әрқашан Үкімет үшін бірінші кезекте тұрады, олар бойынша шығыстар қысқартылмайды.

2012 жылдың 14 желтоқсанында Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жаңа жолдауын оқып, «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мелекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясын ұсынды. «Қазақстан-2030» Стратегиясының қорытындысын жасап, болашаққа бағдарлар жасады. Елбасының ұсынған 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясы – шынымен де тарихи құжат, ол біздің республиканың тарихындағы жаңа дәуірді ашады. Қазір Қазақстан – қалыптасқан жас мемлекет, үлкен геосаяси маңызы бар ел, оның жетістіктері мен бастамалары әлемдік қауымдастықпен мойндалады. Ең бастысы Қазақстанның зор шамасы мен даму мүмкіндіктері бар. Ұлт кошбасшысы саясаткер ретінде, әлемдік масштабтағы тұлға ретінде дәл сондай масштабты, нақты жоспар ұсынды, ол біздің елдің тек бір жылдық, тіпті он жылдық стратегиялық дамуын анықтамайды. Бұл шын мәнінде келесі дәуірге арналған бағдар. Осыдан Елбасыныздың даналығы, көрегенділігі, стратегиялық ойлау қабілеті айқын көрінеді.

Жаңа саяси бағыттың мәнісі – дамып келе жатқан елдердің тара-пынан бәсекелестікке қарамай, Қазақстанның 2050 жылға дейін әлемнің 30 ең дамыған елдерінің қатарына кіруі. Сондықтан, экономикалық саясаттың жаңа принциplerіне өту мен ұлттық экономиканың жетекші күші кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау өте маңызды. Білім беру

мен деңсаулық сақтаудың жаңа және нәтижелі жүйелерін құруды қарастыратын жаңа олеуметтік жоба қалыптастыру қажет. Мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, нәтижелігін және атқарымдылығын арттыру керек.

*Жаңа бағыттың экономикалық саясатының мәні барін тегіс қамти алатын экономикалық pragmatizmге келеді, оған жетатындар:*

– біріншіден, экономикалық мақсаттылық және үзак мерзімді қызығушылықтар тарапынан барлық экономикалық және басқарушылық шешімдерді қабылдау;

– екіншіден, Қазақстан тең құқылы бизнес-серіктес ретінде қатыса алатын жаңа нарыктар табу, экономикалық өсудің жаңа нүктелерін іздеу;

– үшіншіден, экономикалық шаманы арттыру мақсатында он инвестициялық жағдай құру, инвестициялардың табыстылығы және қайтарымдылығы;

– төртіншіден, экономиканың нәтижелі жеке секторын құру және мемлекеттік-жеке серіктестікті дамыту, мемлекеттік экспортты жандандыру.

Сонымен қатар, инвестиция обьектілерін дұрыс таңдау өте маңызды. Ең жаңа нысандардың өзі бюджетке зиян тигізуі мүмкін, егер оған шығын көп жұмсалып, табыс түспесе және азаматтардың мәселелерін шешпесе. Өндіріс пен жаңа технологияларға байланысты нысандарға тиімді салық салу режимін жүргізу қажет. Қызмет атқаратын барлық салықтық женілдіктерге тексеру жүргізіп оларды ең жогарғы нәтижелікке айналдыру қажет.

Салықты ырықтандыру және кедендей жүйелену саясатын жалғастыру қажет. Салықтық есептілікті жеңілдету мен қысқарту, нарыққа қатысуышылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет. 2020 жылдан бастап салықтық несиелендіруді енгізу қажет. Негізгі міндет – кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін тудыру. *Жаңа салықтық саясаттың олеуметтік бағыттылығы болуы тиіс, атап айтқанда 2015 жылдан бастап менишікті қаржаттарын білім беруге және озін, жаңуясын, қызметкерлерін медициналық сақтандыратын азаматтар мен компанияларды салықтан босату қажет.*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылы 11 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Жалпы алғанда, дүниежүзіндегі дағдарыска қарамай, елдің экономикасы 4 пайыздан артық осқендейді, ол үшін түрлі шаралар қолданыладынын жеткізді. Қазір дүниежүзілік экономика қын-қыстау жағдайға тап болғанын өздеріңіз көріп отырысыздар. Экономикалық дағдарыска геосаяси тектетірес те қосылып отыр. Соның салдарынан, әлемдік нарық белгісіздік жағдайға тап бол-

ды. Бұл әлемнің ақырамас болігі ретінде Қазақстанға да ықпалын тигізеді. Қазір біздің экономикалық саясатымыздың бағыты дұрыс. Келенсіздіктер сыртқы нарықтың әсерінен болуда. Қазақстанның ішінде, экономикасында дағдарыс жоқ. Біз қындықтарға қарап отырмай, олардың алдын алу үшін жедел шараларды қолға алдық. Оны халық біледі. Мәселен, нақты жоба, жоспарларымыз бар. Ол жоспарлар қатып қалған қағидаларға сүйенбейді. Бұл жоспарлар заманға байланысты икемделуі, бейімделуі керек. Біз әлеуметтік тетіктерді сақтай отырып, кейбір реформаларымызға өзгерістер енгізетін боламыз. Демек, біздің халқымыздың алаңдауына ешбір негіз жоқ. Сондай-ақ, Елбасы Қазақстан экономикасының тамыры теренде жатқанын, іргесі мығым, қоры жеткілікті екенін атап өтті. Біз мұндай өткінші қындықтарға, алапат дағдарыстарға қарамай, қайыспай төтеп бергенбіз. Азаттықтың алғашқы жылдарындағы қыншылықтарды еске алыңыздар. Азия дағдарысынан, тіпті, дүниежүзілік дағдарыстан да табысты өттік. Экономикасы кері шегінбеген әлемдегі санаулы елдердің санатында болдық. Сол күндердің өзінде бойға қуат, ойға сенім орнаттық. Отken жылы біз Қазақстанды толыққанды қолдайтын халықаралық қаржы ұйымдарымен әріптестікті одан әрі қеңейтуге қатысты жұмыстар жүргіздік. Мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты да қең ауқымды реформалар аясында бізге әлі де белсенді түрде жұмыстар жүргізу керек. Мемлекеттік басқару жүйесін қайта ұйымдастыру нәтижесінде министрліктердің саны 17-ден 12-ге дейін, комитеттердің саны 54-тен 40-қа дейін қысқарғанын, агенттіктер қызметінде де өзгерістер енгізілгенін айтты. Бұған қоса, ведомстволар арасындағы қағазbastылық үдерісі қысқарды. Жауапкершілік күшейді. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, кәсіпкерлік қызметтің жұмысын жақсартуға байланысты заңның тетігі жұмыс істей бастады. Яғни, біз еліміздің бизнесі дамыған 30 елдің қатарына кіруі үшін қолдан келетін барлық шараларды жасау үстіндеміз. Отken жылы мен «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жаңа Экономикалық Саястарын жарияладым. Оның басты мақсаты – мемлекеттің жаңа заманға сай инфрақұрылымын жасау. Сондықтан, тағы да қайталап айтамын, біздің елімізге қазақстандық экономикаға қандай да бір дағдарыс әсер етіп отырған жоқ. Галамдық дағдарыста сыртқы фактор бар. Бірінші кері фактор – әлемде мұнайға деген бағаның екі есе төмендеуі, бұған қоса, біздің негізгі экспорттық тауарларымыздың бағасы төмендеуде, екінші фактор – экономикалық дағдарыс, Ресей рублі құнының түсуі, Ресейдегі рецессия. Сондай-ақ, Елбасы әлемнің бірқатар елдерінде 43 млн.-га жуық жұмыссыз азамат бар екенін, аштықтан 850 млн. адам зар-

дап шегіп жатқанын, Еуроаймақта жұмыссыздық деңгейі 11,5 пайызды құрап отырғанын атап өтті. Көрдіңіздер ме? Бұл – әлемде қалыптасып отырған жалпы жағдай. Ал біз дүниежүзінің бір болігіміз. Сондықтан, бұл жағдайдың бізге әсер етпей қоймасы анық. Демек, біз оны сезінеміз. Сондықтан, өткен жылы кері үдерістердің алдын алу үшін көп шара атқарылды. «Нұрлы Жол» бағдарламасы – бұл қаржы дағдарысының алдын алуға арналған іс-шара. Мен осы жылы қызындықтар болады деп айтқан едім. Сол себепті, біз тез арада осы бағдарламаны қабылдадық. Бұл бағдарлама қын-қыстау кезеңде экономиканың өсіміне ықпал етіп, біздің азаматтарымыз үшін жаңа жұмыс орындарының ашылуына сеп болмақ», деді.

Әлемдік экономикадағы қолайсыз жағдайларды ескере отырып, әр қазақстандықтың табысын қоргауды қамтамасыз ету және экономикалық осуге жаралып инфляция деңгейін сақтап тұру оте маңызды. Бұл алеуметтік маңызды мәселе. Банктер несиелик ресурстардың экономикадағы нақты секторын қамтамасыз етуі міндет, сонымен қатар, банктік жүйені бақылауды азайтуға болмайды, банктерді мәселеңік несиелерден тазалау керек.

## 1.2 || Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстаниң экономикалық жетістіктері

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан салмақты экономикалық жетістіктерге қол жеткізді. Сейтіп 24 жылда елдің ЖІӨ 20-дан аса есеге көбейді: 1992 жылы 700 доллардан аз болса, 2011 жылы 11 мың долларға дейін жетіп Орталық және Шығыс Еуропаның біраз елдерімен теңесті, ал 2012 жылы 12 мың АҚШ долларынан асты. Накты даму корсеткіштері бойынша 2013 жылы жалпы ішкі өнім өсімі 6 пайызды, 2014 жылы 6,1 пайыз, 2015 жылы 7,6 пайызды құрайды. Жан басына шаққанда ЖІӨ 2013 жылы 14 мың долларды құраса, 2017 жылға қарай корсеткіш 24 мың долларға дейін өсетіні болжанады.

2014 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің есебінің негізгі тұжырымдары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне қорытынды) 2014 жылы республикалық бюджеттің атқарылуының макроэкономикалық жағдайлары 2014 жылға арналған республикалық бюджет Қазақстан Республикасының 2014-2018 жылдарға арналған алеуметтік-экономикалық даму болжамына негізделген. Қазақстан Республикасының Үкіметі макроэкономикалық көрсеткіштерді 2014

жылғы наурызда және қазанда нақтылады (2014 жылғы 11 наурыздағы №9 және 21 қазандығы №46 хаттамалар). 2014 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 2013 жылмен салыстырғанда 4,3%-ды құрады, бұл болжамды параметрге сәйкес келеді. Сонымен бірге ЖІӨ-нің номиналды мәні 38 711,9 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты, бұл қазанда нақтыланған болжамнан 911,8 млрд. теңгеге тәмен. Есепті жылды экономиканың өсуі, негізінен, қызмет көрсету саласындағы өндіріс көлемінің 6,1%-ға үлгауы (өсімге үлес 3,4%) есебінен қамтамасыз етілді. Бұл ретте сауда саласында – 9,3%-ға (өсімге үлес 1,5%), көлік саласында – 7%-ға (өсімге үлес 0,5%) елеулі өсу қарқыны байқалды. Тауар өндіру 0,9%-ға (өсімге үлес 0,3%) өсті. Өнеркәсіптегі өсу қарқыны – 0,2%-ды (тау-кен өндіруде – 0,1%, өндідеу саласында – 0,2%), ауыл шаруашылығында – 0,8%-ды. құрылышта – 4,1%-ды құрады. ИЖӨ құрылымында тауар өндіру үлесі 2013 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға қысқарып, 38,2%-ды құрады. Сыртқы экономикалық факторлардың қолайсыз болғанына (әлемдік тауар нарықтарында экспорттық өнім бағаларының төмендеуіне) қарамастан, 2014 жылды республикалық бюджет еліміздегі макроэкономикалық және әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуы жағдайларында атқарылды.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтері бойынша 2012 жылдан экономикалық өсу қарқыны баяулады және 105,0 пайызды құрады, бұл жағдай қазақстандық экспортқа сыртқы сұраныстың азауымен, ауыл шаруашылық өнімдерінің 17,8 пайызға және қолайсыз табиги жағдайларға байланысты егін шаруашылығының 27,7 пайызға азауымен байланысты болды. Экономиканың өсуіне әсерін тигізген сыртқы фактор шикізатқа әлемдік бағаның жоғары болуы, соның арқасында сыртқы сұраныс азайса да қазақстандық экспорттан тұрақты табыс түсіп тұрды. 2012 жыл бойы Қазақстанның негізгі экспорттық тауары – мұнайдың бағасы барреліне 111,97 доллар болып тұрды (маркасы Brent мұнайы), бұл болжамдық бағадан 11,97 долларға жоғары, қазіргі кезде мұнайдың бағасы төменделеп кетті.

Елімізде макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылық сақталуда. Инфляция деңгейі 2012 жылдың желтоқсанында 2011 жылдың желтоқсанына 6 пайызды құрады, ол 2011 жылдың деңгейінен (7,4 пайыз) 1,4 пайызға тәмен. Жалпы бағалардың өсуіне қарамастан, инфляция деңгейі жоспарлаған аралықта 6-8 пайыз көлемінде болуда. Британдық мамандардың бағалауы бойынша, Қазақстан 21 ғасырдың алғашқы онжылдығындағы ең экономикасы серпінді дамыған 25 елдердің ішінде Қытай мен Катардан кейін, үшінші орында. Мұндай даму серпіні халықтың өмір сүру деңгейіне оң әсерін тигізуде. 2014 жылғы ақпандың жүргізілген тенденција күнсиздануы ескеріле отырып, 2014 жылды

жылдық мәндегі инфляция 7,4%-ды (2013 жылы – 4,8%-ды) құрады, бұл жоспарланған дәліздің жоғары шегінен 0,6 пайыздық тармаққа төмен.

Елде үнемі зейнетакы, жалақы, жәрдемақы өсіп отырады. Әр жыл сайын азаматтардың табысы өсуде, үнемі өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік беруде. 1993 жылы орташа айлық жалақы 24,3 доллар болса, 1999 жылы – 99 доллар, 2010 жылы – 527 доллар, ал 2012 жылы 638 доллар болды. 2014 жылы халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы 2013 жылмен салыстырганда номиналды мәнде – 10,4%-ға, нақты мәнде – 3,5%-ға өсті. Орташа айлық номиналды жалақының мөлшері 2014 жылғы желтоқсанда 154,6 мың теңгені құрап, жыл ішінде орташа 10,9%-ға өсті. 2014 жылғы қантар-желтоқсан айларындағы нақты жалақының мөлшері 3,9%-ға ұлғайды. Жұмыссыздық деңгейі 5,1%-ға болжанғанымен, 2014 жылдың соңына қарай 5,0%-ды құрады.

Қазақстанның салықтық режімі ТМД-ның басқа елдерімен салыстырганда ықтиярлы болып келеді. Іскерлік белсенділікті жақсартуға жаңа Салық кодексін қабылдау, 2009 жылдан бастап корпоративтік табыс салығының 20 пайызға және ҚҚС 12 пайызға төмендеуі әсер етті. Қазақстан Үкіметі «Жұмыспен қамту – 2020» Бағдарламасы шегінде халық арасында микронесиелеу және бизнес-қабілеттерге үйрету арқылы кәсіпкерлікті көбейтуге күшін салуда.

Сондай-ақ республикамыздың Үкіметі аграрлық секторда 2016 жылға қарсы 60 мың тонна етті экспортқа шығарып, ауылда 20 мың жұмыс орнын қамтамасыз етіп, 100 мың ауылдық азаматтарға табыс көзін беретін етті мал шаруашылығын дамыту бойынша жоба жасауды жоспарлауда. Осының бәрі бір-бірімен байланысқан салалардың – ауыл шаруашылығы, машина жасау, химия және тамақ өнеркәсібі, жем шығару, техникаларды жөндеу өндірісін арттырады.

2010 жылдан бастап елде Үкімет бекіткен «Агроендірістік кешенді 2010-2014 жылдары дамыту бойынша Бағдарлама» әзірленіп, бекітілді. 2011 жылы осы бағдарлама шегінде АӨК қолдау бойынша республикалық бюджеттен және басқа көздерден 88,2 млрд. теңге, соның ішінде бюджеттік қарражаттардан 78 млрд. теңге болінді. Соңғы жылдары мемлекет женілдік пайыздық мөлшерлеме бойынша салаларды қаржыландыруды көбейтіп, ҚҚС 70 пайызға азайтылды.

*Ауыл шаруашылық салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау механизмдері қамтамасыз етуі тиіс міндеттер:*

- атальған салалардың күмансыз дамуы;
- сектор бойынша бағаларды тұрақтандыру;
- импорт көлемін қысқарту.

*Индустрияландыру картасы* шегінде 140 инвестициялық жоба жалпы 139,1 млрд. теңгеге жасалуда, 7 мың жұмыс орнын қамтамасыз етті. Бұл жобаларды іске асыру АӨК еңбектің өнімділігін арттыруға, ет өнімі бойынша елдің экспорттың әлеуетін көтеруге, күнбагыс майы, сүт өнімдері және ерте көкөністер бойынша ішкі нарықтағы сұранысты қанағаттандыруға және мезгіларалық қезеңде құс етін импорттаяу көлемін төмендетуге мүмкіндік береді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Индустрияландырудың бірінші бесжылдығы табысты аяқталып, екінші белесі басталды. Біздің жұмысаған шығыстарымыз әлден-ақ ел бюджетіне триллиондаған теңге түрінде қайтып жатыр. Шын мәнісінде, өндірістік және әлеуметтік-еңбек қатынастарының XXI ғасыр сұранысына сай жаңа үлгісі қалыптасуда. Біз бүкіл экономиканың құрылымын өзгерту бағытында батыл қадам жасадық. Қазақстандағы әртараптандыру сөз жүзінде емес, іс жүзінде басталды. Біз өндеуші өнеркәсіп көлемінің есу қарқынының дәстүрлі өндіруші салаларға қараганда, әлдеқайда жоғары болуына қол жеткіздік» деген еді 2014 жылғы 26 желтоқсандағы телекөпірде.

Жалпы Қазақстанда отандық кәсіпкерлер отандық экономиканы белсенді инвестициялау үшін онтайлы экономикалық жағдай қалыптасты. Сонымен 2010-2014 жылға арналған Мемлекеттік жеделдетілген индустріалды-инновациялық даму бағдарламасы қазақстандық компанияларға ірі жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді, олар ары қарай дамуға негіз болады. 2013-2014 жылдар қазақстандық бизнес үшін белсенді инвестициялау және жаңа жобалар жылы болды.

Үдемелі индустріялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жылдарында (2010-2014 жылдар) еліміздің өндеу секторына 17,6 млрд. доллардың инвестициялары тартылды. Бұл Қазақстан тәуелсіздігінің барлық жылдарында осы салаға тартылған инвестициялардың 70 пайызына тең. Еліміздің металлургиялық өнеркәсібіне және машиналар мен құрал-жабдықтар өндірісіне, тоқыма, тағам өнімдері өндірістеріне инвестициялардың құйылуы айта қаларлықтай өсті. Инвестициялардың молауы нәтижесінде 2005-2009 жылдармен салыстырганда, 2010-2014 жылдары дәрі-дәрмектер өндіру 86 есе, компьютерлер мен электрондық өнімдер шығару 8,4 есе өсті. «СарыарқаАвтопром» ЖШС-ның өндірістік желісінің қуаты 3 мыңға дейін жол таңдамайтын Toyota Fortuner автокөлігін шығаруға қабілетті. Бұл өндіріс жылдан-жылға дамып, қуатын арттыра тусуде.

Индустрияландырудың бес жылды ішінде Қазақстанның даму банкі (ҚДБ) Индустріяландыру картасы аясында жалпы 1 984 млрд. теңге тұратын 32 жобаны қаржыландыруды мақұлдады.

ҚДБ-ның индустрияландырудың бірінші бес жылдығы барысында қаржыландырган жобаларының жалпы құны Индустрияландыру картасы бойынша құйылған инвестициялардың жалпы жынтығының 16 пайзын құрады. «Өнімділік-2020» бағдарламасы аясында 8 жоба қаржыландырылды. Олардың қатарында «АзияАвто» АҚ, «Сарыарқа-Автопром» ЖШС, «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, «Мұнаймаш» АҚ, «Оңтүстік-құрылым-сервис» ЖШС, «СМУ-Шығыс» ЖШС жобалары бар. Индустрияландыру картасы аясында жалпы құны 652 млрд. теңге тұратын 24 ірі жоба ҚДБ-ның қолдауымен пайдалануға берілді. Қесіпорындарда 8,6 мың жұмыс орны ашылды. Қазақстанда құрылым материалдарының 30 пайыздан астамы шеттөн әкелінеді. Қостанайда арматуралар өндірісінің жолға қойылуы осы импорттың азаюына мүмкіндік береді. Қазақстан электролиз зауыты әлемдегі ең ірі алюминий алыптарының қатарына кіреді. Жалпы, әлемде осындей 2 жүзден астам зауыт бар. Қазақцемент жылына 1 млн. тонна цемент өндіреді. Ол күніне 3,5 мың тоннага дейін клинкер өнддейді. Мойнақ су электр стансы – судан қуат өндіру саласындағы тәуелсіз Қазақстан жүзеге асырған іргелі жобаның бірі. Ол 1027 млн. кВт-сағат электр қуатын өндіре алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында: «Ұлттық кордан экономикалық осім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 млрд. теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын. Басталған жобаларды аяқтау және аса өткір мәселелерді шешу үшін Үкіметке Ұлттық кордан 500 млрд. теңге колеміндегі екінші транш қаржысын мына мақсаттарға бағыттауды тапсырамын. *Бірінші.* Шагын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі қәсіпкерлікті жөнделідікпен несиелеуғе қосымша 100 млрд. теңге бөлу қажет. Бұл тамақ және химия онеркәсібіндегі, машина жасаудағы, сондай-ақ, қызмет корсетулер саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. *Шійтінші.* Жаңа инвестициялар тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту қажет. Осы мақсатта 2015 жылы «құргақ порттың» бірінші кешені құрылышын аяқтауга, «Қорғас-Шығыс қақпасы» және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына 81 млрд. теңге бағыттауды тапсырамын. *Тортінші.* Бұған дейін бөлінген 25 млрд.қа ЭКСПО-2017 кешені құрылышын жалғастыруды несиелеу үшін 2015 жылы қосымша 40 млрд. теңге болуді тапсырамын. *Бесінші.* ЭКСПО-2017 қарсаңында бізге Астананың көліктік инфрақұрылымын дамыту туралы ойластыру қажет. Астана аэропорты осы жылдың озінде-ақ өзінің ең жоғарғы өткізу қабілеті – 3,5 млн. адамға жетеді. Сондықтан

оның әлеуетін ұлғайту үшін 2015 жылы жаңа терминал құрылышы мен ұшу-қону жолағын қайта жаңырту үшін 29 млрд. теңге бөлуді тапсырамын. Бұл өткізу қабілетін 2017 жылға қарай жылына 7,1 млн. жолаушыға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет. Жаңа Экономикалық Саясаттың Тұғыры мен бүгін жариялағалы отырган Инфрақұрылымдық дамудың жоспары болады. Ол 5 жылға есептелген және қатысуға 100-ден астам шетелдік компаниялар иниет білдіріп отырган ҮИИДБ-ны жүзеге асырудың Екінші бесжылдығына сәйкес келеді. Жалпы инвестициялық портфель 6 триллион теңгеге құрайды, мемлекеттің үлесі – 15 пайыз» деп атап өтті.

Қазақстанның банктік жүйесі 2008-2009 жылдармен салыстырғанда жаңа қауіп-қатерлерге дайын екендігін корсетті. Банк секторларының сыртқы қарыздары үш жыл бұрынғымен салыстырғанда үш есе кеміді. Елдің алтын-валюталық қоры өсті. Қазір Қазақстанның қаржылық жағдайы алдыңғы қаржылық дағдарыспен салыстырғанда тұрақтырақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында: «Екінші. Банк секторын сауықтыру және «жаман» несиelerді сатып алу үшін 2015 жылы Проблемалы несиeler қорын қосымша 250 млрд. теңге колемінде капиталданыруды қамтамасыз етуді тапсырамын» деді.

*Қазақстан инвестициялық тартымды мемелекет. Қазақстанның экономикага инвестиция құлодың үші негізі бар:*

- біріншіден, әлеуметтік-экономикалық тартымдылық, ол саяси және әлеуметтік тұрақтылыққа, табиғи ресурстардың көптігіне, өндіріс шығыстарының төмендігіне – электр энергиясы әлемдегі ең арзандар қатарында, жылдам өсіп және дамып келе жатқан нарықтарға жақындығы және жогары білікті жұмыс күшімен байланысты;

- екіншіден, қаржылық тартымдылыққа Қазақстан бұрынғы КСРО елдері бойынша бірінші болып 2002 жылы инвестициялық класс рейтингін алғаны әсер етеді;

- үшіншіден, шетел инвестициясының тартылуы жетістікті IPO қазақстанның компаниялардың арқасында, олар Табиғи ресурстардың Евразиялық корпорациясы (ENRG), сонымен қатар Қазақстанда жұмыс істейтін шетел компаниялары, олардың ішінде: Arcelor Mittal, Areva, BG, BP, Cameco, Uranium One.

Ұлттық қордың (57,8 млрд.доллар) ақшасын қосқанда елдің халықаралық резервиның колемі 86,0 млрд.доллар (2013 жылдың 1 қанчары). Ұлттық банктің төрағасы Қайрат Келімбетовтің мәлімдеуінше

«2014 жылдың қаңтар-қыркүйегінде Ұлттық банктің валюталық активтері 13,1 пайызға көтеріліп, 28 млрд. АҚШ доллары болыпты. Осы уақыт аралығында Ұлттық қордың шетелдік валютадағы қаржысы 7,6 пайызға өсіп, 76,2 млрд. долларды құраған. Жалпы алғанда, еліміздің халықаралық резерві 104,2 млрд. АҚШ долларына жеткен».

Қазақстан қабылдаған экономикалық даму үлгісі бойынша ашық экономикасы бар, тауарларды, қызметтерді, капиталды, жұмыс күшін экспорттаушы, дүниежүзінің барлық елдерімен өзара тиімді бірліктегі және бәсекеге негізделген ел ретінде қалыптасуда. Қазіргі кезде «жеделдетілген индустріалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру бойынша қурделі және масштабты міндет түр, сондықтан елге барынша көп жаңа инвестицияларды тартып, ҚР экономикасына тартылған отандық және шетел инвестицияларын сақтап қалу оте маңызды.

2011 жылдың 28 қаңтарындағы «Болашактың іргесін бірге қалаймыз» Жолдауында, Елбасы: «бірінші жылдан бастап нәтижелер бар. Біз 152 кәсіпкерлікті эксплуатацияға жібердік, 24 мың қазақстандықты жұмыспен қамтыдық. Ел бойынша шамамен сегіз жұз өндіріс жасалды. Біз химиялық және женіл өнеркәсіптің белсенді қалпына келтіру үдерісін бастадық, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу бойынша секіріс жасадық. 2014 жылға дейін 294 инвестициялық жобаны 8,1 триллион теңгеге жүзеге асыру жоспарлануда. 161 тұрақты жұмыс орыны және құрылым кезеңінде 207 мың жұмыс орын болады.

*Индустріалды саясаттың бірінші жылшының негізгі нәтижесі – экономиканың нақты секторы арқылы экономикалық өсудегі аукымды құрылымдық өзгерістер. Нәтижесінде елде мұнайды, газды, қара және түсті металлды қайта өңдеу, қазіргі құрылым материалын, машиналарды, құрылғыларды, ауылшаруашылық техникаларын ондіру дамиды.*

Мұнда үлкен орынды экономиканың шикізаттық емес секторына отандық және шетел инвестициялары алуы керек, олар 2020 жылды кем дегенде 30 пайызға артады. Тікелей шетел инвестицияларының мемлекеттік қолдауының принципиалды негізі – ең бірінші жоғары сапалы және ғылыми сыйымды технологияларға негізделетін өндірістердің бәсекеге қабілеттілігі болады. Жалпы Қазақстанда мемлекетпен бизнес жүргізуіндің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасалынған және жасалына береді. Бұған Әлемдік банктің «Doing Business 2012» рейтингіндегі есебі объективті көрсеткіш бола алады, оның мәліметі бойынша Қазақстан Ресейден (112 орын) асып, 49 орын алған.

**1.3**

**Мемлекеттік органдардың қызметтік стратегиялық жоспарлау – нәтижеге бағдарланған бюджеттік жоспарлаудың негізі**

2007-2009 жылдары Қазақстанда мемлекеттік басқару саласында жүргізілген өзгерістер қоғамның қазіргі талаптарына жауап беретін нәтижелі және бәсекеге қабілетті мемлекетті құруға бағытталды. Мемлекеттік басқаруға жаңа қатынас – жеке көмпаниялардың өзінің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мемлекеттік құрылымдардың технологиялар мен ресімдерді қолдануға негізделген. Осы парадигма шегінде мемлекеттік ұйымдар тұтынушыларға қызметтер көрсететін құрылымдар ретінде қарастырылады. Сәйкесінше, олардың жұмысының нәтижелігі көрсетілетін қызметтің сапасының артуымен, олардың аясының кеңіумен және осыған байланысты шығыстардың төмендеуімен қамтамасыз етіледі.

Шығыстары аз сапалы қызметті көбірек көрсету қабілеті мемлекеттік ұйымдардың жұмысын бағалауда нарықтық қатынастың негізі болып табылады. Сонымен қатар, бақылау жүйесі ең алдымен, қате жібергендерді жазалауға емес, мәселені шешу жолын іздеуге бағдарланады. Жаңа мемлекеттік басқару мемлекеттік саясаттың мақсатына жету үшін қайта орталықсыздандыруды, сонымен қатар, мемлекеттік емес институттардың шамасын кеңінен қолдануды болжайды.

*Шығыстарды қысқарту және шығыстарды басқару мақсатында корпоративті басқаруда озінің нәтижелігін дәлелдеген келесідей әдістер мен құралдар қолданылады:*

- стратегиялық жоспарлау;
- негізгі міндеттерді шешуде бағдарламалық қарым-қатынастар;
- қаржыны басқару және мәліметтерді электронды өндіу.

Бюджеттік реформалардың соңғы онжылдықта көптеген дамыған елдерде жаңа мемлекеттік басқару тұжырымдамасына сәйкес жүргізілген негізгі элементтінің бірі орташа жедел қаржылық жоспарлау шегіндеңі нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу жобасын қолдануға көшу болып табылады. Бұл үлгі шегінде бюджет мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен жоспарланған нәтижелерінен шығып қалыптасады. Бюджеттік шығыстар атқарымдар мен мемлекеттік қызметтерге нақты байланады, оларды жоспарлау кезінде негізгі маңыз бюджеттік бағдарлама шегінде түпкі нәтижені негіздеуге беріледі.

*Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің жауапкершілігі кеңейеді:*

– белгілі бір аткарымдар мен бағдарламаларды орындау үшін қаржыландырудың ұзак мерзімді өтпелі лимиті қабылданады;

– шығыстарды қолдану бағыттарын тәптіштеуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өздері жасайды.

Сонымен қатар, ресурстарды қолдануды оңтайландыру үшін ынталандырулар қалыптастырылды. Шешімдерді қабылдау үшін жауапкершілік төменгі деңгейге табысталады. Мониторинг жүргізіледі және қаржилар мен қызмет нәтижелерінің кезекті сыртқы аудиті жүргізіледі, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің қызметінің бағасы жеткен нәтижеге байланысты беріледі.

Бюджеттік шығыстардың мониторинг жүйесін құрудан басқа бұл үлгі үш жылдық бюджеттік жоспарлауға өтуді болжамдады. Бұл бойынша әр бюджеттік кезең алдыңғы бюджеттік кезеңде келісілген параметрлерді қарастырудан басталады, сыртқы жоспар мен жағдайлар өзгерісін талдау, өзгерістерді негіздеу, келесі жылдарға озгерістер енгізу немесе бюджеттік жобаларды әзірлеу. Бюджеттің түпкі нәтижеге бағдарлануына байланысты орта мерзімді қаржылық құжатқа үш жыл кезеңге жыл сайын бір жыл алға жылжитын бағдарламалар әкімшілерінің арасындағы қаржыны орналастыру маңызды.

2007 жылы ҚР Үкіметінің № 1297 «Мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу Тұжырымдамасы» Қаулысымен бекітілді, ол нәтижеге бағытталған, бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге жаңа жолдарды енгізуді қамтыды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру тәртібін сапалы қарастыруға бағытталды.

*Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі бағытталды:*

– казақстанда бар стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың нәтижелі үйлесуін қамтамасыз ету;

– мемлекеттік органдардың қызметінің стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді орындауға бағдарлануы, нақты нәтиже алу;

– қысқа мерзімді бюджеттік жоспарлаудан орта мерзімдіге өтуді қамтамасыз ету;

– мемлекеттік органдардың қызметінің нәтижелігін кешенді бағалауды енгізу.

2008 жылдың ақпан айындағы Елбасының Жолдауын орындау мақсатында жаңа Бюджет кодексі әзірленді, ол нәтижеге және үш жылдық бюджеттік жоспарлауға бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесіне көшудің заңды негізі болды.

Казақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлауының жаңа жүйесіне келесі өзара байланысты деңгейлер кіреді, мұны 1.1-суреттен көруге болады.

Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесінің әр деңгейі – жеке бағдарламалық құжат. Жүйе стратегиялық бағдарламалық құжаттарды біріктіреді:

- «Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050» даму стратегиялары;
- Қазақстан халқына Елбасының жыл сайынғы жолдаулары;
- мемлекеттік бағдарламалар мен территорияның әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары.


*Жаңа мемлекеттік жоспарлауга кіретін бюджеттеу элементтері:*

- 5 жылға әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамы;
- 3 жылға республика мен аудандардың бюджеттік көрсеткіштерінің болжамы;
- 3 жылға мемлекеттік органдың, республикалық және жергілікті бюджеттің стратегиялық және операциондық жоспары;
- Премьер-министр немесе жергілікті атқарушы органдың әкімі мен мемлекеттік органдың басшысы арасындағы меморандум, мақсатты трансфертер бойынша келісімдер.

Бұған дейін республикада мұндай құжаттар құрастырылмаған болатын.

*Мемлекеттік жоспарлаудың логикалық сатыласын әзірлеу құрастырады:*

- қызметтің нәтижесі үшін мемлекеттік органдардың өз бетімен жұмыс жасауы мен жауапкершілігін күшейтетін Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырудың негізгі құралы ретінде мемлекеттік органдарда стратегиялық жоспарлау жүйесіне көшу;
- бюджеттік бағдарламалармен, мемлекеттік органдардың қызметтің аралық және түпкі нәтижелерін бағалаудың сандық және сапалық көрсеткіштерімен мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының міндеттерін үйлестіру;
- мемлекеттік жоспарлауға жаңа тәсілдерді енгізуі ескере отырып, олардың жоспарларын құрастырып, жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдардың дербестігі мен жауапкершілігін күшейту;
- мемлекеттік органдардың нақты стратегиялық мақсатты индикаторлар жүйесін әзірлеуі;
- мемлекеттік органдардың стратегиялық мақсаттарға және сәйкесінше түпкі нәтижелерге жетудің мониторинг жүйесін енгізу.



1.1-сурет – Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі – бюджетті жоспарлаудың негізі

## 1.4 || Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы бойынша негізгі міндеттер

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстанның дамуының негізгі бағыты» Жолдауы 2012 жылдың 27 қаңтарында қабылданған, үлттық экономиканы нығайтып және халықтың жағдайын арттыру бойынша жаңа міндеттерді анықтайды.

*Еліміздің басиысы Үкімет алдында 10 бағыт бойынша міндеттер кешенін қойды:*

- халықтың жұмыспен қамтылуы;
- тұрғын үйдің қолжетімділігі;
- аймақтарды дамыту;
- халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын жогарылату;
- сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғыру;
- Қазақстанда адам капиталының сапалық есуі;
- зейнетақы жүйесін жетілдіру;
- индустріалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыру.

*Бұл Жолдауда көрсетілген Қазақстанның инвестициялық саясатына тоқтапсақ:*

– біріншіден, Қазақстан онтүстік аймақтардағы энергия жетіспеушілікке зор инвестиция салады. Осыған байланысты 2012 жылы қуаттылығы 1320 мегаватт, құны 2,3 млрд. доллар Балқаш ЖЭС салу жұмыстары басталды;

– екіншіден, 2013 жылы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің қазақстандық бөлігіндегі құрылышы жұмыстарының аяқталуы;

– үшіншіден, ұзындығы 1200 шақырымдық Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шубаркөл екі жаңа теміржол жолының құрылышы басталды;

– төртіншіден, Жамбыл облысында құны 2,0 млрд. АҚШ долларлық минералды тыңайтқыштар кешенін әзірлеу бойынша инвестиациялық жоба жүзеге асады;

– бесіншіден, Атырау МӨЗ құны 1,7 млрд. АҚШ доллар мұнайды терең қайта өндеу кешені құрылды;

– алтыншыдан, құны 6,3 млрд. АҚШ доллар Атырау газ-химиялық кешенінің жобалық қуаттылығына шығу қамтамасыз етіледі, ол жыл сайын 500 мың тонна пропилен мен 800 мың полиэтилен шыгаруды көздең отыр. Қазақстанда мұндай өнімді әлі шыгарған емес;

– жетіншіден, Қазақстан Қарашиғанақ кен орнында қуаттылығы жылына 5 млрд. куб метрлік газды өндеу зауытын салу қолға алынды;

— сегізіншіден, Үкіметке Астананы қоса алғандағы орталық аймақтарды газбен қамтамасыз ететін құбыр жүйесін салу бойынша тапсырыс түсін.

Көнтеген жобалар бойынша инвестициялау сұрақтары шешілген, ал кейбіреулерін шешу қажет. Осыған байланысты, ел Президенті Үкіметке және ҚР Парламентіне респубикалық бюджетті қайта қарастыруды ұсынды. Ол бұл жобаларды іске асыру үшін Ұлттық қордан несие алуды ұсынды.

Елбасы басты назарды студенттерді баспанамен қамтамасыз ету сұрағына аударады. Студенттерді баспанамен қамтамасыз ету бойынша 2011 жылды респубикалық бюджеттен 5 жатақхана салу үшін 1,6 млрд. теңге болінді. 2012 жылды ЖОО жатақханаларын салып, түбекейлі жөндеу жүргізу үшін 4,26 млрд. теңге болынған. Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті. М.В.Ломоносов атындағы ММУ Қазақстандық филиалы үшін 500 орындық жаңа шағын отбасылы жатақхана салуга респубикалық бюджеттен қаражаттар қарастырылған, сонымен қатар, республиканың басқа да ЖОО үшін жатақханаларды салуга және қайтадан жаңғыртуға қаражаттар қарастырылды.

«Біз Қазақстанның ірі құрылымын алғанына айналдырып, он мындаған жұмыс орындарын қалыптастырамыз. Тұрғын үйлердің құрылымы, ірі кәсіпорындардың құрылымы маңында құрылыштық индустрия, металлургия, оқдеуші өнеркәсіп дамиды. Жаңа, жас іскерлердің пайда болуына жағдайлар жасалынуда. Олар мүндай мүмкіндікті жіберіп алмауы кепрек» – деп Президент Қазақстан халқына жолдауында атап отті.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 жеселтөксандагы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қатынтасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауына сәйкес:* «2050 жылға дейін кезең-кезеңмен мынадай міндеттерді шешу принципті маңызды: біріншіден, мемлекеттің макроэкономикалық саясаты жаңғыртылуы тиіс.

### **Бюджет саясаты:**

– біз бюджет саясатының жаңа принциптерімен қарулануға – өз мүмкіндіктеріміз шегіндеған шығындануға және тапшылықты барынша мүмкіндікте қысқартуға тиіспіз. Ұзак мерзімде олардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, «қын-қыстау» құнға резервтер жинау қажет;

– бюджеттік-қаржылық үдеріске деген козқарас жекелей салымдарға көзқарас секілді ұқыпты да ойластырылған болуға тиіс. Басқаша айтқанда, бірде-бір бюджеттік теңге ысыраи болмауга тиіс;

– мемлекет бюджеті ұзак мерзімді перспектива тұрғысынан қарағанда өнімді, мәселен, экономиканы әртараттандыру және инфрақұрылымды дамыту секілді жалпы ұлттық жобаларға бағытталуы тиіс.

Инвестициялар үшін обьектілерді олардың мақсаттылығы және қайтарымдылығы тұрғысынан қатаң іріктеу қажет. Ең заманауи обьектілердің өзі оларды ұстап тұру үшін шығыстарды талап етіп, бірақ кірістер әкелмейтін болса және ел азаматтарының проблемаларын шешпейтін болса, бюджетке масыл боларын есте сақтаған жөн.

### *Салық саясаты:*

– ондіріс және жаңа технологиялар саласындағы салық салу обьектілер үшін қолайлы салық режимін енгізу қажет. Қазір бұл жұмыс басталды. Оны жетілдіру мақсатын қоямын. Барлық қолданыстағы салық женілдіктеріне ревизия жүргізіл, оларды мейілінше тиімді ету керек;

– біз салық әкімшілігін ырықтандыру және кеден әкімшілігін жүйелендіру саясатын жалғастыруға тиіспіз. Салық есептілігін женілдетіп әрі мейілінше азайту қажет. Біз нарық қатысушыларын салықтан жалтару жолдарын іздеуге емес, босекелестікке ынталандыруымыз қажет;

– салықтық қадағалауды прагматикалық азайту шаруашылық субъектілерінің салық қызметімен диалогын азайтуға тиіс. Алдағы бес жылда бәріміз онлайн-электрондық есептілік режиміне көшуіміз керек;

– 2020 жылдан бастап біз салықтық несиелендіру тәжірибесін енгізуіміз керек. Басты міндет – кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін ынталандыру;

– жаңа салық саясаты әлеуметтік бағыт алуға тиіс. Бұл үшін 2015 жылдан бастап ынталандыру шаралары кешенін, соның ішінде білім беруге, өзін, өз отбасын, қызметкерлерін медициналық сақтандыруға қаражат салатын азаматтар мен компанияларды салықтан босату тәжірибесін көздейтін ынталандыру кешенін әзірлеу қажет.

Осылайша, бизнес деңгейіндегі болашақ салық саясаты ішкі өсімді ынталандыруы және сыртқы нарықтарға отандық экспортты, ал азаматтар деңгейінде олардың қорларын, жинақтарын және салымдарын ынталандыруға тиіс.

### *Ақса-кредит саясаты:*

– әлемдік экономикадағы қолайсыз ахуалды ескере отырып, біз инфляциядан әрбір қазақстандықтың кірістерін қоргауды қамтамасыз ететін және экономикалық өсім үшін лайықты деңгейін ұстап тұратын боламыз. Бұл жай гана макроэкономикалық мәселе емес, бұл елдің әлеуметтік қауіпсіздігінің мәселесі. Және де бұл – 2013 жылдың өзінен бастап Ұлттық Банк пен Үкімет жұмысының басты мәселесі;

– қазақстандық банктегер оз кезегінде өзінің мақсатын орындауға және нақты экономика секторының кредиттік ресурстарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте қаржылық жүйеге бақылауды әлсі-

ретуге болмайды, банктерді проблемалық кредиттерден тазарту және қорландыру мәселелерімен тығыз айналысу қажет.

Бұл үшін Ұлттық Банк пен Үкіметке Президент Әкімшілігінің үйлестіруімен экономиканы қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған түбекейлі ақша-кредит саясатының жаңа жүйесін әзірлеу қажет болады.

### *Мемлекеттік және сыртық қарызды басқару саясаты*

– біз елдің мемлекеттік қарызының деңгейін тұрақты бақылауда ұстауға тиіспіз:

– ИЖӨ-ге қатысты бюджет тапшылығын 2013 жылғы 2,1%-дан 2015 жылы 1,5%-га дейін төмендету керек. Мемлекеттік қарыз аз мөлшерлі деңгейде қалуға тиіс. Бұл принципті міндет, өйткені, біз әлемдік тұрақсыздық жағдайында бюджеттіміздің тұрақтылығын және ұлттық қауіпсіздігімізді тек осылай ғана қамтамасыз ете аламыз.

– экономиканың квазимемлекеттік секторы борышының деңгейін қатаң бақылау қажет» деп атап өткен болатын.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауына сәйкес:* «Бұғінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Әлемдік экономика әлі де жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Қалпына келу өте баяу және сенімсіз қадамдармен жүрүде, ал кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда. Геосаяси дағдарыс пен жетекші державалардың санкциялық саясаты әлемдік экономиканы қалпына келтіруде қосымша кедергілер туындалатуда. Мен өзімнің тәжірибелемен алдын-ала сезіп отырганымдай, таяудағы жылдар жаһандық сыйнаптардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы озгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шеңгін тек мықты мемлекеттер, жұдыштықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады. Қазақстан, әлемдік экономиканың бір болшегі және геосаяси қысымның эпицентріне тікелей жақын орналасқан ел ретінде, барлық осы үдерістердің теріс ықпалына тап келеді. Нәтижесінде не болып жатқанын біз коріп отырмыз: әлемдік нарықтарда баға құлдырауда және, тұтастай алғанда, экономикалық өсім баяулауда.

Халықаралық валюта коры мен Дүниежүзілік банк тараپынан 2014 және одан кейінгі екі жылда әлемдік экономиканың дамуында болжам төмендеу жағына қарай қайта қаралғаны белгілі. Сондықтан кейбір позицияларды жедел түрде қайта қарап, сондай-ақ, алдағы кезеңдердің жоспарларына түзетулер енгізу қажет. Бізде ырғалып-жырғалуға уақыт жоқ. Бұғын айтылатын шараларды 2015 жылдың 1 қаңтарынан ба-

стап жүзеге асыру керек. Біз теріс үрдістердің алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды жедел қабылдауға тиіспіз.

Бұгін менің тапсырмам бойынша Үкімет белсенді жұмысқа кірісіп кетті. Біз 2015 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін қайта қарадық. Бұл дұрыс, өйткені, біздің экспорттық шикізат ресурстарына бағаның құлдырауы бюджеттің кіріс бөлігіне қаржы түсін төмендетуге алып келуде. Бірақ, соган қарамастан, Үкімет алдына оңай емес, алайда, нақты міндет – барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемінде қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр.

Дағдарыс жағдайларында, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындей, экономикалық саясатты қайта бағдарлаулар жүріп жатыр. Қолдауды экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуда аса үлкен мультиплікативті тиімділік беретін салалар алыу тиіс. Мұндай тәжірибе бізде бұған дейін болған. Біздің 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы табысты шараларымызды еске алсақ та жеткілікті. Көріп отырғандарыныздай, өмір біздің жоспарларымызға түзетулер енгізуде. Және біз партияның тұғырнамасын бүгінгі күн шындығы тұргысынан қарай отырып жаңа мазмұнмен толықтыруға тиіспіз.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет дамудың жаңа ауқымды бағдарламасын жасауды аяқтады. Бұгінде, алдымызда тұрған сын-қатерлерге жауап бере отырып, мен Қазақстанның «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты туралы жариялаймын. Мен 2015 жылға арналған халыққа жаңа Жолдауымды осыған арнаймын. Ол контрициклды сипатқа ие болады және біздің экономикамыздығы құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталады. Бұл иені білдіреді?

Сыртқы нарықтардағы жағдай онтайлылығымен ерекшеленіп, мұнай мен біздің экспорттық өнімдерімізге баға айтарлықтай жоғары деңгейде болған жылдары біз шикізат экспортынан түскен табыстарды Ұлттық қорға бағыттап келдік. Ұлттық қордың негізгі міндеттерінің бірі біздің экономикамыздың сыртқы естен тандырулар алдындағы орнықтылығын, оның ішінде, табиғи ресурстарға баға төмендеген жағдайда да, жоғарылату болып табылады.

Осы жылдардың бәрінде шикізат өндіру мен одан түскен табыстарды біз осы Қорға салып келдік. 10 млрд. долларды біз 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы қареске бағыттадық. Қалған ақшаны ішіл-жеп және жұмсап қойған жоқпыз, сактадық және көбейттік. Қазір біз осы резервтерді пайдалануға тиіс болатын кезең туындан келеді. Бұл қаржы қыын уақыттарды өңсеріп, экономикамыздың өсімін ынталандыруға комектесетін болады. Бұл ресурстар қысқа мерзімдік шараларға арналмаган. Олар экономиканы әрі қарай қайта құрылымдауға

багытталатын болады. Нақты айтқанда, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға багытталады.

Ақпан айында Ұлттық қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 млрд. теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге болу туралы шешім қабылданған болатын.

*Сонымен қорыта келгенде, Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру республиканың экономикасын нығайтады, қоғамды тұрақты етеді және біздің халықтың жағдайын жақсарту мақсатындағы бағыт-бағдар және іс-шаралар кешені болып табылады. Осыған орай Елбасы Ұлт Кошбасының 2015 жылды мамырда бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бағытындағы 100 нақты қадамды жариялады. Мұныңозі Елбасының «корегенді, парасатты басыны» екендігін көрсетіп отыр. 2015 жылды мамырда Астана қаласында откеп VIII Астана экономикалық форумында әлемнің 90 етіпен 3000-нан аса белгілі де білімді саралыштардың өзі бұл бастамаға зор ықыластарын билдірген еді. «Біздің ел басқарған азаматтарымыз бірнеше гана бастамалар мен тапсырмаларды пемесе қадамдарды жасаі алады. Ал енді 100 қадам жасау, оның озінде әрқайсысының мазмұны мен мәні нақтыланған, иғі бастамалар мен тапсырмаларға негізделуі, бұл таңқатарлық жағдай, біз мәндей басының корген жекеңіз, осындағы басынысы бар Сіздер қандай бақытты жандарсыздар» деп мойындан отыр.*

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. «Қазакстан-2030» стратегиясы».
2. Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні.
3. «Қазакстан-2030» даму Стратегиясының бірінші ұзак мерзімді басымдалиғы.
4. «Қазакстан-2030» даму Стратегиясының екінші ұзак мерзімді басымдалиғы.
5. «Қазакстан-2030» даму Стратегиясының үшінші ұзак мерзімді басымдалиғы.
6. «Қазакстан-2030» даму Стратегиясының тортінші ұзак мерзімді басымдалиғы.
7. «Қазакстан-2030» даму Стратегиясының бесінші ұзак мерзімді басымдалиғы.
8. «Қазакстан-2030» даму Стратегиясының алтыншы ұзак мерзімді басымдалиғы.
9. «Қазакстан-2030» даму Стратегиясының жетінші ұзак мерзімді басымдалиғы.
10. Мемлекеттік басқару жүйесінің истижелігі.

11. Жаңа саяси бағыттың мәнісі.
12. Жаңа салықтық саясат.
13. 2015 жылы 11 ақпандығы Үкіметтің кеңейтілген отырысы.
14. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның экономикалық жетістіктері.
15. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік жетістіктері.
16. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның саяси жетістіктері.
17. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық жетістіктері.
18. Республикалық бюджеттің аткарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің есебі.
19. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтері.
20. Елімізде макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылығы.
21. Қазақстанның салықтық режімі.
22. Еліміздегі аграрлық сектордың қызметтері.
23. Индустріяландыру картасы.
24. Үдемелі индустріялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру.
25. Индустріяландырудың алғашқы бес жылы.
26. «Өнімділік-2020» бағдарламасы.
27. Қазақстанның банктік жүйесі.
28. Қазақстанның инвестициялық саясаты.
29. Ұлттық қордың қызметтері.
30. Ұлттық банктің қызметтері.
31. 2011 жылдың 28 қаңтарындағы Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Жолдауы.
32. Бюджеттік реформалар.
33. Жаңа Бюджет кодексі.
34. Жаңа Салық кодексі.
35. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы.
36. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы.
37. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мактап, бір мұдде, бір болашақ» Жолдауы.
38. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы.
39. 2015 жылы мамырда қабылданған бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бағытындағы 100 нақты қадам.
40. VIII Астана экономикалық форумында талқыланған әлеуметтік-экономикалық мәселелер.

**Өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар:**

1. Қазақстанда бюджетті жоспарлаудың негізі.
2. Қазақстан Республикасында стратегиялық жоспарлаудың негіздері.
3. «Қазақстан-2030» Стратегиясын жүзеге асырудың негізгі корытындылары.
4. 2050 жылға дейінгі ұлттың жаңа саяси бағытының мәні және осы бағытты қалыптастырудың экономикалық саясаттың жаңа принциптері.
5. Қазақстан Республикасына 2007-2009 жылдары енгізілген мемлекеттік органдар қызметінің стратегиялық жоспары және бюджеттік жоспарлаудың корытындыға бағытталған жоспарлаудың жаңа әдістері.
6. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы экономикалық жетістіктері.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауында айтылған Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың жаңа тапсырмалары.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауына сәйкес Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың жаңа тапсырмалары.
9. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір максат, бір мұдде, бір болашақ» Жолдауына сәйкес Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың жаңа тапсырмалары.
10. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауына сәйкес Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың жаңа тапсырмалары.
11. 2015 жылы мамырда бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бағытындағы 100 нақты қадамға сәйкес Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың жаңа тапсырмалары.

**Реферат тақырыптары:**

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар қызметінің стратегиялық жоспарының негізі ретінде.
2. Стратегиялық жоспарлау нәтижеге негізделген бюджеттік жоспарлау негізі ретінде.
3. Қазақстан экономикасын әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудағы бюджеттік жоспарлаудың рөлі.



## 2-ТАРАУ. БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУ НЕГІЗДЕРІ. БЮДЖЕТТІ ӘЗІРЛЕУ КЕЗЕҢДЕРІ. НӘТИЖЕЛЕРГЕ БАГДАРЛАНГАН БЮДЖЕТТЕУ

1. Бюджетті жоспарлау негіздері туралы жалпы ережелер. ҚР Бюджет кодексінің мазмұны мен құрылымы.
2. Республикалық бюджетті әзірлеу кезеңдері.
3. Қазақстан Республикасында нәтижесеге бағдарланған жобалық-мақсаттық бюджеттеу принциптерін енгізу: реформаның негізгі кезеңдері.

### 2.1 || Бюджетті жоспарлау негіздері туралы жалпы ережелер. ҚР Бюджет кодексінің мазмұны мен құрылымы

Бюджетті жоспарлаудың негізгі ережелері ҚР Бюджет кодексімен реттеледі. Алғашқы Бюджет кодексі 2004 жылғы 24 сәуірде қабылданған. Кейіннен барлық өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып, 2008 жылдың 4 желтоқсанында жаңа Бюджет кодексі қабылданды.

*Бюджет кодексінің көптеген сапалық тиімді негіздері бар:*

- бюджетті нақты және бірізді әзірлеу, қарастыру және орындау үдерісі бекітіледі;
- орта мерзімді бюджеттік жоспарлау орындалады;
- бірегей бюджеттік үдеріс шегінде барлық мемлекеттік табыстар мен шығыстарды жүзеге асыру принципі бекітіледі;
- басымдылықтар мен бағдарламалар негізінде бюджеттік қаржы бөлүлер қамтамасыз етіледі;
- алынған қорытындылар мен нәтижелер негізінде бюджеттік бағдарламалар нәтижелігін бағалау үдерісі қарастырылады.

ҚР Бюджет кодексінің құрылымы екі бөліктен (жалпы және ерекше), 13 бөлімнен, 49 тараудан және 245 баптан тұрады.

*Бюджет кодексінің жалпы болігі екі болімнен тұрады:*

- I-бөлім. *Бюджет жүйесі:* жалпы ережелер, бюджеттің түрлері мен деңгейлері, бюджет құрылымы, Қазақстан Республикасының үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтері, Қазақстан Республикасының ұлттық қорын қалыптастыру, пайдалану және басқару, бірыңғай бюджеттік сыйыптама, бюджетаралық қатынастарды қамтитын тараулардан тұрады;

– 2-болім. *Бюджет деңгейлері арасында түсімдер мен шығыстарды бөлу:* республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттері арасында бюджетке түсетін түсімдерді бөлу, бюджет деңгейлері арасында шығыстарды бөлу, бюджеттік комиссияларды қарастыратын тараулардан құралған.

***Бюджет кодексінің ерекше болігі 11 болімнен тұрады:***

– 3-болім. *Бюджетті әзірлеу, қаралу, бекіту:* бюджетті жоспарлау негіздері, бюджетті әзірлеу, бюджеттің жобасын қаралу және бекіту үдерісінің негізгі ережелері, төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеу, енгізу немесе оның қолданысын тоқтату мәселелерін қамтитын тараулардан тұрады;

– 4-болім. *Бюджеттің атқарылуы:* бюджеттің атқарылуы туралы жалпы ережелер, бюджеттің атқарылу үдерісі, бюджеттің кассалық атқарылуына қызмет көрсету жөніндегі шоттар, бюджеттің атқарылуы, бюджетті нақтылау, сектестр және бюджетті түзету, бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалауды қарастыратын тараулардан құралған;

– 5-болім. *Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және оның ведомстволарын қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінің және қаржылық есептілігінің жүйесі:* бухгалтерлік есепке алу жүйесі және қаржылық есептілік тарауларын қамтиды;

– 6-болім. *Бюджеттік есепке алу мен есептілік:* бюджеттік есепке алу, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп, Қазақстан Республикасы ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есептен құралған тарауларды қарастырады;

– 7-болім. *Мемлекеттік қаржылық бақылау:* мемлекеттік қаржылық бақылау туралы жалпы ережелер, мемлекеттік қаржылық бақылау органдары, мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізудің негіздері туралы тарауларды қамтиды;

– 8-болім. *Бюджеттік инвестициялар және концессиялық жобашар:* бюджеттік инвестиацияларды және концессиялық жобаларды жоспарлау, бюджеттік инвестиациялар мен концессиялық жобаларды жүзеге асыру мәселелерін қарастырайтап тараулардан тұрады;

– 9-болім. *Мемлекеттік концессиялық міндеттемелер:* мемлекеттік концессиялық міндеттемелер және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелері тарауларынан құралған;

– 10-болім. *Гранттар:* байланыссыз және байланысты гранттар туралы жалпы ережелер, байланысты гранттарды пайдалану тарауларын қамтиды;

– 11-болім. *Бюджеттік кредиттеу*: бюджеттік кредиттеудің жалпы ережелері, бюджеттік кредиттеу талаптары, бюджеттік кредиттеу рәсімдері, бюджеттік кредиттің қайта құрылымдау және қарыз алушыны ауыстыру, талап қою мерзімінің өтуі, кредиторлар талаптарының тоқтатылуы және бюджеттік кредиттер бойынша кепілдіктің тоқтатылуы мәселелерін қамтыған тараулардан тұрады;

– 12-болім. *Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекет кепілгерлігі*: мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекет кепілгерлігі туралы жалпы ережелер, Қазақстан Республикасы үкіметтің қарыз алуы, жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы, мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекет кепілгерлігі, қарыз берушінің мүдделерін қорғау жөніндегі тарауларды қарастырады;

– 13-болім. *Қорытынды және отпелі ережелер*: отпелі ережелер және қорытынды ережелерді қамтыған тараулардан тұрады.

*Бюджеттік удерісте келесі құжаттар қолданылады:*

- 1) ҚР немесе аймақтың алеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамы;
- 2) Республикалық бюджет туралы заң, жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімі;
- 3) Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- 4) Операциялық жоспарлар.

Мемлекеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөнінде әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлаудың жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді. Сондықтан Қазақстан Республикасында мұндай орган Ұлттық экономика министрлігі болып табылады.

## **2.2 || Республикалық бюджетті әзірлеу кезеңдері**

*Республикалық бюджет* – Бюджет кодексінде айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылай қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры.

*Республикалық бюджет* жобасын әзірлеу кезеңдерін нақты қарастыратын болсақ:

– **1-кезең.** Үлттық экономика министрлігі (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі) 5 сәуірге дейін ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдық Жобасын құрастырып, оны Республикалық бюджет комиссиясына (РБК) енгізеді. Бұл құжатқа макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы, әлеуметтік параметрлер болжамы, үрдістер, артықшылыктар, ҚР бесжылдық кезеңге индикаторлары мен әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштері кіреді. Бюджеттік параметрлер болжамы – үшжылдық кезеңге әлеуметтік-экономикалық дамудың бесжылдық болжам Жобасының негізінде әзірленеді;

– **2-кезең.** Осы екі құжатты қарастыру жобасы. 5 жылдық кезеңге әлеуметтік-экономикалық дамуды болжау Жобасы мен үшжылдық кезеңге бюджеттік параметрлер Республикалық бюджеттік комиссияда қарастырылады. РБК құрамы Қазақстан Республикасының Президенті мен айқындалады. ҚР әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жобасы мен бюджеттік параметрлер болжамы Республикалық бюджет комиссиясымен 15 сәуірге дейін қарастырылады. РБК-да осы екі құжат келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі қарастырып, оны бекітеді. Үкімет елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі параметрлері мен бюджеттік параметрлерді мақұлдағаннан кейін, шығыстардың болжанған көлемі 5 күндік мерзім ішінде Қаржы министрлігімен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізіледі;

– **3-кезең.** 15 мамырға дейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (ББӘ – ягни, министрліктер, мекемелер) 3 жылдық мерзімге бюджеттік өтініштер мен стратегиялық жоспарлардың жобаларын береді;

– **4-кезең.** РБК-да бюджеттік өтініштер мен стратегиялық жоспарлар жобалары қарастырылады (мамыр-маусым);

– **5-кезең.** Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері (ББӘ) бюджеттік өтініштер мен стратегиялық жоспарлар жобасын РБК шешіміне сәйкестендіреді (29 шілдеге дейін);

– **6-кезең.** 1 тамызга дейін әзірлеу, 15 тамызга дейін Үкіметке 3 маңызды құжаттың түткі нұсқасын енгізу:

1) бес жылдық мерзімге ҚР әлеуметтік-экономикалық болжамының жобасы;

2) «Үш жылдық кезеңге республикалық бюджет туралы» ҚР Зан жобасы;

3) «Үш жылдық мерзімге стратегиялық жоспарлар бойынша» ҚР Үкіметінің Қаулылар жобасы, Президент Әкімшілігі және мемлекеттік органдар басшыларының Бұйрықтары;

– **7-кезең.** 1 қыркүйекке дейін осы құжаттарды Қазақстан Республикасының Парламентіне өткізу;

– **8-кезең.** ҚР Парламент депутаттары бұл құжаттардың жобаларын қыркүйек-қараша айларында қарастырады және 1 желтоқсанға дейін ҚР Мажіліс және Сенат Парламентінің пленарлық отырысында бекітеді;

– **9-кезең.** ҚР Парламенті «Үш жылдық мерзімге арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңын Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынады;

– **10-кезең.** Президент «Үш жылдық мерзімге арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына қол қойғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Үкіметі «Кезекті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы ҚР Заңын жүзеге асыру» Қаулысын қабылдайды;

– **11-кезең.** «Кезекті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы ҚР Заңын жүзеге асыру» Қаулысын қабылданғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Қаржы министрлігіне ағымдағы қаржылық жылға Республикалық бюджеттік бағдарламалардың қаржыландыру жоспарын ұсынады;

– **12-кезең.** «Үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына ҚР Президенті қол қойғаннан кейінгі бір апта мерзімде (желтоқсан) орталық мемлекеттік органдар ағымдағы қаржылық жылға, яғни 1 жылға Операциялық жоспарлар әзірлейді;

– **13-кезең.** ББӘ (Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) және сәйкесінше жергілікті орындаушы органдар арасындағы мақсатты трансфертер бойынша бір қаржылық жылға ағымдағы қаржылық жылдың 20 қаңтарынан кешікпей Нәтижелері туралы келісімдерді қорытындылау;

– **14-кезең.** Ағымдағы қаржылық жылға ҚР Премьер-Министрі мен мемлекеттік органдың бірінші басшысы арасында Меморандум жасау (2.1-суретті қараңыз).

## **Республиканың бюджетті азірлеу кезеңдері**

Қазақстан Республикасының 2012-2016 жылдарға арналған адеуметтік-экономикалық даму болжымының жобасы (1-кеңең)

- Кыргызстан Республикасынын 2012-2016 жылдары аралыган алеммектүрк экономикалык дамуучылык көрсөктөрүнен миң наиссанын иштеп, макроэкономикалык корекциянда болжасы, алеммектүрк басымдарды аудердү.
  - 2012-2014 жылдарда аралык бюджеттүк ошондуктардын болжасы, «Алеммектүрк экономикалык даму болежасын» энгизүнөн бекитүү 2014-жылдан 27-майга чоң болуп табылды.


«Республиканың және облыстық бюджеттер, республиканың манапын бар қола, астана бюджеттері арасындағы 2011-2013 жылдарда арналған жасынан сыйнаптар трансфертердің колемі түркісі» 2010 жылғы 30 қарашаданғы № 154-IV КРД

«Жалғыз енгілдегі трансфертердің есептегүү аркынан бекіту турашы» 2010 жылдың 2 акындағы № 54 КРУК

«Қазақстан Республикасынан Үлгімік көрініш 2011-2013 жылдарға арналған көзілденірген трансфер туралы» 2010 жылдың 30 наурыздағы № 359-IV ЕРД

2012-2014 жылдарға арналған бюджеттік орнамендердің болжамалдары

- салыкатпак бюджеттік саясаттың негізгі бағнштары;
  - мемлекеттік және республикандық бюджеттердің Казаған Республикасы Уыттық корынын Казаған Республикасының шоғырланылдырылған бюджеттің тоғымдары;
  - республиканың бюджеттік жағдайлардан анықталған бойынша шығыстарадын болжамдастаратын көлемдер («ЖКН-де 5 салыр» деңгейінен көтүймеш»)



111

Бюджеттің отындардың және стратегиялық жаһнұстардан жабатарын үсіруге (15 науқастаған деңгээ)  
ББ-ны 66 - бойынша жөндеудегі отындардың жасау және үзілік ережесін белгілі тұрады. Барлығынан 2010 ж. 19.05 № 233 буғырымен

↓

2012-2016 жылдарға арналған  
алеуметтік-экономикалық даму  
бюджетінің жобасы (2 көтөң)

## **«2012-2014 жылдарға арналған республиканың бюджеті турали**

2012-2016 жылдарға арналған стратегиялық жөндердің бойынша КРУК жобалары. Президент Окимшылтың және мемлекеттік органдардың басшыларының бұрынғы шарттарының

#### Нарзанситка 1 күрнәдіккө зерттеу сүйгісі

Парламенттің жаралығы  
Іжадиеттік-жаралық Парламенттің Мажелсі мен Сенаттың шеңберінде 1 жетекшісінен көзінің тұрмысынан жаралығы

«2012-2014 жылдарға арналған Республикалық бюджет тұрағы» Қызыметтер Республикасының Заным іске жемірү туралы» КРУК-ның кабылдауда  
«Казахстан Республикасының Пәннендердегі мәдени миссияның би-шарта негізгі шарты» ЕК-ның 79-бапы

Кезекті жаңы жаңыда Қазақстан Республикасының Зерттеу жеке асары тұрағы КРУ-нан қабылданғаннан кейні, 5 күн мерзіншіндегі 2012 жылғы Республикалық бюджеттегі бардара маңыздырылған шарттың бардығынан үзеккөті мекемеге үшінде 2009 жылдың 26 ақпанында № 370-IV-ДРД жариялана.

2012-2016 жылдарга арналған орталық мемлекеттік  
органдардың стратегикалык жөннөштердің жиынтық  
жөннөштөсін. Кашшатын Республикасының  
Президенті 2012-2014 жылдарға арналған  
республиканың бюджетті шаралы заңда үзүп көзөшіл-  
генден бастап бир шотта мәргим (шінде) ЕҚН-нің 62-  
баптама

Высшему транспорттер бойынша  
жетижелер түрлүү көлем жасау  
жакында жалдап 20 км/саатка дейи  
кешкитпремей бир күржүүк жалгыз  
арынчан Ыйлап мен тишин жерлеккүн  
анкыруши органын арасында 1 ЕК-ниң 46-  
5-тү

КР Премьер-Министри мен мем органдың биринчи  
бастысының арасында меморандум жасалады жана  
болжак көлдө мем. органдардың арасында секторлардың  
көмегидөртүүгүү көзбүрчүлүк жаңылыктардың  
“Казакстан Республикасы Екімненги Регуламенти”  
туратын 2002 ж. 10.12 № 1300 КРУМК-ның 153-таржымасы

2. 1-сүрет – Республикалық бюджеттің өзірлеудің кезеңдері

**2.3**

**Қазақстан Республикасында нәтижеге бағдарланған жобалық-мақсаттық бюджеттеу принциптерін енгізу: реформаның негізгі кезеңдері**

Қазақстанда бағдарламалық-мақсаттық бюджеттеуге жүйелі түрде көшу ТМД елдерінің ішінде алғаш рет 2000 жылы басталды (Ресей Федерациясында 2004 жылдан басталады).

**Бағдарламалық-мақсаттық бюджеттеу (БМБ)** – стратегиялық жоспарлауға негізделген, бекітілген артықшылықтарға сәйкес және нәтижеге бағдарланған бюджеттік қаражаттарды орналастыратын жүйе, елдің басымдықтарына сәйкес әкімшілер қызметін координациялау құралы болып табылады. БМБ бюджеттік үдерістің барлық кезеңдерін қамтиды: жоспарлау, орындау және бақылау.

*Бағдарламалық-мақсаттық бюджеттеудің негізгі принциптеріне жататындар:*

– стратегиялық міндеттер, артықшылықтар және бағдарламадан күтілетін нәтижелер негізінде жоспарлау;

– бағдарламалар бәсекелестігі – жоспарланған шығыстарды бағалау (баламаларды талдау);

– шығыстардың мақсаттар мен нәтижелерге сәйкес келуі;

– нәтижелер мониторингі;

– ішкі бақылау және есептілік;

– мекемелік және бағдарламалық жіктелімдер;

– басқарушылық өкілеттілікті нәтижелі орындау деңгейінде табыстау.

Қазақстанда бұл принциптерді енгізу бірнеше кезеңде орындалды. Тәуелсіздік жылдары елде жүргізілген бюджеттік реформаларды негізгі он кезеңге болуға болады.

**Бірінші кезең (1997-1998 жылдар)** – «Қазақстан-2030: Өркендеу, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту» Қазақстан Президентінің Жолдауы басылымға шықты, онда Қазақстанның міндеті, ұзақ мерзімді басымды мақсаттар мен орындау стратегиялары айтылды.

*Бұл принциптерді Қазақстанда енгізуудің бірінші кезеңінде ҚР Ұлттық Банкінде Бірегей қазынашылық шоты анылды:*

– қаржылық және бюджеттік рұқсаттар түріндегі лимиттер беру арқылы шығыстарды қаржыландыру жүйесі;

– қазынашылықта республикалық және жергілікті бюджетті есептік-кассалық қызмет көрсету бекітілген.

*Сонымен қатар, бұл шаралар мынадай мүмкіндіктер берді:*

– мемлекеттік бюджеттің барлық кірістері мен шығыстарын шоғырландыруға, бақылауга және есепке алуға (бюджеттен тыс қорлар мен шоттарды қоса алғанда);

– бақылау нәтижелігін жоғарылатуға.

1997-1998 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының жаңа бюджеттік жіктелімі қабылданды, ол мемлекеттің бағдарламалық міндеттерін орындайтын барлық деңгейдегі бюджеттердің шығыстарын өзара байланыстыруға, сонымен қатар, мемлекеттік қаржылардың мөлдірлігін, статистикасының қарапайымдылығын және мемлекеттік басқару органдары қызметінің талдауын жақсартуға бағытталған.

**Екінші кезең (1999 жыл)** – жаңа үшінші редакцияда «Бюджеттік жүйе туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда негізгі мән республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларға, республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне, бюджеттік алып қоюлар түсініктеріне берілген.

*Жоғарыда атапсан Заңды қабылдау мынадай мүмкіндіктер берді:*

– бюджеттік жүйенің бірегейлік принципін қамтамасыз ету;

– кедейшілікпен күрес жүргізу;

– бюджет жүйесін аймақтар мен республиканың барлық өнірлер арасындағы бірдей мемлекеттік қызмет көрсету арқылы айырмашылықтарды тәсістіру жолымен бірлік принципін қамтамасыз етуге болады;

– әлеуметтік бейімделушілік негізінде кедейшілікпен аймақтар бойынша күресу. Әлеуметтік тұрғыдан кедей халықты экономикалық қалыпта келтірушілік.

1999 жылы, бюджеттегі қаражатты мақсатты және тиімді жұмысга үшін құқықтық базаны жетілдіру, оны алдын-ала сенімді бақылау тетіктерін жасау арқылы бюджетте кредиторлық берешектің өсуіне жол бермеу жолдары қарастырылған болатын. Атап айтқанда, бюджеттегі ақша есебінен қазынашылықта азаматтық-құқықтық мәмілелерді міндетті түрде тіркеу енгізілді және бұл, өз кезегінде, экономикага колемі үлкен қайтарылмаған төлемдер тізбегін «нақты емес бюджет (нереальный)» ұғымын жақындағы.

**Үшінші кезең (2000-2001 жылдар)** – ҚР Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Бағдарламасы қабылданды, ол келесдей міндеттер мен шараларды қарастырды.

*Негізгі міндеттері:*

– бюджеттік бағдарлануға түбөгейлі көшу;

- мемлекеттік басқару мен бюджеттік өкілеттілік атқарымдарын орналастыру;
- трансфертер көлемін анықтау белгілерін енгізу (субвенциялар мен алымдар заңды актілермен бекітіледі);
- орта мерзімді жоспарлауды енгізу.

#### *Шаралары:*

- қажеттіліктер негізінде мақсаты көрсетілген қабылданған бағдарламаларды қаржыландыруда бюджеттің шығын бөлігін қалыптастыру;
- бағдарламаларды орындау бойынша әкімшілердің қызметін бағалау белгілерін әзірлеу;
- әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзак мерзімді мақсаттары бар бюджет қаражаттарын қолдануды байланыстыру.

*Қазақстанда бағдарламалық-мақсатты бюджеттеу принциптерін енгізуіндегі үшінші кезеңінде бағдарламалар негізінде бюджеттерді әзірлеу бойынша семинар өтті. United States Agency for International Development (USAID) реформасының Бюджеттік-Салықтық жобасы негізінде АҚШ-тың Барентс Груп үйымдастырылған, сонымен қатар, бірінші рет бағдарламалық-мақсатты бюджеттеудің (индикаторлар) элементтері енгізілді, атап айтқанда:*

- бағдарламаның міндеті;
- бағдарламаны жүзеге асыру нысаны;
- бағдарламаны құқықтық негіздеу;
- бағдарламаны орындау белгілері;
- бағдарламаны орындау мерзімі.

2000-2001 жылдары Қазақстан Республикасында бағдарламаларды әзірлеу Ережесі құрастырылды.

*Қазақстан Республикасында бағдарламаларды әзірлеу ережелері мына мәселелерді анықтайды:*

- үйымдастырушылық-әдістемелік негіздерді;
- бағдарламалар жобаларын қалыптастырудың жалпы принциптері;
- әзірлеу, келісу және бекіту реті;
- оларды орындауды бақылау реті.

2000-2001 жылдары бюджетті жоспарлаудың нормативті әдісін енгізу қатар жүзеге асырылды. Осыған байланысты мемлекеттік органдардың 1 қызметкерге республикалық бюджеттің ағымдық шығыстарының нормалары құрастырылды.

2001 жылы ҚР Ұлттық қоры құрылды, оны басқару ҚР Ұлттық Банкімен жүзеге асырылады.

*ҚР Ұлттық Қорына келесі қызметтер бекітілген:*

#### 44 ⇨ Салықтық-бюджеттік жоспарлау

- *жинақтауышы қызмет* – болашақ ұрпақтар үшін мұнай кірістерін сақтайды;
- *тұрақтандыруышы қызмет* – респубикалық бюджеттің әлемдік бағалардың конъюнктурасынан тәуелділігінің төмендеуі.

*Тортінші кезең (2002 жылы)* – бюджеттік шығыстар делелдемелерінде көрсетілген белгілер негізінде бюджеттік бағдарламаның Паспорты, яғни әкімшілердің қызметін бағалайтын негізгі құжат енгізілді.

*Негізгі индикаторлар:*

- бюджеттік бағдарламаның мақсаты; міндеттері; құны; нормативтік құқықтық негізі;
- бағдарламаларды іске асыру бойынша шараларды қаржыландыру көзі;
- күтілетін нәтижелер;
- жауапты орындаушылар;
- бағдарламаны жүзеге асыру мерзімдері.

Бюджеттік бағдарлама Паспортының негізі – әкімшінің бюджеттік өтініші болып табылады, олардың алдына қойылған міндеттерді орындау бойынша орта мерзімді кезенге әр мемлекеттік орган үшін стратегиялық жоспар болып табылады.

*БМБ принциптерін енгізуіндегі төртінші кезеңінде Қазақстанда инвестициялық жобаларга талаптар белгіленді, сонымен қатар оларды бюджетке қосу реті бекітілді:*

- елдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдылықтарына сәйкес келуі керек;

– техникалық-экономикалық негіздемесі, жобалық-сметалық құжаттамасы, салалық уәкілетті органдан және экономикалық жоспарлау бойынша орындаушы органдан оңтайлы қорытындысы болуы керек.

*2002 жылдың бюджеті 2 болікке болінді:*

- ағымдық бюджет – мемлекеттің ағымдық қажеттіліктерін орындауға бағытталған бағдарламалар;
- даму бюджеті – экономиканы инвестиациялауға шығыстар: инфрақұрылым, қала құрылышы, мемлекеттік мекемелердің ақпараттандыруғылым, кадрлар дайындау, әлеуметтік-экономикалық және институттық дамуға бағытталған, адам ресурсының дамуы.

Сонымен қатар, 2002 жылдың бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды бағалау механизмі енгізілді. Жоспарлау сатысында бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Президент Жолдауын, елдің даму стратегиясын, мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын және

алдыңғы кезеңдер үшін іс-шаралар жүзеге асыру қорытындысы бойынша қабылданған индикативтік жоспарға хабарламада сәйкестігімен бюджеттік өтінімдерді талдайды. Бюджетті орындайтын үәкілетті орган жүзеге асыру сатысында бағдарламаның орындалуын бағалайды.

Әкімшіліктер өз бағалаудың және әр тоқсан сайынғы және бюджеттік бағдарламаның орындалғаны жөнінде жылдық есептерін ұсынады. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп Парламентте қаралады және бекітіледі, содан кейін бюджеттің атқарылуы бойынша іс-шаралар мен мемлекеттік билік органдары үшін қажеттілігі салыстырылады.

***Бесінші кезең (2003 жылды) – келесі негізгі сәттермен сипатталады:***

- бюджеттік бағдарламаларды әкімшілердің әзірлеу және ұсыну ережелері қалыптастырылды;
- бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есепті әзірлеу және ұсыну бойынша ережелер құрастырылды;
- мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызмет көрсетуде нормалар мен ережелерді жетілдіру үшін жұмыс тобы құрылды;
- мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бюджетаралық қарым-қатынастарды, үкімет және жетілдіру деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату тұжырымдамасы қабылданды: мемлекеттік атқарымдарды оңтайлы тізбесін анықтау үшін; мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы атқарымдар, өкілеттіктер мен жауапкершіліктер арасындағы нақты айырмашылық; үкіметаралық қарым-қатынастың оңтайлы үлгісін қалыптастыру (өз атқарымдарын жүзеге асыру үшін қаржылық қамтамасыз етушілік).

***Алтыншы кезең (2004 жылды) – КР Бюджет кодексі қабылданды, оның мақсаты:***

- мемлекеттің экономикалық саясаты негізінде бюджетті ары қарай орта мерзімді жоспарлау;
- бюджеттік қаржыландырудың мәлдірлігін арттыру;
- бюджеттік ақшаны бақылау жүйесін күшету.

Экономикалық саясат және орта мерзімді кезеңге арналған фискалдық байланысын айқындастын, сондай-ақ орташа жылдық инфляция деңгейі белгіленген шаманы қамтамасыз ету үшін 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет комиссиясы Орта мерзімді фискалдық саясат жөніндегі кеңестің отырыстарында әзірленді және бекітілді, 2004 жылы төлем балансының тұрақтылығы, соңғы тұтынууга тауарлар мен қызметтердің өсуі мен капиталдың жинақталуы туралы қабылданды.

Негізгі мақсат – экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, барлық аймақтарда азаматтардың әл-ауқатын тұрақты экономикалық даму және өсу деңгейін жақсарту.

**Жетінші кезең (2005 жылды)** – респубикалық және жергілікті бюджетті сатылас ішкі бақылау сызбасы енгізілді, сонымен қатар, бюджеттік бағдарламалардың нәтижелігін бағалау бойынша шаралардың жоспары енгізілді.

Тиімділікті анықтаудың негізгі жиынтықтары бар: стратегия, көрсеткіштер, мақсаттар, нәтижелер, тексеру, мониторинг және бағалау.

**Жетінші кезеңді жүзеге асыру үдерісінде пәтижеге бағдарлану болміндеңі бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын жетілдіру қажеттілігі туындағы:**

– 2006 жылға респубикалық бюджетті қалыптастыру шегінде бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын жетілдіру сұрақтары бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен USAID бірлесіп семинар-жиналыстар өткізілді;

– бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірге бюджеттік өтініштерді әзірлеу және ұсыну Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар жасалды;

– респубикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын толтыру бойынша талаптар қүшейтілді;

– нәтижеліктің (тікелей, түпкі, қаржылық-экономикалық нәтижелер), мерзімділіктің және бағдарламаны жүзеге асыру сапасының индикаторлары енгізілді.

Жоғарыда аталған тиімділікті анықтаудың жиынтықтарының өзара байланысын 2.2-суреттен көруге болады.

2005 жылы орта мерзімді келешекке Қазақстан Республикасының Ұлттық коры қаражаттарының қалыптасу және қолданылу Тұжырымдамасы қабылданды.

**Әзірленген тәсілілікен бюджеттің әдісі қарастырады:**


– мұнай секторының түсімдері толықтай Ұлттық корға бағытталады;

– кепілдендірілген трансферт дамудың бюджеттік бағдарламаларын қаржыландыруға бағытталады.

Бұл шара таразыланған фискалды саясатты жүргізуге жағдай жасады. Сондай-ақ, теңгерімді фискалдық саясатын жүргізуге, әдетте, мұнай секторы кәсіпорындарынан күтілмеген пайдаға бұрмаланған салық режимі ырықтандыру «таза» фискалдық әсері, сондай-ақ кепілдік берілген трансферт шегінде мұнай кірістерін пайдалануға мүмкіндік берді (2.3-сурет).



2.2-сурет – Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін анықтаудың жиынтықтары



2.3-сурет – Қазақстан Республикасының тенгерімделінген бюджетінің іс-эрекет ету әдістері

*Сегізінші кезең (2006 жылды) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қызмет атқаруының жаңа жүйесіне көшу іске асты.*

*2006 жылдың әкімшілердің және уәкілетті тұлғалардың жауапкершілігін күшейту болімінде Азаматтық процессында кодекске және әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске озгерістер енгізілген:*

— бюджетке салықтық емес төлемдерді толық және мерзімінде толемегендігі үшін;

— республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдерді мерзімінде емес, толық емес түсіру, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын, мемлекетпен кепілдендірілген қарыздарды, мемлекет активтерін мақсатқа сәйкес емес қолдану;

— республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын, мемлекетпен кепілдендірілген қарыздарды, мемлекет активтерін тиімсіз қолдану;

— республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын, соның ішінде мақсатты трансфертер мен несиелерді, байланысты гранттарды, мемлекетпен кепілдендірілген қарыздарды, мемлекет активтерін негізіз қолдану.

*Төгізыншы кезең (2007-2008 жылдар) – 2007 жылдан бастап Қазақстанда нәтижеге бағдарланаған мемлекеттік органдардың қызмет жүйесі енгізілді.*

2007 жылды 26 желтоқсанда Үкіметтің № 1297 «Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жоніндегі тұжырымдамасы» жонінде қаулысы қабылданды. Нәтижелерге бағытталған басқаруышы іске асыру шеңберінде пайдаланылатын негізгі құрал, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары болып табылады. Стратегиялық жоспарлар мемлекеттік органдың орта мерзімде бастапқы және түпкі нәтижелердің сәйкестенуін қаржыландырумен байланыстырады. Стратегиялық жоспарлар жаңа жоспарлау жүйесінің принциптеріне сәйкес әзірленеді, міндеттері, мақсаттары, болінген қаржыландыру мөлшерінде дамыту емес, сондай-ақ нақты олшынетін корсеткіштері – мақсатты индикатор (нәтиже) бағытталады.

Стратегиялық жоспарлардың алғышарты – олар жаңа форматта ұсынылған мемлекеттік органдың орта мерзімді перспективада оған қолжетімді бюджет қаражаты колемінің негізінде бюджеттік бағдарламаларды қамтуы тиіс. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, бюджеттік үдерістің құжаттары болуы тиіс. Осылардың негізінде құрылған бюджеттік жоспарлау жүйесі орта мерзімді перспективада бюджеттік қабылдау, сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің ашықтығын корсетеді.

Алайда Қазақстанда жүргізіліп отырған бюджетті басқару бағдарламалары бюджетті жақсарту, оның негізгі мақсатына қол жеткізу үшін жүргізіліп отырған бюджет фазаларын реформалау керек, бюджетті

қолдануды тиімді басқару, бюджеттік есеп беруді дамыту сондай-ақ бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру бюджет үдерісінің барлық кейінгі мемлекеттік бақылау мониторингті іске асыру. Стратегиялық жоспарды бағалау, оларды іске асыру үдерісінің логикалық жалғасы болып табылады және стратегиялық жоспарларды дамыту, бақылау және мониторингін жасау үдерістерін қамтиды.

Тоғызынышы кезеңді жүзеге асырудың маңызды сәті 2008 жылдың 4 желтоқсанында № 95-IV ҚР Бюджет кодексінің жаңа редакциясын қабылдау болып табылды, онда «нәтижелерді бағалау» ұғымы енгізілген. ҚР Бюджет кодексінің 113 бабына сәйкес, *нәтижелерді бағалау* – мемлекеттік орган қызметінің ел немесе өнір экономикасының дамуына, экономиканың, қоғамның жеке саласына (аясына) тигізетін әсерін кешенді және объективті бағалау, мемлекеттік орган қызметі нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізуі стратегиялық жоспар мен бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалау негізінде талдау нәтижелерді бағалау болып табылады.

*Сонымен қатар нәтижелерді бағалау:*

1) нәтижелер көрсеткіштерін тандаудың дұрыстығын, олардың түсінікті және анық жазылуын, бюджеттік бағдарламаны іске асыруға қажетті ресурстарды жоспарлаудың дұрыстығын талдауды;

2) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен бюджеттік бағдарламаларында айқындалған нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесін талдауды;

3) алынған нәтижелердің стратегиялық жоспарда айқындалған мемлекеттік органдың стратегиялық бағыттарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін бағалауды;

4) қол жеткізген нәтижелердің мемлекеттік қызмет көрсетуді алушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкестігін бағалауды;

5) нәтижелердің стратегиялық мақсаттар мен көрсеткіштерге қол жеткізе алмау себептерін талдауды;

6) мемлекеттік органдың қызметін жақсарту, бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемін ұлғайту, қысқарту не оларды бюджеттен алып тастау жөніндегі ұсынымдарды қамтуға тиіс.

Нәтижелерді бағалауды жүргізу кезінде үкіметтік емес ұйымдардың (қоғамдық бірлестіктердің) оларды алушыларға саял қою негізінде алынған мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну сапасы туралы ақпараты пайдаланылады. Нәтижелерді бағалауды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және Қазақстан Республикасының Президенті уәкілеттік берген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Нәтижелерді бағалауды жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындаиды. Бағалаудың мақсаты қойылған нәтижелер калай және қандай дәрежеде орындалды және олар қызыққан жақтар мен мақсатты топтарға қандай әсер тигізетіндігін анықтау болып табылады.

*2008 жылғы 4 жерелоқсандағы КР Бюджет кодексіне сәйкес стратегиялық жоспарды жүзеге асыруды бағалауга негізделген нәтижелерді бағалауга кіретіндер:*

- нәтижелер көрсеткіштерін таңдаудың дұрыстығын талдау, мазмұнының анық және нақты болуы, бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды жоспарлаудың дұрыстығы;

- мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында және бюджеттік бағдарламаларында анықталған нәтижелер көрсеткіштеріне жету дәрежесін талдау;

- стратегиялық жоспарда анықталған мемлекеттік органның стратегиялық бағыттарына, мақсаттары мен міндеттеріне алынған нәтижелердің сәйкестігін бағалау;

- мемлекеттік қызметтерді алушылардың қызығушылығы мен талаптарына алынған нәтижелердің сәйкестігін бағалау;

- стратегиялық мақсаттар мен нәтижелер көрсеткіштерінің орындалмау себептерін талдау;

- мемлекеттік органның қызметін жақсарту бойынша, бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемін кеңейту, қысқарту немесе оларды бюджеттен алып тастау бойынша нұсқаулар.

Осы бағалаулар нәтижесі нақтылы ақпараттарға негізделген сенімді және пайдалы өз кезегінде мемлекеттік органдарға мерзімінде шешім қабылдауга мүмкіндік беретіндей болуы тиіс.

**Опыныши кезең (2009 жыл – қазіргі уақыт)** – 2009 жылдан бастап Қазақстан үшіжылдық бюджеттік жоспарлауга ауысқан, ол тұрақтылық саясатының логикалық жалғасы және экономика мен мемлекеттік шығыстардың қатал реттелуінің құралы болып табылады. Дегенмен, респубикалық бюджет «өзгермелі үшжылдық» тәртібінде жыл сайынғы өзгерістер рәсімімен әзірленген. Бұл әдіс жыл шегінен шығып кететін ірі жобаларды жоспарлауга мүмкіндік береді, сонымен қатар, шығыстарды жоспарлау әрекетіндегі және қабылданатын міндеттерді болу негізінде жүру керектігін қарастырады. Яғни, үш жылдық жоспарлаудың басында бюджеттердің шығындық болігі бұдан бұрын қабылданған міндеттерден шығып анықталады. Үш жылдық кезеңнің ішінде жылжуы бойынша пайда болатын қосымша қаражаттардың колемі мемлекеттік биліктің органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының

нормативтік-құқықтық актілерімен регламенттелетін қайта қабылданған міндеттерді қаржыландыруға бағытталуы мүмкін.


2009 жылы стратегиялық жоспарларды әзірлеу үдерісін ары қарай жетілдіру жүргізіледі, оны орталық мемлекеттік органдар, 2010 жылдан бастап – жергілікті атқарушы органдар құрастыра бастады. 2009-2011 жылдарға арналған орталық мемлекеттік органдармен әзірленген стратегиялық жоспарлардың талдау нәтижелері көрсеткендегі олардың сапасы төмен болды. Стратегиялық жоспарларда көбіне тұжырымдамалы толықтық пен логикалық сатылас болмайды: ел дамуының стратегиялық мақсаты – мемлекеттік органдардың дамуының стратегиялық мақсаты – міндеттер – индикаторлар – бюджеттік шығыстар (ресурстар).

Кейбір стратегиялық жоспарларда мақсаттар мен міндеттердің баспалдақтары сақталмайды, көбінесе мақсаттар мен міндеттер нақты нәтижеге жетуге емес, үдеріске бағдарланған. Жоспарланған нәтижелер туралы қорытынды айтуға болатын индикаторлар болмайды немесе нашар әзірленеді.

Сондықтан, стратегиялық жоспар қалай әзірленуі керек екендігіне нақты талаптардың болуы, стратегиялық жоспарларды құрастыратын мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тұрақты оқыту, стратегиялық жоспарларды бағалауға талаптарды олар әзірленіп жатқан кезден бастап ескеру өте маңызды. Қазақстан Республикасында қолданылатын мемлекеттік жоспарлаудың сырбасы келесі 2.4-суретте көрсетілген:

БМБ (бағдарламалық мақсатты бюджеттеу) принциптерін енгізуін 10 кезеңі Қазақстанда Президенттің 2009 жылғы 18 маусымындағы № 827 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қаулысымен сипатталады, онда стратегиялық жоспарларды жүзеге асырудың сыртқы және ішкі бағасын жүргізетін мемлекеттік органдар анықталған.

Үкіметтің құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын жүзеге асырудың бағасы мемлекеттік жоспарлау және республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын Есеп комитеті бойынша уәкілдегі органдар мен жергіліктердің бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларын жүзеге асыруды бағалау мемлекеттік жоспарлау және мәслихаттардың ревизиялық комиссиялары бойынша жергілікті уәкілдегі органдармен жүргізіледі.



2.4-сурет – Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау сызбасы.

Стратегиялық жоспарлардың ішкі бағасын стратегиялық жоспарларды әзірлеуші мемлекеттік органдар жүргізеді.

Қазақстанда бағдарламалық-мақсатты бюджеттеудің принциптерін енгізуіндің оныншы кезеңін жүзеге асырудың тағы бір мезеті 2010 жылы 15 маусымда ҚР Қаржы министрінің № 287 бұйрығымен бекітілген «Бюджетті атқару кезінде бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бағасының әдістемесін» қабылдау болды. Бұл әдістеме бюджетті атқару кезінде бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бағасын жүргізуге, сонымен қатар орталық және жергілікті үәкілетті органдардың бюджеттік қаражаттарды қолданудағы тиімділігін бағалауда бірсегей әдісті қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл әдістеменің негізі бюджетті атқару тиімділігі болынған бюджеттік қаражаттарды игеру дәрежесімен емес, мемлекеттік органдардың қызыметінің нақты нәтижелерге жетуімен есептелетіндігі. Осыған байланысты, маңызды міндет бюджет шығыстарын мемлекеттік саясаттың басымдылықтарымен үйлестіру болып табылады, яғни, бюджеттік ресурстарды шығыстар түрлері бойынша емес, стратегиялық мақсаттар бойынша орналастыру.

2012 жылы елдің дамуының жаңа стратегиясы қалыптасты: «Қазақстан-2050 Стратегиясы: Мемлекеттің жаңа саяси бағыты», оның құрамында «Қазақстан-2030» Стратегиясының қорытындылары және елдің дамуының жаңа перспективалары (болашаққа үмітін) кіреді: «Біздің негізгі мақсатымыз – 2050 жылға қарсы қуатты мемлекет, дамыған экономика, жалпы еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі қоғам құру».

Куатты мемлекет жылдамдатылған экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін маңызды. Куатты мемлекет жан сақтау саясатымен емес, жоспарлау, ұзақ мерзімді даму және экономикалық өсу саясатымен айналысады. Бұл біздің елдің даму перспективаларының көрінісі. Бұл жаңа саяси бағыт». Бұл стратегия көптеген елдердің, халықаралық ұйымдардың тәжірибесін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының мүмкіндіктерін, қаржылық және басқа да ресурстарды, елдің экономикасын, олардың салаларының бағыттылығын зерттеу негізінде әзірленген.

Бұгінгі күні Қазақстанда бағдарламалық-мақсатты бюджеттеудің негізгі базасы (платформасы) қалыптасқан, ол Бюджет кодексімен және нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген.

Осылайша, *нәтижеге бағдарланған бюджеттегеу (НББ)* – бұл стратегиялық бағыттарға, мақсаттарға, мемлекеттік саясаттың міндеттеріне сәйкес нақты нәтижелерге жету мақсатымен бюджетті қалыптастыру және атқару (нәтижелер мен бюджеттік шығыстар арасындағы нақты байланыс).

Орта мерзімді қаржылық жоспарлау иегінде, Қазақстандағы бюджеттік үдерістің жаңа ұйымының негізі нәтижеге бағдарланған, әлемде кеңінен қолданылатын бюджеттеу тұжырымдамасы болады. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеудің негізі бюджеттік ресурстарды нақты нәтижелерді ескере отырып бюджеттік бағдарламалардың әкімшіліктері арасында тарату болып табылады. Бұл нәтижелер ұзақ мерзімді келешекке болжанатын бюджеттік қаражаттар көлемі шегінде және әлеуметтік-экономикалық саясаттың орта мерзімді басымдылықтарымен сәйкес бағаланады.

Жүргізіліп жатқан бюджеттік реформаның негізгі элементі мемлекеттік органдар қызметін сметалық қаржыландырудан олар ұсынатын нақты қызметтерді қаржыландыруға көшү болып табылады.

*Бюджеттік жоспарлаудың дәстүрлі жүйесінің негізгі айырмашылықтарының мәні мынада:*

- бюджеттік бағдарламалар бюджеттік мақсаттармен нашар үйлестірілген;

- бюджеттік қаражаттарды «қалай болса да» игеру;

- ережелерді, нормаларды, нұсқамаларды сақтауға акценттелеу;

- бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік органдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың қызметін қамтамасыз ету үшін бағытталған.

*Дәстүрлі жүйе үшін тән сипаттар:*

- бекітілген жоспар бойынша қаражаттарды мақсатты қолданудың нақты бекітілуі;

- бюджеттік шығыстардың егжей-тегжейлі атқарымды және экономикалық топтастырылуы;

54 ➤ Салықтық-бюджеттік жоспарлау

- жоспар-дәлел көрсеткіші бойынша шығыстарды бақылау;
- сыртқы бақылаудың болуы және шешім қабылдарда жоғары орталықтандырылған сипат.

*Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу жағдайында:*

- бюджеттік бағдарламалар дамудың стратегиялық мақсатымен өзара үйлестірілген;
- бюджеттік ресурстар нәтижеге жету үшін бөлінеді;
- дербестік ұсыну арқылы шығыстардың мақсаттылығы мен тиімділігіне акцент жасау;
- бюджеттік бағдарламалар халыққа, бизнеске және мемлекеттік органдарға бір-біріне қызмет көрсету үшін бағытталған.

*Нәтижеге бағдарланған жүйеге тап сипаттар:*

- қараждаттарды мақсатты қолданудың мақсаттар мен нәтижелерге сәйкес бекітілуі;
- мекемеаралық және бағдарламалық топтастырылу;
- нәтижелер мониторингімен бірге шығыстарды бақылау;
- ішкі бақылау және есептілік;
- басқарушылық құзыреттерді тиімді орындау деңгейлеріне табыстау.

*Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу жүйесін тиімді енгізу келесі шараларды қарастырады:*

- мемлекеттік органдарда стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру;
- қысқа мерзімді бюджеттік жоспарлаудан орта мерзімді бюджеттік жоспарлауға көшу;
- қызмет нәтижелеріне жету және қызмет нәтижелерін бағалау мониторингі.

Бұл шараларды жүзеге асыру стратегиялық, экономикалық, бюджеттік жоспарлаудың үйлестірілуін қамтамасыз етеді, «шығыстарды басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» аудысуды жүзеге асырады, яғни мемлекеттік органдардың қызметін бюджеттік қараждаттарды ресми игеруден нақты түпкі нәтижелерге жетуге бағдарлайды, сондай-ақ мемлекеттік қызметтердің сапасын және бюджет шығыстарының тиімділігін арттырады.

*НББ бойынша мемлекеттік органдардың тікелей және түпкі нәтижелері қарастырылады. Мысалға, тікелей нәтижелердің корсеткіштері бола алады:*

- білім алған студенттердің саны;
- алдын-алу шараларының саны;
- жүргізілген тексерістердің саны;
- әзірленген нормативтік актілердің саны;
- салынған жолдардың километражы.

*Түпкі нәтижелердің көрсеткіштері бола алады:*

- түсімнің (егін) артуы;
- аурудың азаюы;
- қауіпсіздіктің жоғарылауы (зиянды әсердің азаюы);
- экологиялық зиянды шығарылымдар;
- көліктік шығыстарды азайту.

*Бюджеттеге үдерісінде мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелер көрсеткішіне келесі талаптар қойылады:*

- нәтижелердің баламалығы;
- есептік мәліметтерді алушың мерзімділігі және жүйелілігі;
- салыстырмалылық;
- ұнемділік;
- обьективтілік.

Мемлекеттік орган қызметі нәтижелерінің көрсеткіштерін анықтарда «өтірік ынталандырмаларды» болдырмау керек, яғни нәтижелік көрсеткіштерінің нақты анықталуы. Бұл жағдайда «қызметтердің санымен бірге сапасы да маңызды» ережесі жұмыс істейді. Осыған байланысты, рұқсат құжаттарын берерде нәтижелердің келесі көрсеткіштері арасында таңдау болады:

- қаралатын өтініштердің орташа саны;
- берілген рұқсат құжаттарының саны;
- дұрыс берілген рұқсат құжаттарының саны;
- дұрыс толтырылған істердің өлшенген саны.

*Стратегиялық және оперативті жоспарлау үдерісі кезінде, бюджеттік үдеріске қатысуыштар нәтижеге бағдарланған бюджеттеуді жүзеге асыраңда келесі негізгі мәселелермен көзікти:*

– тікелей (мекеменің жұмысы орындалды ма) және түпкі (бұл жұмыс бағытталғандарға қалай әсер етті) көрсеткіштерді жіктеу өте қызын мәселе болды;

– бюджеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелігін анықтау маңызды мәселе болды, абсолютті және экономикалық (қаржылық) көрсеткіштерге нақты байланысы жоқ салыстырмалы көрсеткіштерді салыстыру;

– әлеуметтік-экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың бірлігін қамтамасыз ету: дамудың жалпы мемлекеттік мақсаттары бойынша, дамудың аудандық міндеттерінің бірігуі бойынша.

Бюджеттік реформаларды жүзеге асырудың әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, нәтижеге бағдарланған бюджеттеуді енгізу бюджеттік үдеріске қатысуыштарға келесідей артықшылықтар берді.

*НББ жүйесінде Парламенттің Үкіметтің мына да мүмкіндіктер береді:*

- мемлекеттік қаражаттарды қолдану нәтижелері туралы толық, сапалы, жүйеленген ақпарат алу;
- мемлекеттік салалар жұмысының тиімділігін тікелей бақылау және басқаруды қамтамасыз ету.

*Мемлекеттік органдар үшін қарастырады:*

- бюджеттік қаражаттарды қолдану нәтижелерін тиімді жоспарлау және басқару;
- шығыстарды оперативті басқаруда, қаражаттарды үнемдеуде, шығыстар құрылымын езгертуде дербестік;
- қызметінің нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарды және олардың қызметкерлерін ынталандыру.

*Қаржы министрлігі келесі артықшылықтарға ие болады:*

- мекемелердің шығыстарының егежей-тегжейлі баптарын жоспарлау мен бақылауды қысқарту;
- бюджеттік шығыстарды басқару;
- бюджеттік шығыстар тиімділігін бақылау.

Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу белгілі бір артықшылықтар береді және келешекте бюджеттік жоспарлау элементіне жатады. Келесі жылға ғана бюджетті құрастырып қабылдау болжанатын өзгерістер бағытында қажет қадамдар жасауға мүмкіндік бермейді.

*Нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:*

- кірістер мен шығыстардың орта мерзімді теңестірілуін қамтамасыз ету;
- аймақтың даму басымдықтарын анықтау және олардың келешекте қаржылық жоспарда көрініс табуы, сол арқылы кіріс бойынша шектеуді ескеріп бюджетте көрініс табуы;
- аймақтар дамуының басымдықтарын жүзеге асыру бойынша негізделген шынайы бағдарламаларды қалыптастыру;
- қойылған мақсаттар мен болжамдар сапасына жету дәрежесінің мониторингін және талдауын жасау;
- стратегиялық шешімдердің дәйектілігін арттыру;
- бюджеттік ресурстарды қолданудың тиімділігін көтеру.

*Келешекте бюджеттік жоспарлау жүйесі келесі принциптер бойынша әзірленуі керек:*

- аймақтар жүргізетін қаржылық саясаттың мөлдірлігі мен анықтылығы;
- қызығушылығы бар тұлғалар үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыру;
- бюджеттік жоспарлау негізінде жатқан экономикалық болжамдардың шынайылығы;

- экономикалық дамудың кезеңдік факторларын есептеу;
- қаражаттарды міндепті түрде резервтеу;
- болжамдаудың және жоспарлаудың нұсқалары.

*Сондықтан салықтық-бюджеттік саясатқа байланысты емес, мемлекеттік билік органдары жүргізетін макроэкономикалық көрсеткіштерді нақты болжасаудың қындығын ескере отырып, бюджеттік жоспарлаудың болжамдық және жоспарлық құжастары әр түрлі нұсқаларда, опти мистік, пессимистік сценарийлер бойынша жасалынады.*

#### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Бюджетті жоспарлаудың негізгі ережелері.
2. Алгашкы Бюджет кодексі.
3. 2008 жылдың 4 желтоқсандағы жаңа Бюджет кодексі.
4. Бюджет кодексінің сапалық тиімлі негіздері.
5. Бюджет кодексінің жалпы бөлігі.
6. Бюджет кодексінің ерекше бөлігі.
7. Бюджеттік үдерісте қолданылатын құжаттар.
8. Республикалық бюджет.
9. Республикалық бюджет жобасын әзірлеу кезеңдері.
10. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 1-кезеңі.
11. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 2-кезеңі.
12. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 3-кезеңі.
13. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 4-кезеңі.
14. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 5-кезеңі.
15. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 6-кезеңі.
16. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 7-кезеңі.
17. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 8-кезеңі.
18. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 9-кезеңі.
19. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 10-кезеңі.
20. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 11-кезеңі.
21. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 12-кезеңі.
22. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 13-кезеңі.
23. Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің 14-кезеңі.
24. Қазақстанда бағдарламалық-мақсатты бюджеттеу.
25. Бағдарламалық-мақсатты бюджеттеудің негізгі принциптері.
26. Бюджеттік реформалардың бірінші кезеңі.
27. Бюджеттік реформалардың екінші кезеңі.
28. Бюджеттік реформалардың үшінші кезеңі.
29. Бюджеттік реформалардың төртінші кезеңі.
30. Бюджеттік реформалардың бесінші кезеңі.
31. Бюджеттік реформалардың алтыншы кезеңі.
32. Бюджеттік реформалардың жетінші кезеңі.
33. Бюджеттік реформалардың сегізінші кезеңі.

- 58 ➤ Салыктық-бюджеттік жоспарлау
34. Бюджеттік реформалардың тогызынышы кезеңі.
  35. Бюджеттік реформалардың оныншы кезеңі.
  36. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау сыйбасы.
  37. Елдің дамуының «Қазақстан-2050 Стратегиясы».
  38. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу
  39. Бюджеттік жоспарлаудың дәстүрлі жүйесінің негізгі айырмашылықтары.
  40. Дәстүрлі жүйе үшін тән сипаттар.
  41. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу жағдайы.
  42. Нәтижеге бағдарланған жүйеге тән сипаттар.
  43. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу жүйесін тиімді енгізу шаралары.
  44. Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері.
  45. Түпкі нәтижелердің көрсеткіштері.
  46. Бюджеттеу үдерісінде мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелер көрсеткішіне қойылатын талаптар.
  47. НББ жүйесі елдің Парламенті мен Үкіметіне беретін мүмкіндіктері.
  48. Мемлекеттік органдар үшін қарастырады.
  49. Қаржы министрлігінің артықшылықтары.
  50. Нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу қандай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.
  51. Келешекте бюджеттік жоспарлау жүйесі қандай принциптер бойынша әзірленеді.

#### ***Өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар:***

1. Бюджетті жоспарлаудың негіздері.
2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің құрылымы мен мазмұнының мәні.
3. Республикалық бюджетті әзірлеудің негізгі кезеңдері.
4. Қазақстандағы нәтижеге негізделген мақсатты бағдарламалық бюджеттеу реформасының негізгі кезеңдері және оның мәні.
5. Нәтижеге негізделген бюджеттеуге өтудің қажеттілігі. Дәстүрлі жүйеден айырмашылығы.
6. Мемлекеттік орган қызметінің тікелей және түпкі нәтижелерінің көрсеткіштері.
7. Түпкі нәтижеге негізделген бюджеттеу қандай мәселелерді шешеді және оның ерекшелігі.

#### ***Рефераттақырыппары:***

1. Республикалық бюджетті әзірлеу тәртіби.
2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін жетілдіру.
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдың (министрліктер мен ведомствалардың көрсеткіштері негізінде) бюджеттік бағдарламасы (өтініш).
4. Республикалық бюджетті карау және бекітудің тәртіbi.
5. Нәтижеге негізделген мақсатты бағдарламалық бюджеттеу: Қазақстандағы жағдайы мен даму жолдары.
6. Қазақстан Республикасындағы стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлаудың байланысы.



## 3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ПАРАМЕТРЛЕРИНІҢ БОЛЖАМЫ

1. Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының мазмұны мен құрылымы, әзірлеу тәртібі;
2. Үш жылдық мерзімге арналған бюджеттік параметрлер болжасмы.
3. Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттары.
4. Мемлекеттік органдардың үш жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспары, жаңа формат және бюджеттік бағдарламалардың түрлері.
5. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджет шығыстарын жоспарлауы.

3.1

|| Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының мазмұны мен құрылымы және әзірлеу тәртібі

1997 жылы Қазақстан Республикасында алғаш рет ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы қабылданды, ол елде стратегиялық жоспарлаудың негізін салды. Ол жесті базалық артықшылықты қарастырады, қамтамасыз етеді:

- ұлттық қауіпсіздік;
- ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның шоғырлануы (консолидация);
- экономикалық өсу;
- Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуды және әл-ауқаты;
- энергетикалық ресурстар;
- инфрақұрылымның дамуы әсіресе көлік пен байланыста;
- қәсіби билік.

Бұл ұзақ мерзімді артықшылықтар ел дамуы үшін жоспарлар мен бағдарламалар жасауда тұрақты бағдар болып табылады. Олар жыл сайын елдегі және әлемдегі макроэкономикалық жағдайға байланысты нақтыланып, Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында баяндалып отырады. Қазақстан бұрынғы кеңестік аумақ бойынша бірінші болып стратегиялық жоспарлау жолын таңдаған.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесін Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды:

1. Республиканың немесе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттік параметрлерін болжау;

## 60 Қ Салықтык-бюджеттік жоспарлау

2. Республикалық бюджет туралы заң, мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешімі;
3. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
4. Операциялық жоспарлар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі мемлекеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті орган ретінде мемлекеттік жоспарлау бойынша әдістемелік басқарушылықты, сонымен қатар оны жетілдіру үшін ұсыныстар жасайды.

*Әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер болжамы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды есепке ала отырын әзірленеді, бұл құжатқа жетекшілік беріледі:*


1. Мемлекеттік басқарудың орталық деңгейінде – макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы, әлеуметтік параметрлер болжамы, Қазақстан Республикасының бес жылдық мерзімге әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері мен артықшылықтары.

2. Мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде – аймақтың бес жылға әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, үрдістері мен артықшылықтары.

3. Үш жылға бюджеттік параметрлердің болжамы (3.1-сурет).

Әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер болжамы орталық және жергілікті уәкілетті органдармен мемлекеттік жоспарлау бойынша жыл сайын әзірленеді. Осылайша мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне сәйкес үш жылға ортақ құжат – бес жылға әлеуметтік-экономикалық дамудың Болжамы әзірленеді.

Қазақстан Республикасы дамуының Стратегиялық жоспары, Елбасының Жолдаулары, мемлекеттік бағдарламалар, озге де стратегиялық және бағдарламалық құжаттар



3.1-сурет – Мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа механизміне сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамдық жоспары мемлекеттік жоспарлау жүйесінде келесі орынды алады.

## **Бес жылға әлеуметтік-экономикалық дамудың Болжамын әзірлеуге келесі шаралар кіреді:**

1-кезең. Бес жылға елдің әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы жобасын әзірлеу:


– орталық орындаушы органдар (15 наурыздан кеш емес) ҰЭМ-не әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы бойынша көрсеткіштер мен ұсыныстар болжамын ұсынады, олар ҰЭМ бүйрекімен бекіткен нысандар мен көрсеткіштер тізіміне сәйкес болады;

– ҰЭМ өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы жобасын құрастырып, Республикалық бюджеттік комиссияға шығарады (15 сәуірден кешіктірмей);

– бірінші кезеңде қолдау тапқан жағдайда, ҰЭМ әлеуметтік-экономикалық даму Болжамын орталық және жергілікті орындаушы органдарға бағыттайды.

2-кезең. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы жобасының көрсеткіштері мен болімдерінің болжамын нақтылау:

– орталық атқарушы органдар ҰЭМ-не нақтыланған көрсеткіштер мен ақпараттарды ҰЭМ бүйрекімен бекіткен нысандар мен көрсеткіштер тізімін ұсынады (15 маусымнан кешіктірмей);



3.2-сурет – Макроэкономикалық болжамдау үлгілері қатынасының сыйбасы

## 62 ≫ Салықтық-бюджеттік жоспарлау

– ҰӘМ қосымшалар енгізеді де бес жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамын Республикалық бюджеттік комиссияға ұсынады (1 тамыздан кешіктірмей);

– ҰӘМ елдің әлеуметтік-экономикалық даму Болжамының түпкі жобасын Үкіметке ұсынады (15 тамыздан кешіктірмей).

3-кезең. Үкіметтің елдің әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы жобасын қолдауы (1 қыркүйектен кешіктірмей).

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму Болжамын әзірлеудің негізінде әр түрлі макроэкономикалық болжамдау ұлгілері қолданылған (3.2-сурет).

*Мемлекеттік басқарма органдары арасында заподылықтарға сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму Болжамын әзірлеу бойынша нақты атқарымдар бекітілген (3.1-кесте):*

### 3.1-кесте – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамының болімдерін бекіту (2010 жылдың 1 наурызындағы № 113 бұйрығы)

Болім атауы	Мемлекеттік орган
1. Экономикалық дамудың үрдістері	ҰӘМ
2. Дамудың шарты және факторлары	ҰӘМ
3. Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамытудың мақсатты индикаторлары	ҰӘМ
4. Жылдарға болғандегі әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамы мен экономикалық саясат	ҰӘМ, ҰБ, ҚМ, ИДМ, ДСӘД, АШМ, ӘІМ, ҚРУБ
4.1. Акша-несиселік саясат және каржы секторын басқарудагы саясат	ҰӘМ, ҰБ, ҚРУБ
4.2. Фискалдық саясат	ҚМ, ҰӘМ
4.3. Құрылымдық саясат	ҰӘМ, ИДМ, ӘМ, АШМ, ӘІМ
4.3.1. Салалық саясат	ҰӘМ, ИДМ, ӘМ, АШМ, ӘІМ
4.3.2. Инвестициялық саясат	ҰӘМ, ИДМ, ӘМ, АШМ, ӘІМ
5. Үш жылға арналған бюджеттік параметрлер болжамы	ҚМ
5.1. Қазақстан Республикасындағы бюджеттік-салықтық саясатының негізгі бағыттары	ҚМ
5.2. Мемлекеттік және республикалық бюджет, Қазақстан Республикасының Ұлттық Корының, Қазақстан Республикасының шоғырланылған бюджеттерінің болжамдары	ҚМ
6. Әлеуметтік-экономикалық дамуды болжаудың және бюджеттік параметрлердің негізгі көрсеткіштері (қосымша түрінде).	ҰӘМ, ҰБ, ҚМ, ИДМ, ДСӘД, АШМ, ӘІМ, ҚРУБ
7. З жылдық мерзімге арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілер бойынша болжамданған шығыстар колемі (қосымша түрінде).	ҚМ, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері

Елдің 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжасы келесі бөлімдерден тұрады:

1. Қазақстан Республикасының даму үрдістері мен жағдайы.

1.1. 2011-2012 жылдары елдің әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері.

1.2. Дамудың сыртқы жағдайлары.

2. Дамудың сценарлық түрлері.

3. 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі шаралары мен бағыттары.

3.1. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

3.1.1. Ақша-несие саясаты және қаржылық секторды реттеу бойынша саясат.

3.1.2. Қазақстан Республикасының бюджеттік және салықтық саясатының негізгі басымдылықтары.

3.1.3. Бюджетаралық қатынастар.

3.2. Индустримальды-инновациялық даму.

3.2.1. Экономика құрылымындағы салалардың дамуы.

3.2.2. Тарифтік саясат және бәсекелестікті қорғау саясаты.

3.2.3. Бизнес-ахуалды жақсарту.

3.2.4. Сыртқы сауда саясаты.

3.2.5. Ішкі сауда.

3.3. Әлеуметтік саланы жаңғырту және халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту.

3.3.1. Білім беру.

3.3.2. Денсаулық сақтау.

3.3.3. Мәдениет.

3.3.4. Жұмыспен қамту.

3.3.5. Әлеуметтік қамтамасыз ету.

3.3.6. Халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту.

3.4. Аймақтардың дамуы.

3.5. Мемлекеттік басқарма жүйесін жаңғырту және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру.

4. 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы.

5. 2013-2017 жылдарға арналған бюджеттік параметрлер болжамы.

5.1. Мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, Ұлттық қордың және Қазақстан Республикасының шоғырландырылған бюджетінің болжамы.

5.2. 2013-2015 жылдарға арналған бюджет шығыстарының басымдылықтары.

*2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамын әзірлегендеге оның үшін нұсқасы әзірленген:*

- 1-нұсқа (пессимистік сценарий – мұнайға бағаның баррель үшін 60 долларға дейін төмендеген жағдайда);
  - 2-нұсқа (базалық – әлемдік баға баррель үшін 90 доллар);
  - 3-нұсқа (оптимистік сценарий – мұнайдың баррелі үшін баға 120 доллар).

Қазақстан Республикасының 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында макұлданды, 2012 жылдың 28 тамызынан №29 баяндама (әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылы 27 тамызынан № 1251 қаулысымен бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жасау Ережелеріне сәйкес әзірленген. Бұл әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары негізінде әзірленген.

*2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамына кіреді:*

- макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы;
- әлеуметтік параметрлер болжамы;
- елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының үрдістері мен басымдылықтары;
- бес жылдық мерзімге экономикалық саясаттың негізгі бағыттары;
- мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасының 3 жылға шоғырландырылған бюджетінің болжамдары.

**Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы** – орталық мемлекеттік органдардың үш жылға және республикалық бюджеттің үш жылға Стратегиялық жоспарларды жасауға негіз болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдылығы ретінде нәтижелік жағынан тиімділерін және әлеуметтік-экономикалық мақсатқа жету үшін іс-әрекет амалдарын түсіну керек.

**Әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсаты** – (жоспарлы) экономиканың, әлеуметтік саланың, қорғаныстың және қауіпсіздіктің жағдайы, ол мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың қатысуышыларымен анықталады және сандық, сапалық көрсеткіштермен сипатталады.

Осыған сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың міндеті – мерзім бойынша шектелген бір-бірімен байланысқан шаралар кешені ретінде анықталады.

Әлеуметтік-экономикалық даму нәтижесі ретінде экономиканың, әлеуметтік саланың, қорғаныстың, қауіпсіздіктің деректік (қол жеткен) жағдайы саналады, ол сандық және сапалық көрсеткіштермен сипатталады.

Қазақстанның ұлттық экономикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі параметрлері:

1. Халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыру;
2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
3. Серпінді және тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету;
4. Тәңгерімделінген аудандық дамуды қамтамасыз ету;
5. Мемлекеттік басқарудың нәтижелігін арттыру.

Елдің 2013-2017 жылдары әлеуметтік-экономикалық дамуы Қазақстан Республикасының 2020 және 2050 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарында анықталған әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсатты индикаторларына жетуге көмектеседі.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжасында 2013-2017 жылдары экономиканың өсуінің параметрлері откен жылға пайыздық көрсеткіштен беріледі:

- негізінен қолдану (жеке және мемлекеттік), инвестициялар, тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импорты;
- ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп (мұнай өндіру, металлургия, химия, машина жасау) өнімдерінің өсу жылдамдығы;
- құрылым жұмыстарының, сауданың, көлік қызметінің, әкпарат және байланыс қызметі қолемінің өсуі;
- сыртқы сауда қолемінің өсуі және төлем балансының болжамы;
- жылдық инфляция деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, кедейшілік деңгейі.

## 3.2 || Үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік параметрлер болжамы

*Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттік параметрлер болжасына кіреді:*

- Мемлекеттік басқарудың орталық деңгейінде:
1. Қазақстан Республикасының салықтық-бюджеттік саясатының негізгі бағыттары.
  2. Мемлекеттік және республикалық бюджеттің, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасының шоғырланған бюджетінің Болжамы.
  3. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжанатын қолемі.

– Мемлекеттік бағдаруудың жергілікті деңгейінде:

1. Аймақтың салыктық-бюджеттік саясатының негізгі бағыттары.
2. Сәйкес жергілікті бюджеттердің болжамдары.
3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжанатын көлемі.

*Бюджеттің ишігүйстарын әзірлеуге жаңа жолдарының мәні:*

1. Базалық шығыстар.
2. Жаңа бастамаларға шығыстар.

Базалық шығыстарға республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен жоспарлы кезеңінің екінші және үшінші жылына индикативті көрсеткіштер ретінде бекітілетін бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар жатады. Сонымен қатар базалық шығыстар – тұрақты сипаттағы шығыстар, құрделі шығыстар, сондай-ақ басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобаларға және қабылданған мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауға арналған шығыстар да жатады.

*Тұрақты сипаттағы шығыстар* – мемлекеттік атқарымдар, өкілеттіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетумен, трансфертер төлеумен және мемлекеттің басқа да міндеттемелерімен байланысты шығыстар.

*Жаңа бастамалар шығыстарына жараптандар:*

- кейіннен жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа басым бағыттарын іске асыруға;
- макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және іс жүзіндегі бюджеттік бағдарламалар шенберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (атқарылатын мемлекеттік атқарымдардың, өкілеттіктердің және көрсетілестін мемлекеттік қызметтер көлемін кеңейтуді) көздейтін базалық шығыстарды ұлғайтуға бағытталған шығыстар.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жаңа бастамалар шығыстарын жоспарлау қосымша бюджет қаражатын болу есебінен де, өткен жоспарлы кезеңде республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде бекітілген осы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің базалық шығыстар қаражатын қайта бөлу есебінен де жүзеге асырылады. Жаңа бастамаларға шығыстар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес республиканың немесе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа негізгі бағыттарын қарастырады, олар жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылады.

Қазақстан Республикасының 2013-2015 жылға арналған бюджеттік параметрлер болжамын, сонымен қатар мемлекеттік және республикалық бюджеттерді, Ұлттық қорды және Қазақстан Республикасының шоғырланған бюджеттің қарастырайық. 2013-2015 жылдары базалық сценарий мен экономиканың салаларының дамуының болжанатын жылдамдығы бойынша экономиканың күтілетін сыртқы жағдайын есепке ала отырып мемлекеттік бюджеттің (трансфертті есептемегенде) кірістерінің өсуі 2013 жылы 5 011,2 млрд.тенгеден 2015 жылы 6 414,5 млрд тенгеге дейін немесе 128 пайыз болжанады. Сонымен қатар, салық тұсімдерінің өсуі (128,8%) және салықтық емес тұсімдердің өсуі (105,3%) және капиталмен операциялардан кірістердің төмендеуі (75,3%) болжанады (3.2-кесте).


**3.2-кесте – Мемлекеттік бюджет кірістерінің болжамы  
(трансферттерді ескермегенде)**

млрд. тенге


Атауы	2013ж	2014ж	2015ж	Серпіні, % бен
Кірістер (трансферттерді есептемегенде)	5 011,2	5 633,9	6 414,5	128,0
Салықтық тұсімдер	4 898,5	5 532,8	6 309,9	128,8
Салықтық емес тұсімдер	66,0	67,5	69,5	105,3
Капиталмен операциялар бойынша кірістер	46,7	33,7	35,2	75,3

2013-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет кірістерінің болжамы макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы негізінде орта мерзімге Салық және Кеден кодекстерінің ережелерін есепке алғына отырып әзірленген, Кеден одағының әсері Кедендік одақта баж салығының есептеліп таратылу механизмін қолдануды қарастырады. Бюджет кірістерінің өсуі негізінен салықтық тұсімдердің артуымен қамтамасыз етіледі, ол мемлекеттік бюджеттің шамамен 97,8% алып жатыр.

Салықтық тұсімдердің артуы экономиканың, тауар импорттының өсуін, салаларда өндірістің артуын, сонын ішінде, индустриализация картасы инвестициялық жобаларын жүзеге асырғанда жаңа өндірістердің енгізілуін есепке алғанда. Ұлттық қордан кепілдендірілген трансфертті тартуды есепке алғанда 2013 жылы 1 380,0 млрд.тенге және 2014-2015 жылдары 1 118,0 млрд.тенге, мемлекеттік бюджетке жалпы тұсімнің көлемі 2013 жылы 6 396,1 млрд.тенгеден 2015 жылы 7 605,3 млрд тенгеге өсетіні болжанады (3.3-сурет және 3.6-сурет).




3.3-сурет – Мемлекеттік бюджетке түсімдер болжамы, млрд.тенге



3.4-сурет – Мемлекеттік бюджет көрсеткіштерінің болжамы, млрд.тенге

Бюджет тапшылығын тәмендету саясатына сәйкес болжанған ЖІӨ-ге қатысты оны 2013 жылы 2,0%-ден 2015 жылы 1,5% дейін қысқарту жоспарланған. Болжанған түсімдер мен жоспарланған тапшылықтың тәмендеуінен байланысты мемлекеттік бюджеттің шығыстары 2013 жылы 7 144,7 млрд. теңгеден 2015 жылы 8 341,1 млрд. теңгеге дейін көтеру үйғарылады (ЖІӨ-ден 19,5-17,0%), мұны 3.4-суреттегі көруге болады.



3.5-сурет – Ұлттық Қор өлшемдерінің болжамы, млрд.тәңге

- мұнай секторынан тікелей салықтардың түсімдері;
- кепілдендірілген трансферт түрінде ұлттық қор қаржатын пайдалану.




3.6-сурет – Мемлекеттік бюджетке түскен түсімдердің жалпы көлемінің кепілдендірілген трансферт түріндегі Ұлттық Қордың тартылған қаржаттарының үлесі

Жоспарланатын мемлекеттік шығыстардың өсімі экономиканың тұрақты өсіміне қажетті ішкі сұраныс пен мемлекеттік инвестициялар есебінен негізгі капиталды жиналымына қолайлы әсер етеді. Мұнай өндірудің күтілетін көлеміне, Brent мұнайдың әлемдік бағасы бойынша болжанған көрсеткіштеріне байланысты, АҚШ доллардың айналым бағамының есебінен, мұнай саласындағы кәсіпорындардан Ұлттық қорға тікелей салықтардың түсімдері 2013 жылы – 2 740,0 млрд.тәңге, 2014 жылы – 2 676,3 млрд. тәңге, 2015 жылы – 2 735,1 млрд. тәңге көлемінде болжанады (3.5-сурет).

2013-2015 жылдары мұнай саласынан Ұлттық қорға болжанған түсімдерді есепке алумен, Ұлттық қордан кепілдендірілген трансфертердің шектелуі болашақта мұнай табысын Қорда таза жинақталуына мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мемлекеттік бюджет түсімдерінің жалпы


70 ❁ Салыктық-бюджеттік жоспарлау

көлемінде кепілдендірілген трансферт түріндегі Ұлттық қордың тартилательн қаражаттардың үлесін томендету қарастырылады.



3.7-сурет – Бюджеттің шоғырландырылған балансы және мемлекеттік бюджеттің мұнайлы емес тапшылығы мұнайлы емес тапшылығы, ЖІӨ-ге %-бен

Тенгерімделген бюджет және Ұлттық қордың саясатына сәйкес мемлекеттің мұнай емес кірістерін жоғарылату аясында кепілдендірілген трансферт көлеміндегі Ұлттық қордың қаражатын қолдануды шектеу мұнай емес тапшылықты 2015 жылы ЖІӨ-ге 3,9%-ға дейін қысқартуга мүмкіндік береді (3.7-сурет).



3.8-сурет – Ұлттық қор қаражаты, жыл сонында, млрд. долл. және ЖІӨ-ге %-бен

Аталмыш қазыналық ережелердің сақталуы Ұлттық қорға мұнай түсімдерінің таза қорлануын қамтамасыз етеді және де болжам бойынша 2015 жылы 101,8 млрд. АҚШ долларды құрайтын (ЖІӨ-нен 30,8%) көлемінің есіміне әкеледі (3.8-сурет).

Осылайша, Қордың тұрақтандыру және жинақталым қызметтерінің орындалуы қамтамасыз етіледі. Ұлттық қордың толығуы елдің тәуелді

рейтингісінің жоғарылауына жағдай жасайды. Бұл, өз кезегінде, инвестицияларды ынталандыру үшін одан да тартымды және женілдікте шарттар негізінде сыртқы қаржы ресурстарды тартуға мүмкіндік береді. Әлемдік және Қазақстан экономикасындағы жағдайдың өзгерісі кезінде бюджеттік саясатты түзету бойынша жедел және тімді шаралар, соның ішінде бюджет параметрлерін айқындау жолымен колданылады.

*2013-2015 жылдарга арналған бюджет шығыстарының артықшылықтары. Ұлт кошбасшысы-Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңағыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халықина жеколдаудында қойылған міндеттерді ескерумен 2013-2015 жылдары бюджет шығыстарының негізгі артықшылықтары болып табылады:*

#### *1. Халықты жұмыспен қамтыйтуын жөндеңдіктер*

Халықтың табысын көтеру үшін тұрақты және өнімді жұмысбастылықты қолдау мақсатымен «Халықты жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын толық көлемде жүзеге асыруды жалғастырады.

«Халықты жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы шеңберінде оқыту, қайта оқыту және жұмысқа орналастыруды қолдау, бизнес-дағыларға үйрету және шағын несиелер беру арқылы ауылда кәсіпкерлікті дамыту, соған қоса еңбек ресурстарының икемділігін қамтамасыз ету шаралары қаржыланудырылады.

2. Халықты қолжетімді түрөүн үймен қамтамасыз ету

Халықтың, оның ішінде ең біріншіден жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін тұрғын үйлер құрылышы жаңа бағытта дамиды.

*Колжетімді үйлерсату «Колжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша іске асады. Негізгі бағыттары:*

- жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарға тұрғын үй беру;
  - «Тұрғынұйқұрылышжинақбанкі» АҚ желісі бойынша тұрғын үйлер: халықтың барлық топтарына және жас отбасыларға;
  - «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ бойынша тұрғын үйлер;
  - 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жаңғыруту (қайталама тұрғын үйлер) Бағдарламасы бойынша тұрғын үй қорын жөндеу;
  - авариялық тұрғын үйлерді бұзу бойынша, Пилоттық жобалардың тұрғын үйлері;
  - жеке тұрғын үйлердің құрылышы;
  - инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылышы;
  - «Жұмыспен қамту-2020» Бағдарламасы бойынша тұрғын үйлер құрылышы;

– «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның тұрғын үйлер құрылышы.

### *3. Аймақтардың дамуы.*

Моноқалалар Бағдарламасын дамыту қолға алынды, ол моноқалалардың экономикасын әртараптандыру үшін жүзеге асырылады. Жыл сайын моноқалаларды дамытуға республикалық бюджеттен трансфертер болінеді, олар қалаларда кәсіпкерлікті, еңбек ресурстарының мобильділігін арттыруға, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталады. Аудандық дамудың басқа бағыты – қалалық агломерацияларды дамыту Бағдарламасы. Бағдарлама шегінде Астана, Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Шымкент қалаларының маңында агломерациялар дамыту бойынша шаралар жүргізіледі, олар экономикалық өсудің орталығына айналады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша қаржылық-экономикалық жағдайлар жасалады. «Аймақтарды дамыту» Бағдарламасы бойынша ауылдардың инфрақұрылымы мен әл-ауқатын дамыту үшін жергілікті өзін-өзі басқару қаржыландырады. «Аймақтарды дамыту», «Астана қаласының 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуының стратегиялық дамуы», «2011-2014 жылдарға Астана қаласына жақын елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары» Бағдарламасын жүзеге асыру кезінде инфрақұрылымды, әлеуметтік саланы, ТКШ жаңғыртуды дамыту арқылы аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жоспарлануда.

### *4. Адам қапиталы саласының артуы*

Олеуметтік саланы жаңғырту үшін көпесі бағдарламалар бойынша шараларды қаржыландыру жүзеге асырылады:

– «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы»;

– «2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» Бағдарламасы»;

– «2011-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы» және т.б.

*Денсаулық сақтау саласында негізгі бағыттардың бірі – Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамыту бағдарламасы болады.*

*Бағдарлама бойынша медициналық көмек корсетудің барлық кезеңдерінде жүртеп шаралар қолданылады:*

- халықты онкологиялық тексеру;
- ерте және мерзімді диагностика жасау;
- емдеудің жаңа нәтижелі әдістері.

Алдыңғы қатарлы медициналық технологияларды және жоғары білікті кадрларды дайындау үшін мықты «Ұлттық ғылыми-онкологиялық орталық және оларды емдеу аурұханасын» жасау жоспарланды.

Сонымен қатар, дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын дамыту бойынша шаралар қаржыландырылуда. Әлеуметтік инфрақұрылымды (бала бакшалар, мектептер, аурұханалар, емханалар), Назарбаев интеллектуалды мектептер жүйесін, әлемдік деңгейдегі «Кәсіпқор» колледждер холдингі, мамандарды дайындау және қайта даяраудың ауданараптық орталықтарын дамыту ары қарай жалғасын табуда.

#### *5. Халықтың омір сұру жағдайын жақсарту.*

*Бұл бағыт бойынша негізгі басымдылықтар:*

- «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналды шаруашылықты жаңғырту» бағдарламасы;
- «2010-2014 жылдарға арналған Жасыл даму» бағдарламасы;
- «2011-2020 жылдарға арналған «Ақ Бұлак» бағдарламасы, яғни тұрғын-үй қорын жақсартуға, халықты сапалы ауыз сүмен қамтамасыз етуге, сүмен жабдықтау және суды бұры жүйесін дамытуға бағытталады.

Сонымен қатар, халыққа мемлекеттік қызметті көрсетудің электронды форматқа ауыстыру арқылы қызметтің сапасы мен қол жетімділігін арттыру шаралары қаржыландырылады.

#### *6. Индустрiadы-инновациялық даму.*

2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустрiadы-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру экономиканы әртараптандыру және жетілдірудің басты құралы болып қалады. Бағдарлама бойынша Балқаш ЖЭС, «Жезқазган-Бейнеу» және «Арқалық-Шұбарқөл» жаңа теміржол жолдары, Қараышығанақ кен орнында газ өндійтін зауыт, Орталық Қазақстанның газмен қамтамасыз ету бойынша газ құбыры, Атырау облысында мұнайхимиялық және газхимиялық кешендер салыну көзделді.

Бұдан басқа, үдемелі индустрiadы-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға қабылданған бағдарламаларды қаржыландыру шаралары басым болады, солардың ішіне «Өнімділік-2020», «Бизнес жол картасы-2020», экономиканы энергетикалық, көліктік және газдық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, арнайы экономикалық аймақтарды құруды қоса алғанда, салалық бағдарламалар.

Сонымен қатар «АгроОнеркәсіптік кешенді қолдау» бойынша іш-шараларды қаржыландыруға да ерекше көніл бөлінуде. Экономиканың аграрлық саласын әртараптандыру үшін «АгроОнеркәсіптік кешенді

дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру жалғасын табуда. Бағдарлама шеңберінде фермерлерді қаржыландыруға қатысу, мал еті шаруашылығын дамыту жобаларын әзірлеу, сонымен қатар мал азығы өндірісі мен отарлы мал шаруашылығын жетілдіру шаралары қолданылады.

*7. Бюджеттік шығыстардың маңыздыларының бірі – әлеуметтік міндеттерді толық қолемде орындау болып табылады.*

Осыған орай, маңызды бағыттар ұлттық қауіпсіздік, қауіпті жағдайлардың алдын-алу және жою болып саналады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациядан өткізу қорытындылары бойынша олардың жалақысын көбейту және көрсетілетін әлеуметтік қызметтер аясын көңеңтү шаралары жүргізіледі.

*Жергілікті бюджеттің қаржасаттарын жүймсайдың негізгі бағыттарына – білім беру, деңсаулық сактау, сапалы ауыз сумен және газбен қамтамасыз ету, табиғатты қорғау шаралары, тұрғын үйлермен және әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт обьектілерін салу жобалары жатады.*

Бюджеттік инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары (соның ішінде бюджеттік инвестициялар). Келе жатқан кезеңге бюджеттік инвестициялық саясат Елбасының «Әлеуметтік экономикалық жаңғыру – Қазақстанның дамуының негізгі бағыты» атты Қазақстан халқына жолдаган жолдауында анықталған стратегиялық және бағдарламалық құжаттар мен тапсырмалардағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін интеллектуалды және инфрақұрылымдың негіз тудыратын салалар ең негізгілері болады. Мемлекеттің ұзак мерзімді міндеттерін орындау үшін база құру, әлеуметтік, индустріалды-инновациялық инфрақұрылымды жасау және халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру бойынша мемлекеттік бастаманың логикалық жалғасуы және аяқталуы үлкен мәнге ие болады.

*Мемлекеттің бюджеттік инвестициясының орта мерзімді кезеңдегі негізгі бағыттары:*

1. Әлеуметтік саланы жаңғыру

*Бұл бағыт бойынша мынадай шаралар қаржыландырылады:*

- «2011-2015 жылдарға арналған деңсаулық сактау саласын дамыту»; «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы»;
- «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту»; мемлекеттік бағдарламасы»;
- «2010-2014 жылдарға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің «Балапан» бағдарламасы»;
- «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы және т.б.

Білім беру саласы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар жүйесін кеңейту, Назарбаев интеллектуалды мектептерінің жүйесін көбейту, жаңа мектептер салу арқылы апattyқ және ұш аудиомедиа мектептерді жою жұмыстары жалғасын табуда. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының жатақхана жүйелерін кеңейту бойынша шаралар қаржыландастырылады.

Денсаулық сақтау жүйесін дамыту бюджетінің негізгі мақсаты «100 аурухана салу» жобасы шегінде салынып жатқан денсаулық сақтау обьектілерінің жаңаларын пайдалануға енгізу, ол бар орындарды үнемді және інтижелі колдануға және Астана қаласында онкологиялық орталық салуды қаржыландаруга мүмкіндік береді.

## 2. Индустрисаландыру бағдарламасы

«Индустрисаландыру» бағдарламасы экономиканы жаңғыртуудың басты бағдарлануы болып қала береді. Бұл бағыт бойынша қаржыландастырылатын бағдарламалар: «Онімділік-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», сонымен қатар, энергетика мен көлік құралдарын қоса алғандағы ЖИИДМБ (жылдамдатылған индустрисалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы) жүзеге асыруда қабылданған салалық бағдарламалар. Энергия жетіспеушілігі мәселесін шешу мен елдің оңтүстік аймақтарын энергияға тәуелділіктен босату жоспарлануда. Сонымен қатар, негізгі мәселе «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің қазақстандық бөлігінің құрылышын аяқтап, «Жезқазған-Бейнеу», «Арқалық-Шұбаркөл» теміржол желісін, «Батыс-Солтүстік-Орталық газ құбырын» салуды бастау.

3. Халықтың омір сұру жағдайын жақсарту, тұрғын үй-коммуналды шаруашылықты, тұрғын үй құрылышын жаңғырту арқылы қолжетімді баспа намен қамтамасыз ету, халықты сапалы ауыз сүмен қамтамасыз ету, сүмен қамтамасыз ету және су бүргыш жүйелерін дамыту.

Бул бағыт бойынша жүзеге асырылатын жобалар:

- «2011-2020 жылдарға арналған «Ақ Бұлак» бағдарламасы;
- 2011-2020 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналды шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы;

– «2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» бағдарламасы.

Сонымен қатар, «Қолжетімді баспа на-2020» бағдарламасы шегінде қолжетімді жалға беру құрылышы арқылы тұрғын үй қорын көбейту жоспарлануда.

4. Мемлекеттік қызмет сапасын арттыру және інтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлауды енгізу бойынша реформаларды тереңдему арқылы мемлекеттік атқарымдарды жүзеге асыру, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсарту.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарын дамытуға, «е-Үкімет», «е-Салықтар», «е-Лицензиялау», кеден қызметі бойынша, қорғаныс қабілеттілігін, ұлттық қауіпсіздікті, құқық қорғау тәртібін кеңейту бойынша жобалар қаржыландырылады.

*5. Аймақтық дамыту, қалған аймақтар үшін озық осімнің маңызды «нұктелері» – «локомотивтер» ірі тез дамышын қалалар негізінде осім нұктелерін қалыптастыру (Астана, Алматы қалалары), қалалық агломерацияларды дамыту.*

Астана қаласының 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуы стратегиялық жоспары, 2011-2014 жылдарға арналған Астана қаласының маңындағы елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының Кешенді жоспары, сонымен қатар 2011-2015 жылдарға арналған аймақтардың дамуы бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша Астана және Алматы қалалары бойынша жобалар.

*Осыған орай Елбасы 100 нақты қадамда, Еліміздің бас қалаларын оркендейтуге байланысты келесідей қадаларды орындауды атап откен:*

– 24-қадам – Дубай тәжіриbesі бойынша Астана қаласында AIFC Халықаралық арбитраждық орталығын құру;

– 63-қадам – Ғылымды қажет ететін экономиканың негізі ретінде екі инновациялық кластерді дамыту. Назарбаев университетте «Астана бизнес кампуста» ғылыми орталықтары мен зертханалар орналастырылады. Олар бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ, оларды коммерцияландыруға қызмет етеді. Нақты өндірістік жобаларды жүзеге асыру үшін инновациялық технологиялар паркі жергілікті және шетелдік жоғары технологияларды тартатын болады;

– 69-қадам – Астананы зерттеушілерді, студенттерді, кәсіпкерлерді, барлық өнірлерден туристерді тартатын Еуразияның іскеरлік, мәдени және ғылыми орталығына айналдыру. Мұнымен бірге қалада әуежайдың жаңа терминалын қоса алғанда, қазіргі замандық халықаралық көліктік-логистикалық жүйе құрылады;

– 70-қадам – ASTANA EXPO-2017 инфракұрылымдары арқауында арнаулы мәртебе бере отырып, Астана халықаралық қаржы орталығын (AIFC) құру. Қаржы орталығының ерекше занды мәртебесін Конституцияда бекіту. Орталықтың ТМД, сондай-ақ, Батыс және Орталық Азияның барлық өнірлерінің елдері үшін Қаржы хабы ретінде қалыптастыру. Өзіндік зандылықтары бар тәуелсіз сот жүйесін құру, ол ағылшындық құқық принциптерімен қызмет істейтін болады. Судьялар корпусы шетелдік мамандардан құрылады. Болашақта қазақстанның қаржы хабы әлемнің 20 алдыңғы қатарлы қаржы орталықтарының қатарына енүі тиіс;

– 86-қадам – Қазақстан халқы ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, ол қазақстанның біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады. Бұл барлық жұмыстар Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын (ішкі туризмді дамытуды қоса есептегендे) және «Астана – Еуразия жүргегі», «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер», «Алтай інженерлері», «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту», «Каспий қақпасы» өнірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асырумен байланыстырылады.

Сондай-ақ, бұл бағыт «2012-2020 жылдарға арналған монодалалардың дамуы бағдарламасы» арқылы монодалалар мәселесін шешуді қарастырады.

### 3.3 Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттары

Елбасы 2012 жылдың 27 қаңтарындағы Жолдауында Қазақстанның алдыңғы он жылға дамуының негізгі бағытын анықтады – әлеуметтік-экономикалық жаңғырту, оған экономиканы ірілетудің, халықтың жағдайын жақсартудың жаңа міндеттері кіреді. Экономикалық саясаттың орта мерзімді кезеңге мақсаты жоспарланған деңгейде макроэкономикалық тұрақтылық пен тұрақты экономикалық өсіуді қамтамасыз ету.

Макроэкономикалық тұрақтылық үйлестірілген ақша-несиелік және салықтық-бюджеттік саясатың және инфляция деңгейін жоспарланған шекте (6-8 пайыз) ұстап тұру арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының ақша-несиелік саясатының негізгі мақсаты – бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету, яғни, жылдың инфляцияның төмен деңгейін сақтап тұру. Бұл мақсатқа жеткенде елдің экономикалық өсімі үшін қажет шарттардың болуына, инвестициялық нарықтың дамуына, банк секторындағы несиелік белсенділікті ынталандыруына жағдай жасалады.

Сонымен қатар, Ұлттық Банктың міндетіне қаржылық жүйенің, ұлттық валютаның айырбас бағамын және елдің төлем балансының тұрақтылығын қамтамасыз ету жатады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының ақша-несиелік саясатын жүргізгенде экономикадағы ақша ұсыныстарын икемді реттеу бойын-

ша шаралар қолданады. Ақша нарығында қысқа мерзімді өтімділіктің жетіспеушілігі пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтімділікті беру бойынша операциялардың көлемін көбейтеді. Қысқа мерзімді өтімділік артық жиналса ақша нарығында Ұлттық Банктің негізгі қаржаттарын қолдану арқылы айықтыру операциялары жүргізіледі – қысқа мерзімді ноталар шыгару, екінші деңгейлі банктер салымдарын тарту.

Ұлттық Банктің операциялары бойынша мөлшерлемелерді реттеу, қайта қаржыландырудың мөлшерлемесін қоса алғанда, ақша нарығындағы жағдайға және инфляция деңгейіне байланысты жүргізіледі. Осылайша, экономикадағы ақша ұсынысының көлемі экономиканың осіміне сәйкес келетін деңгейде сақталады. Ұлттық Банк ақша-несие саясатын жүргізгенде қаржы нарығындағы жағдайды алдын-ала бақылайды, яғни оның тұрақты қызметін және дамуын қамтамасыз ету мақсатында.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің валюталық саясаты қазақстандық экономиканың ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігі арасында тене-тендікті сақтауға бағытталады. Бағам бойынша саясат жүргізгендегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұлттық валютаның нақты бағамында үлкен ауытқуларды жібермейді. Сол уақытта бағам саясаты әлемдік бағалардың озгерістеріне, сыртқы сауданың шарттарына қарай сәйкес әсер етеді, бұл өз кезегінде, ішкі экономиканың дамуына іргетасын қалайды. Жаңа технологияларды, жабдықтарды қолдану, еңбек саласын арттыру сияқты факторлармен үйлесіп осы саясатты қатаң ұстаса, онда мемлекетке қарқынды даму жолына шығуға мүмкіндік болады. Экономикалық жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тенге бағамының икемділігін арттыру мақсатында өзінің валюталық нарықта ары қарай қатысуын төмендетуге тырысады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының ақша-несиелік саясатының негізгі міндеттіне кіреді, Ұлттық Банк осы бағытта барлық қажет шараларды қолданады. Қаржылық сектордың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк бұл нарықтың барлық сегменттерінің мониторингін және ағымдық жағдайының бағасын жүргізеді. Белгілі бір шараларды қолдану жылдам жүргізіледі. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банктердің қысқа мерзімді өтімділігін қолдау үшін қайта қаржыландыру қарызын беріп отырады. Бұл операциялардың мерзімі 1 жылдан аспайды. Жалпы ақша-несиелік және валюталық саясаттың белгілі бір шараларын қолдану Біртұтас экономикалық кеңістіктің қызметі шегінде болып жатқан интеграциялық үрдістерді есепке ала отырып жүзеге асырады.

Инфляцияның өсуін болдырмауды және оны жоспарланған межеде сақтап қалуды 6-8 пайыз ішкі нарықтағы бағалардың тұрақтылығын сақтап қалу үшін шаралар кешенін жүзеге асыру жалғаса береді.

Табиғи монополиялардың субъектілері тарифтерінің өсуі реттеletін қызметтерге инфляция тарифтеріне салымдармен шектеледі. Кедендік-тарифтік механизмдерді қолдану жалғасады. Азық-түлік нарығындағы бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін нарықтық механизмдерді қолдану арқылы азық-түлік нарығын реттеу бойынша шаралар қолданылады. Ол аймақтар деңгейінде азық-түлік тауарларын реттеу қорларын қалыптастыруды, дәнді және майлы дақылдардың, көкеністердің егіс аудандарын кеңейтуді, жылышайлар мен көкеніс сактайтын жерлерді салу мен жанғыртуды қарастырады.

Тұрақты түрде мұнай өнімдеріне, азық-түлікке бөлшек сауда бағасы нарығы жағдайының мониторингі жүргізіліп отырады. Антимонополиялық заңдылықтың бұзылуы жағдайында антимонополиялық қарсыласу шарасы қолданылады. Әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлардың бағасын тұрақтандыру және инфляциялық үдерісті ұстап тұру бойынша жұмыстар жалғасады, мұндай шаралардың бірі азық-түлік тауарлар бағасының алдын-ала болжанған дәлізді анықтау және әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлардың бөлшек сауда бағасының табалдырықтық мәнін және бөлшек бағасының қолжетімді шекті мөлшерін бекіту болып табылады.

Республиканың ішкі нарығын толықтыру және мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне бағаны тұрақтандыру мақсатында мұнай өнімдерін облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша орналастыру кестесін бекіту жалғасады, республиканың мұнай өндеуші зауыттарында ондірілетін барлық жанар-жағармай ішкі нарықта қойылады.

Ұлттық Банкпен экономикадағы ақша ұснысын икемді реттеу бойынша шаралар ұйғарылады. Инфляциялық қысымды ынталандыратын артық ақша ұснысының көбеюін айықтыратын операциялардың өсімімен тегістейді. Сонымен бірге, Ұлттық Банк монетарлық құрамдас бөлік оңтایлы деңгейде қалып, қосымша инфляциялық қысым жасамас үшін тырысады. Бұл шаралардың іске асырылуы инфляция деңгейін жоспарланған дәлізде сақталуын қамтамасыз етеді.

Салықтық-бюджеттік саясат орта мерзімді кезеңде мемлекеттік саясаттың шараларын нәтижелі жүзеге асыруға және экономиканың теңестірілген өсімін қамтамасыз етуге бағытталады.

*Экономикалық өсімді ары қарай қамтамасыз ету салықтық және бюджеттік саясат арқылы қамтамасыз етіледі. 2013-2015 жылдары салықтық саясат шегінде салықтың әлеуметтік-маңызды, ынталан-*

80 > Салыктық-бюджеттік жоспарлау

*дыруши және қазыналық қызметтері нығайтылады. Осыған байланысты, орта мерзімді кезеңде салықтық саясат базытталады:*

- экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуды ынталандыру;
- қолайлы инвестициялық жағдай жасау және жеке инвестицияларды ынталандыру;
- бюджеттің кіріс бөлігін молайту;
- мемлекеттік атқарымдар мен міндеттерді толық көлемде орындауды қаржылық қамтамасыз ету.

Біртұтас экономикалық қеңістік шегінде қолайлы салықтық режімді Қазақстанда қалыптастыру өте маңызды, ол капитал жылжуна шектеу болмаған жағдайда экономиканың ары қарай өсуіне қосымша ресурстарды тартуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының азаматтары және мекендеу қағазы бар тұлғаларымен табыстар мен мүліктерді жалпы декларациялануға көшу қарастырылған, Қазақстан Республикасының азаматтары және мекендеу қағазы бар тұлғаларымен табыстар мен мүліктерді жалпы декларациялануға көшу шараларының Жоспары бекітілген.

*Жалпы декларациялануға кошу 7 жыл көлемінде кезең бойынша жүзеге асады:*

- 1-кезең (2010-2011 жылдар): жалпы декларациялануға көшудің әдістемелік негіздерін анықтау бойынша шараларды жүзеге асыру;
- 2-кезең (2012-2013 жылдар): жеке тұлғалардың декларацияларын қабылдау, өңдеу және талдауга мемлекеттік органдарды техникалық жабдықтау бойынша НҚА (нормативтік-құқықтық акт) әзірлеу бойынша шараларды жүргізу;
- 3-кезең (2014-2015 жылдар): мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттің үлесі бар мелекеттік кәсіпорындар мен компаниялардың қызметкерлерінің декларацияларды тапсыруын жүзеге асыру;
- 4-кезең (2016 жыл): барлық басқа жеке тұлғалар бірінші декларацияларды тапсыруы;
- 5-кезең (2017 жыл): жалпы декларациялануға толық кошу, яғни барлық жеке тұлғалар декларацияны тапсыруға міндетті болады.

*Осы атапған мәселелер 100 нақты қадамда талқыланған, яғни:*

- 42-қадам – 2017 жылдың 1 қантарынан мемлекеттік қызметкерлер үшін, одан эрі барлық азаматтар үшін кірісті және шығысты жалпы жариялауды кезең-кезеңмен енгізу;
- 43-қадам – Салық декларацияларын қабылдау және өңдеудің орталық желісін құру. Орталық салық төлеушілердің электронды құжаттарының бірыңғай мұрагатына кіру мүмкіндігіне ие болады. Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу. Декларанттар салықты бақылау бойынша шешім қабылдау үшін тәуекел санаттарына бөлінетін бола-

**3-тaraу.** Казакстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық... 81 ды. Жариялауды бірінші рет тапсырған жеке тұлғалар үш жыл мерзімде қайта тексерістен өтпейтін болады.

Сонымен қатар, арнайы салықтық режімдерді реформалау қарастырылған.

*Экономиканың одан әрі қарай осуін қамтамасыз ету үшін бюджеттік саясат орта мерзімді кезеңде бағытталады:*

- халықтың әл-ауқатын арттыру;
- экономиканы жаңғырту және әртараптандыру;
- мемлекет тарапынан қажетті ішкі сұраныс деңгейін сақтап қалу.

Экономиканың дамуын ынталандыру макроэкономикалық тұрақтылыққа зиян келтірусіз жүзеге асады. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сыртқы факторлардың теріс әсерін төмендету мақсатында контрциклдік бюджеттік саясат жүргізіледі. Бұл Ұлттық қордың кепілдендірілген трансферт көлеміне байланысты қалыптасуы мен қолданылуы Тұжырымдамасында үлкен икемділік арқылы жүзеге асырылады.

Контрциклділік принципі кепілдендірілген трансферттің көбеюі не месе азаюы экономиканың осуінің болжанатын параметрлерінің жетістіктерімен және республикалық бюджеттің табыс бөлігінің орындалуымен анықталатын болады. Егер экономика болжанған екпіннен төмен болып және бюджет кірістері бойынша жоспардың орындалмауы жағдайында кепілдендірілген трансферттің көлемін көбейту үсынылады. Бұл кірістегі жоғалтуларды өтеуге, шығыстарды толық қөлемде қаржыландыруға және болжанған параметрлер шегінде экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін ішкі сұранысты ынталандыруға мүмкіндік береді.

Болжанған параметрлермен салыстырғанда экономиканың өсуі жогары болып, бюджет кірістері бойынша асуы кезеңінде кепілдендірілген трансфертті төмендету үсынылады. Бұл Ұлттық қордың қаражаттарын қосымша қолдануға және экономиканың «қызып кету» қаупін төмендетеді. Орта мерзімді кезеңде бюджеттік саясат экономикага он әсер ететін оңтайлы шаралар мен бюджеттік қаражаттар көлемін анықтауға, бюджеттің және Ұлттық қордың тенденцияларынан қамтамасыз етуге бағытталады.

Мемлекеттік шығыстардың көлемі бір жағынан жиынтық сұранысты қолдайтын, екінші жағынан – мемлекеттік инвестициялар арқылы инвестициялық белсендерділікті қолдайтын деңгейде болады. Сонымен қатар, мұнай кірістерін тәртіптік және нәтижелі басқару жүргізіледі.

*Бюджеттің және Ұлттық қордың тенденцияларынан қамтамасыз ету мақсатында бюджеттік саясат орта мерзімді үмітпен бағытталады:*

- мұнай жетіспеушілігін төмендету, ол 2020 жылы ЖІӨ З пайызынан кем болмауы керек;

— ағымды шығыстарды қаржыландыруға Үлттық қордың қаражатын қысқарту, тек даму бюджетін қаржыландыруға кейінгі өтүі.

Дамудың қолайлы сыртқы жағдайын сақтаған жағдайда бюджет тапшылығын абсолюттік мағынада да, ЖІӨ-ге байланысты да төмендету жоспарланады. Бюджет тапшылығы ішкі нарықта үкіметтік қарызбен қаржыландырылады.

*Үкіметтік борыш саясаты Үлттық қор жинақталымын орнын басуға жол берілмегендіктен, Үлттық қордың қаражатын қалыптастыру мен қолдану тұжырымдамасында бекітілген шектеулерге сәйкес жүргізіледі, атап айтқанда:*

— Үкіметтік қарызға қызмет көрсетуге жыл сайынғы шығыстар Үлттық қордың 4,5 пайыз деңгейдегі жыл сайынғы шартты белгіленген инвестициялық табысынан аспауы керек;

— Үкіметтік қарызға қызмет көрсету мен өтеуге шығыстар орта есеппен он жылдық кезеңде Үлттық қордағы трансфертті қоса алғанда бюджет түсімдерінің 15 пайызынан аспауы керек.

Орта мерзімді келешекте әлемдік экономикадағы жағдайдың әлеуетті қындалудың есебінен бюджетке Үлттық қордан бюджетке кепілдендірілген трансфертті шектеу жолымен Үлттық қордағы қаржы ресурстарын жинақтау саясаты жалғастырылады. Бұл қоса экономикадағы жағдайға тәуелді республикалық бюджетке бекітілген кепілді трансферт төмендеу жағына немесе 15%-ға дейін жоғарылауға дейін (6,8-ден 9,2 млрд.АҚШ доллар) өзгеруі мүмкін. Бұл болашақ үрпақтар үшін қорланымды арттыруға, әлемдік тауар нарығындағы оңтайлы жағдайы кезеңде бюджеттің мұнай табысынан тәуелділікті азайтуға және дамудың сыртқы шарттары нашарлаған кезде экономиканы қолдау үшін әлеует жасауға мүмкіндік береді.

Әлемдік экономикада жағдайдың әлеуетті нашарлауын есепкес ала отырып орта мерзімді келешекте Үлттық қорда қаржылық қорды жинау саясаты 2013 жылы бюджетке Үлттық қордан кепілдендірілген трансфертті 1380 млрд.тенге көлемінде, 2014-2015 жылдары 1188 млрд.тенге көлемінде шектеу арқылы жалғасады. Бұл болашақ үрпақ үшін қорды көбейтуге, әлемдік тауар нарығында қолайлы конъюнктура кезеңінде бюджеттің мұнай табысынан тәуелділігін төмендетуға және дамудың сыртқы жағдайының нашарлауы жағдайында экономиканы қолдау үшін әлеует құруға мүмкіндік береді.

Орта мерзімді кезеңде бюджетаралық қатынастардың негізгі мақсаты мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерін оларға бекітілген мемлекеттік қызметтерді атқару және оларға жүктелген атқарымдарды жүзеге асыру үшін қаржылық қаражаттармен қамтамасыз ету болып та-

былады. Бюджетаралық қатынастарды ары қарай жетілдіру үшін жалпы сипаттағы трансфертерді есептеудің жаңа Әдістемесі өзірленген, ол Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандығы №54 қаулысымен бекітілген, оның негізінде 2011-2013 жылдарға жалпы сипаттағы трансфертер көлемі жайлы Зан өзірленген.

2011 жылдың 17 сәуірде Үкіметтің кеңейтілген отырысында баяндалған Президенттің тапсырмасына сәйкес, экономикалық және әлеуметтік жаңғырту бойынша аймақтар алдында қойылған міндеттерді есепке ала отырып, бюджетаралық қарым-қатынас жүйесін жетілдіру мақсатында шекарадағы экономикалық өсімін ынталандыратын және елде халық сапасына бекітілген бюджеттік қызмет көрсетулердің кепілді жиынтығын жеткілікті қаржыландыратын деңгейін қамтамасыз етуді кірістіретін бюджетаралық қарым-қатынастың жаңа тәсілдемесін қалыптастыру қажет. Жаңа Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жүзеге асыру шенберінде 2020 жылға дейін Елдің аумақтық-кеңістік дамудың болжамды сыйбасы өзірленген.

Болжамды сыйба болашаққа аumaқтық сипаттағы міндеттерді онірлердегі бар әлеуетті есептей отырып, кешенді және жүйелі түрде шешуге бағытталған және шын мәнінде, жаңа аймақтық саясаттың тұжырымдамасы немесе доктринасы болып саналады. Қазақстанның жаңа аймақтық ұйым құру мемлекет тарапынан барлық бағыттар бойынша сәйкес шараларды талап етеді. Аймақтарды қаржылық қолдау олардың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге және экономикалық әлеуеттің ұтымды қеңістікті ұйымдастыруға бағытталған.

Шығыстар саясаты, сонымен бірге, бюджеттік қаражаттардың бекітілген көлемін қолданумен мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарында қарастырған ең жақсы тікелей нәтижеге жету қажеттілігінен келе, бюджетті әзірлеу және орындау жолымен мемлекеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелігін жоғарылатуға бағытталады.

Бұл мақсатиен тиімділік және нәтижелілік индикаторларға негізделген бюджетті қалыптастыру және орындау жүйесі, орталық мемлекеттік органдар және облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астананың жергілікті атқарушы органдардың қызметін жыл сайынғы тиімді бағалау жүйесі жұмыс жасайды, бұл жетекшілік ететін сала (орта) аймақтағы стратегиялық мақсаттар және міндеттерге жету дәрежесін, тікелей, түпкі нәтижелер мен тиімділік көрсеткіштерге жету (жетпеу) дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

Әлемдік және қазақстан экономикасындағы жағдай өзгерген кезде, бюджет саясатын түзету бойынша, сондай-ақ бюджет параметрлерін айқындау жолымен жедел және тиімді шаралар қарастырылады. Бұл

мақсатпен, елдің экономикалық жағдайына ықпал ету қажеттілігімен мәжбүрленген, бюджет үдерісін жетілдіру үшін 2012 жылы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

*Экономикалық тәуекелдің негізгі сыртқы факторы* – әлемдік экономиканың өсім қарқынының ұзақ уақыт баяулауы болып табылады, әсіресе, егер мұндай үрдіс Ресей Федерациясын, Қытай және Еуропаны шарпыса, себебі, Қазақстан бұл елдермен саудалық-қаржылық қарым-қатынастармен және инвестициялық жобалармен өте тығыз байланыста. Бұдан басқа, шикізаттық тауарлар бағасының төмендеу қаупі бар, бұл жағдай экономикага тиімсіз әсер етуі мүмкін. Негізгі құралы бюджет саясаты болып табылатын, сыртқы факторлардың тиімсіз әсерін төмендетуге бағытталған экономикалық саясаты жүргізу шешілген.

Экономика дамудың күтілетін үрдістерін есептеуді республикалық бюджеттің табыстармен шығыстар көлемінан (болжанғаннан) кейін жоспарлайды. Нарықтың сыртқы жағдаятының және елдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің мүмкін ауытқуларға қатысты ассигнациялаудың жылдық көлемі ең тұрақты болатыны үйіралады. Осының бәрі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі деңгейінде зандау бекітілген, «Жаңа бюджеттік ережелер» деп аталатын негізге кіреді.

*Теміктің мәні* – Шартты қаржыландырылатын шығыстардың тізімін қалыптастыруда, яғни бөлінген бюджеттік бағдарламада көрсетілетін және ағымдағы қаржы жылына әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жақсару кезінде жүзеге асырылатын шығыстар болып табылады. Шартты қаржыландырылатын шығыстар тізімінің өзі бюджеттік жоспарлау бойынша үекілетті органмен үйімдастырылады, Республикалық бюджет комиссиямен қарастырылады және Дамудың әлеуметтік-экономикалық болжамы құрамында расталатын болады.

Осылайша, 2013 жыдан бастап дағдарысты оқигалар әсерінен бюджеттің «иммунитетін» жақсарту мақсатында, «Жана бюджет ережесі – бұл ағымдағы қаржы жылының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері өсken кездे жүзеге асырылатын, шартты қаржыландырылатын шығыстар» енгізіледі. Шартты қаржыландырылатын шығыстардың жалпы көлемі – сәйкес кезеңге республикалық бюджет шығыстарының көлемінен үш пайыздан аспайтын мөлшерде анықталады. Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша бюджет табысының орындалуы есептік кезеңде бекітілген жоспарлы көрсеткіштерден асатын болса, сонымен қатар, ағымды қаржы жылына әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жақсаруын болжайтын шарттарда Шартты қаржыландырылатын шығыстарды қаржыландырады. Жеке алғанда, 2013 жылға республикалық бюд-

жет жобасында шартты қаржыландырылатын шығыстарға 200 млрд. жоғары тенге болу қарастырылған, бұл «Жұмыспен қамту-2020», «Қолжетімді түргын үй-2020», «2012-2020 жылдарға монокалаларды дамыту» бағдарламасы, «Аймақты дамыту» бағдарламаларын және т.б. қаржыландырумен байланысты.

Қаржыландырудың бірінші кезектегі бюджет қаражаттарын мерзімінде игеру, шығыстардың әлеуметтік бағыттылығы болып табылады, сонымен қатар, қабылданған міндеттемелері ағымды қаржы жылында жабылатын бюджеттік бағдарламалар басым болады.

### **3.4 || Мемлекеттік органдардың үш жылдық мерзімге стратегиялық жоспары, жаңа формат және бюджеттік бағдарламалардың түрлері**

*Мемлекеттік органдардың үш жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспары жыл сайын келесі құжастардың негізінде әзірленеді:*

- стратегиялық және бағдарламалық құжаттар;
- әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамы;
- республиканың немесе аймақтың бюджеттік параметрлері.

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары бюджеттік мониторинг нәтижелерін және өткен қаржылық жылдар үшін стратегиялық жоспардың орындалу бағасы, коғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстарын есепке ала отырып, қызыгуышылық тудырған мемлекеттік органдармен келісіледі. Үкіметтің құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын Үкімет бекітеді.

Орталық мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты және есеп беретін стратегиялық жоспары Қазақстан Республикасының Президентімен немесе үәкілдеп тұлғамен бекітіледі. Атқарушы органның жергілікті бюджеттен қаржыланатын стратегиялық жоспарына сәйкес орталық мемлекеттік органның келісуімен сәйкес әкімшілік бекітеді. Стратегиялық жоспар бюджеттік қаражаттардың көлемі бойынша әзірленеді, ол әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы мен республиканың бюджеттік параметрлерде мақұлданады.

*Стратегиялық жоспарға озгертулер мен қосымшалар енгізілетін жағдайлар:*

- бюджетті нақтылаган кезде;
- зан актілерін өзгерткен кезде;
- әрекеттегі бағдарламалық құжаттарға, Президенттің тапсырмаларына өзгерістер мен қосымшалар енгізу, жаңаларын қабылдау;

— мемлекеттік органдардың қызметтері мен құрылымының өзгеруі.

*Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына жақтады:*

— мемлекеттік органдың міндеті мен мақсаты;

— ағымдық жағдайдың талдауы мен мемлекеттік басқарудың сәйкес салаларының даму үрдістері;

— стратегиялық бағыттар, мақсаттар, тапсырмалар, мақсатты индикаторлар (мемлекеттік органдың қызметінің тікелей және түпкі нәтижелері);

— мемлекеттік органдың өзінің қызметтік мүмкіндіктерін дамыту бойынша ниеті;

— басқа мемлекеттік органдармен нәтижеге жету үшін қажет мекемеаралық қарым-қатынас;

— мүмкін болатын тәуекелдер кіретін, мемлекеттік органдың қызметіне әсер ететін және олардың алдын-алу жолын қарастыратын тәуекелдерді басқару;

— стратегиялық жоспарлар негізінде әзірленген нормативтік-құқықтық актілердің тізімі;

— мемлекеттік органдың бюджеттік бағдарламалары.

*Бюджеттік бағдарлама* – бұл стратегиялық бағыттармен, мақсаттармен, міндеттермен, нәтижелер көрсеткіштерімен байланысқан, мемлекеттік органдың стратегиялық жоспарымен анықталған, шығыстарды қаржыландыру нәтижелері мен көлемінің көрсеткіштері бар бюджет шығыстарының бағыты.

*Бюджеттік бағдарламалардың жаңа форматының мәні бойынша оның нәтижесін бағалау үшін бюджеттік бағдарламаның құрамында міндетті түрде болуы қажет көрсеткіштер:*

— тікелей нәтиже;

— түпкі нәтиже.

*Сонымен қатар, бюджеттік бағдарламага қажетті көрсеткіштер:*

— сапасы;

— нәтижелігі.

Жаңа Бюджет кодексінің енүіне байланысты, 2009 жылдан бастап бюджеттік бағдарламалардың бұрынғы паспорттары жойылды.

*Казіргі кезде бюджеттік бағдарламалар келесі түрлерге болінеді:*

— мемлекеттік қызметтер көрсету;

— трансфертер мен бюджеттік көмеккаржылар (субсидия) беру;

— бюджеттік несиелер беру;

— бюджеттік инвестициялар жүргізу;

— құрделі (капиталды) шығыстар жүргізу;

— мемлекеттің міндеттерін орындау.

**Мемлекеттік қызмет** – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен қызметтерін іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.

**Мемлекеттік қызмет көрсету** – Қазақстан Республикасының заңды актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне не-гізделген, бюджеттік қаражаттар мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бюджетінен қаржыландырылатын, қоғамның муддеслерін қанағаттандыруға және құқықтарын, тәуелсіздігін және жеке, заңды тұлғалардың және нысандардың құқықтары мен қажеттіліктерін қорғауға, қорғаныс қабілеттілігін және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Парламентінің, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының орталық сайлау комиссиясының қызмет атқаруын қамтамасыз етуге бағытталған қызмет болып табылады.

**Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар:**

– мемлекеттік қызметтер стандартына сәйкес болады (үрдіс, түр сипаттамасы, мемлекеттік қызмет көрсету мазмұны мен нәтижелері енетін мемлекеттік қызметтерге талаптар);

– бюджеттік бағдарламаның құнына қызметтерді көрсету үрдісіне тікелей қатысатын, соның ішінде осы үрдіске қатысатын қызметкерлерге төлеу шығыстары кіретін барлық ағымдық шығыстар жатады;

– бюджеттік бағдарламалардың атауы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің мазмұнын немесе мемлекеттік орган қызметінің бағытын білдіруі керек.

**Бюджеттік инвестициялар** – бұл республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаржыландыру, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру және көбейту арқылы мемлекеттің активтер құнын арттыруға бағытталған, бюджеттік инвестициялық жобалар, концессиялық жобаларды жүзеге асыру арқылы мемлекеттің активтерін құру.

**Осылайша, бюджеттік инвестицияларга бюджеттік қаражаттарды жүзеге асырудың үш негізгі бағыты кіреді:**

– инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;

– концессиялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру;

– заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру мен көбейтүге катысу.

**Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларга бюджеттік қаражаттар шығыстарының келесі бағыттары кіреді:**

- материалды-техникалық базаны қалыптастыру немесе нығайту;
- күрделі жөндесу жүргізу;
- шығыстардың экономикалық жіктеліміне сәйкес басқа да күрделі шығыстар, яғни бюджеттік инвестициялардан басқа барлық күрделі шығыстар.

Мемлекеттік органдың меморандумы – бұл мемлекеттік органдың басынысының кезекті қаржылық жылға республикалық бюджетте қарастырылған бюджеттік қаражаттар шегінде қамтамасыз етуге ниетін дәлелдейтін құжат, стратегиялық жоспарда қарастырылған мемлекеттік органдың қызметінің тікелей және түпкі нәтижелеріне жетуі.

Мемлекеттік органдың меморандумы кезекті қаржылық жылға бекітіледі және бұқаралық акпарат құралдарына жариялануы міндетті.

#### *Меморандумдар бекітіледі:*

– Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты және есеп беретін мемлекеттік органмен – Қазақстан Республикасының Президентімен немесе уәкілетті тұлғамен;

– Қазақстан Республикасының Үкіметінің құрылымына кіретін немесе оған бағынатын орталық орындаушы органмен – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен.

Жоғарғы сот, Парламенттің шаруашылық басқармасы, Конституциялық қенес, орталық сайлау комиссиясы, сонымен қатар жергілікті бюджет арқылы қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар меморандумдарды бекітпейді.

*Операциондық жоспар* – құрамында ресурстар, жаупапты орындаушылар және стратегиялық жоспардың мақсаты, міндеттері және аяқталу мерзімі бойынша байланған, мемлекеттік орган немесе оған бағынышты мемлекеттік мекемелердің ағымдағы жылға нақты іс-әрекеттері кіретін құжат.

Операциялық жоспар мемлекеттік органдың қызметін операциялық деңгейге аудиенса мақсатында стратегиялық жоспарды жүзеге асыру үшін жыл сайын әзірленеді. Операциялық жоспар ағымдағы қаржылық жылдың 10 қантарына дейін мемлекеттік органдың жаупапты хатшысымен бекітіледі.

## **3.5 || Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджет шығыстарын жоспарлауы**

*Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (ББӘ) мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органга тапсыратын құжаттар:*

1. Стратегиялық жоспарлар жобалары;

2. Есептік қаржылық жыл үшін стратегиялық жоспардың жүзеге асуы туралы есептер;

3. Бюджеттік өтініштер.

Барлық көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне ағымдағы қаржылық жылдың 15 мамырына дейін тапсырылады.

Бюджеттік өтініш бюджеттік бағдарламалар әкімшілері кезекті жоспарлы кезеңге шығыстар көлемін негіздеу үшін құрастыратын құжаттардың жиынтығы.

*Бюджеттік отінішке жататындар:*

1. Стратегиялық жоспар жобасының құрамына кірген әр бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрі бойынша есептер;

2. Шығындалу бағыты бойынша байланысқан гранттардың бөлінген сомасымен ағымдағы қаржылық жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және қолданылған байланысқан гранттар туралы ақпарат;

3. Ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша алынған және қолданылған байланыспаған гранттар туралы ақпарат;

4. Мемлекеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті органмен бекітілген нысан бойынша солардың құзырында қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыс, қызмет) жүзеге асыруынан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының болжамы;

5. Түсіндірме хат;

6. Бюджеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органмен сұранылатын басқа қажетті ақпарат.

*Бюджеттік сұранымдағы түсіндірме хат мына құжаттарды қамтиды:*

– жоспарлы кезеңге қаражаттарды шығындаудың негізгі бағыттары;

– берілген бюджеттік бағдарламалардың қысқаша сипаттамасы;

– базалық шығыстардың артуын негіздеу;

– нәтижелер корсеткіштерін, өткен жылдың бюджеттік сұранымға кірген бюджеттік бағдарламалар бойынша ауытқулардың себебін талдау.

Бюджеттік сұраным Қазақстан Республикасының бюджет занылышының талаптарына сәйкес келмесе бюджеттік жоспарлау бойынша уәкілетті орган оны қарастырмай бюджеттік бағдарлама әкімшісіне қайтарып береді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен бюджеттік параметрлерде қарастырылған бюджеттік қаражаттар шегінде бюджеттік сұранымды енгізеді. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджеттік сұранымның құрамындағы ақпарат пен есептің толықтығы мен дәйектілігін қамтамасыз етеді. Бюджеттік

сұранымды әзірлеу және ұсыну реті бюджеттік жоспарлау бойынша орталық үәкілетті органмен анықталады.

Бюджеттік шығыстардың түрінен тәуелді бюджеттік етініштерді әзірлеген кезде заттай нормалар қолданылады. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің стратегиялық жоспарларының жобалары мен бюджеттік сұранымдары Ұлттық экономика министрлігімен немесе мемлекеттік жоспарлау бойынша жергілікті органдармен қарастырылады.

*Оларды қарастырганда мына құжаттарға сәйкес келуі тиіс:*

- стратегиялық және бағдарламалық құжаттар;
- әлеуметтік-экономикалық даму болжами;
- бюджеттік параметрлер болжами;
- заңдылықтар;
- әрекеттегі нормалар;
- мемлекеттік қызмет стандарттары.

Егер мемлекеттік жоспарлау органдарының (ҰЭМ) қарастыруынан кейінгі нәтижеде стратегиялық жоспарлар жобасы мен бюджеттік сұранымдар бюджеттік параметрлермен сәйкес келмесе, оларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне түзеу үшін қайтарады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау бойынша органның арасындағы келіспеушілік Республикалық бюджеттік комиссиямен (РБК) қарастырылады. Республикалық бюджеттік комиссия бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің Бюджеттік бағдарламаларын стратегиялық жоспарлар жобаларымен, ҰЭМ-мен немесе мемлекеттік жоспарлау бойынша жергілікті органдармен бірлесе отырып қарастырады және олар бойынша ұсыныстар жасайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері стратегиялық жоспарларды Республикалық бюджеттік комиссияның ұсыныстарына сәйкес жасайды және стратегиялық жоспарлардың нақтыланған жобаларын ҰЭМ немесе мемлекеттік жоспарлау бойынша жергілікті органға ұсынады.

Республикалық бюджеттің жобасын қарастыру мен анықтау ағымдағы қаржылық жылдың I тамызынан кешікпей аяқталады.

*Республикалық бюджет туралы заң жобасының мазмұны (қосымшаны қараңыз):*

- кірістер көлемі, трансфертер түсімі, шығыстар, таза бюджеттік несиелеу, қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо, тапшылық (профицит), тапшылықты қаржыландыру (профицитті қолдану);
- жалақының, зейнетақының ең төменгі мөлшері, айлық есептік көрсеткіш, күнкөрістің ең төменгі деңгейі, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері;

– жергілікті бюджеттен республикалық бюджетке алынған бюджеттік алып қоюлар көлемі;

– республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке берілетін бюджеттік субвенциялар көлемі;

– Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдесіндірілген трансферт көлемі;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің қор (резерв) көлемі;

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдер беру лимиті;

– Үкімет қарызының лимиті;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің концессиялық міндеттерінің лимиті.

*Республикалық бюджет туралы заң жобасына түркеледі:*

1. Жоспарлы кезеңге Бюджет кодексімен және бірегей бюджеттік жіктеліммен анықталған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әр жылды бойынша әзірленген республикалық бюджет жобасы. Түсімдер категория, класс және класс тармагы бойынша түсіндіріледі, ал шығыстар атқарымды топтар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және бюджеттік бағдарламаларға бөлінеді.

«Тапшылықты қаржыландыру» (профицитті қолдану) бөлімі жалпы сомамен беріледі. Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына шығыстарда базалық шығыстар атқарымды топтар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және бюджеттік бағдарламаларға бөлінеді, ал жаңа бастамаларға шығыстар бір бюджеттік бағдарламада көрінеді.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорына бағытталатын кезекті қаржылық жылға түсімдер көлемі.

3. Бюджетті орындау кезінде секвестрге жатпайтын кезекті қаржылық жылға республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізімі.

Кезекті қаржылық жылға республикалық бюджеттің бекітілетін тапшылығының (профицит) көлемі жалпы ішкі өнімге ақшалай түрдө және пайызбен көрсетіледі.

Ағымдық қаржылық жылдың 15 тамызынан кешікпей республикалық бюджет туралы заң жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарастыруға ұсынылады. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін республикалық бюджет туралы заң жобасы Қазақстан Республикасының Парламентіне бекіту үшін ұсынылады. Республикалық бюджет туралы заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс және Сенат отырысында қарастыру дамудың әлеуметтік-экономикалық болжамы мен республиканың бюджеттік параметрлері мен республикалық бюджет туралы заң жобасы бойынша Үкіметтің уәкілетті органының баяндамалары негізінде жүзеге асады.

Республикалық бюджетті бекіту Парламент Палаталарының жеке отырысында өтеді, бірінші Мәжіліс, кейін ағымдық жылдың 1 желтоқсанынан кешікпей Сенатта қарастырылады.

**Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу принциптеріне сәйкес Республикалық бюджет туралы заң қосымшаларымен, Қазақстан Республикасы Президентінің алдағы қаржы жылдың бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы Жарлығы қосымшаларымен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.**

Мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау (әкімшілік) бойынша жергілікті үәкілетті орган облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалардың бюджеттері, астана бюджеті жобасын әзірлейді және оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік комиссиясына қарастыруға береді. Олардың қарастыруы мен анықтауды ағымдық қаржылық жылдың 15 қыркүйегінен кешікпей аяқталады.

*Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана туралы шешімі жобасының мазмұны:*

1. Табыстар көлемі, трансфертер түсімі, шығыстар, таза бюджеттік несиелу, қаржылық активтері бар операциялар бойынша сальдо, тапшылық (профицит), тапшылықты қаржыландыру (профицитті колдану).

2. Облыстық бюджеттен аудандар бюджетіне (облыстық маңызы бар қалалар) берілетін бюджеттік субвенциялар көлемі.

3. Аудандар бюджетінен (облыстық маңызы бар қалалар) облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемі;

4. Жергілікті орындаушы органның қорының көлемі.

*Бұл жобага мынадай қосымшалар тіркеледі:*

1. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалар бюджеті жобалары, Бюджет кодексімен және біртұтас бюджеттік жіктеліммен анықталған құрылымға сәйкес әр жоспарлы кезеңге жеке қосымшалармен әзірленген жоспарлы кезеңге астана жобасы. Түсімдер мен шығыстар республикалық бюджетке сәйкес болінеді;

2. Кезекті қаржылық жылға жергілікті бюджетті орындау үдерісінде сектестрге жатпайтын, соның ішінде республикалық бюджет туралы заңда бекітілген кезекті қаржылық жылға жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізімі;

3. Кезекті қаржылық жылға ауыл шаруашылығы бағытындағы жер участкерлерін сатудан республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттіне түскен түсімдердің көлемі;

4. Қалада әр ауданның бюджеттік бағдарламалары.

Республикалық бюджетке қарғанда облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала бюджеттерінің, астана бюджетінің бекітілген тапшылығының (профицит) көлемі ақшалай нысандада көрінеді. Мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау бойынша жергілікті орган ағымдық қаржылық жылдың 1 қазанынан кешіктірмей облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала бюджетінің, астана бюджетінің жобасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті орындаушы органдарына қарастыруға ұсынады.

*Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихаттың жобасын әзірлеу кезінде мерзімі ғана өзгертуілген, облыстық бюджетке сәйкес ережелер негізінде жұмыс істейді:*

– ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет жобасын қарастыру және анықтау 1 қазаннан кешікпей аяқталады;

– әзірленген бюджет жобасы ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті орындаушы органдың қаржылық жылдың 15 қазанынан кешікпей ұсынылады.

Сонымен қорыта келгенде, үшінші тарауда «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және бюджеттік параметрлерінің болжамына» тоқтала отырып, Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге әлеуметтік-экономикалық даму болжамының мазмұны мен құрылымын, әзірлеу ретін, үш жылдық мерзімге бюджеттік параметрлер болжамын, Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын, мемлекеттік органдардың үш жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспарын, жаңа форматта және бюджеттік бағдарламалардың түрлерін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджет шығыстарын жоспарлауының негізгі мәселелерін қарастырық.

#### *Бағылау сұрақтары:*

1. «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы.
2. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі.
3. Әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер болжамы. Мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы. Бес жылга әлеуметтік-экономикалық дамудың Болжамын әзірлеу.
4. Әлеуметтік-экономикалық дамудың Болжамын әзірлеудің бірінші кезеңі.
5. Әлеуметтік-экономикалық дамудың Болжамын әзірлеудің екінші кезеңі.
6. Макроэкономикалық болжамда үлгілерінің қатынасы.
7. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамының болімдерін бекіту.
8. 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамы.

9. 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамын әзірлеу.
10. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы.
11. Әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдылығы.
12. Әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсаты.
13. Әлеуметтік-экономикалық дамудың міндегі.
14. Әлеуметтік-экономикалық дамудың нәтижесі.
15. Қазақстанның ұлттық экономикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі параметрлері.
16. Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттік параметрлер болжамы.
17. Мемлекеттік баскарудың орталық деңгейі.
18. Мемлекеттік баскарудың жергілікті деңгейі.
19. Бюджеттің шығыстарын әзірлеу.
20. Базалық шығыстар.
21. Жаңа бастамаларға шығыстар.
22. Тұракты сипаттағы шығыстар.
23. Қазақстан Республикасының 2013-2015 жылға арналған бюджеттік параметрлер болжамы.
24. Мемлекеттік бюджет кірістерінің болжамы.
25. 2013-2015 жылға мемлекеттік бюджет кірістерінің болжамы.
26. Салықтық түсімдер.
27. Мемлекеттік бюджетке түсімдер болжамы.
28. Мемлекеттік бюджет көрсеткіштерінің болжамы.
29. Ұлттық Қор өлшемдерінің болжамы.
30. Мемлекеттік бюджетке түскен түсімдердің жалпы қолемінің кепілден-дірілген трансферт түріндегі Ұлттық Қордың тартылған қаражаттарының үлесі.
31. Бюджеттің шоғырландырылған балансы және мемлекеттік бюджеттің мұнайлы емес тапшылдығы.
32. Ұлттық қор қаражаты.
33. 2013-2015 жылдарға арналған бюджет шығыстарының артықшылықтары.
34. Халықты жұмысмен қамтылуын жоғарылату.
35. Халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету.
36. Аймақтардың дамуы.
37. Адам капиталы сапасының артуы.
38. Халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту.
39. Индустрiadы-инновациялық даму.
40. Бюджеттік шығыстардың маңыздыларының бірі – әлеуметтік міндегітерді толық қолемде орындау.
41. Әлеуметтік саланы жаңғырту.
42. Индустрiadандыру бағдарламасы.
43. Халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту, тұрғын үй-коммуналды шаруашылықты, тұрғын үй құрылсының жаңғырту арқылы қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, халықты сапалы ауыз сүмен қамтамасыз ету, сүмен қамтамасыз ету және су бұргыш жүйелерін дамыту.

44. Мемлекеттік қызмет сапасын арттыру және нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлауды енгізу бойынша реформаларды тереңдептес арқылы мемлекеттік атқарымдарды жүзеге асыру, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсарту.

45. Аумақтық дамыту, қалған аймактар үшін озық өсімнің маңызды «нүктелері» – «локомотивтер» ірі тез дамитын қалалар негізінде өсім нүктелерін қалыптастыру (Астана, Алматы қалалары), қалалық агломерацияларды дамыту.

46. Макроэкономикалық тұрақтылық.

47. Қазақстан Республикасының ақша-несиелік саясатының негізгі мақсаты.

48. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің валюталық саясаты.

49. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

50. Республиканың ішкі нарығын толықтыру.

51. Салықтық-бюджеттік саясат.

52. Экономикалық өсімді қамтамасыз ету.

53. Жалпы декларациялануға көшудің кезеңдері.

54. Бюджеттік саясат.

55. Контрциклділік принципі.

56. Бюджеттің және Ұлттық қордың тенденгін қамтамасыз ету.

57. Үкіметтік борыш саясаты.

58. Ұлттық қорда қаржылық қорды жинау саясаты.

59. Бюджетаралық қатынастардың негізгі мақсаты.

60. Жаңа аймақтық саясаттың тұжырымдамасы немесе доктринасы.

61. Шығыстар саясаты.

62. Бюджетті қалыптастыру және орындау жүйесі.

63. Республикалық бюджет комиссиясы.

64. Мемлекеттік органдардың үш жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспары.

65. Орталық мемлекеттік орган.

66. Атқарушы орган.

67. Стратегиялық жоспар.

68. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары.

69. Бюджеттік бағдарлама.

70. Тікелей нәтиже.

71. Түпкі нәтиже.

72. Бюджеттік бағдарламалардың түрлері.

73. Мемлекеттік қызмет.

74. Мемлекеттік қызмет көрсету.

75. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар.

76. Бюджеттік инвестициялар және бюджеттік қаражаттарды жұмсау.

77. Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар.

78. Мемлекеттік органның меморандумы.

## 96 Салыктық-бюджеттік жоспарлау

79. Меморандумдар бекітіледі.
80. Операциондық жоспар.
81. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері.
82. Бюджеттік өтініш.
83. Бюджеттік сұранымдағы түсіндірме хат.
84. Республикалық бюджеттің жобасын қарастыру мен анықтау.
85. Республикалық бюджет туралы заң жобасының мазмұны.
86. Республикалық бюджет туралы заң жобасына тіркелетін құжаттар.
87. Республикалық бюджетті бекіту.
88. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу принциптері.
89. Мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау (әкімшілік) бойынша жергілікті уәкілдепті орган.
90. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана туралы шешімнің жобасы және тіркелетін қосымшалар.
91. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихаттың жобасын әзірлеу.

## **Білім алушылардың өзіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:**

1. 5 жылдық мерзімге арналған Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы жасалынатын негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттары.
2. 5 жылдық мерзімге арналған Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы жоспарын және үш жылдық бюджет жоспарының параметрлерін әзірлейтін мемлекеттік орган.
3. Республикалық бюджеттік комиссиямен макұлданады және Қазақстан Республикасы Үкіметіне енгізіледі.
4. 3 жылдық мерзімге арналған стратегиялық жоспарлар мен бюджеттік өтініштердің әзірлену тәртіби.
5. 5 жылдық мерзімге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының жобасы және «3 жылға арналған республикалық бюджет туралы» КР Заңының жобасы.
6. Әлеуметтік-экономикалық дамудың және республиканың немесе аймақтың бюджеттік параметрлерінің болжамын әзірлеудің мақсаты мен қажеттілігі.
7. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының мәні және негізгі көрсеткіштері. 5 жылдық мерзімге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму жоспары болжамының мазмұны мен құрылымы.
8. Әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамын құруда қолданылатын болжамның әдістері мен үлгілері.
9. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын калыптастыратын нұсқалар (базалық, пессимистік, оптимистік).
10. Болашактағы 5 жылдық мерзімге арналған Қазақстан Республикасының макроэкономикалық саясатының негізгі бағыттары.

Егер төлемдер грант алушымен не грант мақсаттарын (міндегі) жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған орындаушымен жасалған шартқа (келісімшарт) сәйкес жүргізілсе, осы ережелер қолданылады. 2000 жылдан 2011 жылға дейін әлеуметтік салық түсімдері 3 есе артты.

Бүкіл әлемде салықтың қызық түрі жанама салық – **акциз** болып табылады. **Акциз** – бұл жаппай қолданылатын тауарларға, үйим қызметтеріне, жеке тұлғаларға салынатын жанама салық; сәйкес тауарға баға қосады. Мемлекетпен тауардың босату бағасынан пайызбен немесе тауар бірлігінен тұрлаулы сомамен бекітіледі.

*Акциз салығы – Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын салық.*

*Акциз салығын төлеуушілер:*

1) Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын жеке және заңды тұлғалар;

2) акцизделген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын жеке және заңды тұлғалар;

3) Қазақстан Республикасының аумағында бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуіді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

**4.5-кесте – 2000-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жергілікті бюджет шығыстарының құрылымы мен серпінін талдау**

млн. теңге

Атауы	2000ж.	2007ж.	01.01.2012ж. (кассалық орындау)	6.4/6.2*100
1	2	3	4	5
Шығыстар	300 743	1 468 076	2 576 751	856,8
Құрылымы, %	100	100	100	-
Жалпы мәндегі мемлекеттік қызмет көрсетушелер	10 386	44 208	76 734,5	738,83
Үлес салмагы, %	3,45	3,01	2,98	-
Қорғаныс	4 119	7 203	13 055,2	316,95
Үлес салмагы, %	1,37	0,49	0,51	-
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, соттық, қылмыстық атқарушылық қызмет	11 266	44 856	85 907,1	762,53
Үлес салмагы, %	3,75	3,06	3,33	-
Білім беру	71 097	371 302	774 698,8	1089,64
Үлес салмагы, %	23,64	25,29	30,06	-
Денсаулық сактау	46 724	262 851	359 016,1	768,38
Үлес салмагы, %	15,54	17,90	13,93	-
Әлеуметтік камеыздандыру және әлеуметтік комек	20 032	44 789	95 497,4	476,72
Үлес салмагы, %	6,66	3,05	3,71	-
Тұргын үй-коммуналдық шаруашылық	22 106	199 937	386 813,9	1749,81
Үлес салмагы, %	7,35	13,62	15,01	-
Мәдениет, спорт, туризм және ақиараттық кеңістік	12 840	73 778	142 107,5	1106,76
Үлес салмагы, %	4,27	5,03	5,51	-
Отын-энергетикалық кешен және жер койнауын пайдалану	-	33 653	104 743,4	-
Үлес салмагы, %	-	2,29	4,06	-
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше коргауга алынған табиги аймак, коршаган органды және жануарлар әлемін коргау, жер катынастары	2 576	42 490	132 893	5158,89
Үлес салмагы, %	0,86	2,89	5,16	-
Онеркасін, архитектуралық, қала-құрылымы және құрылымы қызметі	547	8 100	17 654,8	3227,57
Үлес салмагы, %	0,18	0,55	0,69	-
Көлік және байланыс	22 137	156 605	217 301,5	981,62
Үлес салмагы, %	7,36	10,67	8,43	-

Таты баекалар	22 260	9 270	42 284,9	189,96
Үлес салмагы, %	7,40	0,63	1,64	-
Қарызды қызмет көрсету	401	705	1 102,8	275,01
Үлес салмагы, %	0,13	0,05	0,04	-
Трансфертер	54 251	168 329	126 939,9	233,99
Үлес салмагы, %	18,04	11,47	4,93	-

Жергілікті бюджеттерге салықтық түсімдер осы кезеңде 3,8 есе 258,3 млрд.тенgedен 981,1 млрд.тенгеге өсті. Жергілікті бюджеттерге салықтық түсімдердің көп үлесін жеке табыс салығы (2010 жылы 36,7 пайыз) және әлеуметтік салық (2010 жылы 29,8 пайыз, (жергілікті бюджеттерге салықтық түсімдердің шамамен 2/3 қөлемі) алады. Акциздердің үлесі аз (2010 жылы 5,6 пайыз). Жергілікті бюджеттердің шығыстарын айтсақ (4.5-кесте), олар да осы кезеңде 8,5 есе 300,7 млрд.тенgedен 2011 жылы 2 576,7 млрд.тенгеге өсті. Жергілікті бюджеттердің әлеуметтік шығыстарының үлесі 2011 жылы 53,21 пайызды құрады, ал 2000 жылы олардың үлесі 50,11 пайызды құраган. Жергілікті бюджеттен алынатын трансфертердің үлесі 2000 жылы 18,0 пайыздан 2011 жылы шамамен 5 пайызға дейін азайтан, яғни 3 еседен көп. Дегенмен, жергілікті бюджеттерден алынатын трансфертер осы кезеңде 2,3 есе 54,3 млрд.тенgedен 126,9 млрд.тенгеге есken.

Сонымен қатар, түрлі деңгейдегі кірістер мен шығыстар бюджеттерін жоспарлау және болжау оның кірістер мен шығыстар балтарын қалыптастыруға ықпал ететін және тұтастай алғанда, ол ұлттық және әлемдік экономиканың даму үрдістеріне байланысты әр түрлі факторларды талдауға иегізделеттін ескеру керек. Соңғы онжылдықта қүшейген интеграциялық үрдістер мен ұлттық экономиканың барлық салаларына жаһанданудың әсері жағдайында мемлекеттің әр түрлі деңгейлерінің бюджеттерін жоспарлау және болжамдау қынданады.

Елде жыл сайын қазақстандық экономиканы әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, өнімділігін арттыру және қазақстандықтардың өмір сұру сапасын арттыруға бағытталған көптеген заңдар қабылданады, оған өз кезегінде барлық деңгейдегі бюджеттердің кірістік және шығыстық болімдерін жоспарлау кезінде ескеру қажет болатын мемлекеттің ірі қаржылық ресурстары қажет болады.

Корыта келгенде, әлемдегі макроэкономикалық жағдайлар байланысты елдің салықтық және бюджеттік саясаты жетілдіріледі, сәйкесінше, барлық бұл озгерістер мемлекеттің бюджеттің жоспарлау және болжамдау кезінде әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің нақты кірістік және шығыстық балтарында жүзеге асады.

124 № Салықтық-бюджеттік жоспарлар

**Бақылау сұрақтары:**

1. «Қазақстан-2030» даму стратегиясы.
2. Әкімшілік реформаны жүргізу мүмкіндіктері.
3. Жаңа Салық кодексі.
4. Салық ауыртпалығын қысқарту.
5. Баламалы жолы.
6. Табысты бюджет саясатының негізі.
7. Мемлекеттік бюджет.
8. Мемлекеттік бюджеттің кірістері.
9. 2000-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымы мен серпінін талдау.
10. Мемлекеттік бюджеттің кірістеріндегі салықтық емес түсімдер.
11. Табыстарға салық.
12. Корпоративтік табыс салығы.
13. Корпоративтік табыс салығын төлеушілер.
14. КТС-ны толеуден босатылатын тұлғалар.
15. КТС бойынша салық салу объектілері.
16. Қосылған құн салығы.
17. ҚКС-ты есептеу адістері.
18. ҚКС-тың артықшылығы.
19. ҚКС төлеушілер.
20. Қосылған құн салығының салық салу объектілері.
21. ҚКС есептеу тәртібі.
22. ҚКС-ты әкімшілендіру мәселесі.
23. Жеке табыс салығы.
24. ЖКС-ны төлеушілер.
25. ЖКС-ны толеуден босатылатын тұлғалар.
26. Жеке табыс салығының салық салу объектілері.
27. Өлеуметтік салықтың экономикалық мәні.
28. Өлеуметтік салықты төлеушілер.
29. Өлеуметтік салықтың салық салу объектілері.
30. Өлеуметтік салықтың салық салу объектілеріне жатпайды.
31. Акциз салығы.
32. Акциз салығын төлеушілер.
33. Акциз салығын төлеуден босатылатындар.
34. Акцизделетін тауарлар.
35. Мемлекетті басқарудың негізгі қызметтері.
36. Республикалық бюджеттік бағдарлама.
37. Республикалық бюджеттің қаржаттары.
38. 2000-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджеттінің кірістер құрылымы мен серпіні.
39. 2000-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы республикалық бюджеттің шығыстарының құрылымын және серпіні.
40. Жергілікті бюджетке трансфертердің үлесі.

41. Жергілікті бюджеттердің орны.
42. Жергілікті бюджеттердің жағдайы.
43. Жергілікті бюджеттердің тұрақтылығының негізгі шарты.
44. Жергілікті бюджеттердің қалыптастыру деңгейлері.
45. 2000-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жергілікті бюджет кірістерінің құрылымы мен серпіні.
46. 2000-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жергілікті бюджет шығыстарының құрылымы мен серпіні.
47. Жергілікті бюджеттерге салықтық түсімдер.
48. Жергілікті бюджеттердің әлеуметтік шығыстарының үлесі.

***Білім алушылардың озіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:***

1. ҚР мемлекеттік қаржыларымен басқарудың құқықтық негіздері.
2. ҚР Бюджет кодексі қалай жетілдірілді.
3. Эрбір жылдардагы ҚР Бюджет кодексінде болған негізгі өзгерістер.
4. Елдің мемлекеттік бюджеттің қалыптастырудың механизмі.
5. Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің бірнеше жылдардагы құрылымы мен серпіні.
6. Қазақстанның республикалық бюджетінің бірнеше жылдардағы кірістері мен шығыстарының құрылымы мен серпіні.
7. Жергілікті бюджеттер. Оның атқаратын қызметтері және олардың ел экономикасы дамуындағы ролі.
8. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттерінің кірістері мен шығыстарының құрылымы және серпіні.

***Талдамалық баяндамалар тақырыппатары:***

1. Соңғы 5 жыл бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет серпініне талдау жүргізіңіз. Соңғы 5 жыл бойынша мемлекеттік бюджет шығыстары мен кірістерінің баптары бойынша талдамалық кесте құрыңыздар. Осы соңғы 5 жыл бойынша олардың есү қарқынын анықтап, кірістер мен шығыстар баптары бойынша үлес салмағын есептеңіз. Осыған сай қорытынды жасап, оз ұсныстарыңызды дайындаңыздар. Презентация (слайд) дайындалап, талдау баяндамасын жасаңыздар.
2. Соңғы 5 жыл бойынша Қазақстанның республикалық бюджеттіне есү қарқыны мен баптары бойынша (кірістер мен шығыстарының негізгі баптарымен) талдау жүргізіңіз. Осыған сай қорытынды жасап, оз ұсныстарыңызды дайындаңыздар. Презентация (слайд) дайындалап, талдау баяндамасын жасаңыздар.
3. Соңғы 5 жыл бойынша Қазақстанның жергілікті бюджеттіне есү қарқыны мен баптары бойынша (кірістер мен шығыстарының негізгі баптарымен) талдау жүргізіңіз. Осыған сай қорытынды жасап, оз ұсныстарыңызды дайындаңыздар. Презентация (слайд) дайынданап, талдау баяндамасын жасаңыздар.



## 5-ТАРАУ. БЮДЖЕТТИҚ КІРІС БӨЛІМІН ЖОСПАРЛАУ (БОЛЖАМДАУ). САЛЫҚТЫҚ ЖОСПАРЛАУ МЕН РЕТТЕУ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ

1. Бюджет түсімдерін жоспарлаудың (болжамдау) негізі мен міндеттері. Макро және микро деңгейдегі салықтық жоспарлау.
2. Бюджеттің кіріс түсімдерін жоспарлаудың (болжамдау) әдістері, тасілдері және ұйымдастырылуы.
3. Мемлекеттік салықтық реттеу және мемлекеттік салықтық бақылау.

**5.1** || Бюджет түсімдерін жоспарлаудың (болжамдау) негізі мен міндеттері. Макро және микро деңгейдегі салықтық жоспарлау

Бюджет түсімдерін болжамдау бюджеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органмен әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және елдің бюджеттік параметрлерін ескере отырып жүзеге асады. Мемлекеттік бюджетке және Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорына жоспарлы кезеңге түсімдерді болжамдау Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер тұрағы» Салық кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Президенттің 2010 жылдың 2 сәуірінен № 962 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаржаттарын қалыптастыру және қолдану тұжырымдамасы» қаулысына және басқа нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Каржы министрлігімен Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 65 бабына сәйкес 2008 жылдың 4 желтоқсанынан (жаңа басылым) Бюджет түсімдерін жоспарлау әдістемесі өзірленген. Жоспарланған және нақты мәліметтердің ең көп сәйкестігімен Бюджетке түсімдерді жоспарлауды жүргізу үшін макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерістерінің салықтар түсімдерінің көлеміне бірнеше жыл үшін әсерінің талдауын жүргізу керек.

Бюджетке және Ұлттық қорға түсімдерді болжай есептеудің бірнеше әдісімен жүргізіле алады, ол ең онтайлы шешім қабылдау үшін қажет. Кірістерді болжай үрдісі болжай және мониторингтің жалпы сыйбасында көрсетілген (5.1-сурет).



5.-сурет – Бюджет кірістерін болжамдау және мониторингтің жалпы сыйбасы

### **Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі минадай принциптерге негізделеді:**

1) *бірыңғайлық принципі* – бюджет жүйесін ұйымдастырудың және оның жұмыс істеуінің бірыңғай принциптерін колдану, Қазақстан Республикасында бірыңғай бюджет сыйыптамасын және бюджет үдерісінің бірыңғай рәсімдерін пайдалану;

2) *толымдылық принципі* – бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстардың көрсетілуі, бюджет қаражаты бойынша талап құқықтарының басқаға берілуі сияқты, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке жатқызуға жол бермеу;

3) *реалистік принципі* – бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет көрсеткіштерінің әлеуметтік-экономикалық дамудың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары болжамдарының бекітілген (түзетілген) параметрлеріне бағыттарына сәйкес келуі;

4) *транспаренттілік принципі* – мемлекеттік немесе заңмен корғалтын өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді, сондай-ақ қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін бюджет үдерісінің міндетті ашықтығын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді, стратегиялық жоспарлар мен олардың іске асырылуы туралы есептерді,

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру туралы және пайдалану туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау;

5) *дәйектілік принципі* – мемлекеттік органдардың бюджеттік қатынастар саласында бұрын қабылданған шешімдерді сактауы;

6) *нәтижелілік принципі* – мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында және бюджеттік бағдарламаларында көзделген тікеlei және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару;

7) *бюджеттердің дербестік принципі* – түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты белгілеу және Бюджет кодексіне сәйкес олардың жұмысалу бағыттарын айқындау, Бюджет кодексіне сәйкес мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің бюджет үдерісін дербес жүзеге асыру құқығы, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді және жергілікті бюджеттер қаражатының қалдықтарын жоғары түрған бюджетке алып қоюға жол берілмеуі, төменгі бюджеттерге оларды тиісті отеусіз, қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмеуі;

8) *сабақтастық принципі* – өткен кезеңде бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына, базалық шығыстарға, бюджеттік мониторинг қорытындыларына, нәтижелерді бағалауға негізделген республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау;

9) *негізділік принципі* – бюджет жобасына қандай да болсын түсімдерді немесе шығыстарды енгізу қажеттігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындастырып нормативтік-құқықтық актілер және басқа да құжаттар негізінде бюджетті жоспарлау, сондай-ақ бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану;

10) *уақытылылық принципі* – республикалық және жергілікті бюджеттерге, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаның бакылау шотына түсімдерді есептеу және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі Үкімет шотына аудару, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауы, төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес толемдер жасау және тиісті нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген тәртіпті сактай отырып, мерзімінде бюджет қаражатын алушылар шоттарына аудару;

11) *кассаның бірыңғайтық принципі* – бюджеттік барлық түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есептеу және бірыңғай қазынашылық шоттан барлық көзделген шығыстарды ұлттық валютамен жүзеге асыру;

12) *тиімділік принципі* – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдаланып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу қажеттілігін не-

гізге ала отырып, бюджеттерді әзірлеу және атқару немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей нәтижеге қол жеткізу;

13) *жауапкершілік принципі* – тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер басшыларының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер кабылдағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті әкімшілік және басқару шешімдерінің қабылдануы;

14) *бюджет қаражатының атауылық және нысаналы сипаты принципі* – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, бюджет қаражатын мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында және бюджеттік бағдарламаларында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына катысу арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемелерінде көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағыттауы және пайдалануы.

*Бюджет кірістері* – бұл мемлекеттік қызметтерді орындау үшін қажетті елдің орталықтандырылған қаржылық ресурстарының болігі, әр түрлі деңгейдегі билік органдарының құзыретіне ҚР заңдылығына сәйкес ақысыз және қайтарымсыз берілетін акша қаражаттары. Олар акша қаражаттары қорларының қалыптасу үрдісінде пайда болатын экономикалық қатынастарды көрсетеді.

*Бюджет кірістері* жеке элементтерге болінеді:

- салықтық және салықтық емес түсімдер;
- негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;
- трансфертер түсімдері.

*Бюджетке кірістер түсімдерін жоспарлау (болжамдау)* – республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы міндеттерімен анықталатын респубикалық және жергілікті бюджеттердің қалыптасуының бюджеттік үрдісінің құрамдас болігі болып табылады. Келер жыл үшін бюджетке кірістер түсімдерін болжамдау Қазақстан Республикасының Салық кодексіне, ҚР Бюджет кодексіне және басқа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар, республиканың және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының макроэкономикалық көрсеткіштері, елдің орта мерзімді фискалды саясатының ережелері мен көрсеткіштері, есептік кезең үшін түсімдердің экономикалық талдауы мен ағымдық кезеңнің күтілетін бағасы, салықтық түсімдерге әсер ететін негізгі көрсеткіштердің болжанатын өзгерістері ескеріледі.

*Бюджеттің болжамдау үшін қолданылатын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер:*

- жалпы ішкі өнімнің көлемі;
- ақша массасының көлемі;
- еңбекті төлеу қорының көлемі;
- инфляция индексі;
- тауар айналымының көлемі;
- импорт-экспорт операцияларының көлемі;
- ұлттық валюта бағамы.

*Кірістер түсімдерін болжамдау негізіне келесі принциптер жатады:*

- бүкіл республика бойынша болжамдық көрсеткіштердің есебін қалыптастырудың бірекейлігі;
- болжамдық көрсеткіштер есебінің мөлдірлігі;
- болжамдық көрсеткіштердің анықтылығы және объективтілігі;
- бюджеттік жүйенің барлық деңгейлері бойынша жалпы бір жылға және тоқсанға, айға бөліп төлемнің әр түрі бойынша бюджет түсімдерінің болжамдарының есебі.

*Бюджет кірістерін жоспарлау (болжамдау) – жоспарлау мен болжамдаудың әр түрлі статистикалық, экономикалық-математикалық, талдамалық және кәсіби әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Бюджет бюджеттегі барлық кірістер мен шығыстарды толық көлемде есептеуге мүмкіндік беретін баланстық әдіс бойынша жасалады. Бұл бюджетте қарастырылғаннан басқа кірістер мен шығыстардың болмауы керек екендігін білдіреді.*

*Жоспарлау кезінде қолданылатын әдістер:*

- брутто бюджеті;
- нетто бюджеті.

*Брутто бюджетті – бюджетте мемлекеттің барлық кірістік және шығыстық қаржылық операциялары көрсетілетін бюджет.*

*Нетто бюджетті – бюджет көрсеткіштері баптар бойынша сальдолық нәтижелер ретінде есептелсе, яғни, кірістердің әр баптары бойынша түсімдер осы кірістерді алу үшін шығыстарды алып тастав арқылы анықталатын бюджет.*

Бюджетке мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыру құралының қызыметі берілгендейтін, бұл қызыметті орындауға мақсатты бюджеттеудің әдістерінің негізінде орта мерзімді бюджеттік жоспарлауды сингізу сәйкес келеді. Бағдарламалық-мақсаттық бюджеттеудің әдісі дамудың бағдарламалық стратегиясы базасында бюджеттік шығыстарды жоспарлауды көрсетеді. Бұл әдіс бойынша бірінші елдің дамуының стратегиялық басымдылықтары анықталады, кейін олар бюджет шығыстарында көрінеді.

**Бюджет жобасын әзірлеу үдерісінде бюджеттік тәсесірудің айрықшалықты (спецификалық) әдістері қолданылады:**

- сатылас (тік);
- деңгейлес (көлденең) бюджеттік тәсесіру.

Кез-келген мемлекеттің бюджеттік жүйесінің негізінде биліктің әр түрлі деңгейі орындайтын міндеттер мен аткарымдардың айырмашылығына байланысты әр деңгейдің билік органдарының қаржылық ресурстары мен олар орындайтын құзыреттер арасында сәйкесіздік (диспропорция) болады. Мұндай сәйкестікке жетуді **бюджеттерді сатылас тәсесіру әдісі** деп атайды. Негізінде, бұл әдістермен мемлекеттік басқарудың (жергілікті бюджеттердің шығыс бөлігі) жергілікті органдардың қаржылық сұраныстарын нақты қаржылық ресурстармен (жергілікті бюджеттің кіріс бөлігі) қамтамасыз ету міндеттері шешіледі. Сатылас тәсесіру әдісінің қомегімен шығыстық аткарымдарды жүзеге асыру үшін және биліктің әр түрлі деңгейлеріне бюджеттің кіріс көздерін онтайлы (тиімді) бекіту үшін қаржылық базаны қамтамасыз етеді.

**Бюджеттерді деңгейлес тәсесіру әдісін** қолданудың қажеттілігі мемлекеттің террориясының дамуының әр түрлі деңгейлігімен байланысты. Әлеуметтік әділдікті және елдің әр түрлі аудандарының тұрғындарын мемлекеттік қызметтерді төң дәрежеде қолдануын қамтамасыз ету үшін респубикалық бюджеттен төменгі бюджеттерге қаржылық қомекті таратудың бірегей ресми әдісі бар. Мұндай әдістер ретінде трансфертер, дотациялар, субвенциялар, өзара есеп айырысу, бюджеттік өтемакылар қолданылады. Бұл әдістердің арақатынасы, олардың қолданылу тәжірибелі, есептеу әдістемесі бюджеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органдармен әзірленіп, бекітіледі және олар нақты экономикалық жағдай мен бюджетаралық қатынастың анықталған үлгісіне байланысты қолданылатындықтан әр жылы сан түрлі болуы мүмкін.

Бюджет кірістерінің негізін **салықтық түсімдер** құрайды. Салықтық механизмнің маңызды элементтерінің бірі – **салықтық жоспарлау** мен **болжамдау** болып табылады.

**Салықтық жоспарлау** – салықтық менеджменттің маңызды аткарымынды элементі. Жоспарлаудың қомегімен максатқа жетуді қамтамасыз ететін әрекеттер мен шешімдердің негізгі бағыттары анықталады. Салықтық менеджменттің негізі қаржылық ғылым болғандықтан, салықтық жоспарлау мен болжамдау белгілі бір дәрежеде қаржылық жоспарлаудың (болжамдау) бөлігі болып табылады.

**Салықтық жоспарлау** мен **болжамдаудың міндеттері** бір магиналы емес. Олар басқарудың қай нысанына қойылғандығына байланысты былайша болынеді:

- мемлекеттің (оның территориясының) салықтық ағымына орай;

— жеке кәсіпорынның салықтық ағынына байланысты.

*Салықтық жоспарлау* – бұл келер жылға (және немесе мемлекеттің болашаққа және басқарушы субъектімен) кірістік және шығыстық салық ағындарының көлемін, құрамын, құрылымын белсендіру және қозғалыс бағыттарының ең тиімдісін анықтаудың болжамдық көрсеткіштеріне негізделген үдеріс. Салықтық жоспарлаудың макро және микро деңгейдегі мақсаттары мен міндеттері де сан алуан. Мемлекет бюджет және бюджеттен тыс қорлар үшін салықтық кірістерді көбірек жоспарлауға, ал кәсіпорын – салықтық міндеттерді томендету жолдары мен әдістерін жоспарлау үдерісінде белгілеуге тырысады.

*Салықтық жоспарлаудың саласы біртекті емес және екі түрге болінеді:*

- салықтық-бюджеттік жоспарлау;
- корпоративтік салықтық жоспарлау.

*Салықтық-бюджеттік жоспарлаудың мақсаты* – мемлекеттік бюджеттің қажеттілігін қамтамасыз ету. Ал енді *корпоративтік салықтық жоспарлаудың мақсаты* – салықтық толемдерді оңтайландыру шаралары, оларды азайтудың заңды әдіс-тәсілдерін қарастыру. Сәйкесінше, салықтық жоспарлаудың міндеттері де әр түрлі.

*Мемлекеттік салықтық жоспарлаудың мақсаты* – мемлекеттің экономикалық, қаржылық, салықтық саясатының тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша барлық деңгейдегі билік органдарының шығыстық оқілеттілігінің көлемі, құрамы және құрылымы бойынша оңтайлы қаржылық қамтамасыз ету болып табылады.

*Корпоративтік салықтық жоспарлаудың мақсаты* – кәсіпорынның салықтық ағынын, оның экономикалық, қаржылық, салықтық саясатын жүзеге асыру бойынша оңтайландыру болып табылады.

*Макроденгейде салықтық жоспарлау және болжамдау* – бұл шешім әзірлеу және қабылдау жүйесінің ерекше элементі. Салықтық жоспарлау мен болжамдаудың негізгі міндеті заңды ретпен салықтық тұжырымдамада әзірленген және қабылданған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының келешекте бағдарламаларын және бюджеттік міндеттердің сапалық және сандық көрсеткіштерін экономикалық негізділікten қамтамасыз ету. Бұл міндет бір қаржылық жылға (агымдық салықтық жоспарлау), сонымен қатар алшақтатылған келешекке (салықтық болжамдау) да орындалады.

*Микроденгейдегі корпоративтік салықтық жоспарлау* – қарым-қатынастың құқықтық нысандары мен олардың әрекеттегі салықтық заңдылық бойынша түсіндірілүүнің мүмкін нұсқаларын «оңтайлы» үйлестірудің әдістері болып табылады.

Бұл бағыт бойынша салықтық жоспарлауды қызметті жүзеге асыру әдістері мен салықтық міндеттемелердің аз ғана деңгейіне жетуге бағытталған активтерді орналастырудың әр түрлі әдістері арасынан таңдау жасау дең айтуға болады. Мұндай жоспарлау келешекте болуы керек екені анық, себебі қонцептеген көлісімшарттар бойынша шешімдер өте қымбат болады, ал олардың өтемі ірі қаржылық жоғалтулар (ысырап) әкелуі мүмкін. Сондықтан, салықтық жоспарлау тек әрекеттегі салықтық заңдар мен нұсқаулықтардың мәтінін зерттеуге ғана негізделмей, Үкімет жүргізетін дайындалып жатқан салықтық реформалардың бағыттары мен мазмұнына да негізделуі керек. Бұл сұрақтар бойынша акпаратты баспасөзде басылатын, Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті басқару органдарының отырысындағы есептерден, электронды құқықтық-акпараттық жүйелерден және т.б. мәліметтерден алуға болады.

Қазақстан Республикасында бюджеттің кірістік бөліміне салықтық түсімдерді жоспарлау бойынша сұрақтар олардың қолеміне әсер ететін факторлар мен көрсеткіштердің тұрақты өзгеріп тұруына байланысты әрқашанда өзекті болып отырады.

*Бюджеттердің салықтық кірістерін жоспарлау* – бұл әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мен олардың өзгеруі туралы пікірлерге негізделген бюджетке түсімдердің нақты қолемі түрінде міндеттерді қою бойынша билік органдарының қызметі.

*Салықтық кірістерді болжамдау* – бұл қалыптасқан үрдістерді талдау негізінде әлеуметтік-экономикалық корсеткіштердің өзгеруінің мүмкін үлгісін әзірлеу бойынша билік органдарының қызметі.

Салықтық жоспарлау үдерісінде экономикалық және қаржылық жоспарлаудың жалпыға белгілі әдістері қолданылады: баланстық, коэффициенттер, қол жеткеннен, нормативті, кемімелі-өзара байланысты, болжамдық, трендтік үлгілердің комегімен болжамдық экстраполяция және т.б.

*Мемлекеттік салықтық жоспарлау* экономикалық негізделген (онтайлы) салықтық параметрлер мен берілген салықтық әлеуеттің параметрлері бойынша бюджеттік жүйеге салықтық түсімдердің ең жоғарғы қолемін қамтамасыз ету және салық атқарымдарын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік билік органдарының шешімдерін анықтаудың нысандары мен әдістерінің бірлігі.

*Салықтық жоспарлаудың маңызды кезеңі* – салықтық менеджменттің стратегиялық экономикалық мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін салық салудың жалпы тұжырымдамасын әзірлеу болып табылады. Салықтық жоспарлау салықтық саясатпен тығыз байланысты, тек

мемлекеттік деңгейде ғана емес. 2000 жылдардың басынан бастап республикада кәсіпорындар салық салу мақсаты үшін жыл сайынғы саясатты өзірлеуге міндепті, оның ережелері салықтық органдарға жеткізіледі.

*Дегенмен, мемлекеттік деңгейде салықтық саясат белгілі бір дарежеде салықтық жоспарлауға түйістіріледі:*

— салықтық саясаттың барлық параметрлері салықтық жоспарлауда көрініс табады.

Салықтық саясат стратегия мен тактикадан тұрады. Сондықтан салықтық жоспарлаудың да стратегиясы мен тактикасы бар. Ал енді салықтық жоспарлау оның екі құрамдасы да бір-бірімен тығыз байланысқанда тиімді болады.

*Стратегиялық салықтық жоспарлау* — қойылған стратегиялық мақсаттарды ұзақ мерзімді жоспарлау. Яғни салықтық саясаттың стратегиялық параметрлері негізінде ұзақ мерзімге салықтық ағындарды жоспарлау.

Жеке салық төлеушілер арасында *тактикалық ағымдық немесе оперативті салықтық жоспарлау* көп тараған, ол Қазақстанда XX ғасырдың 90 жылдарының ортасында дамыған. Салықтық жоспарлаудың бұл түрі болжамдық мәліметтерді өзірлеуді және ағымдық жылға салықтық төлемдердің жоспарын өзірлеуді қарастырады. Дегенмен, кәсіпорындарда мұндай жылдық салықтық жоспарлау стратегиялық салықтық жоспарлауға ауысады.

*Жалпы стратегиялық салықтық жоспарлау* салықтық менеджменттің элементі ретінде, келесі үдерістерден тұрады:

- салықтық болжамдау;
- стратегиялық және тактикалық салықтық жоспарлау, жиынтық салықтық жоспарлау (салықтық саясаттың тұжырымдамасын өзірлеу),
- нәтижеге бағдарланған салықтық бюджеттеу,
- тиімді шығыстарды қаржыландыру үшін алынған қосымша кірістерді онтайлы қолдану.

*Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеттің кірісіне салықтық түсімдерді жоспарлау* және болжамдау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелген. Оның негізгі міндепті болып табылады:

- салық және кеден заңнамасындағы өзгерістердің бюджетке табыс түсімдері бойынша әсерін талдау;
- болжам, сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштердің өзара байланысында ең маңызды ауытқу себептерін көрсете отырып, өнірлік және салалық бөлімдерінде табыстың түрлері бойынша бюджетке мемлекеттік табыстардың тусуінің қазіргі жағдайын талдау;

– салықтар мен төлемдерді жинауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

– оның қалыптасуы, өсу немесе төмендеу себептерін көрсете отырып, өнірлік бөліктегі табыстың түрлері бойынша берешектердің ағымдағы жағдайын талдау;

– облыстар бөлігінде салықтар мен төлемдер бойынша мемлекеттік табыс түсімдерінің болжамын әзірлеу;

– салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алуды жүргізу мәселелері бойынша есепке алу әдіснамасы мен нұсқамалық материалдарды әзірлеу және жетілдіру.

## 5.2 || Бюджеттің кіріс түсімдерін жоспарлаудың (болжамдау) әдістері, тәсілдері және ұйымдастырылуы

*Мемлекеттік салықтық жоспарлау* ғылыми негізделген салықтық саясаттың тұжырымдамасын әзірлеу немесе түзетуден басталады, осыған сәйкес мемлекеттің салықтық жүйесіне, оның құрамы мен құрылымына өзгерістер енгізіледі. Ары қарай салықтық саясатқа негізделген стратегиялық және тактикалық параметрлерден шығатын мақсаттар, міндеттер және оған жету әдістері бекітіледі.

*Мемлекеттік салықтық жоспарлау* келесі негізгі міндеттерді иштеді:

– салықтық заңнамалар мен құқықтық негіздерін қалыптастыру;

– салықтық ауыртпалықтың жиынтығына және салық салу жүйесін құрылымының онтайлы параметрлеріне негізделген, нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайдан шығатын онтайлы салықтық жүйені әзірлеу;

– салық салу базасын және салық салу обьектілерін онтайландыру;

– салықтық женілдіктер мен шегерімдердің онтайлы жүйесін әзірлеу;

– келесі қаржылық жылға және орта мерзімді келешекке салықтық бюджетті әзірлеу.

*Салықтық жоспарлау жоспарлаудың кезеңіне, мақсатына және міндеттеріне байланысты былайша болінеді:*

– оперативті (бір айға немесе тоқсанға);

– ағымдық (бір қаржылық жылға);

– стратегиялық (ұзақ мерзімді).

*Салықтық жоспарлаудың негізгі және кең қолданылатын құралдарына жататындар:*

– салықтық заңнамалармен қарастырылған салықтық женілдіктер;

- салықтың түрлері бойынша салықтық мөлшерлемелерді жіктеу;
- арнаулы салық режимі мен салық салу жүйесі;
- қосарланған салық салуды болдырмау келісімімен және басқа да халықаралық келісімшарттармен қарастырылған жеңілдіктер;
- нақты салықтар бойынша салық салынатын базаны анықтау әдістері.

*Қазіргі кезде қысқа мерзімді қаржылық болжамдауды әзірлеғендегі кірістерді болжамдау үшін екі әдіс қолданылады, олар:*

- экстраполяциялық;
- үлгілеу.

*Экстраполяциялық әдіске сәйкес кірістердің болжамдық мәні бұрынғы мағынасына байланысты болады. Бұл әдіс орта мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық жоспарлаудың аймақтық тәжірибесінде кеңінен қолданылған.*

*Үлгілеу әдісі – үлгілерді әзірлеп, қолдануга бағытталған теориялық талдау және тәжірибелік қызмет әдісінде кірістердің мазмұны оның факторларына тәуелді болады. Кірістің әр элементінің болжамдық мағынасы осы тәуелділік арқылы факторлардың болжамдық мағынасы бойынша есептеледі. Үлгілеу – республикалық деңгейде белсенді қолданылады, бірақ жергілікті бюджеттердің кірістерін болжамдау үшін аз қолданылады.*

*Қазақстанда бюджеттің салықтық кірістерін есептей әдісі – әлі толыққанды жасалмаған, яғни салықтық түсімдердің көлеміне әр түрлі факторлардың әсерін дәйекті үлгілеу үшін қажет мәліметтер базасы жеткіліксіз.*

*Салықтық түсімдердің контингенттің есептей әдісі келесі кезеңдермен сипатталады:*

- бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті орган ағымдық салықтық түсімдер туралы мәліметтерді жалпылап, бюджеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті органға оларды ұсынады;
- бюджеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті орган елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының макро-экономикалық көрсеткіштеріне негізделе отырып, салықтық түсімдердің контингенттің жоспарлайды және оларды бюджеттік жоспарлау бойынша жергілікті уәкілетті органдарға жеткізеді;

– бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару бойынша жергілікті уәкілетті органдар сәйкесінше территорияның контингент кірістерін болжамдайды.

*Бюджеттің кірістер контингенттің болжамдау үдерісінде әрекеттегі заңды және нормативті актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескеру керек және бюджеттік жүйенің деңгейлері бойын-*

ша түсімдерді шектеуді Салық және Бюджет кодекстерінің нормалары бойынша және кезекті жылға республикалық бюджет туралы Заңының баптарына сәйкес жүзеге асыру қажет. Осылайша, барлық деңгейдегі бюджеттердің салықтық кірістерін нақты және негізді жоспарлау үшін келешек кезеңдерде салық түсімдерін бағалаумен бірге әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді жан-жақты талдау, салық төлеуші кәсіпорындарға оңтایлы жағдай туғызу, заңды базаны жетілдіру және тұрақтандыру. Салықтық кірістердің болжамдау әдісін жетілдіру Қазақстандағы бюджеттік үдерісті жетілдірудің өзекті бағыты болып табылады.

Стратегиялық салықтық жоспарлау территорияның табыстылығын келешекте бағалаумен байланысады, яғни стратегиялық салықтық әлеует анықтамасымен байланысады. Мұндай бағалау жүргізілетін құрал салықтық түсімдерді болжамдау болып табылады, олармен салықтық түсімдердің көлемімен қатар салықтық база мен оның элементтері қамтылуы керек. Стратегиялық салықтық жоспарлау тек салықтық әлеуеттің болжамдауы міндеттерімен ғана байланысты емес және кадрлық, заңды-нормативті, ұйымдастырушылық және басқа құрамдастары, салықтық өндірісті басқарудың принциптері мен әдістері арқылы жүзеге асатын салық салу жүйесінің ішкі әлеуетін бағалауга бағдарланған. Мұндай бағалаудың нәтижесі салықтық жүйенің ұзак мерзімді дамуының тұжырымдамасын әзірлеу болу керек.

Ағымдық салықтық жоспарлау нақты қаржылық жылға салықтық түсімдердің жоспарын қалыптастырумен және берілген салықтық міндеттерді қамтамасыз ету әдістерін анықтаумен байланысады. Бұл үдерісті жүзеге асыру кезінде бастапқы сәт нақты бағыттар бойынша және мемлекеттік шығыстардың көлемі бойынша ағымдық жылға қоғамдық басымдықтарға байланысты шешімдер қабылдау болуы керек. Сонымен қатар, басқа міндеттермен бірге, салықтық заңдылықты ескере отырып бюджеттердің кірістік бөлігін қалыптастыруды қамтамасыз ету қарастырылады. *Мақсатты бағдардың міндетті бюджеттің шығыстық бөлігі* ретінде сапалық және сандық параметрлер түрінде жоспарланған бюджеттік шығыстарды жабудың салықтық және салықтық емес көздерін табу, олардың нақты жоспарлық кезеңге қатынасын анықтау мәселесін қояды.

*Мемлекеттік салықтық жоспарлаудың әдісі* – салықтық әлеуеттің салықтардың нақты түсімдерімен қатынасын бағалау және жоспарланған кезеңде бюджеттік жүйеге салықтардың тұсу көлемі мен құрылымын анықтау болып табылады. Салықтық жоспарлау бюджеттік жүйеге салықтар мен алымдардың жогары жұмылдыру деңгейіне негізделген

бағдарланумен жүзеге асады. Осыған байланысты, салықтық болжамдау мен жоспарлауды бірегей үдеріс ретінде қарастырған дұрыс, оның шеңгінде шешімдерді тұрақты түзету, қойылған көрсеткіштерге жету бойынша шарапарды қарастыру жүреді.

Кірістер бойынша бюджеттерді қалыптастырудың негізгі кезеңдері ретінде түсімдердің барлық түрлері бойынша болжамдық мөлшерлердің анықтамаларының бірізділігін есептеу керек. Маңызды кезең – салықтық түсімдерді болжамдау, ал келесі кезең – салықтық емес түсімдерді болжамдау. Одан кейін – негізгі капиталды сатудан түсken түсімдерді болжамдау, ресми трансфертердің түсімдерін, берілген несиeler мен қаржылық активтердің және үкімет қарыздарын өтеуден түсken түсімдерді анықтау.

Болжанатын бюджеттік көрсеткіштер есебінің жылдық бюджет көрсеткіштер есебінен айырмашылығы болады, себебі түпкісі тікелей есеп әдісімен анықталады. Болжамдау кезінде тікелей есептеу әдісін жүргізу қажет мәліметтердің болмауына байланысты мүмкін емес. Бюджет кірістерін болжамдау трендтік сипаттағы әр түрлі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады. Осындай әдістердің бірі – экстраполяция әдісі тұрақты сипаттағы бюджет кірістерін болжамдауда қолданылады. Келесі – сараптамалық бағалау әдісінің кемшілігі субъективизм элементтері болады, себебі онда сарапшы-мамандар жасаған бағалар қолданылады. Осы екі әдісті бірдей қолданған кезде объективті болжам жасауға болады.

Бюджет кірістерін болжамдауда кемімелі сыйығы бойынша бюджеттік көрсеткіштердің өзгеру заңдылықтарын анықтау мақсатымен өзара байланысты (арақатынастық) үлгілерді қолдануға болады. Болжанатын бюджеттік көрсеткіштерді бюджеттің қалыптасуына әсер ететін бірнеше ауыспалы-факторлардың өзгерістеріне байланысты (тәуелді) қарастырады. Бюджет кірістерінің әр түрлі факторлардың өзгерістерінен атқарымды тәуелділігін қолдану экономика-математикалық үлгі жасауға мүмкіндік береді, оның негізінде тек бюджет кірістерінің көлемін ғана анықтамастан, жалпы шығыстардың колемін анықтайды.

Болжамдау мен жоспарлауды жеке кезеңдерге болу мүмкін емес, себебі олар өзара байланысқан және бір-бірін толықтырып тұратын үдерістер болғандықтан, салықтық болжамдау мен жоспарлаудың әдістерін қатты бөлуге (шектеуге) келмейді. Томенде көрсетілген әдістердің әрқайсысы тен дәрежеде болжамдауға да, жоспарлауға да қолданылады.

*Салықтық жоспарлау (болжамдау) үдерісінде жалпы белгілі бір экономикалық және қаржылық жоспарлау әдістері қолданылады:*

– баланстық, коэффициенттер, қол жетімді, нормативті, кемімелі өзара байланысты, тренд үлгілері арқылы болжамдық экстраполяция және т.б.

Сонымен қатар, салықтық базаларды жоспарлау мен салық салу обьектілерін жоспарлау өте маңызды, олардың дәйектілігінен салықтық жоспарлардың, бюджеттердің, болжамдардың сапасы ғана емес, олардың орындалуы да тәуелді.

*Трендтер арқылы болжамдау* статистикалық болжамдаудың қаралайым әдістерінің бірі. Трендтік үлгілерді әзірлеу әдістемесі сапалы экономикалық талдау мен ресми математикалық-статистикалық үрдістердің үйлесуін білдіреді. Соңғысына тренд атқарымының класын таңдау кіреді, оларды таңдау ретроспективті (өткенді шолу) зерттеletтін көрсеткіштің өзгеру типін анықтауға бағдармен жүзеге асады. Кемімелі талдаудың көмегімен тренд атқарымдарының параметрлерін бағалау жүзеге асады, содан кейін бірнеше ресми белгілердің көмегімен жуықталатын серпіндік қатарға трендтің жакындылығын бағалау жүзеге асады (детерминация, қалдықтық дисперсияның, ауытқулар квадраты сомасының коэффициенті). Бірнеше талаптарды орындауының серпіндік қатарының қалдықтық дисперсиясын талдағаннан кейін тренд атқарымы таңдалады, оның көмегімен болжамдық есептер жүргізіледі. Одан кейін сенімділік интервалы есептеледі.

*Болжамдау үшін трендтік үлгілерді қолданудың дәйектілігі мен заңдылығы бірнеше жағдайлармен анықталады:*

1) тренд әзірленген кезең даму үрдісін анықтау үшін жеткілікті болуы керек;

2) талданатын кезең тұрақты серпіндік және инерциялық болады;

3) даму үрдісіне әсер ете алатын зерттелген үдеріске сыртқы әсерлер күтілмейді.

*КР тұрақты емес сипаттағы әлеуметтік-экономикалық үдерістерге және елдің салықтық заңдылығындағы маңызды өзгерістерге байланысты болжамдау үшін трендтік үлгілерді қолдану шектеулі болуы мүмкін:*

– қысқа мерзімге (қысқа мерзімді болжамдау) немесе болжамдаудың кеңендей әдістемесінің бастапқы кезеңі ретінде.

Соңғы жағдайда экстраполяциялық болжам гипотетикалық нұсқалардың бірі ретінде түсіндіріледі, онымен болжамның басқа нұсқалары тенестіріледі. Негізінен факторлық үлгілердің көмегімен жүзеге асырылады.

*Бір факторлы және көп факторлы үлгілер болады.* Факторлық үлгілер бір немесе бірнеше факторлардың серпінінен нәтижелік көрсеткіштердің (мысалы, салықтық түсімдердің көлемі) тәуелділігін көрсетеді. Факторлық үлгілер кемімелі тендеулер түрінде эмпирикалық серпіндік қатарлар негізінде әзірленеді.

Ұзак мерзімді болжамдар үшін басқа тәсілдер қолдану керек, негізінен, *күрделі еліктемелік үлгілер* өзірленеді, олар арқылы әр түрлі басқарушы әсерлердің салықтық салдарын есептеуге болады және оның негізінде ең тиімділөрін таңдауға болады. Егер сандық және сапалық ақпараттың негізінде елдің, аймақтың, территорияның әлеуметтік-экономикалық дамуының баламалы көрінісі өзірленсө, болжамдаудың *сценарийлік әдісін* қолдану мүмкін және осының негізінде әр сценарий бойынша салықтық әлеует есептеледі.

Салықтық жоспарлаудың бастапқы құрамасы салықтың түрлері бойынша салықтың базаны анықтау болып табылады, оны есептеу жалпы мемлекет бойынша және аймақтар бойынша жүргізіледі. Салық түсімдерінің болжамы келешекті сипатты зерттеу болып табылады, объективті және субъективті факторларды тану мен болжауға байланысты. ҚР салықтық түсімдердің құрылымы, жалпы ел көлемінде, аймақтар бойынша да жанама салықтардың жогары үлесімен (60 пайыздан аса) сипатталатындықтан, жанама және тікелей салықтар сияқты ірі топтар бойынша түсімдерді болжамдау үлкен маңызға ие болады.

Салықтық түсімдерді қысқа мерзімді болжамдауда іс-әрекеттің жалпы сыйбасын жеке тұлғалардың кірістеріне, табыс салығына, ҚҚС салықтарды есептеу мысалдары негізінде қарастырайық. Болжамдауды көрсетілген ретпен жүргізген дұрыс, себебі жеке тұлғалардың кірістеріне салық бойынша салық салынатын базаның көлемі табысқа салық пен ҚҚС болжамын есептеу үшін бастапқы ақпарат болып табылады, ал табысқа салық бойынша салық салынатын базаның құрамдастары өз кезінде ҚҚС болжамдау кезінде есептеледі.

*Жеке тұлғалардың кірістеріне салық түсімдерін болжамдау қызметкерлер санының орташа айлық көрсеткіштері негізінде* (елдің немесе аймақтың халық шаруашылығы бойынша қызмет атқаратын, аймақта болжамдық міндеттердің масштабына тәуелді), орташа айлық енбек ақысына (мемлекетте, аймақта), салықтың орташа мөлшерлемесіне, енбек төлемінің жеңілдетілген бөлігіне негізделіп жүзеге асады. Қызметкерлердің саны болжамының негізіне есептік жыл үшін статистикалық органдардың мәліметтері қолданылады.

Болжанатын кезеңге енбекақы сомасы елдің немесе аймақтың халық шаруашылығында жұмыс істейтін қызметкерлер санын орташа енбекақы мен бір жылдағы айлардың санына көбейту арқылы есептеледі. Салық салу мақсаты үшін оны енбекақының жеңілдетілген бөлігіне түзету керек. Қысқа мерзімді болжамда жеңілдетілген енбекақы үлесін есептік кезең деңгейінде кабылдайды, себебі бір жағынан, енбекақының жеңілдетілген бөлігінің тікелей болжамы енбек сыйымдылығы, екін-

ші жағынан, ретроспективті мәліметтердің талдауы көрсеткендей бұл үлес уақыт бойынша тұрақты. Жеке тұлғалардың кістеріне салықтың болжанатын сомасы салық салынатын енбекакыны салықтың орташа мөлшерлемесіне көбейткенге тән болады.

Үйымның табысына салық болжамы салық салынатын табыстың серпінін анықтайдын факторларды есепке ала отырып жүзеге асады (жалпы ішкі өнім, өндірістік онімнің көлемі, тауар айналымының жалпы көлемі, өндірістік және басқа өнімдердің бағаларының индексі, инфляция қарқыны, материал сыйымдылығы, енбек сыйымдылығы және т.б.).

Ең көп қызындықты қосылған құнға салынатын салықтың болжамдық есептері туғызады. Бұл қосылған құнды қалыптастыратын көптеген факторларға байланысты, өнімнің (тауардың) түріне байланысты салықтың әр түрлі мөлшерлемелеріне, салық төлеушілердің салық түріне (өндіріс, жеке сауда, қоғамдық тамақтану) және басқа да жағдайларға байланысты болады. Қосылған құнға материалды саланың қызметкерлерінің енбекақысын төлеу, енбекақыға төлемдер, амортизациялық төлемдер, табыс, акциздер және басқа ақшалай шығыстар кіреді.

Материалдық сала қызметкерлерінің енбекақы төлеу сомасы барлық қызметкерлердің енбекақы төлеудің болжамды мөлшері және есептік кезенде қалыптасқан материалдық сала қызметкерлерінің енбекақы төлеудің ондағы меншікті салмағы негізінде есептеледі. Әлеуметтік салық сомасы материалдық өндіріс саласы қызметкерлерінің енбекақы төлеу сомасының болжамдық мәні мөлшерінен белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі. Амортизациялық аударымдардың болжамдық мәні жаңартудың болжамдық қарқынан және негізгі корларды шығару, оларға бағалардың өзгеруі, инфляциялық күтулерден және басқа да факторларға сүйене отырып соңғыны түзетумен олардың есептік мөлшері негізінде есептеледі.

### 5.3 || Мемлекеттік салықтық реттеу және мемлекеттік салықтық бақылау

Мемлекеттік салықтық саясаттың негізгі құралы жеке кәсіпкерлікке экономиканы салықтық реттеудің көмегімен қаржылық әсер ету болып табылады. Бұдан шығатыны, салықтық реттеу дегеніміз – бұл басқарушы субъектілерден немесе жеке тұтынушылардан олардың қолындағы құнның болігін алу арқылы жүзеге асатын әсер, яғни олардың өндірістік және өндірістік емес тұтыну мүмкіншілігін азайту арқылы. Реттеу қандай жолмен жүргізіледі?

Кез-келген үдерісті дамыту үшін қосымша қаржылық ресурстар қажет болады, ал салықтық алымдардан олар азаяды. Салықтар

ерекше, оларға ғана тән әдістермен әсер етеді. Мемлекет салықтық мөлшерлемелерді арттырып, жеңілдіктерді азайту арқылы, белгілі бір қызметті шектей алады, тиімсіз, артықшылығы жок өндірістердің даму мүмкіндігін азайтады. Салықтық механизмнің барлық элементтері мемлекет ұсынатын, экономиканы реттейтін міндеттерді шешуде біртұтас болып жұмыс жасайды.

*Салықтық реттеу – салықты басқару үдерісінің құрамдас бөлігі, мемлекеттің және кәсіпорынның салықтық саясатының тұжырымдамасын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Салықтық реттеуді салықтық менеджменттің атқарымды элементі ретінде салықтардың реттеуші атқарымымен шатастыруға болмайды, оның көмегімен басқа атқарымдармен бірлесе отырып, салықтардың қоғамдық бағыты жүзеге асады. Салықтардың атқарымы обьективті, ол әлеуметтік-экономикалық үдерістердің реттелуінің әлеуетті мүмкіндігін қарастырады.*

*Салықтық реттеу – бұл адамдардың тәжірибеде салықтардың реттеуші мүмкіндіктерін қолдану бойынша қызметі, олар қабылданған салықтық міндеттер мен салықтық тұжырымдамалар бойынша әр түрлі пайдалы қызмет коэффициентімен (ПҚК) қолданылуы мүмкін. Салықтық реттеу – бұл салық жоспарларын іске асыру тәсілдерін жанжақты әзірлеу үдерісі. Бюджеттік-салықтық міндеттерде, нақты уақыт кезеңінде мақсатты ұстанымдар мен салықтық тұжырымдарда сандық және сапалық көрініс алған салықтардың бағалық, фискалдық, реттеуші және бақылау міндеттерін (атқарымдарын) іске асыруға бағдарланған жаңа және қолданыстағы салық режимдерін түзету қажет болған жағдайда құру және жүргізу.*

Мемлекеттік салықтық менеджментте салықтық реттеу елдің экономикасын, қаржысын және қоғамдағы салықтық үдерісті макрореттеу. Сонымен қатар, салықтық реттеу мемлекеттің экономикалық үдерістердің бағытына салыстыра тексерілген және тәжірибелік негізделген жедел араласу болып табылады.

*Корпоративтік салықтық менеджмент бойынша салықтық реттеу – салықтық жоспарлау мен бюджеттеу параметрлерін түзету үдерісі, сонымен қатар басқарушы субъект деңгейінде салықтық ағындарды онтайландыру болып табылады.*

*Мемлекеттік салықтық реттеу дегеніміз салық салуды және салықтық ағындарды арналы тәсілдердің, әдістердің және қураулардың жүйесімен басқаруды білдіреді, қабылданған экономикалық өсім тұжырымдамасына сәйкес нарықтық экономикаға мемлекеттің мақсатты араласуына бағытталады. Мемлекеттік салықтық реттеудің тұрғы мақсаты – елдің бюджеттік жүйесіне шаруашылық өмірдің әр түрлі жақтарына және жалпы экономикаға әсер ету арқылы өндіріс, сауда мен*

экономика (экономикалық есү базасында) кірістерінің есүі базасында салықтық түсімдердің есүіне жағдай туғызу болып табылады. Мемлекеттік салықтық реттеудің ерекшеліктері нақты макроэкономикалық стратегияның болуы және экономикаға саналы әсер ету. Ол жеке кәсіпорындарды ғана қамтымайды, жалпы экономиканы толығымен және оның сегменттерін қамтиды.

*Салықтық реттеу алеуметтік саласы да қозгайды. Бұл экологияға, алеуметтік инфрақұрылымға, халықты әлеуметтік қорғауға да жатады.*

*Әлемдік тәжірибеде кең таралған мемлекеттік салықтық реттеудің келесі әдістері белгілі:*

- салық жүйесінің құрамы мен құрылымын өзгерту;
- бір әдісті өзгерту немесе салық салу объектісін басқамен өзгерту;
- салық мөлшерлемелерін өзгерту және саралау (дифференциация);
- салықтық жеңілдіктер мен шегерімдерді өзгерту, олардың бағыттар, объектілер, төлеушілер бойынша қайта бағдарлануы;
- салық төлеуден толықтай немесе біртіндеп босату;
- төлемді кейінге қалдыру немесе қарызды жою;
- салықтарды тарату саласын өзгерту.

Экономиканы мемлекеттік салықтық реттеу саласында салықтар жүйесінің құрамы мен құрылымын, салықтық ауыртпашилық пен салықтық мөлшерлемелердің деңгейі мен құрылымын оңтайландыру өте маңызды.

*Әсер ету әдістеріне бағланысты мемлекеттік салықтық реттеу екі салага болынеді:*

- салықтық ынталандыру;
- салықтық тежеу.

*Салықтық ынталандыру* – тәменгі салықтар саясатына, салық жүйесінің құрамы мен құрылымын, салықтық ауыртпалықтың деңгейі мен жеке салықтардың мөлшерлемелерін оңтайландыруға, сонымен қатар салықтық жеңілдіктер жасау жүйесін қолдануға (салықтық жеңілдіктер мен преференциялар) негізделген. Салықтық ынталандыру жалпы экономикаға, оның жекелеген құрылымдарына, салалар мен алеуметтік үдерістерге, сонымен қатар салық төлеушілердің экономикалық тәртібіне мақсатты түрде әсер етуге бағытталған.

*Салықтық ынталандырудың негізгі нысаны – салықтық жеңілдіктер беру.*

*Салықтық бақылау* салықтық менеджменттің атқарымды элементі ретінде салық салуды тиімді басқаруға қажетті қызмет. Салықтық ағындарды басқарудың барлық үдерісі салықтық бақылаумен аяқталады, оның нәтижелері бойынша салықтық үдерісті түзету бойынша басқарушылық шешімдер қабылданады.

*Мемлекеттік салықтық бақылау* тексеру және экономикадағы салықтық ағындардың оңтайлығын және нәтижелігінің мониторингі бойынша мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының қызметі мен шаралар кешенін білдіреді. Сондай-ақ салық төлеушілерді есепке алу, олардың есептерін және салық салу обьектілерін тексеру, салық төлеушілердің белгіленген салықтарды дұрыс есептеу және төлеу, салық түсімдерін ұлғайту резервтерін анықтау, салықтық тәртіпті жетілдіру және салық төлеушілердің салық заңнамасын сақтауды тексеру бойынша арнаулы қадағалау органдарының қызметі. Мемлекеттік салықтық бақылау салық төлеушілерді ғана бақыламайды, сонымен қатар тексерістер мен заңдылықтар, оңтайлы мониторинг және экономикадағы салық ағындарының тиімділігі бойынша мемлекеттік билік органдарының қызметі болып табылады.

*Әдетте бақылау үшін бағытта жүргізіледі:*

- қойылған мақсаттың жүзеге асырылу барысы;
- жеке шаралардың орындалуы;
- бұған дейін қойылған шешімдердің тиімділігін жүзеге асыру.

Сонымен қатар, тағы бір бағытты ұмытпау керек – басқарушы шешімдердің негізділігі мен мақсаттылығын зерттеу. Мемлекеттік салықтық бақылаудың субъектілері (салық органдары) елдегі салықтық ағындардың қозғалысын тексеріп, мониторинг жасайтын жоғары мемлекеттік билік органдары, сонымен қатар салық төлеушілердің салықтық бақылауын жүргізетін ұйымдық құрылымдар.

#### *Бақылау сұрақтары:*

1. Бюджет түсімдерін болжамдау.
2. Бюджетке және Ұлттық қорға түсімдерді болжау.
3. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің принциптері.
4. Бірыңғайлық принципі.
5. Толымдылық принципі.
6. Реалистік принципі.
7. Транспаренттілік принципі.
8. Дәйектілік принципі.
9. Нәтижелілік принципі.
10. Бюджеттердің дербестік принципі.
11. Сабактастық принципі.
12. Негізділік принципі.
13. Ұактылылық принципі.
14. Кассаның бірыңғайлық принципі.
15. Тиімділік принципі.
16. Жауапкершілік принципі.
17. Бюджет қаржатының атаулылық және иысаналы сипатты принципі.

18. Бюджет кірістері.
19. Бюджет кірістерінің элементтері.
20. Бюджетке кірістер түсімдерін жоспарлау (болжамдау).
21. Бюджетті болжамдау үшін қолданылатын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер.
22. Кірістер түсімдерін болжамдаудың принциптері.
23. Бюджет кірістерін жоспарлау (болжамдау).
24. Жоспарлау кезінде қолданылатын әдістер.
25. Брутто бюджеті.
26. Нетто бюджет.
27. Бюджет жобасын әзірлеу үдерісінде бюджеттік тенестіруде қолданылатын айрықшалықты (спецификалық) әдістер.
28. Бюджеттерді сатылас тенестіру әдісі.
29. Бюджеттерді деңгейлес тенестіру әдісі.
30. Салықтық түсімдер.
31. Салықтық жоспарлау.
32. Салықтық жоспарлау мен болжамдаудың міндеттері.
33. Салықтық жоспарлаудың макро деңгейдегі мақсаттары мен міндеттері.
34. Салықтық жоспарлаудың микро деңгейдегі мақсаттары мен міндеттері.
35. Салықтық-бюджеттік жоспарлаудың мақсаты.
36. Корпоративтік салықтық жоспарлаудың мақсаты.
37. Мемлекеттік салықтық жоспарлаудың мақсаты.
38. Корпоративтік салықтық жоспарлаудың мақсаты.
39. Макроденгейде салықтық жоспарлау және болжамдау.
40. Микроденгейдегі корпоративтік салықтық жоспарлау.
41. Бюджеттердің салықтық кірістерін жоспарлау.
42. Салықтық кірістерді болжамдау.
43. Мемлекеттік салықтық жоспарлау.
44. Салықтық жоспарлаудың маңызды кезеңі.
45. Мемлекеттік деңгейде салықтық саясат.
46. Салықтық саясаттың стратегиясы.
47. Салықтық саясаттың тактикасы.
48. Стратегиялық салықтық жоспарлау.
49. Тактикалық ағымдық немесе оперативті салықтық жоспарлау.
50. Салықтық болжамдау.
51. Стратегиялық және тактикалық салықтық жоспарлау.
52. Жыныстық салықтық жоспарлау (салықтық саясаттың тұжырымдамасын әзірлеу).
53. Нәтижеге бағдарланған салықтық бюджеттеу.
54. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеттінің кірісіне салықтық түсімдерді жоспарлау және болжамдау
55. Мемлекеттік салықтық жоспарлаудың негізгі міндеттері.
56. Салықтық жоспарлаудың түрлері.
57. Оперативті салықтық жоспарлау.

146 ❁ Салықтық-бюджеттік жоспарлау

58. Ағымдық салықтық жоспарлау.
59. Стратегиялық салықтық жоспарлау.
60. Салықтық жоспарлауда қолданылатын негізгі құралдар.
61. Экстраполяциялық әдіс.
62. Үлгілеу әдісі.
63. Салықтық түсімдердің контингентін есептеу әдісі.
64. Мемлекеттік салықтық жоспарлаудың әдісі.
65. Салықтық жоспарлау (болжамдау) үдерісінде қолданылатын экономикалық және қаржылық жоспарлау әдістері.
66. Трендтер арқылы болжамдау.
67. Бір факторлы және көп факторлы үлгілер.
68. Салықтық түсімдерді қысқа мерзімді болжамдау.
69. Жеке тұлғалардың кірістеріне салық түсімдерін болжамдау.
70. Ұйымның табысына салық болжамы.
71. Қосылған құнға салынатын салықтың болжамдық есептері.
72. Енбекақы төлеу сомасы.
73. Әлеуметтік салық сомасы.
74. Амортизациялық аударымдардың болжамдық мәні.
75. Мемлекеттік салықтық саясат.
76. Салықтық реттеу.
77. Салықтық менеджмент.
78. Корпоративтік салықтық менеджмент бойынша салықтық реттеу.
79. Мемлекеттік салықтық реттеу.
80. Мемлекеттік салықтық реттеудің түпкі мақсаты.
81. Мемлекеттік салықтық реттеудің әдістері.
82. Салықтық ынталандыру.
83. Салықтық ынталандырудың негізгі нысаны.
84. Салықтық бақылау.
85. Салықтық тежеу.
86. Мемлекеттік салықтық бақылау.

**Өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар:**

1. Мемлекет бюджетіне түсетін түсімдерді жоспарлаудың (болжамдау) негізі болып табылатын нормативтік-құқықтық актілер.
2. Макро және микроденгейдегі салықтық жоспарлаудың мақсаты мен міндеті.
3. Мемлекеттік салықтық жоспарлау мен корпоративтік салықтық жоспарлаудың мәні.
4. Мемлекеттік бюджет кірістерін жоспарлау барысындағы Қазақстан Республикасының Үлттық экономика министрлігінің негізгі міндеттері.

5. Салықтық жоспарлаудың негізгі құралдары.
6. Салықтық жоспарлау мен болжамдау барысында қолданылатын әдістер.
7. Мемлекеттік бюджетке түсетең кірістерді жоспарлаудың (болжамдау) эстраполяциялық әдісінің мәні.
8. Болжамды бюджет кірістерін үлгілеу.
9. Салықтық түсімдер контингентін есептеу әдісінің негізгі кезеңдері.
10. Экономиканы мемлекеттік салықтық реттеудің міндеттері.
11. Экономиканы мемлекеттік салықтық реттеу әдістері.
12. Мемлекеттік салықтық бақылаудың мәні.
13. Қазақстанда салықтық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік ор- гандар.

***Талдамалық баяндамалар тақырыбы:***

1. Мемлекеттік бюджет кірістерінің өзгерістерін анықтау мен орындалуының талдауы, соның ішінде алдыңғы 5 жылға арналған республикалық және жергілік-ті бюджет бойынша презентация (слайд) және талдамалық баяндама дайындау.
2. 3 жылға арналған республикалық бюджет кірістері өзгерісіне әсер ететін факторларды анықтау, жоспарлаудың талдауы бойынша презентация (слайд) және талдамалық баяндама дайындау.
3. 3 жылға арналған республикалық бюджет кірістері өзгерісіне әсер ететін факторларды анықтау, жоспарлаудың талдауы, салықтық түсімдерінің негізгі түрлері бойынша презентация (слайд) және талдамалық баяндама дайындау.
4. Мемлекеттік салықтық бақылау және оның экономиканың басым салаларын дамытуға әсері жөнінде презентация (слайд) және талдамалық баяндама дайындау.



## 6-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҚЫН ЖОСПАРЛАУ (БОЛЖАМДАУ)

1. Корпоративтік табыс салығының мазмұны және реттеушілік рөлі.
2. Корпоративтік табыс салығын жоспарлау (болжамдау) әдістемесі.

### 6.1 || Корпоративтік табыс салығының мазмұны және реттеушілік рөлі

Корпоративтік табыс салығы (КТС) мемлекеттік бюджет кірісінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл салықтық реттеудің негізгі құралы, себебі кез-келген қасіткерлік қызыметтің түркі мақсаты – таза табысты алу, яғни бюджетке төленетін барлық салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді алып тастағаннан кейінгі жалпы қоғамдық өнім. Қоғамдық мемлекеттерде заңды тұлғалардың табысына салынатын салық (корпоративтік салық) компанияның таза табысынан үйлесімді салық мөлшерлемесімен алынады. Салық салынатын таза табыс жалпы түсім мен өндіріс үдерісі барысында жұмсалған шығындар арасындағы айырма негізінде анықталады. Ал компанияның табысы бөлінетін және бөлінбейтін деген екі бөліктен тұрады.

*Салық салу барысында бұл бөліктер өз алдына мынадай тұрлерге топталады:*

1. Классикалық жүйе, компанияның бөлінетін табысына корпоративтік және жеке табыс салығы салынады. Бұл жүйе негізінен Бельгия, Люксембург елдерінде кеңінен тараган.

2. Компания деңгейінде салық салынатын табысты кеміту жүйесі екі нұсқада қолданылады:

– әр түрлі мөлшерлемелер негізінде, әсіресе бөлінетін табысқа салық төмендетілген мөлшерлемемен салынады. Бұл жүйе Португалия, Австрия елдерінде қолданылады;

– бөлінетін табысты салық салудан ішінара босату негізінде. Бұл жүйе Ирландия, Финляндия елдерінде қолданылады.

3. Акционерлер деңгейінде салық салынатын табысты кеміту жүйесі дивидендтер түрінде қолданылады:

– корпоративтік салықтан ұсталған-ұсталмағанына қарамастан, дивидендтерді салықтан ішінара босату;

– салық несиесі немесе импутациялық жүйеде дивиденд жеке табысқа қосылып есептеледі.

*4. Болашектін табысты салықтан толығымен босату мына деңгейде жүргеziледі:*

- компания (Греция, Норвегия);
- акционерлер (Финляндия, Дания).

Салық салу барысында компаниялар резидент және бейрэзидент болып бөлінеді.

*Корпорациялардың табысына салық салудың импумациялық жүйесі* – корпорациялардың табысына қос салық салынуын жою мақсатымен енгізілген. Бельгияда, Ұлыбританияда, Данияда, Ирландияда, Италияда және Францияда қолданылады. КТС-га негізделген реттеушілік бастама – экономикалық және алеуметтік нәтижеге жету үшін әр түрлі женілдіктермен, шегерімдермен және санкциялармен айла-шарғы жасауға мүмкіндік болуы.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустримальды-инновациялық даму стратегиясымен қосылған құны жоғары өнімдер шығаратын кәсіпорындары үшін КТС бойынша жеке салық салу тәртібін енгізу қарастырылған. Бұл қосылған құны жоғары өнімдер шығаратын кәсіпорындарды ынталандыру үшін, негізгі экспорттық ұстанымдар бойынша әлемдік бағалар конъюнктурасынан тәуелділікті төмендету мақсатымен жүргізілген болатын.

Ұлыбритания мемлекеті 1980-1990 жылдары «Төмен салықтар экономиканы тиімді етеді» деген ұранмен салықтық реформалар жүргізді. Сол кездері КТС бойынша мөлшерлемелерді 52 пайыздан 35 пайызға дейін төмендету басты назарда болды. Германия елінің салық жүйесінде корпоративтік табыс салығы бойынша қайта құрулар «Жоғары мөлшерлемелер мен көптеген шығарылымдардан, төмен мөлшерлемелер мен аз ғана женілдіктер артық» деген ұранмен бастамалар көтерілді. 1990 жылы салықтың алғашқы мөлшерлемесі 22 пайыздан 19 пайызға дейін төмендесе, ал ең жоғарғысы 53 пайызға жетті.

Қазіргі кезде бизнестің корпоративтік секторы үшін салық салудың арнағы жүйесі бар. Барлық акционерлік компаниялар (АҚШ-та корпорация) түрінде құрылған капиталистік кәсіпорындар арнағы корпоративтік салықпен салынады (corporate income tax). Оның мөлшерлемесі әдетте 45-60 пайыз, ал салық салу базасы – корпорацияның таза табысы болады. Корпорациялық салықты төлегеннен кейін қалған табыстың бөлігі акционерлер арасында таратылса немесе корпорацияның қоры түрінде қалса салық салынбайды.

Сонымен қатар, еркін экономикалық аймактар құрылған кезде КТС бойынша жүктемені төмендету қарастырылды.

*КТС-ның қызыметтері әр түрлі, атап айтқанда:*

- бюджеттің кіріс бөлігінің негізгі көзі;

- бюджеттің кіріс бөлігінің қаржылық үйлесімінің және үдерістерінің реттеушісі;
- экономикалық өсім қарқыны;
- кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық тетігі;
- басқару құралы;
- экономикалық жағдайды теңестірудің нақты нысаны және бәсеке тудыруши.

КТС-ны қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті жоғарылату немесе тәмендету құралы ретінде қарастыру керек. Ол бір жағынан адамның тұрмысының нақты деңгейін тәмендегіп, қалаған өмір жағдайына жетуге кедері болғанмен, екінші жағынан, оған, жәрдемақы, зейнетақы, тегін емделу мен білім алу, ертеңгі қүнге сенімділікті қамтамасыз ету арқылы көмектеседі. Яғни, оңтайлы және тиімсіз болып бағаланады, ол жеке және экономикалық ережелерге, мемлекеттік экономикалық саясатына және ұлттық экономиканың жағдайына тәуелді болады.

*КТС-га теориялық тұрғыдан баға берсек:*

- біріншіден, ол тікелей салыққа жатады – салық төлеуші өзінің жеке табысынан төлейді, яғни, салық субъектісімен ресми төлеуші сәйкес келеді;
- екіншіден, ақшалай салық болып табылады;
- үшіншіден, жалпы мемлекеттік салық.

*Бюджеттік реттеу сипаттамасы бойынша қарапайым реттеуши салық болып табылады* – республикалық бюджетке бекітіліп, жергілікті бюджеттердің тенгерімділігін сақтауга бағытталады. *Қолданылу сипаты бойынша жасалы салықтарға жатады* – салықтың бұл түрі бойынша жиналған сома бюджетке түскен соң кез-келген іс-шараларды қаржыландыруға қолданылады.

*КТС-ның негізгі сипаттарын қарастыратын болсақ:*

- КТС әрқашанда мемлекеттік салық. Мемлекеттен басқа ешкімнің бұл салықты енгізуге, өндіріп алуға құқығы жоқ;
- бұл салық келісімшарттың немесе басқа да бір келісімдердің нәтижесі емес;
- бұл мемлекеттің бір жақты белгіленімі;
- бұл салықтың сипаты – әрқашан ақшалай төлем болуы тиіс;
- ол үнемі – мәжбүрлеме түрде салынатын салық;
- занұды, міндетті және қайтарымсыз төлем;
- тұрақты түрде мемлекеттің кірісіне түседі;
- тікелей және дербес салық болып саналады.

*КТС-ның келесі ерекшеліктерін боліп атап ага болады:*

– тікелей салық категориясына жатады, яғни, оның түпкі сомасы – кәсіпорынның шаруашылық қызметінің түпкі қаржылық нәтижесіне толығымен тәуелді;

– КТС, сонымен бірге дербес салықтар категориясына жатады, ол төлеушінің нақты төлемқабілеттілігін есептеуге мүмкіндік береді, себебі төлем көзі ол алған қаражаттар болып табылады;

- жалпы мемлекеттік салық, себебі уәкілетті органмен бекітіледі;

– ҚР-да КТС жалпы салық қызметін атқарады, яғни, бюджетке түседі және сонда құнынан айрылады;

– жаппай салық болып саналады, яғни салық объектісі – жиынтық табыс болып табылады, оның көзі мен алу тәсіліне тәуелсіз. Қазақстан Республикасында салық салудың жаһандық жүйесі қолданылады;

– КТС бұл шартты ауыспалы салық, себебі кәсіпорынның іскерлік белсенділігімен байланысты өндіріс пен басқа экономикалық көрсеткіштерге тәуелді.

Табыс салығы ежелгі және класикалық салық түрлерінің бірі. Негізінен XIX және XX ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде қеңінен тараған.

*Қазақстан Республикасында 1991 жылдың 25 желтоқсанында салық салудың жаңа жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының 15 Заңы қабылданды, олардың ең негізгісі:*

- «Қазақстан Республикасының салықтық жүйесі туралы»;

- «Қосылған құнға салынатын салық туралы»;

- «Акциздер туралы»;

- «Кәсіпорындардан, бірлестіктерден және ұйымдардан алынатын салықтар туралы»;

- «Қазақ КСР азаматтарынан, шетел және азаматтығы жоқ азаматтардан алынатын табыс салығы туралы»;

- «Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық туралы»;

- «Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық туралы»;

- «Жер салығы туралы» және т.б.

Алғаш рет қазақстанда салық салу қатаң жүйеге айналған. Республиканың жаңа салықтық саясатындағы бірнеше ережелерді ескеру керек. Біріншіден, меншіктің барлық түрі заңмен теңестіріле бастады: мемлекеттік жеке кәсіпорындар табыс салығын 35 пайыздық мөлшерлемемен төлей бастады, оның республикалық бюджетке – 26 пайызы, жергілікті бюджетке – 9 пайызы аударылады.

Дегенмен, 1992 жылы өндіріс пен кәсіпорындардың қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты бағалардың ырықтандыруынан табысқа салынатын салық мөлшерлемесі 25 пайызға дейін төмендеді. Бұған қарамастан, 1992 жылы бюджет кірістерінің жалпы сомасында

табысқа салынатын салықтың үлесі жоғары болды және 24,6 пайызға жетті, ол жұмыстың тиімділігін арттырумен ғана емес, бағалық факторларға да байланысты. Салық мөлшерлемелері кәсіпорынның қызметіне байланысты 10-нан 70 пайызға дейін айырмашылығы болды.


#### *Аман айтқанда:*

- кәсіпорындар, бірлестіктер, ұйымдар үшін – 25 пайыз;
- коммерциялық банктар, сақтандыру ұйымдары үшін – 45 пайыз;
- ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ауыл шаруашылық өнімдерін өндіртін кәсіпорындар үшін – 10 пайыз (ет, сүт, наан өнімдері);
- қоғамдық ұйымдар, олардың кәсіпорындары, діни ұйымдар және олардың кәсіпорындары үшін – 35 пайыз;
- казино, видео салондар, видео-, аудио кассеталарды беру, ойын автоматтары, жаппай концерттік шаралардан – 70 пайыз.

2002 жылдан бастап Салық кодексіне сәйкес табыс салығы «корпорациялық табыс салығы», кейіннен «корпоративтік табыс салығы» деп аталды.

Салықтың бұл түрі Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің салықтық түсімдерінде маңызды орын алады – орта есеппен 28 пайыз.

Қазақстан Республикасының 2007-2014 жылдарға арналған КТС-ның серпіні 6.1-суретте көрсетілген.



6.1-сурет – КР 2007-2014 жылдарға арналған  
Қазақстан Республикасының КТС бойынша серпіні

КТС бойынша салық салудың механизмі есептеу, төлеу, алу шарттары, жеңілдіктер мен санкциялар, зандау тұлғалардың салықты төлеу мерзімдерін анықтайды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес (2008 жылдың 10 желтоқсанынан) КТС 20 пайыздық мөлшерлеме бойынша төленеді, 2009 жылдан бастап, бұл мөлшерлемелер заңды тұлға алатын барлық табысқа қолданылмайды, тек салық салынатын табысқа ғана қолданылады, себебі КТС-ны есептеген кезде түзетулер мен шегерімдер, яғни табыс алуға бағытталған қызмет барысында шеккен (жұмсалған) шығыстар есепке алынады.

## **6.2 || Корпоративтік табыс салығын жоспарлау (болжамдау) әдістемесі**

Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін корпоративтік табыс салығын қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша болжам есептеудің бірнеше нұсқаларымен анықталады.

*Бірінші нұсқа әлеуметтік-экономикалық даму мен елдің бюджеттік параметрлерінің болжасына сәйкес жалпы қосылған құнның болжасатын көлеміне, корпоративтік табыс салығының орташа тиімділік мөлшерлемесіне негізделген және келесі 6.1 және 6.2 формула бойынша анықталады:*

$$КТС_c = K_k \times M \quad (6.1)$$

$$M = T_{\text{есептік}} / K_{\text{есептік}} \times 100\% \quad (6.2)$$

Мұндағы:

- КТС<sub>c</sub> – жоспарлы кезеңге корпоративтік табыс салығының сомасы;
- K<sub>k</sub> – жоспарлы кезеңге мұнайдан тыс секторының жалпы қосылған құнның қөлемі;
- M – орташа тиімділік мөлшерлемесі;
- T<sub>есептік</sub> – есептік кезеңге корпоративтік табыс салығының сомасы;
- K<sub>есептік</sub> – есептік кезеңге мұнайдан тыс секторының жалпы қосылған құнның қөлемі.

*Екінші нұсқа бойынша* республикалық мониторингке жататын ірі салық төлеушілер бойынша есептелген және төленген корпоративтік табыс салығы туралы, салықтық декларациялар бойынша жылдық есептеулердің нәтижесі туралы ақпараттар қолданылады. Бұл нұсқа бойынша болжам есебі негізіне ағымдық жыл бойынша ірі салық төлеушілерден салық түсімдерінің күтілетін бағасы мен ағымдық жылдың есептік кезеңі үшін салық түсімдерінің жалпы қөлемінде ірі

салык төлеушілерден корпоративтік табыс салығының түсімдерінің үлесі қабылданады. Күтілетін салык түсімдерінен жүйесіз сипаттағы және өндірістік қызметке тәуелсіз бір жолғы төлемдер, негізінен, мерзімдік факторлар (бағалардың қозғалысы, құрылымдық өзгерістер) мен сомалар, тексеру актілері бойынша қосылған жылдық қайта есептеудердің ірі көлемдері алынып тасталынады.

*Болжамдау үшін ірі салык төлеушілерден жылдық күтілетін салык түсімдерінің есебі келесі 6.3 формула бойынша жүргізіледі:*

$$KTC_{\text{кут}} = (T_{\text{есептік}} - T_{\text{бірж}})/A_{\text{нақты}} \times 12 \quad (6.3)$$

**Мұндағы:**

- $KTC_{\text{кут}}$  – ағымдағы жыл бойынша күтілетін салык түсімі;
- $T_{\text{есептік}}$  – ағымдағы жылдың есептік кезеңі үшін салык түсімі;
- $T_{\text{бірж}}$  – ағымдағы жылдың есептік кезеңі үшін бір жолғы төлемдер;
- $A_{\text{нақты}}$  – ағымдағы жылдың есептік кезеңіндегі нақты айлардың саны.

*Жалпы республика бойынша KTC-ның болжанатын түсімдерінің сомасы келесі 6.4-формула бойынша анықталады:*

$$KTC_{\text{б}} = T_{\text{кут}}/Y_{\text{нақты}} \times 100\% \times \Theta_{\text{каркын}}/100\% \quad (6.4)$$

**Мұндағы:**

- $KTC_{\text{б}}$  – KTC-ның болжанатын сомасы;
- $P_{\text{кут}}$  – ағымдағы жыл бойынша ірі салык төлеушілерден күтілетін салык түсімдері;
- $Y_{\text{нақты}}$  – жалпы түсімдер көлемінде ірі салык төлеушілерден салык түсімдерінің үлесі, пайызбен;
- $\Theta_{\text{каркын}}$  – жоспарлы кезеңге мұнайдан тыс секторының жалпы қосымша құнының өсу қарқыны.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы үйымдарынан түсемтін корпоративтік табыс салығы түсімдерінің болжасы*

KTC бойынша болжам есебі мұнай секторының барлық үйымдары бойынша жүргізіледі, соның ішінде, Қазақстан Республикасы Үкіметімен немесе құзыретті органмен және жер қойнауын пайдаланушымен 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін, сонымен қатар салықтық режим сақталатын келісімшарт бойынша бекітілген өнімдер бөлімі туралы Келісімге сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылармен де жүргізіледі.

*Есептің негізіне келесі көрсеткіштер қолданылады:*

- мұнай, газ конденсатын өндіру көлемі;
- мұнайға әлемдік баға (Brent маркасы);
- салықтық заңнамамен қарастырылған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына және елдің бюджеттік параметрлері мен мөлшерлемелеріне сәйкес АҚШ долларына теңгенін бағамы.

*Мұнай секторының ұйымдары бойынша КТС-ның болжанатын сомасын есептеу келесі 6.5-формула бойынша есептеледі:*

$$KTC_{\delta} = (K_* \times B_{\circ} \cdot \text{Ш}) \times M \quad (6.5)$$

**Мұндағы:**

- KTC<sub>δ</sub> – КТС-ның болжанатын сомасы;
- K\* – мұнай, газ конденсатын жеткізу көлемі;
- B<sub>circ</sub> – өткізудің болжанатын орташа бағасы;
- Ш – салықтық заңнамаларға сәйкес қарастырылған шегерімдер;
- M – салық мөлшерлемесі (жалпы бекітілген мөлшерлеме бойынша – 20 пайыз, «Тенгизшевройл» және Өнімдерді бөлу туралы келісім бойынша қызметтің жүзеге асыратын салық төлеушілер бойынша – 30 пайыз).

Мұнайды, газ конденсатының орташа бағасын анықтағанда мұнайға әлемдік баға АҚШ долларына теңгенің болжанатын бағамы мен баррельді тоннаға ауыстырудан – 7.5 коэффициенті есептеледі. Резиденттер мен бейрезидент заңды тұлғалардан, төлем көзінен ұсталатын болжамдық КТС-ны есептеу салық түсімдері серпіні, ағымдағы жыл үшін күтілетін салық түсімін бағалау негізінде жүзеге асырылады. Күтілетін салық түсімінен болжамды есептеу үшін жүйесіз сипаттағы бір жолғы төлемдер (тексерулер нәтижелері бойынша үстеме есептеулер, қате есептелген сомалар және т.б.) алынып тасталады.

*Салық болжамын есептеу келесі 6.6-формула бойынша жүргізіледі:*

$$KTC_{\delta} = T_{\text{кап}} \times B_{\text{кап}} / 100\% \times D / 100\% \times K / 100\% \quad (6.6)$$

**Мұндағы:**

- KTC<sub>δ</sub> – КТС-ның болжанатын сомасы;
  - T<sub>кап</sub> – ағымдық жыл үшін күтілетін салық түсімі;
  - B<sub>кап</sub> – мұнайға әлемдік бағанын өсу (төмендеу) қарқыны;
  - M – мұнай өндірудің өсу (төмендеу) қарқыны;
  - T<sub>б</sub> – АҚШ долларына теңге бағамының өсу (төмендеу) қарқыны.
- Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде келесі қорытындыларды шыгаруға болады. Кірістер түсімін болжамдау республика дамуының жалпы әлеуметтік-экономикалық міндеттерімен анықталатын респуб-

ликалық және жергілікті бюджеттердің қалыптасуының бюджеттік үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады.

*Корпоративтік табыс салығын жоспарлау* – бұл болжамдық параметрлерге негізделген қозғалыстың және келер жылға салық ағындарының кіріс және шығыс көлемін, құрамын, құрылымын онтайландырудың тиімді бағыттарын анықтау үдерісі.

КТС бойынша болжам есептеудің бірнеше нұсқасы бойынша анықталады. Бірінші нұсқа бойынша есептік кезең үшін салықтық декларациялардың жиынтық мәліметтері қолданылады. Салықтық декларациялардың мәліметтері бойынша бірінші кезекте болжанатын кезеңге салық салынатын табыс анықталады. Екінші нұсқа бойынша әр аймақтың ірі салық төлеушілері бойынша есептелген және төленген КТС туралы, салықтық декларациялар бойынша жылдық қайта есептеулердің нәтижелері, берешектер сомасының өзгерістері туралы ақпарат қолданылады.

Бюджет кірістерінің контингенттерін болжамдау үдерісінде қызметтегі заңды және нормативтік актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескеріп және бюджеттік жүйенің деңгейлері бойынша шектеулерді Салық және Бюджет кодексінің нормалары бойынша және кезектегі жылға республикалық бюджет туралы заңның баптарына сәйкес жүргізу қажет.

*Салықтық түсімдердің контингенттерін есептеу әдістемесі келесі кезеңдермен сипатталады:*

– бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті орган ағымдағы салықтық түсімдер туралы мәліметтерді жинақтайды және оларды бюджеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті органға ұсынады;

– бюджеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті орган елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының макроэкономикалық көрсеткіштері негізінде салықтық түсімдердің контингенттерін болжамдайды және оны бюджеттік жоспарлау бойынша жергілікті уәкілетті органдарға жеткізеді;

– бюджеттік жоспарлау бойынша және бюджетті атқару бойынша жергілікті уәкілетті органдар сәйкес территорияға кірістер контингентінің болжамын жасайды.

*Корыта келгенде, осы тақырынта қарастырылған сұрақтардың мазмұнын толық ашу үшін және жан-жсақты зерттеу мақсатында 2010 жылы ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаментімен азірленген «Бюджет кірістерін макроэкономикалық болжамдау бойынша» тәжірибелік нұсқаулықпен танысу қажет. Ол оқу құралының соңында қосылмаған ретінде берілген.*

**Бақылау сұрақтары:**

1. Корпоративтік табыс салығының мазмұны.
2. Корпоративтік табыс салығының реттеушілік рөлі.
3. Қасіпкерлік қызметтің түпкі мақсаты.
4. Классикалық жүйе.
5. Компания деңгейінде салық салынатын табысты кеміту жүйесі.
6. Акционерлер деңгейінде салық салынатын табысты кеміту жүйесі.
7. Болінетін табысты салықтан тольғымен босату.
8. Корпорациялардың табысына салық салудың импутациялық жүйесі.
9. КТС-га негізделген реттеушілік бастама.
10. Ұлыбритания мемлекетінің саясаты.
11. Германия елінің салық жүйесі.
12. КТС-ның қызметтері.
13. КТС-га теориялық түрғыдан баға беру.
14. КТС-ның негізгі сипаттараты.
15. КТС-ның негізгі ерекшеліктері.
16. Қазақстан Республикасында 1991 жылдың 25 желтоқсанында салық салудың жаңа жүйесі.
17. 2007-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының КТС бойынша серпіні
18. КТС бойынша салық салу механизмі.
19. Корпоративтік табыс салығының жоспарлау (болжамдау) әдістемесі.
20. Бірінші нұсқа.
21. Екінші нұсқа.
22. Болжамдау үшін ірі салық төлеушілерден жылдық күтілетін салық түсімдерінің есебі.
23. Жалпы республика бойынша КТС-ның болжанатын түсімдерінің сомасы.
24. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін корпоративтік табыс салығының түсімдерінің болжамы
25. Мұнай секторының ұйымдары бойынша КТС-ның болжанатын сомасын есептеу.
26. Салық болжамын есептеу.
27. Корпоративтік табыс салығының жоспарлау.
28. КТС бойынша болжам.
29. Бюджет кірістерінің контингенттерін болжамдау үдерісі.
30. Салықтық түсімдердің контингенттерін есептеу әдістемесі.

**Елім алушылардың өзіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:**

Келесі сұрақтарды түсініп, презентация дайындау қажет:

1. КТС-ны жоспарлау (болжамдау): үлгілері және механизмдері.
2. КТС-ны болжамдаудың әдістері мен тәсілдері.
3. Әр түрлі нұсқалар негізінде КТС түсімін болжамдау және салық салынатын базасын анықтау.

4. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 4 боліміндегі «Корпоративтік табыс салығы бойынша» 10-16 тарауын қарастыра отырып, КТС түсімін есептейтін тапсырмаларды дайындау және шешу керек.

*Берілген тақырыптың сұрақтарын мемлекеттік үшін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің «КТС жоніндесі» бөлімдері мен баптарын және осыған сәйкес әдебиеттерді оқы қажет.*

**Талдамалық баяндамалар тақырыптары:**

1. Өткен 5 жылға Қазақстан Республикасындағы КТС-ның құрылымы мен серпініне талдау жасап, болашақтағы 3 жылға КТС түсімін болжай.

2. 3 жылдық мерзімдегі республикалық бюджетке түсетін КТС бойынша түсімдер көлемінің өсуі мен азаюына әсер ететін факторларды талдау.



## 7-ТАРАУ. ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫН ЖОСПАРЛАУ (БОЛЖАМДАУ)

1. Жеке табыс салығын жоспарлаудың (болжамдау) мәні мен маңыздылығы.
2. Жеке табыс салығын жоспарлау (болжамдау) адістемесі.

### 7.1 || Жеке табыс салығын жоспарлаудың (болжамдау) мәні мен маңыздылығы

Көпшілік елдерде жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салықтың принциplerі ортақ болып келеді.

*Негізгі принциптері:*

– барлық салық толеушілер резидент және бейрезидент деп бөлінеді. Резиденттікі анықтаудың басты белгілері болып жеке тұлғаның нақты бір ел аумағында алты айдан астам мерзім аралығында болуы табылады. Резидент салық төлеушілер ел ішінде және елден тысқары жерде алған барлық табыстарынан салық төлесе, бейрезидент тер тек ел ішінде алған табыстарынан салықты «төлем козінен» төлейді, яғни олардың салық жауапкершілігі шектеулі;

- салық салу барысында әр түрлі көздерден алған барлық табыстары негізінде жиынтық табысы анықталады;
- салық төлеушінің салық салу барысында өзіне, асырауындағы әрбір адамға салық салынбайтын ең төменгі шек мөлшері беріледі;
- салық салу кезінде медициналық шығындар, элеуметтік сақтандыруға толеген жарнайлар, көсіби шығындар жиынтық табыстан шептеріледі;
- салық сомасы үдемелі салық мөлшерлемелесі негізінде анықталады;
- жұмыс істейтін ерлі-зайынтылар салықты бірге немесе бөлек төлеуіне болады.

Салықтың есептелеу немесе алыну тетіктерінде кейбір ерекшеліктері болмаса, салық салудың объектісі және толеушілері ұқсас болып келеді. Жеке тұлғалар табыстарынан бөлек, салықты жеке өзі төлейді немесе жиынтық табыстан толенеді. Конституцияның мемлекеттерде қандай әдіс негізінде салық төлейтін салық төлеушінің озі таңдайды, сонымен бірге асырауындағы адамдарға қатысты салық шегерімдерін ерлі-зайынтылардың бірінің гана қолдануына болады.


**Табыстардың негізгі құрамы:**

- еңбекақы немесе жалақы;
- сыйақы;
- кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс;
- зейнетақы;
- алимент;
- жылжымайтын мүлікті жаға беруден түскен табыс;
- бір жолғы жәрдемақы;
- жұмыссыздық және жұмысқа уақытша жарамсыздық (денсаулығына байланысты) бойынша төлемдер;
- дивиденд және рента түріндегі барлық табыстар (7.1-сурет).

Табыс салығы 12 айға тең болатын құнгізбелік немесе қаржы жылы ішінде алынған барлық табыстарынан алынады. Нәкты бір кезеңдегі салыкты есептеге барысында табыстан салық заңдылықтары бойынша бекітілген кейбір шегерімдер шегеріліп, женілдіктер қолданылады. Барлық елдерде «салық салынбайтын ең төменгі шек» пайдаланылады. Ал салық салынбайтын ең төменгі шек барлық салық төлеушілерге, олардың отбасы мүшелеріне, асырауындағы адамдарға беріледі. Сонымен бірге есепті кезең аралығында жасалған барлық нәкты шығындар да салық салынатын табыстан шегеріліп тасталады. Нәтижесінде анықталған салық салынатын табысқа (АҚШ-та ол түзетілген салық салынатын табыс деп аталады) үдемелі шекіл негізінде салық есептеліп салынады.

*Жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салықты есептеге барысында мемлекеттер арасында мынадай айырмашылықтарға назар аударуға болады. Атап айтқандай:*

- салық салу барысында қамтылатын табыстардың құрамы;
- салықты азаматтардың жеке озі немесе отбасы атынан төлеуі;
- салық женілдіктерінің құрамы және қолдану ерекшеліктері;
- әр елдерде салық салу шкаласы озгеше болуы.



7.1-сурет – Жеке тұлғалардың негізгі табыстары

Салық жеңілдіктерін қолдану барысында назар аударатын тағы да бір ерекшелік – салық жеңілдіктерінің салық несиесі немесе салық томендетуі түрінде беріледі, болмаса, салық салынатын табысты анықтау барысында оған табыстың жекелеген түрлерін көспайды.

*Салық жеңілдіктері екі тоңқа болінеді:*

- стандартты;
- стандартты емес.

*Стандартты салық жеңілдіктеріне салық төлеушінің өзіне және асыраудағы адамдарға, сондай-ақ мүгедектерге, қарт адамдарға берілетін салық салынбайтын ең томенгі шекті жатқызуға болады.*

*Жаты стандартты салық жеңілдіктерінің мынадай түрлері бар:*

- негізгі, яғни салық төлеушінің табыс мөлшеріне тәуелсіз өзіне салық жеңілдігінің берілуі. Бұған салық салынбайтын ең томенгі шекті жатқызуға болады;
- отбасы жағдайына байланысты жеңілдіктердің берілуі, «отбасылық томендету» депте аталауды;
- асыраудағы адамдарға берілетін салық томендетулері.

Кейбір мемлекеттерде жеңілдік балаларға берілетін салық томендетулерінің орнына балаларға берілетін жәрдемақы сомасына қосылып беріледі. *Стандартты емес салық жеңілдіктерінің стандартты салық жеңілдіктерінен айырмашылығы* – оның салық төлеушінің нақты жұмысаган шығындарымен байланысты болуында. Бельгия, Финляндия, Греция, Норвегия, Люксембург сияқты елдерде салық жеңілдігі сол елдердің заңы бойынша белгіленген томенгі табыс деңгейін салықтан болсату арқылы беріледі. Бұл «нөндік мөлшерлемемен салық салу» депте аталауды.

Мемлекеттің қаржылық жүйесінің тиімді қызмет етуі үшін бюджеттеп қарастырылған шығыстарды қаржыландырудың маңызы зор. Ол өз кезегінде респубикалық және жергілікті деңгейлерде мемлекеттің қаржылық ресурстарын жүйелі түрде толықтырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты бюджетке түсімдер көлемін салықтық жоспарлау мен болжамдау әдістемесін жетілдіру үлкен маңызды не болады.

*Әдістердің әр тобының негізінде жатқан білімдер жүйесінің ерекшеліктерін ескеретін болжамдаудың нақты әдістерінің жіктелімі келесі түрде үсініла алады:*

- сараптама әдістері (сараптамалық бағалар);
- математикалық әдістер;
- экстраполяция;
- экономикалық-математикалық үлгілеу.

Сараптама әдісі объектінің даму перспективаларын ғалымдар мен маман-сарашылардың бағалауына негізделеді. Математикалық әдістер ішіндегі біріншісі – **экстраполяция әдісі**, болжамдаудың қарапайым әдісіне жатады. Экстраполяция әдісінің негізі – болжанатын объектінің тарихын зерттеуде және оның өткені мен қазіргі даму заңдылықтарын болашаққа ауыстыруды. Экстраполяция санды және сапалы, атқарымды тоуелділіктердің статистикалық бескітілген өзгеру үрдістерінің, эмпирикалық құрастырылған қисықтар, баланстық сыйбалар, сапалық сипаттамалар тізімінің негізінде жүргізіледі.

Салыктық жоспарлаудың жергілікті деңгейіндегі өте қарапайым әдісі – **қол жетімді (жеткілікті) салыктық жоспарлау**, олар жергілікті бюджетке кіріс түсімдерін жоспарлау тәжірибесінде қолданылады, оған жеке табыс салығы да жатады.

**Жеке табыс салығын (ЖТС) төлеушілер – салық салу объектілері бар жеке тұлғалар.**

**Жеке тұлғалар – бұл:**

- ҚР азаматтары;
- шет мемлекеттердің азаматтары;
- азаматтығы жоқ тұлғалар.

**ЖТС төлеуден босатылатын тұлғалар:**

– ойын бизнесі және тіркелген салық бойынша көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсептін табыстар бойынша ойын бизнесі мен тіркелген салықты төлеушілер;

– арнаулы салық режімі қолданылатын қызметті жүзеге асырудан түсептін табыстар бойынша шаруа қожалықтары үшін арнаулы салық режімін қолданатын дара кәсіпкерлер.

**ЖТС бойынша салық салу объектілері:**

- төлем көзіне салынатын табыстар;
- төлем көзінен салық салынбайтын табыстар.

**ЖТС бойынша салық салынатын база мұнадай 7.1 формула бойынша анықталады:**

$$\text{Салық салынатын база} = \text{CCT} = \text{ЖТ} - \text{шегерімдер} \quad (7.1)$$

**Мұндағы:**

- CCT – салық салынатын табыс;
- ЖТ – жынтық табыс.

**7.1-кесте – Жеке табыс салығы бойынша салық салынатын табыстар және шегерімдер**

ССТ	Шегерімдер
Қызметкердің акциалай, сондай-ақ заттай ишесидагы материалдық табыстары	1 ЕТЖ (бағты жұмыс негізінде)
Жеке тұлғаның салық агенттің түсегін табыстары	10% БЖЗҚ (барлық кіріс козі бойынша), АЕК 75% артық емес
бірыңғай жинақтауны зейнеттакы корынап және ерікті жинақтауны зейнеттакы корынап толенетін зейнеттакы толемдері	Айна 10 АЕК коп емес ерікті зейнеттакы аударымдары
дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс	Жинақтауны сақтандыру келісімшарты негізінде жеке тұлғалар оз пайдалары үшін аударатын сома
стипендиялар	КР резиденті болын табылатын тұлғалар үшін Тұргын үй құрылышы жинақ банктен жеке тұлғалармен алғынган зайдар бойынша сыйақыны отеу сомалары
жинақтауны сақтандыру шарттары бойынша табыс	Медициналық қызмет көрсету шығындары косметологдан басқа құнтізбелік жылда тиісті күжат негізінде 8 ЕТЖ артық емес
Ескертү: ЕТЖ - ең томенгі жадақы, АЕК - айлық есептік көрсеткіш	

**Жеке тұлғалардың тапқан табыстарының ішінде салық салу мәсатында табыс ретінде қарастырылмайтын толемдер бар, бұл Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 155 бабында көрсетілген.**

**Жеке тұлғаның табысы ретінде саналмайды:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен толенетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар;

2) жеке тұлғаның өмірі мен деңсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес отеу;

3) қызметкерлердің жұмысы жол бойында өтетін, жол жүру сипатына ие, қызмет көрсетілетін учаскелер шегіндегі қызметтік сапарлармен байланысты болатын жағдайларда – оларға осындағы жұмыстың әрбір күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мұндай толемдерді есепке жазу күні қолданыста болатын 0,35 айлық есептік көрсеткіш молшеріндегі отемақы толемдері;

4) қызметтік, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау мақсатындағы іссапарлар кезіндегі:

– қызметтік іссапарлар кезінде шегерілетін отемақылар;

– Қазақстан Республикасы шегіндегі іссапар бойынша – іссапарда болған құнтізбелік қырық күннен аспайтын кезең ішінде – іссапарда

болған әрбір құнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиесті қаржы жылдарының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген молшерінен аспайтын тәуліктік өтемақылар;

– Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге іссапар бойынша – іссапарда болған құнтізбелік қырық құннен аспайтын кезең ішінде – іссапарда болған әрбір құнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиесті қаржы жылдарының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген молшерінен аспайтын тәуліктік өтемақылар;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты (шығыс сметасы) есебінен қамтылатын мемлекеттік мекемелерді қосында, мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде жүргізетін қызметтік, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау мақсатындағы іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты (шығыс сметасы) есебінен қамтылатын мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген молшерде және тәртіпнен жүргізетін қызметтік, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау мақсатындағы іссапарлар кезіндегі отемақылар;

7) қызметкер басқа жерге жұмысқа аудиесан не жұмыс берушімен бірге басқа жерге көшикен кездегі жол жүру, мұлқін кошіру, құнтізбелік отыз құннен аспайтын мерзімге үй-жай жаңдау бойынша құжатпен расталған шығыстар өтемақысы;

8) жұмыс берушінің табыс алуға бағытталған қызметті жүзеге асырумен байланысты емес және нақты жеке тұлғаларға болінбейтін шерімдерге жатқызылмайтын шығыстары;

9) мұндай жұмыстың әрбір құнтізбелік күні үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиесті қаржы жылдарының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген молшерінде даラлық жағдайды геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен айналысадын қызметкерлердің даラлық үлесі;

10) жұмыс берушінің вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдардың өндіріс обьектісінде болу кезеңінде жұмыстарды орындауы мен аудиымаралық демалысы үшін жағдай жасай отырын, олардың тұрмыстірішілігін қамтамасыз ету үшін:

- тұрғын үй жаілдау бойыниша;
- белгіленген тәуліктік отемақы шегінде тамақтануға арналған шығыстары;

11) қызметкерлерді Қазақстан Республикасында тұратын (болатын) жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізуге байланысты шығыстар;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар бойынша берілген ариаулы киімнің, ариаулы аяқ киімнің, басқа да жеке корғану және алғашқы медициналық комек құралдарының, сабынның, заразсыздандыру құралдарының, сұт немесе құны соган тең басқа да емдеу-профилактикалық тамақтануға арналған тамақ өнімдерінің құны;

13) сақтандырудың міндетті түрін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сойкес жұмыс берушімен жасалған, қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқигалардан міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру толемдері;

14) материалдық нұқсанды өтеудің сот шешімі бойынша тагайындалған сомасы;

15) толем көзінен осындай салықтың ұсталғанын раставайтын құжаттар болған кезде бұрын толем көзінен ЖТС салынған дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар сомалары;

16) бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетакы қорлары салымшыларының жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жасасқан сақтандыру сыйлықақыларын (аннуитетті) төлеу үшін омірді сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымдарына жіберген зейнетакы жинақтарының сомалары, соңдай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымдарына жіберілген, зейнетакы аннуитетті шарттары бойынша құнын өтеп сатып алу сомалары;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде міндетті зейнетакы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды уақытылы ұстамағаны (есебіне жазбаганы) және аудармағаны үшін есебіне жазылған өсімпұл сомалары;

18) гуманитарлық комек түрінде алынған мүліктің құны;

19) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркелетін және меншік құқығында бір жыл және менишік құқығын тіркеген күннен бастап одан да үзақ уақыт болатын механикалық көлік құралы мен тіркемелерді откізу (занұзы тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) кезіндегі құн осімі;

20) меншік құқығын тіркеу күнінен бастап бір жыл және одан да ұзақ уақыт Қазақстан Республикасының аумағында менишік құқығында болатын тұрғын үйлерді, саяжай құрылыштарын, гараждарды откізу (занды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) кезіндегі құн өсімі;

21) бір жыл және одан да ұзақ уақыт Қазақстан Республикасының аумағында менишік құқығында болатын, объектілер орналасқан, менишік құқығы туындаған күнінен бастап откізу (занды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) күніне дейін нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй құрылышы, саяжай құрылышы, жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу, гараж салу болып табылатын жер участекелерін және жер үлестерін откізу (занды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) кезіндегі құн өсімі;

22) егер жер участекесін және жер үлесін сатып алуга және иеліктен шығаруға ариалған құқық белгілейтін құжаттарды жасау күндері арасындағы кезең бір жылды немесе одан да ұзақ уақытты құраса, объектілер орналаспаган, Қазақстан Республикасының аумағындағы, менишік құқығы туындаған күнінен бастап откізу (занды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) күніне дейін нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй құрылышы, саяжай құрылышы, жеке қосалқы шаруашылықты, бау-бақша шаруашылығын жүргізу, гараж салу болып табылатын жер участекелерін және жер үлестерін откізу (занды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) кезіндегі құн осімі;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мұқтаждар үшін құнын өтеп сатып алынған мүлік құнының өсімі;

24) дара кәсіпкер болып табылмайтын жалға беруінің жеке тұлғаның жалға берілген мүлікті күтіп ұстауға және жондеуге жұмсаған шығыстарын отеу немесе жалға алудының жалдау шарты бойынша төлем есебіне есептелейтін, жеке тұлғадан жалға алған мүлікті күтіп ұстауға және жондеуге жұмсаған шығыстары;

25) опционды орындау кезінде опционның базалық активінің нарыктық құнының опционды атқару бағасынан асып түсіү. Опционды жеке тұлғага беруге негіз болған тиесті құжатта опционның базалық активі бесітілген баға опционды орындау бағасы болып табылады;

26) егер мұндай тауар бірлігінің құны республикалық бюджет туралы занды тиесті қаржы жылышынан белгіленген және тауарды осындағы беру күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіншілік 5 есепленген мөлшерінен аспайтын болса, жарнама мақсатында отеусіз (оның ішінде сыйға тарту түрінде) берілген тауардың құны;

27) адамдарды қабылдау және оларға қызмет көрсету бойынша жүргізілген өкілдік шығыстар;

28) заңды тұлғалардан және дара көсіпкерлерден алынған, оның ішінде қызметкердің өз жұмыс берушісінен алған несиелерді (қарыз, микронаесие) пайдаланғаны үшін сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

29) мұндай тұлғаға несие (қарыз) беруден кейін басталған мынадай жағдайда:

- қарыз алушы-жеке тұлға күшіне енген сот шешімі негізінде хабарсыз кеткен, әрекетке қабілестеіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған немесе күшіне енген сот шешімі негізінде ол қайтыс болды деп жарияланған;

- қарыз алушы-жеке тұлғаға I немесе II тоңтагы мүгедектік белгіленген, сондай-ақ қарыз алушы-жеке тұлға қайтыс болған;

- асырауышысынан айрылу жағдайларында «Міндетті әлеуметтік сактаңдыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік төлемдер алатын қарыз алушы-жеке тұлғада кіріс, жүктілігі мен босануына байланысты, жаңа тұған баланы (балаларды) асырап алуына, олар бір жасқа толғанға дейін баланы құтіп-багуға байланысты, көрсетілген төлемдерден басқа кіріс болмаган;

- қарыз алушы-жеке тұлғада және қарыз алушы-жеке тұлғамен бірлесіп банк алдында ортак және субсидиялық жауаптылықта болатын үшінші тұлғаларда мүлік, оның ішінде ақша, бағалы қағаздар немесе өндіріп алғаны мүмкін кірістер болмаган жағдайда атқарушылық құжатты банкке қайтару туралы сот орындаушысының қаулысы күшіне енген және оның мүлкін немесе кірістерін анықтау бойынша сот орындаушысы қабылдаған, Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасында көзделген шаралар нәтижесіз болған;

- «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ипотекалық шарт жасалған күні негізгі міндеттемені толық қамтамасыз еткен, кепілге берілген мүлікті негізгі міндеттеме сомасынан төмен багамен соттан тыс тәртіпен сауда-саттықта кепіл мүлікті кепілге берілген мүлкін сатудан кейін отелмеген несиенің сомасына сатқан немесе мұндай мүлік кепіл ұстаушының меншігіне откен жағдайларда несие (қарыз) жоніндегі азаматтық заңнамага сәйкес міндеттемелердің тоқтатылуы кезіндегі кіріс.

*Осы ережелер мынадай жағдайды қолданылады:*

- банк жұмыскеріне, жұбайына (зайыбына), банк жұмыскерінің жақын туыстарына, бапкисен өзара байланысты тарапқа берілген;

- талаан ету құқығын беру және борышты аудару жүргізілген несие (қарыз) бойынша міндеттемелердің тоқтатылуы.

30) Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың

мұлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес жария етілген мұліктің құны, оның ішінде ақша;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен алынған материалдық пайда, оның ішінде:

– Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы нысанында жүзеге асырылатын мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау, сондай-ақ оқу орындарының даярлық бөлімдерінде оқыту бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемін ұсыну;

– тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін ұсыну;

– санаторийлік-курорттық мақсаттағы объектілерде оңалту емін, сауықтыру мен демалуды ұсыну;

– дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды ұсыну;

– Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан мүгедек алған тауарлардың, жұмыстардың, оған көрсетілетін қызметтердің құнын төлеу кезінде алынған материалдық пайда.

*Сонымен қатар ЖТС-ны есептейу кезінде жеке тұлғаның салық салынатын табыстарынан табыстардың мынадай түрлері алып тасталады:*

1) балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;

2) жеке тұлғалардың лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардагы салымдары бойынша оларға төленетін сыйақылар;

3) борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;

4) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақылар;

4-1) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

4-2) агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

5) дивидендтер мен сыйақыларды есебіне жазу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын осындай бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар;

6) бір мезгілде мынағай:

– дивидендтерді есептеу күніне салық төлеушінің олар бойынша дивидендтер төленетін акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

– дивидендтер төлейтін занды тұлғаның дивидендтер төленетін кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

– дивидендтер төлеу күніне дивидендтер төлейтін занды тұлға активтері құнының 50 пайыздан азын құрайтын жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын тұлғалардың мүлкін құрау талаптары орындалған кездегі дивидендтер.

*Осы ережелер резидент заңды тұлғадан:*

– акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төленетін табыс;

– заңды тұлға өзінің құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза табыстын бір бөлігі;

– құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде салған мүлкін қоспағанда, занды тұлғаны таратқан кезде немесе құрылтайшылар, қатысушылар салымдарының мөлшерін барабар азайту жолымен не құрылтайшылардың, қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен жарғылық капиталды азайтқан кезде, сондай-ак құрылтайшы, қатысушы занды тұлғадағы қатысу үлесін алып қойған кезде мүлікті болуден түсетін табыс түрінде алынған дивидендтер бойынша қолданылады.

Бұл кезде жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын тұлғалардың мүлкінің дивидендтер төлейтін занды тұлға активтерінің құнындағы үлесі – Қазақстан Республикасындағы мүлікті және Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға байланысты акцияларды, қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстардан салықты есептеу, ұстау және аударуға сәйкес айқындалады.

*Осындай мақсатта жер қойнауын пайдалануши болып танылмайды – жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтанғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушылар.*

Осы ережелер есептелген корпоративтік табыс салығын бір жуз пайыза азайтуды жүргізетін занды тұлғадан алынған дивидендтер бойынша, осындай азайту жүргізілген салық қезеңіне кіретін кезең үшін мұндай дивидендтер есепке жазылған жағдайда қолданылмайды;

7) әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің, құқық қорғау органдары қызметкерінің (кеден органдарының қызметкерін қоспағанда), мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты табыстары;

8) әскери, арнаулы атақтарға, сыйыптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп журу құқықтары 2012 жылғы 1 қантардан бастап жойылған адамдар басқа әскерлер мен әскери құралымдарда, құқық қорғау органдарында (кеден органдарын қоспағанда), мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алатын төлемдердің барлық түрлері;

9) респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мұндай ұтыстарды есептеу күні қолданыста болатын ең төменгі жалақының 50 пайызы шегіндегі лотерея бойынша ұтыстар;

10) тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мұндай төлем күні қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшерінде, қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіптік оқуға байланысты бюджет және гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын төлемдер;

11) гранттар қаражаты есебінен төлемдер (еңбекке акы төлеу түріндегі төлемдерден басқа);

11-1) Қазақстан Республикасындағы табысы аз азаматтарды қолдауга (көмек көрсету) бағытталған, Қазақстан Республикасы қатысуышы болып табылатын үкіметаралық келісім шеңберіндегі грант қаражаты есебінен жасалатын төлемдер;

12) экологиялық апат немесе ядролық синақ полигонындағы ядролық синақтар салдарынан зардал шеккен азаматтарды элеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін төлемдер;

### 13) мыналардың:

- Ұлы Отан соғысына қатысуышылардың және оларға теңестірілген адамдардың;

- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдардың;

- 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткөрген) және ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаган адамдардың;

- I, II, III топтардағы мүгедектердің;
- мүгедек баланың;
- «мүгедек бала» деген санаттағы адам он сегіз жасқа толғанға дейін
- мұндай адамның ата-анасының бірінің, қорғаншысының, қамқоршысының;
- «бала кезінен мүгедек» деген себеппен мүгедек деп танылған адамның өмір бойына –мұндай адамның ата-анасының бірінің, қорғаншысының, қамқоршысының;
- асырап алғынған бала он сегіз жасқа толғанға дейін бала асырап алушының біреуінің республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының басында қолданыста болатын ең төменгі жалақының 55 еселенген мөлшері шегінде бір жылдағы табыстары;

Осы ережелер қорғаншылыққа және қамқоршылыққа мұқтаж адамдардың қорғаншылары және қамқоршылары болып табылатын тиісті білім беру үйымдары, медициналық білім беру үйымдары, халықты әлеуметтік қорғау үйымдары әкімшілігінің қызметкерлеріне қатысты олардың мұндай үйымдармен еңбек қатынасында болуына байланысты қолданылмайды;

13-1) жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын әрбір тұлғаның жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қантарында қолданыста болған ең төмен жалақының 24 еселенген мөлшері шегіндегі бір жылғы табысы.

*Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыс – жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлға, агроенеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйім жеке қосалқы шаруашылықтан алған мыналадай ауыл шаруашылығы онімін откізуден түскен табыс болып табылады:*

- сауын тірі ірі қара мал, тірі жылқылар және басқа да жылқы тұқымдас жануарлар, тірі түйелер және түйе тектілер;
- тірі қойлар мен ешкілер, тірі шошқалар;
- тірі үй құсы, тауықтың шағылмаған жаңа жұмыртқасы;
- ірі қара малдың, шошқалардың, қойлардың, ешкілердің, жылқылар мен жылқы тұқымдас жануарлардың жас немесе тоңазытылған еті;
- сауын ірі қара малдың шикі сүті;
- үй құсының жас немесе тоңазытылған еті;
- картоп, сәбіз, кырыққабат, баклажандар, кызанақтар, қиярлар;
- сарымсақ, пияз, қант қызылшасы;
- алмалар, алмұрттар, айва, өріктер, шие, шабдалылар, қара өріктер;
- ірі қара малдың, жылқы тұқымдас жануарлардың, қойлардың, ешкілердің түтілген жүні, терілері, иленбеген былгарысы.

Осыны қолдану мақсатында өнім түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы үәкілдегі мемлекеттік орган бекіткен Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер сыныптамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14) занды тұлғадағы немесе консорциумдағы акцияларды, қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар. Осы бір мезгілде мынадай:

- акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу қүніне салық төлеушінің осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

- эмитент занды тұлғаның немесе қатысу үлесі өткізілетін занды тұлғаның немесе қатысу үлесін консорциумда өткізетін осындай консорциумға қатысушының жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

- эмитент занды тұлға немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін занды тұлға активтері құнының немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін консорциумға қатысушылар активтері жалпы құнының 50 пайыздан азын осындай өткізу қүніне жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын тұлғалардың мүлкі құрау талаптары орындалған кезде қолданылады.

Осы мақсатта жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды – жер асты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы;

15) өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен төленетін (еңбекке ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа) мынадай:

- инфляция деңгейі ескеріле отырып, міндетті зейнетакы жарналарының, міндетті кәспіттік зейнетакы жарналарының іс жүзінде енгізілген сомасы мен Қазақстан Республикасының зейнетакы заңнамасына сәйкес алушының зейнетакы төлемдеріне құқық алу кезіне бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қорындағы зейнетакы жинақтарының сомасы арасындағы айырма түріндегі;

- мемлекеттік қызметшілердің, оның ішінде аринаулы мемлекеттік және құқық корғау органдары қызметкерлерінің, ескери қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің, асырауындағылардың, мұрагерлері мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде оларды алуға құқығы бар адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген кездегі;

– Қазақстан Республикасының Үкіметі көздеңген тәртіппен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзу дерегі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қүресте өзгеше түрде жәрдем көрсететін адамдарға көтермелеу түріндегі;

– дүлей зілзалаларға немесе басқа да төтенше мән-жайларға байланысты шығындарды өтеу түріндегі;

– еңбек шартының қолданылуы тоқтатылған кезде төленетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлердегі өтемақы төлемдері түріндегі;

– халықаралық жарыстарға жоғары нәтижелері үшін универсиада жүлдегерлері мен қатысушыларына және Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде көтермелеу түріндегі төлемдер;

17) күнтізбелік жыл ішінде әрбір төлем түрі бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қантарында қолданыста болатын ең тәменгі жалақының 8 еселенген мөлшері шегінде медициналық қызмет көрсетулерге (косметологиялық қызмет көрсетуден басқа) ақы төлеу үшін, бала туылған кездегі, жерлеуғе арналған төлемдер.

Бұл көрсетілген табыстар медициналық қызмет көрсетулерді (косметологиялық қызмет көрсетуден басқа) алуды және оларды төлеуге жұмсалған нақты шығыстарды растайтын құжаттар, баланың туу туралы қуәлігі, қайтыс болғаны туралы анықтама және қайтыс болғаны туралы қуәлік болғанда салық салудан босатылады;

18) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми табыстары;

19) шет мемлекеттің мемлекеттік қызметіндегі, сол елдегі табыстысы салық салынатын шетелдіктердің ресми табыстары;

20) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерінде қызмет істейтін жеке тұлғалардың бюджет қаражаты есебінен шетелдік валютамен төленетін ресми табыстары;

21) Зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетакы төлемдері;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақылар (мемлекеттің сыйлықақысы);

23) «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерде бюджет қаражаты

есебінен төленетін білім беру жинақтау салымдары бойынша мемлекет сыйлықақылары;

24) жұмыс берушінің өндірістік қызметімен байланысты мамандық бойынша қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқытуға, оның біліктілігін арттыруға немесе оны қайта даярлауға жіберген кезде жұмыс берушінің шығыстары:

- басқа жерге қызметтік іссапарын ресімдеу кезінде – жұмыс берушінің қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе оны қайта даярлау үшін төлеуге нақты жұмсалған шығыстар;

***басқа жерге қызметтік іссапарын ресімдемей:***

- қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе оны қайта даярлау үшін төлеуге нақты жұмсалған шығыстар;

- уәкілдегі орган белгілеген нормалар шегінде қызметкердің тұруына нақты жұмсалған шығыстар;

- қызметкер окуға түсken кезде оку орнына баруға және оку, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау аяқталғаннан кейін қайтуына нақты жұмсалған шығыстар;

***жұмыс берушінің:***

- қызметкер Қазақстан Республикасының шегінде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзім ішінде – қызметкер оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының I қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшері;

- қызметкер Қазақстан Республикасынан тыскары жерлерде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзім ішінде – қызметкер оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының I қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшері шегінде қызметкерге төлеуге тағайындаған ақша сомасы;

25) жұмсалған, оқытуға бағытталған шығыстар;

26) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

26-1) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және табысты есептеу күніне қолданылатын жалақының ең төмен мөлшері шегінде – Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жузеге асырылған, жүктілігі мен босануына жаңа туылған баланы асырап алудың байланысты табысын жогалтқан жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасы шегеріле отырып, жүктілігі

мен босануы бойынша демалысқа, баланы асырап алған қызметкерлердің демалысына төленетін жұмыс берушінің шығыстары түріндегі табыстар.

Егер жұмыс берушінің осында көрсетілген шығыстары енбек шарттының және ұжымдық шарттың талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделген болса, осы ережелер қолданылады;

27) білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасының заннамасында мемлекеттік стипендиялар үшін белгіленген мөлшерде төленетін стипендиялар;

27-1) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын және білім беру ұйымдарында білім алушыларға осында ұйымдар Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлейтін Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы стипендиялары мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиялары;

27-2) Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындастын және білім беру ұйымдарында білім алушыларға осында ұйымдар Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлейтін мемлекеттік атаулы стипендиялар;

27-3) Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурс женімпаздарының окуын және тағылымдамадан өтуін ұйымдастырумен байланысты шығыстарды Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлеуге арналған төлемдер;

27-4) мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде оқитын адамдарға Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мөлшерлерде төленетін жол жүру шығыстарының өтемақысы;

28) жеке тұлға басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алған мүліктің құны.

Осы ережелер дара кәсіпкер алған және кәсіпкерлік мақсаттарда пайдалануға арналған мүлікке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалған, бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетакы қорлары төлейтін зейнетакы жинақтарына қолданылмайды;

29) қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің құны;

30) он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагерьлеріне жолдамалардың құны;

31) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстарды коспағанда, шарттың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру оқиғасымен байланысты, сақтандырудың кез-келген түрі кезінде төленетін сақтандыру төлемдері;

32) жұмыс беруші өз қызметкерлеріне міндетті және жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төлейтін сақтандыру сыйлықақылары;

33) сақтандырылуши қайтыс болған жағдайда жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;

34) сенімгерлікпен басқаруши болып табылатын резидент жеке тұлғадан алынған, сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табысы;

35) банк пен клиент арасында жасалған шартта белгіленген пайызыз кезең ішінде төлем карточкасын ұстаушыға банктік қарыз берілген кезде алынған, сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

36) эмитент банк төлем карточкасын пайдалана отырып, колмақол жасалмайтын ақша төлемдерін жүзеге асырган кезде эмитент банктің каражаты есебінен төлем карточкасын ұстаушының есебіне жатқызылатын сома;

37) бейрезидент заңды тұлғадан алынған, пайдадан немесе оның бір бөлігінен бөлінген, Қазақстан Республикасындағы ЖТС салынған дивидендер.

38) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық салым бойынша табыс;

39) дербес білім беру үйімі тұруға, медициналық сақтандыруға, Қазақстан Республикасынан тысқары жердегі тұрғылықты жерінен Қазақстан Республикасында қызметтің жүзеге асыратын жерге дейін және қайтар жолында әуе көлігімен ұшуға жұмсаған шығыстарды төлеу (өтеу) түрінде іс жүзінде жүргізген:

– дербес білім беру үйімінің қызметкері;

– дербес білім беру үйімінің жұмыстарын орындау, қызметтің көрсету бойынша Қазақстан Республикасында қызметтің жүзеге асыратын;

– дербес білім беру үйімінің жұмыстарын орындағайтын, қызметтің көрсететін бейрезидент заңды тұлғаның қызметкері және осындай жұмыстарды тікелей орындағайтын және осындай қызмет көрсететін қызметкер болып табылатын резидент шетелдік тұлға алған материалдық пайда;

40) дербес білім беру үйімімен еңбек қатынастарында тұрмажан, бірақ осындай шығыстарды жүзеге асыратын дербес білім беру үйімінің шешімімен айқындалған мамандық бойынша басқа дербес білім беру үйімімен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғаны оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберген кезде осы дербес білім беру үйімінің шығыстары;

– жеке тұлғаны оқытуға, оның біліктілігін арттыруға немесе оны қайта даярлауға нақты жұмсалған шығыстар;

– үәкілетті орган белгілеген нормалар шегінде оқытылатын адамның тұруына нақты жұмсалған шығыстар;

– қызметкер окуға түскен кезде оку орнына дейін баруға және оку, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау аяқталғаннан кейін қайтуына нақты жұмсалған шығыстар;

*дербес білім беру үйымының:*

– оқытылатын адам Қазақстан Республикасының шегінде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзімі ішінде – қызметкер оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшері;

– оқытылатын адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзімі ішінде – қызметкер оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшері шегінде жеке тұлғаға төлеуге тағайындалған ақша сомасы.

Егер осындай шығыстарды жүзеге асырған дербес білім беру үйымының оқыту, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау мақсатында алған өтеусіз көмек есебінен және соның шегінде жүзеге асырылған жағдайда, осы ережелер қолданылады.

Жоғарыда аталғандардың 12-13 түрлерінде көрсетілген табыстарды салық салудан босату мүндай босатуды қолдану үшін негіздер болатын салық кезеңдері үшін беріледі.

Салық төлеуші (салық агенті) табыс төлеу күнінен бүрін түзету қолдану үшін негіз туындаған күні растау құжаттарын табыс өткен жағдайда, жоғарыда аталғандардың 12-13 түрлерінде көзделген түзетулерді мүндай түзетулерді қолдану үшін негіз болатын салық кезеңіндегі табысқа қолдануға құқылы.

*Жоғарыда аталғандардың 12-13 түрлерінде көзделген табыстар:*

– жеке тұлғаның осында белгіленген шектерде осындай түзетудің мөлшерін көрсете отырып, салық салынатын табыстарға түзетулерді қолдануға берген өтінішінің;

– растайтын құжаттар көшірмелерінің негізінде салық салынатын табыстардан алып тасталады.

Жеке қосаңы шаرعاштықтан түсемін табыс агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаучы үйымға мынадай құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтаманы;

2) жергілікті атқаруышы органның жеке қосалқы шаруашылықта пайдаланылатын:

- алаңы көрсетілген жер участесінін;
- саны көрсетілген үй жануарларының;
- саны көрсетілген үй құстарының болуы туралы растауын;

3) салық салынатын табыстарды түзетуді қолдануға арналған өтініш табыс еткен кезде, салық салынатын табыстардан алып тасталады. Бұл ретте құжаттар салық агентіне осындай түзету қолданылған күнтізбелік жылы кемінде бір рет табыс етіледі.

Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыстың ережесін тек бір салық агенті – агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйімғана қолданады.

*Жылдық жиынтық табыстың салық салынбайтын мөлшері* – дара кәсіпкерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеу мақсатында салық салынатын табыстың ЖТС салынбайтын мөлшерін жеке тұлға үшін күнтізбелік жылда республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиесті қаржы жылының 1 қантарында қолданыста болатын ең томенгі жалақының 12 еселенген мөлшері құрайды.

*Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы ЖТС-ның мөлшерлемелері (2009 жылдан бастап):*

– томенде көреетілген табыстарды қостаганда, салық төлеушінің табыстарына 10 пайыздық мөлшерлеме бойынша салық салынады;

– Қазақстан Республикасындағы және одан тыскары жерлердегі көздерден алынған дивидендтер түріндегі табыстарға 5 пайыздық мөлшерлеме бойынша салық салынады.

*ЖТС-ны есептей* – салық агенті тәлем көзінен салық салынатын табыстар бойынша, салық салынатын табысты есебіне жазу кезінде жүргізеді. *ЖТС-ны ұстапды* – салық агенті толем көзінен салық салынатын табысты төлеу күнінен кешіктірмейді. Салық агенті толенген табыстар бойынша ЖТС-ны аударуды табыс төлеу жүзеге асырылған ай аяқталғаниан кейін күнтізбелік жиырма бес күнінен кешіктірмей озінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырады. Салық агенттің құрылымдық бөлімшелері қызметкерінің табыстары бойынша ЖТС-ны құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері бойынша тиесті бюджеттерге аударады.

Заңды тұлға оз шешімімен оның құрылымдық болімшесі толеген тәлем көзінен салық салынатын табыстар бойынша өзінің құрылымдық бөлімшесін тәлем көзінен үсталатын ЖТС бойынша салық агенті

деп тануға құқылы. Бұл кезде заңды тұлғаның шешімі немесе мұндай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған тоқсаннан кейінгі тоқсаннан бастап күшіне енеді. Жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше салық агенті деп танылған жағдайда, заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған тоқсаннан кейінгі тоқсаннан бастап қолданыска енгізіледі.

Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша салық агенттері деп танылған құрылымдық бөлімшелер әлеуметтік салықты дербес төлеушілер болып танылады. Депозитарлық қолхаттар бойынша табыстардан салықты есептеуді және ұстауды осындай депозитарлық қолхаттардың базалық активінің эмитенті жүргізеді. Оңайлатылған декларация негізінде шағын қасиекерлік субъектілері және шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режімдерін қолданатын салық агенттерінің ЖТС-ны төлеу мерзімдері арнаулы салық режімінің талаптарында белгіленген.

*Салық агенттері ретінде қарастырылуы мүмкін:*

- мемлекеттік органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және аумақтық органдары өздеріне бағынысты мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің табыстары бойынша;
- жергілікті атқаруыш органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және аумақтық (төмен тұрған) органдары өздеріне бағынысты мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінін табыстары бойынша.

Салық агенттері деп танылған мемлекеттік мекемелер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады. Салықты төлеу салық агенттінің орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерде жүргізіледі. Салық агенті ЖТС-ны есептеуді, ұстауды және төлеуді осында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізеді. Салық агенті ЖТС және әлеуметтік салық жоніндегі декларацияны белгіленген тәртіппен және мерзімдерде табыс етеді.

Қызметкердің толем көзінен салық салынатын табысына ЖТС-ның сомасы қызметкердің табысына сәйкес айқындалатын, толем көзінен салық салынатын табысының сомасына 10 пайыздық мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі. ЖТС-ның сомасы жеке тұлғаның салық агенттерінен алатын, толем көзінен салық салынатын табысының сомасына 10 пайыздық белгіленген мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі. ЖТС-ның сомасы толем көзінен салық салынатын, зейнетакы толемдері түріндегі табыстың сомасына 10 пайыздық мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі.

ЖТС-ның сомасы төлем көзінен салық салынатын, дивидендер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі есепке жазылған табыс сомасына 5 пайыздық мөлшерлемелерді қолдану арқылы есептеледі. Ұтысты, сыйақыны төлеу кезінде ұсталған ЖТС-ның сомасы төлем көзінен осы салыктың ұсталғанын растайтын құжаттар болған кезде салыктарды есептеу мен төлеуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын дара кәсіпкер салық кезеңі үшін есептеген ЖТС-ның есебіне жатқызылады.

ЖТС-ның сомасы төлем көзінен салық салынатын стипендия түріндегі табыс сомасына 10 пайыздық мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі. ЖТС-ның сомасы жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төлем көзінен салық салынатын, жинактаушы сақтандыру шарттары бойынша табысқа сәйкес айқындалатын табыс сомасына 10 пайыздық мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі.

## 7.2 || Жеке табыс салығын жоспарлау (болжамдау) әдістемесі

Төлем көзінде салық салынатын табыстардан ЖТС заңға сәйкес ұсынылатын және салық салудың бекітілген мөлшерлемелеріне сәйкес алынған табыстар, женілдіктер және шегерімдердің сомасына тәуелді болады. Төлем көзінде салынатын табыстардан ЖТС-ны болжамдау үшін салыктық органдарға салық төлеушілермен ұсынылатын салыктық декларациялардың мәліметтері қолданылады.

*Салық салынатын табыс сомасы мен ЖТС-ның көлемінен шыға отырып салыкты алып орташа пайызын анықтау керек, ал аймақ бойынша откен жыл мен ағымдық жылдың есептік кезеңі бойынша қалыптасады және келесі 7.2-формула бойынша есептеледі:*

$$A = \frac{J_c}{T_c} \times 100\% \quad (7.2)$$

Мұндағы:

- A – алудың (айыру) орташа пайызы;
- J<sub>c</sub> – есептік кезең үшін төлем көзінен алынатын ЖТС-ның сомасы;
- T<sub>c</sub> – есептік кезең үшін салық салынатын табыстың сомасын есептеу.

*Содан кейін, күтілеттін табыс сомасы мен орташа алу пайызынан шығып, ағымдық жыл үшін салық түсімінің күтілеттін сомасы анықталады. Осыдан табыстардан ЖТС-ның болжамы ағымдық жыл үшін күтілеттін салық салынатын табыс сомасы негізінде анықталады және келесі 7.3-формула бойынша есептеледі:*

7-тaraу. Жеке табыс салығын жоспардау (болжамдау) ≤ 181

$$\text{ЖТС}_\delta = \text{ССТ}_{\text{кут}} \times И / 100\% \times А / 100\% \quad (7.3)$$

мұндағы:

- $\text{ЖТС}_\delta$  – төлем көзінен жеке табыс салығының болжанатын сомасы;
- $\text{ССТ}_{\text{кут}}$  – ағымдық жыл үшін салық салынатын табыстың күтілетін

сомасы;

- И – жоспарланған жылда тұтыну бағаларының индексі;
- А – алудың орташа пайызы.

Бағдар үшін күтілетін және болжанатын салық есебін оның түсімдер серпіні бойынша жасау керек, есептеу кезінде күтілетін түсімдерден тұракты емес сипаттағы бір жолғы төлемдерді алғып тастау қажет. Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ЖТС болжағанда жеке касіпкердің табыстары, мүліктік және басқа да табыстар, адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары бойынша алдыңғы жыл үшін салықтың декларациялардың мәліметтері колданылады.

Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар бойынша жеке табыс салығын есептеу салық салуға және салық шегерімдеріне жатпайтын табыстар сомасына азайтылған төлем көзінен салық салынбайтын (адвокаттардың және жеке нотариустардың табыстарынан қоспағанда) болжамдық табыс сомасына орташа мөлшерлемені колдану арқылы жүргізіледі. Бұл кезде, өнір бойынша қалыптасқан орташа мөлшерлеме мөлшері есептік деректер бойынша анықталады, ол оларға әсер ететін факторлардың болуына байланысты түзетілуі мүмкін.

*Адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары бойынша ЖТС-ның сомасы атынан табыс сомасына бекітілген мөлшерлемені колдану арқылы анықталады және келесі 7.4-формуламен есептеледі:*

$$\text{ЖТС}_\delta = \text{ССТ}_{\text{кут}} \times И / 100\% \times М / 100\% \quad (7.4)$$

мұндағы:

- $\text{ЖТС}_\delta$  – төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан жеке табыс салығының болжанатын сомасы;

- $\text{ССТ}_{\text{кут}}$  – ағымдағы жыл үшін салық салынатын табыстың күтілетін сомасы;

- И – жоспарланатын жылдағы тұтыну бағаларының индексі;
- М – салықтың орташа мөлшерлемесі.

Жоғарыда көрсетілген салықтар бойынша келер жылға болжам өткен жыл үшін рееми салық түсімдерінің талдауы, ағымдық жыл үшін күтілетін түсімдер негізінде және аймақтың макроэкономикалық көрсеткіштерінің озгерістерін есепке ала отырып есептелінеді.

*Олеуметтік салықтың (ОС) салу объектісі* – сәбек және азаматтық-құқықтық келісімшарттар бойынша жеке тұлғалардың есебіне салық төлеушілерден төлемдер мен басқа да сыйақылар жатады, олардың пәні – жұмыстарды орындау, қызмет көрсету болып табылады. Жеке кәсіпкерлер үшін сыйақылар толем көзінде олеуметтік салық салынбайды, себебі жеке кәсіпкерлер дербес салық төлеушілер болып табылады.

Азаматтық-құқықтық келісімшарттар бойынша жүргізілетін төлемдер салық салу объектілері болып табылмайды, олардың пәні жеке меншік құқығының немесе басқа да мүліктік құқықтардың, сонымен қатар мүлікті қолдануға берумен байланысты келісімшарттардың ауысуы болып табылады. Осылайша, егер салық төлеуші жеке тұлғаларға төлем жүргізсе, оны алушы жағынан белгілі бір жұмыс немесе сәбек міндеттерін орындау қарастырылmasa, онда мұндай төлемдер олеуметтік салықтың салық салу объектісі болып табылмайды.

Олеуметтік салықты оңтайландырудың басқа тәсілі – мүлікті жалдау келісімшарты. Қолдануға мүлікті берумен немесе мүліктік құқықтарды қолдануға берумен байланысты келісімшарттар бойынша төлемдер салық салу объектісіне жатпайды. Жеке тұлғадан үйыммен жалға алынған мүлік жалдаушымен табыс табуға бағытталған қызметті жүзеге асыру үшін қолданылуы керек. Бұл жағдайда, қызметкермен жалға алу келісімшарты жасалады, оның сомасы қызметкерге еңбекақысының көп белгігін өтейтін болуы керек. Бұл сомадан кәсіпорын ӘС төлемейді және бұл шығыстар табысқа салық бойынша салық салынатын кірісті азайтады.

Соңғы кездері ӘС оңтайландырудың көп тараған әдісі *аүтсорсинг келісімшарты*, яғни қызметкер үсіну тұратын келісімшарт. Негізгі үйымның қызметтің қамтамасыз ету үшін қызыгуышылығы бар тұлғалармен жаңа үйым құрылады, олар салық салудың жеziлдестілген жүйесін қолданады, содан кейін қызметкерлердің бір болігі жалақысының сақтауымен бұл үйимға ауысады.

*Оның мәні* – негізгі үйымның қызметтің қамтамасыз ету үшін мүдделі тұлғалар оңайлатылған салық салу жүйесін қолданатын жаңа үйым құрады, содан кейін қызметкерлердің бір болігі еңбекақылары сақтауумен сол үйимға ауыстыру болып табылады. Соңғы жылдары ӘС оңтайландырудың басқа да тәсілдері кең танымалдыққа ие болды, мәселен, «Шетелден толем». Салық заңнамасы бойынша бейрезидент занұды тұлғадан алған жеке тұлғаның табыстарына табыс салығыға салынады. Осы тәсіл түрлерінің бірі – штетел компанияларынан персоналды жалдау. Салық кодексі жалға алынған қызметкерлерді толеу

7-тарау. Жеке табыс салығын жоспарлау (болжамдау) № 183 шығыстарын өндіріс шығыстарына жатқызуға рұқсат береді, сол арқылы ӘС ғана емес, сонымен бірге табысқа салынатын салықты азайтуға мүмкіндік береді.

ӘС-ның колемін болжамдаған кезде ағымдық жылдың откен кезеңі үшін салық декларациясының мәліметтерін қолдану керек. Салық салынатын табыстың ресми көлемі мен ӘС-ның есептеген сомасынан корсетілген кезеңдерге аймақ бойынша ӘС-ның орташа қалыптасқан мөлшерлемесі анықталады және оны келесі 7.5-формуладан көргөze болады:

$$M = \frac{\Theta C_e}{CCT_e} \times 100\% \quad (7.5)$$

мұндағы:

– M – салықтың орташа мөлшерлемесі;

–  $\Theta C_e$  – есептік кезең үшін әлеуметтік салықтың ресми түскен сомасы;

–  $CCT_e$  – есептік кезең үшін салық салынатын табыс.

Содан кейін салық төлеушілердің салық салынатын табысының есімін ескере отырып және орташа мөлшерлемені қолдану арқылы ағымдық жыл үшін салықтың күтілетін көлемі анықталады.

ӘС бойынша болжамды есептеуді 7.6-формуладан көргөze болады:

$$\Theta C_b = CCT_{\text{кут}} \times I_b / 100\% \times M / 100\% \quad (7.6)$$

мұндағы:

–  $\Theta C_b$  – ӘС-ның болжанатын сомасы;

–  $CCT_{\text{кут}}$  – ағымдық жыл үшін салық салынатын табыстың күтілетін сомасы;

–  $I_b$  – жоспарланатын жылда тұтыну бағаларының индексі;

– M – әлеуметтік салықтың орташа мөлшерлемесі.

ЖТС бойынша салық кезеңі:

– салық агенттерінің төлем көзінен салық салынатын табыстардан ЖТС-ны есептеуі үшін – күнтізбелік ай;

– төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ЖТС-ны есептеу үшін – күнтізбелік жыл.

Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларация – төлеушілер жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық жөніндегі декларацияны орналасқан жері бойынша салық органдарына есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-нен кешіктірмей тоқсан сайын табыс етеді. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияға қосымша жыл қорытындысы бойынша жасалады және есепті жылдың төртінші тоқсанының декларациясымен бірге табыс етіледі. Құрылымдық бөлім-

шелері бар төлеушілер құрылымдық бөлімшениң орналасқан жеріндегі салық органына құрылымдық бөлімнен бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияга құрылымдық бөлімнен бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтың сомасын есептеу жоніндегі қосымшаны табыс етеді.

*Корыта келгенде, бұл тарауда жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық түсімдерін жоспарлаумен болжамдаудың әдістемесін қарастырудық. Сондай-ақ осы тақырыпта қарастырылған сұрақтардың мазмұнын толық ашу үшін және жсан-жсақты зерттеу мақсатында 2010 жылды КР Экономикалық даму және сауда министрлігінің «Бюджеттік жоспарлау департаментімен әзірленген «Бюджет кірістерін макроэкономикалық болжамдау бойынша» тәжірибелі нұсқаулықпен танысу қажет. Ол оқу құралының соңында қосымша ретінде берілген.*

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салықтың принциптері.
2. Табыстардың негізгі құрамы.
3. Табыс салығын есептеу барысы.
4. Жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салықты есептеу барысы.
5. Салық женілдіктерін қолдану.
6. Стандартты салық женілдіктері.
7. Стандартты емес салық женілдіктері.
8. Болжамдаудың нақты әдістері.
9. Сараптама әдісі. Математикалық әдістер.
10. Экстраполяция әдісінің негізі.
11. Қол жетімді (жеткілікті) салықтық жоспарлау.
12. Жеке табыс салығын төлеушілер.
13. Жеке тұлғалар.
14. ЖТС төлеуден босатылатын тұлғалар.
15. ЖТС бойынша салық салу обьектілері.
16. ЖТС бойынша салық салынатын база.
17. Жеке тұлғаның табысы ретінде санаімайды.
18. ЖТС-ны есептеу кезінде жеке тұлғаның салық салынатын табыстарынан алғып тасталатын табыстардың түрлері.
19. Жеке қосалқы шаруашылықтан түсстін табыс.
20. Жылдық жыныстық табыстың салық салынбайтын мөлшері.
21. ЖТС-ның мөлшерлемелері.
22. ЖТС-ны есептеу.
23. ЖТС-ны ұстау.
24. алық агенттері.
25. Қызметкердің төлем козінен салық салынатын табысы.

26. Жеке табыс салығын жоспарлау (болжамдау) әдістемесі
27. Салық салынатын табыс сомасы мен ЖТС-ның көлемінен шыға отырып салыкты алып тастаудың орташа пайызын анықтау.
28. ЖТС-ның болжамы.
29. Толем көзінен салық салынбайтын табыстар бойынша жеке табыс салығын есептеу.
30. Адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары бойынша ЖТС-ның сомасы
31. Элеуметтік салықтың салық салу объектісі.
32. Элеуметтік салықты оңтайландырудың баска тәсілі.
33. Аутсорсинг келісімшарты.
34. ӘС-ның көлемін болжамдау.
35. ӘС бойынша болжамды есептеу.
36. ЖТС бойынша салық кезеңі.
37. Жеке табыс салығы мен элеуметтік салық бойынша декларация.

#### ***Білім алушылардың озіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:***

*Келесі сұрақтарды мәңгеріп, баяндамалар мен презентациялар дайындау:*

1. Жеке табыс салығын жоспарлау және болжамдау: үлгілері және механизмдері.
2. Жеке табыс салығын болжау әдістері мен тәсілдері.
3. Әр түрлі иүскада ЖТС есептеу және салық салынатын базасын анықтау.
4. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 6 бөлімі «Жеке табыс салығы» 18-21 тарауларын қарастыра отырып, ЖТС-ның түсімін есептейтін тапсырмаларды дайындау және шешу.

*Берілген тақырыптың сұрақтарын мәңгеру үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексін «ЖТС жөніндегі» болімдері мен тарауларын және баптарын, сондай-ақ сәйкесінше әдебиеттерді оку қажет.*

#### ***Талдамалық баяндамалар тақырыптары:***

1. Қазақстан Республикасындағы өткен 5 жылға жеке табыс салығының құрылымы мен серпініне талдау жасау, болашақтағы 3 жылға ЖТС-ның түсімдерін болжау.
2. Үш жылдық мерзімдегі республикалық бюджетке түсетін ЖТС бойынша түсімдер көлемінің өсуіне және азаюына әсер ететін факторларды талдау.



## **8-ТАРАУ. ЖАНАМА САЛЫҚТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ (БОЛЖАМДАУ)**

1. Жанама салықтардың ролі және маңызы.
2. Жанама салықтарды жоспарлау (болжамдау) әдістемесі.

### **8.1 || Жанама салықтардың рөлі және маңызы**

Жанама (ішкі) салықтар тауардың бағасында төленетін немесе тарифке қосылатын тауарлар мен қызметтерге қойылады. Мұндай салықтың шынайы төлеушісі тауарды немесе қызметтерді сатып алушы болады, себебі осы тауарлар мен қызметтердің иесі оларды жүзеге асыру нәтижесінде салықтық сомалар алады. Жанама салыққа қосылған құн салығы және акциздер жатады.

Жанама салықтарды сатушы емес сатып алушы, яғни тұтынушы төлейді. Тауар немесе қызмет бағасына алдын-ала салық енгізілмегендіктен, іс жүзінде оны бюджетке сатушы аударады. Бюджетке түскен соң қандай шараларға жұмсалатын белгісіне қарай жалпы және арнайы салықтарға болінеді. Жанама салықтар – тікелей емес, жанама түрде тауар немесе қызмет құны арқылы алынады. Жанама салықтар мемлекеттің қазыналық қажеттіліктерін корсетеді. Оларды дұрыс пайдалана білу, баға белгілеу үдерісі мен тұтыну құрылымына позитивті түрде әсер етеді. Сонымен қатар, салық толсунілерге табыстарына тікелей салық салудан горі шығындарына салық салу деңгейінің оскені тиімдірек.

*Жанама салықтарға:* ҚКС және акциз жатады. Сонымен қатар сыртқы экономикалық қызметтегі түсестін түсімдер де жатады (кедендейк баж түріндегі кедендейк табыстар, экспортқа және импортқа салық, ішкі базарда әрекет ететін тауарлардың бағасының озгерісі). Салықтар әрдайым мемлекеттік заңға байланысты белгілінген, анықталған қайнар көздерден алынабермейді. Кейбір салықтар үлттыхық экономиканың ертүрлі құрастырылған болыктарға ауысуы мүмкін. Осы себептегі салықтардың қазіргі түрлерінің мүмкін ауысуы саласын дәл анықтау қажет және салықтардың соңғы ауысуы орындарын анықтау қажет. Басқаша айтқанда, салық ауыртап анылғысы басқа түрлерге ауысуы мүмкін. Салық мәселе теориясында салықтардың ауысуы ең қыны мәселе болып табылады. Сонымен қатар бұл құбылыстың тәжірибелік мағынасы оте үлкен, себебі

ол салық саясатында барлық мемлекеттік биліктің жобалауын тоңкеріп жіберуі мүмкін. Салықтар белгілі бір шарттар арқылы ауысуы мүмкін. Ең алдымен салық қандайда бір нарық операциясымен байланысқан кезде болуы мүмкін. Мысалы: сату, сатып алу, жалға беру. Бұл кезде салық төлеуші бұны нарық операциясымен салықты байланыстыруға және салық бағасы қолемін көтеруге тырысады. Осылай акциз салынған тауар өндіруші, тауарды сата отырып, тауар бағасына акциз сомасын қосуға тырысады және сол арқылы оны тұтынушиға аударады.

Салықтардың ауысуы мүмкіндігі нарық жағдайына, сұраныс қатынасына және тауар мен баға үсінісінә байланысты. Егер салық төлеуші тауар құнын төлеген салықты жабу мақсатында қоретіндегі мүмкіндігі болса, онда ол салықты ауыстырып жіберетін жағдайда болады, яғни бір субъектіден екінші бір субъектіге (тұтынушиға) салықтың ауысуы. Бірақ нарықта ауысуы сұраныстан көп болса және баға төмендесе, онда салық субъектісі бағаны сатуға көтеруге мүмкіндік болмайды және тауарды төмен бағамен сатуға міндетті. Бұл кезде салықты алып жүруші оны түгелдей немесе бөлшектей артқа алышпастайды, басқа субъектіге (мысалы сатушыдан өндіруші сатып алушыға, ал акциз немесе ҚҚС-ты төлеу керек) ал оны өз есебіне алуы тиіс. Бұл кері ауысу жағдайы. Салықтардың тікелей және жанамаға бөлу дәл осы негіз болды.

*Жанама салықтар – салықтардың соңғы тұтынушиға ауысуы арқылы жүргізілетін салықтар. Біздің мемлекетте мұндай салықтарға акциздер, қосылған құнға салынатын салық және кедендік баж салығы жатады.*

*Жанама салықтардың тікелей салықтарға қарағанда кеңірек пайдалану артықшылығы неде?*

*Оларға келесілердің жетекшілігі болады:*

1. Жанама салықтарды егер ұтымды және асерлі пайдаланса, олар мемлекетте оте үлкен қаржылық түсімдер әкелуі мүмкін. Мәселен, ҚҚС салық қазіргі кезде бюджет түсімдерінің негізгі көзі болып табылады.
2. Жанама салықтар шағын, аз гана қолемде алынады, демек салық төлеушилерге азырақ сезіледі, ал тікелей салықта бірден үлкен қолемде толеуді талап етеді.
3. Жанама салықтарды толеу егер олар бірінші қажеттілікті заттарға түспесе, тек салық төлеушінің ақшасы бар кезде гана төленеді. Бұған дәлел екінші дөрежелі затты сатып алу, оған салық қосылады. Ал тікелей салықтарда салық толеуші қын жағдайда тұрган кезінде салық толеуді талап етуі мүмкін, бұдан салықтан жалтарулар пайда болады.

4. Жанама салықтардың ыңғайлылығы сонда, оны төлеуші ешбір бұрмалай алмайды, ал тікелей салықтар қалай ұқыпты ойластырылса да, әрқашан оларды төлемеуге бұрмалаушылық табылады.

5. Жанама салықтар тікелей салықтарға қарағанда жеңілірек жиналады, себебі адамдардың көп көлемі салықты алып жүруші болып табылады, ал оларды тәртіп бойынша өндіруші немесе сатып алушы төлейді. Көбінесе жанама салық салуға екінші дәрежелі қажеттіліктегі тауарлар жату керек. Жанама салықтар негізінде бағаның өсуіне әкеледі. Мемлекет халықтың әл-ауқаты нашарламауы үшін, бірінші қажеттіліктегі тауарлардың құнын жоғарылатпай ұстауы қажет. Сондықтан бұл тауарлардан салық ұсталмауы тиіс, себебі адамдардың, әсіресе табысы төмен азаматтардың өмір сүру дәрежесі төмендейді. Сонында ол әлеуметтік жарылышқа әкелуі мүмкін.

Қазақстанда қосылған құн салығы 1992 жылы енгізіліп, мемлекеттік бюджеттің бастапқы табыс көзіне айналған, себебі сол жылдары олардың үлесіне бюджет кірістерінің 28,8 пайызы келген. ҚҚС енгізу елде жанама салық салу жүйесін құру болып табылды, олар мемлекеттің фискалды мүдделерін білдірген. Дегенмен, оларды дұрыс қолдану баға жасалу үдерісі мен тұтыну құрылымына оң әсерін тигізуі мүмкін. Әлемдік тәжірибе көрсеткендегі салық төлеушілер үшін олардың шығыстарына салық салудың өскені, табыстарды тікелей салық салудан тиімдірек.

Тұтынуға салынатын салықтарды қолдану тиімдірек, себебі олардан жалтару қындау, яғни экономикалық жалтарулардың аздығымен байланысты. Ол еңбекке ынтаны да азайтады. Дегенмен, тұтынуға салынатын салықтың өсуінің де кемшіліктері бар: инфляциялық және кемімелі сипат. Бірақ бұл салықтың онтايлы әсері оның теріс әсерін басып кетеді, мұны дамыған нарықтық экономикасы бар елдер дәлелдеп отыр.

1992 жылы елімізде енгізілген жанама салықтың түрі – тауар бағасына қосылатын акциз салығы. «Акциздер туралы заң» (24.12.1991 ж.) ішіндік спиртіне, арак-шарапқа, сыраға, бескіре мен қызыл балықтарының уылдырығына, қымбат балық түрлерінен жеңеік асқа (деликатес), шоколадқа, темекі өнімдеріне, зергерлік өнімдерге, шиналарға, қымбат былғары (тон) өнімдеріне, таза былғарыдан тігілген киімдерге, фарфор мен хрустальдан жасалған жоғары сапалы тауарларға, кілемдер мен кілемдік бұйымдарға акциз салудың срекесін бекітті. Салық салу объектісі – акциз қосылатын босату бағасы бойынша жүзеге асырылатын акциздік тауарлардың құны болып табылады.

Қазақстанда алғашында ҚҚС қосылған құнның 28 пайызы көлемінде, барлық нарық субъектілерінен алынған, кейіннен салық молшерлемесі

20 пайызға дейін, ал әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына 10 пайызға дейін төмендеді. Қосылған құн салығы енгізілгеннен бастап, тек халық тұтынатын тауарларды салық салуға тарту арқылы ғана емес, сонымен қатар, өндірістік-техникалық бағыттағы өнімдер мен қызметтерге де салық салына отырып, салықтың қолдану аясы кеңеяді.

*Айналымга салық салу жүйесін қосылған құнға салық салу жүйесімен ауыстыру келесі мәселелерді шешуге комектеседі:*

– біріншіден, мемлекеттік бюджетті сенімді және тиімді табыс көзімен қамтамасыз ету, себебі өндіріс өсімі салықтан кірістің сенімді түрде өсуіне әкеледі. Бұл салық мемлекетке салық мөлшерлемесін; әртараптандыру арқылы тұтынушы сұранысын реттеу бойынша оңтайландыру бостандығын береді;

– екіншіден, салықтық жағдайларды бірегейлендіру арқылы кәсіпорындардың өндірістік қызметі үшін тиімді экономикалық жағдайлар қалыптастырады.

Салықтық жүйені әлемдік салық салу тәжірибесінің ең үдемелі үрдістеріне сәйкестендіреді. Осылайша, бұл салықтың негізгі мөлшерлемелері XX ғасырдың 90 жылдарының басында Батыс Еуропаның кейбір елдерінде мынадай көрсеткіштерді құрады: Австралияда – 20 пайыз, Бельгияда – 19 пайыз, Данияда – 22 пайыз, Францияда – 18,8 пайыз, Италияда – 15 пайыз, ГФР – 14 пайыз, Испанияда – 12 пайыз, Швецияда – 23,5 пайыз, Англияда – 15 пайыз, Норвегияда – 20 пайыз.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы мемлекеттік бюджеттің барлық кірісінің шамамен 22 пайызын құрайды. Бұл салық бюджеттеге өндіріс үдерісі кезінде, тауарлар, жұмыстар және қызметтер айналымында қосылған жүзеге асыру бойынша салық салынатын айналым құнының бөлігін аударуды білдіреді. Салық салынатын айналым бюджетке төлеуге жататын ҚҚС көлемі қосылған құнға салынатын салық сомасы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады, ол жүзеге асқан тауарлар (жұмыстар, қызметтер) және қосылған құн салығының сомалары үшін есептеледі.

ҚҚС обьектісінде – салықтық заңнамаларда салық салынатын айналым мен салық салынатын импорт қарастырылған. ҚҚС төлеушілер аталған салық бойынша есепке тұрған немесе есепке тұруға міндетті тұлғалар болып табылады. Тауарларды импорттау кезіндегі ҚҚС төлеушілер кеден заңнамасына сәйкес біздің еліміздің аумағына осы тауарларды импорттаушы тұлғалар болып табылады.

*Тауарлар* – жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді және ақшаны, оның ішінде шетел валютасындағы ақшаны қоспағанда, мүліктер.

*Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді откізу бойынша айналым болып табылады:*

- 1) тауарға меншік құқығын беру, оның ішінде:
  - тауарды сату;
  - кәсіпорынды тұтастай мүліктік кешен ретінде сату;
  - тауарды тиеп-жөнелту, оның ішінде басқа тауарларға, жұмыстарға, қызмет көрсетулерге айырбастау;
  - тауарды өтеусіз беру;
  - жұмыс берушінің тауарды қызметкерге жалақы есебінен беруі;
  - кепіл берушінің кепілге берілген мүлікті (тауар) борыштың төленбеуі жағдайында беруі;
- 1-1) тауар экспорты;
- 2) тауарды тиеп-жөнелту, оның ішінде төлемді бөліп төлеу және басқа тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге айырбастау шартымен тауарды тиеп-жонелту;
- 3) мүлікті қаржы лизингіне беру;
- 4) тауарды комиссия шарты бойынша тиеп-жөнелту;
- 5) бұрын экспорт кедендік рәсімінде шығарылған тауарды кері импорт кедендік рәсімінде кайтару.

*Жұмыстарды, қызмет көрсетулерді откізу бойынша айналым жұмыстарды кез-келген оның ішінде отеусіз орындауды немесе қызмет көрсетулерді, сондай-ақ тауарды откізуден ерекшеленетін, сыйақы үшін кез-келген қызметті, оның ішінде төменде атаптандарды да қамтиды:*

- 1) мүліктік жалдау шарттары бойынша мүлікті уақытша иелікке және пайдалануға беру;
- 2) зияткерлік меншік обьектілеріне құқықтар беру;
- 3) жұмыс берушінің қызметкерге жалақы есебінен жұмыстарды орындауды, қызмет көрсетулері:
- 4) аванстарды және айыппұл санкцияларын қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді откізуге байланысты талап ету құқықтарын беру;
- 5) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім беру;
- 6) несие (карыз, микронесие) беру.

#### *Салық салынатын айналым:*

- 1) салық салынбайтын айналымды қоспағанда, Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді откізу бойынша;
- 2) бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша ҚҚС-ты төлеуші жасаган айналым.

*Салық салынатын айналым молшерін анықтау – Қазақстан Республикасының трансферлік баға белгілеу заңнамасында өзгеше*

**8-тарау.** Жанама салыктарды жоспарлау (болжамдау) № 191 көзделмесе, салық салынатын айналым мөлшері, мәміле жасасқан тараптары қолданатын бағалар мен тарифтерді негізге ала отырып, оларға ҚҚС-ты енгізбей, өткізілетін тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер құны негізінде айқындалады.

**Салық салынатын импорт** – Кеден одағының кеден заңнамасына және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес декларациялануға жататын, Кеден одағының аумағына әкелінетін немесе әкелінген тауарлар (ҚҚС-тан босатылғандарын қоспағанда).

**Салық салынатын импорт мөлшері** – Кеден одағының кеден заңнамасына және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалатын импортталатын тауарлардың кедендік құны, сондай-ақ, импортқа ҚҚС-ты қоспағанда, Қазақстан Республикасына тауарлар импорты кезіндегі салық және бюджетке төленетін кеден төлемдерінің сомалары.

**ҚҚС-тың мөлшерлемелері** – бірнеше мәрте өзгерістерге ұшырады. Елбасымыздың тапсырмасымен кәсіпкерлікті қолдау мақсатында салық мөлшерлемесі екі еседен аса мөлшерде төмендетілді (8.1-сурет).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы 1 наурызда Хатыққа арнаган «Қазақстан өз дамуындағы жаңа сернізіс жасау қарсаңында» Жолдауында «2007 жылдан бастап ҚҚС мөлшерлемесін 1 пайызга, ал 2008-2009 жылдары қосынша тағыда 1-2 пайызға азайту керектігін» атап откен еді. Осыған орай ҚҚС мөлшерлемесі 2007 жылы 14 пайыз, 2008 жылы 13 пайыз, 2009 жылдан бастап 12 пайыз болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылғы «Дағдарыстан жаңару мен дамуга» атты Хатыққа Жолдауында «Негізгі салықтар бойынша мөлшерлемелерді әздеқайда төмендеткен жаңа Салық кодексі іске қосылды. ҚҚС мөлшерлемесі 12 пайызға дейін төмендетілді» деп атап көрсеткен еді.

#### **Сонымен бұгынғай таңдағы ҚҚС-тың мөлшерлемелері:**

1. Салық салынатын айналым мен салық салынатын импорттың мөлшеріне 12 пайыз.

2. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдар.


Жеке тұлғалар Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы алып өтетін жеке пайдалануға арналған тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импорты кезінде ҚҚС-ты төлеу кедендік баждардың, салықтардың бірыңғай мөлшерлемесі бойынша кедендік баждарды, салықтарды төлеу арқылы немесе жыныстық кедендік толем түрінде жүзеге асырылады.

Кедендей баждардың, салықтардың бірынгай мөлшерлемелерінің, сондай-ақ жыныстық кедендей тәлемнің мөлшері мен оларды төлеу тәртібі Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленеді.

*Тұлғаны ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарған кезде айқындалатын салық салынатын айналым мөлшеріне ҚҚС-тың:*

1) тауар-материалдық қорлар бойынша – тұлғаны ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарған күні қолданыста болған;

2) негізгі қорлар, материалдық емес және биологиялық активтер, жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша – оларды сатып алған күні қолданыста болған мөлшерлемелері қолданылады.



8.1-сурет – ҚҚС-тың мөлшерлемелері

Ескертту: ССА – салық салынатын айналым, ССИ – салық салынатын импорт.

**ҚҚС-ты есептейу – ҚҚС-тың салық салынатын айналым бойынша есепке жазылған ҚҚС-тың сомасы мен есепке жатқызылған салық сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.**

*Бұл кезде:*

1) он айырма Салық кодексінде белгіленген тәртіппен бюджетке толенетін салық сомасы болып табылады;

2) теріс айырма есепке жатқызылатын ҚҚС сомасының есепке жазылған салық сомасынан асын кетуі болып табылады.

**Жекелеген жағдайларда ҚҚС-ты толеу тәртібі** – ауыл шаруа шылдығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын зандау тұрғалар белгіленген тәртіппен ҚҚС-ты толеуді жүргізуге құқылы.

*Ауыл шаруашылығы инкізатын қайта оңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлғаларға бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін үйымдар жатады:*

1) қоғамдық тамақтандыру саласындағы қызметті қоспағанда, жылдық жыныстық табысының кемінде 90 пайызын мына қызмет түрлерін:

- ет және ет өнімін ондіруді;
- жемістер мен көкөністерді қайта өңдеуді және консервілеуді;
- өсімдіктер мен жануарлар майын өндіруді;
- сүтті қайта өңдеу мен ірімшік ондіруді;
- ұн-жарма өнеркәсібі өнімін өндіруді;
- жануарлар үшін дайын жемшөп өндіруді;
- наан ондіруді;
- балалар тағамын және емдемдік тағам өнімін өндіруді;
- крахмал-сірге өнеркәсібі өнімін өндіруді;
- ауыл шаруашылығы малдарының терілерін және жүндерін қайта өңдеуді жүзеге асыру нәтижесінде алынған табыстар құрайтын;

Осыны қолдану мақсатында қызмет түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы үәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Экономикалық қызмет түрлерінің жалыны сынынтауышына сәйкес жүзеге асырылады;

2) шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режімін қоспағанда, арнаулы салық режімдерін қолданбайтын;

3) акцизделетін тауарларды ондіру, қайта өңдеу және өткізу бойынша қызметті жүзеге асырмайтын заңды тұлғалар жатады.

*Бюджетке төленетін ҚҚС-тың сомасын айқындау мақсатында осы қолданылған кездес:*

1) есепті салық кезеңінің басында өсу қорытындысымен қалыптасқан есепке жатқызылған ҚҚС сомасының есепке жазылған салық сомасынан асып кетуі (ҚҚС сомасының асып кетуі) болмаған жағдайда – бюджетке төленетін ҚҚС-тың есептелген сомасы 70 пайызға азайтылады;

2) есепті салық кезеңінің басында өсу қорытындысымен қалыптасқан ҚҚС сомасының асып кетуі болған жағдайда – бюджетке төленетін ҚҚС-тың есептелген сомасының есепті салық кезеңінің басында өсу қорытындысымен қалыптасқан ҚҚС-тың сомасынан асып кетуі 70 пайызға азайтылады.

Осыны қолдану туралы шешім қабылданған жағдайда ауыл шаруашылығы инкізатын қайта оңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлға осының ережелерін күнтізбелік жынға кіретін барлық салық кезеңіне қолдануға міндетті.

*Белгіленген тәртіппен ҚҚС-ты толеуді жүргізеді:*

1) ауыл шаруашылығы өнімін, акваосіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер-зандау тұлғалар мына қызмет түрлері:

– жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылығы өнімін, акваосіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, өз өндірісінің көрсетілген өнімдерін қайта өндеде және откізу;

– мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы (оның ішінде, асыл тұқымды), ара шаруашылығы, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, сондай-ақ өз өндірісінің көрсетілген өнімдерін қайта өндеде және откізу бойынша;

2) ауылдық тұтыну кооперативтері мына қызмет түрлері:

– шаруа немесе фермер қожалықтары өндірген ауыл шаруашылығы өнімін, акваосіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін осы кооперативтер мүшелерінің (пайшыларының) откізуі;

– шаруа немесе фермер қожалықтары өндірген ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін осы кооперативтер мүшелерінің (пайшыларының) қайта өндеде және осы өнімдерді қайта өндеде нәтижесінде алынған өнімді откізуі бойынша.

*Осының мақсаттары үшін қолданылатын жылдық жиынтық табыс:*

1) жылдық жиынтық табысты түзету есепке алынбай;

2) айқындалатын ағымдағы салық кезеңі үшін айқындалады.

*Егер ағымдағы салық кезеңінің қорытындылары бойынша қоғамдық та мақтандыру саласындағы қызметті қоспақшада, жылдық жиынтық табысының кемінде 90 пайызында белгіленген шарттар орындаудаған жағдайда, салық толеуші:*

1) 70 пайызға азайтылатын ережені қолданбай, белгіленген тәртіппен ҚҚС-ты есептеуге;

2) корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс ету үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей 70 пайызға азайтылатын ережені қолданбай, ҚҚС есептелетін салық кезеңдері үшін ҚҚС бойынша қосымша салық есептілігін табыс етуге міндетті.

*ҚҚС бойынша салық кезеңі – күнтізбелік тоқсан болып табылады.*

*ҚҚС-ты толеу мерзімі – ҚҚС-ты толеуші бюджетке толенетін салыкты орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдан 25-күннен кешіктірмей, әрбір салық кезеңі үшін төлеуте міндетті. ҚҚС-ты толеушіні ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шыгарған жағдайда, ҚҚС бойынша тарату декларациясында көрсетілген ҚҚС-ты төлеу ҚҚС-ты төлеушінің салық органына осындай декларацияны табыс еткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей. оның*

орналасқан жері бойынша жүргізіледі. Егер ҚҚС бойынша тарату декларациясы табыс етілген салық кезеңінде алдындағы салық кезеңі үшін табыс етілген, ҚҚС бойынша декларацияда көрсетілген осындай салықты төлеу мерзімі көрсетілген мерзім откеннен кейін басталған жағдайда, салықты төлеу салық органына тарату декларациясы табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Импортталаатын тауарлар бойынша ҚҚС Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында кеден толемдерін төлеу үшін айқындалатын күні төлеңеді.

Қазіргі кезде мемлекет салыктарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланады. Салыктардың мәнін толық түсіну үшін, олардың экономикалық маңызын түсіну қажет. Ал салыктардың экономикалық маңызы олардың атқаратын қызметтің тікелей қатысты. Қоңтеген мемлекеттерде акциздерге салық салу негіздері жалпы бірдей болып табылады, тек бюджетке төленетін салық сомасын анықтау әдістерінде қолданылып отырған мөлшерлемелерінде және жекелідіктерінде азғана ерекшеліктері бар. Қазақстанда ТМД елдерінің ішінде басқа да елдердей жанама салыктарды яғни, акцизді есептесудің 2-ши әдісі, яғни қосылған күннин өзін анықтайтын әдісі қолданылады.

Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде өнімдерді шығарушы кәсіпорынга акциз аса зор асерін тигізбейді, ейткені төленген акциз салығының сомалары толенген акциздің сомаларымен жабылады, яғни акциз төлеу тұтынушыларға аударылады. Бірақ Қазақстан Республикасында мұндай көзқарас жұмыс істемейді, акциздер Қазақстанда қызмет етуінің негізінен акциздердің экономикалық мәнімен республикамыздың экономикалық жағдайдың ерекшелігіне байланысты болады. Акциздер енгізген кезінде акциз өндірістік қатынастарға тигізетін ықпалға болжам жасалынбаган және Қазақстан коньюктурасын ескеріп, салықтың атқарымдарын аталау жасалмаган. Бұл салықты енгізген кезінде Қазақстан Республикасының ауматында өндірістің күрг томендеу, тауарлардың жалпы тапшылығы, инфляцияның өсуі сияқты тежеуші факторлары орын алды. Мұның үстінде 28% мөлшерлеме арқылы акциздер енгізілуі жағдайы одан сайын киынцатылады: бағалардың өсуіне әкелді және тұтынушылық талғамдар азайды. Осының інтижесінде өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының кәсіпорындары озін-өзі қаржыландыра алмастан, жай ұлғаймалы өндірістің үдерісін қамтамасыз ете алмады.

Батыстың нарықтық қатынастар дамыған елдерінде бұл салықтың түрі өндірістің өсуін тежеуші тетік ретінде қолданылады. Акциздер тұтынушыларға ғана емес, өндірушілерге де қатты асерін тигізеді. Оларға

мынадай төріс мінездемелер беруте болады. Қасіпорын айналмалы қаражаттардан бұрылып кетуі, яғни қасіпорын мен жабдықтаушыларға, төленген акциздер мен өнімді тұтынуышыларға сатудан түсетін акциздердің мерзімге байланысты сәйкесіздігі. Осы жерде біздің салық есебімізде салықты есептеу әдісінің қолданылуының салдарынан, қасіпорын өздерінің айналмалы қаражаттарын мақсатқа сай жүмсалмай, салықты төлеуге жұмсалады.

### *Сонымен қатар:*

1. Акциздер кемімелі салық болып табылады және ауыртпалықтың үлкен салмағы тұтынуышыларға туседі, ал табысты аз тұтынуышылар мұндай ауыртпалықты қөбірек сезінеді. Басқаша айтқанда бұл акциздер халықтың өмір сұру деңгейін томендестеді.

2. Акциздердің жоғары мөлшерлемесін қолданғанда, әсіресе темекі бұйымдарына халықтың сатып алу қабілеті азайып, өндірушілер үшін өткізу нарығы қыскарады.

Осылайдағы жоғары мөлшерлемесінде көрсетілгенде: «*Салықтың мөлшерлемелерін дифференциялау немесе несізгі мөлшерлемесін төмөндейту арқылы, жанама салықтардың қасіпкерлік қызметтіне тиесізтіктердің төріс асерін жоюға болады*».

**Акциздер** – бағага қосылатын және сатып алушы төлейтін тауарларға салынатын салық. Акциз бюджет кірістерінің 2,7 пайызын құрайды. Акциздерді өзінің айырмашылықты ерекшеліктеріне қарай монопольды түрде жоғары бағалары мен тұракты сұранымы болатын тауарларды өндірушілер төлейді. Акциз әмбебаптық және жеке-дара акциздер болып бөлінеді.

**Акциз салығы** – Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын салық.

**Әмбебаптық акциздер тауарлар мен қызметтердің құнына пайызбен жаты айналымнан өндіріледі. Оларға жататындар:**

- сатудан алынатын салықтар;
- айналымдардан алынатын салықтар.

**Жеке-дара акциздер айтарлықтай көп болуы мүмкін, мәселен:**

– Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың тізбесі;

- акцизделетін қызмет түрлері.

## 8.2 || Жанама салықтарды жоспарлау (болжамдау) әдістемесі

ҚҚС түсімдерін болжамдау екі нұсқа бойынша орындалады.

Есептеудің бірінші нұсқасы елдің алеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары мен ҚҚС алудың орташа пайызына сәйкес Жалты Інкі Өнімнің (ЖІӨ) болжамдық көлеміне негізделеді, ал келесі 8.1-формула және 8.2-формула бойынша есептеледі:

$$\text{ҚҚС}_\text{б} = \text{ЖІӨ}_\text{б} \times A / 100\% \quad (8.1)$$

Мұндағы:

- ҚҚС<sub>б</sub> – болжанатын кезеңге ҚҚС сомасы;
- ЖІӨ<sub>б</sub> – болжанатын кезеңге ЖІӨ көлемі.
- А – алудың (айырудың) орташа пайызы.

$$A = \frac{\text{ҚҚС}_\text{e}}{\text{ЖІӨ}_\text{e}} \times 100\% \quad (8.2)$$

Мұндағы:

- А – алудың (айырудың) орташа пайызы;
- ҚҚС<sub>е</sub> – есептік кезең үшін ҚҚС сомасы;
- ЖІӨ<sub>е</sub> – есептік кезең үшін ЖІӨ көлемі.

Есептеудің екінші нұсқасы ҚҚС түсімдерінің мониторингі бойынша салықтық органдардың мәліметтеріне негізделеді. Мұнда ірі салық толеушілер бойынша есептелген және толенген ҚҚС сомасы туралы мәліметтер қолданылады. Келесі 8.3-формула бойынша есептеледі:

$$\text{ҚҚС}_\text{б} = \frac{\text{ҚҚС}_\text{e}}{\text{ЖІӨ}_\text{e}} \times \frac{I_\text{б}}{100\%} \times \frac{\Theta_\text{өнд}}{100\%} \quad (8.3)$$

Мұндағы:

- ҚҚС<sub>б</sub> – ҚҚС-тың болжанатын сомасы;
- ҚҚС<sub>е</sub> – есептік кезең (тоқсан, жарты жыл) үшін есептелген сомадан шығатын, ағымдық жыл үшін ҚҚС-тың күтілетін сомасы;
- I<sub>б</sub> – жоспарланған жылға тұтыну бағасының өсімі;
- Θ<sub>өнд</sub> – жоспарланған жылға өндірістің өсімі.

ҚҚС болжау кезінде есепті кезеңде нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналым бойынша ҚҚС өтелген сомасының мөлшері және нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналым бойынша ҚҚС сомасын өтеуге жагатын мөлшердің өзгерістері туралы мәліметтерді пайдалану қажет.

Республиканың территориясына импорттататын тауарларға ҚҚС бойынша болжам елдің алеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары мен импорттататын тауарлар бойынша ҚҚС

ортаса молшерлемесіне сәйкес келер жылға импорттың жобасатын көлемі негізінде азірленеді, ол келесі 8.4-формула бойынша есептеледі:

$$\text{ККС}_\text{n} = I_\text{k} \times M / 100\% \quad (8.4)$$

мұндагы:

- ККС<sub>n</sub> – импортталатын тауарларға ККС-тың болжанатын сомасы;
- I<sub>k</sub> – жоспарлы жылға импорт көлемі;
- M – есептік кезең үшін импортталатын тауарларға ККС-тың орташа мөлшерлемесі.

Есептік кезең үшін импортталатын тауарларға ККС-тың орташа молшерлемесі ол келесі 8.5-формула бойынша анықталады:

$$M = \text{ККС}_\text{e} / I_\text{k} \times 100\% \quad (8.5)$$

мұндагы:

- M – есептік кезең үшін импортталатын тауарларға ККС-тың орташа мөлшерлемесі;
- ККС<sub>e</sub> – есептік кезең үшін импортталатын тауарларға ККС сомасы;
- I<sub>k</sub> – есептік кезең үшін импорт көлемі.

Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарларға акциздер бойынша болжамды есептеу үшін алдагы жылға арналған акцизделетін тауарларды өндіру көлемі туралы мәліметтер пайдаланылады. Өндірістің көлемі әлеуметтік-экономикалық орта мерзімді жоспардың дамуының көрсеткіштерімен анықталады, ол өз кезегінде қолданыстағы және жаңадан енгізілетін өндірістік қуаттарды есептей отырып, акцизделетін тауарды өндіруші кәсіпорынның жұмысбастылығын ескереді. Есептерде ҚР Үкіметі бекітетін акциздік мөлшерлемелер қолданылады.

Тауардың әр түрі бойынша акциз түсімінің болжанатын сомасы келесі 8.6-формула бойынша есептеледі:

$$A_\text{a} = \Theta_\text{at} \times M \quad (8.6)$$

мұндагы:

- A<sub>a</sub> – жоспарлы жылға акциз сомасы;
- Θ<sub>at</sub> – акцизделетін тауарды өндіру немесе откізу көлемі;
- M – акциз мөлшерлемесі.

Акцизделетін тауардың импорты бойынша кедендей жүк декларациясына сәйкес кедендей органдардың мәліметтері бойынша эрбір акцизделетін тауарлардың кесіндісінде импорт көлемінің өзгерісі есепке алынады және болжанатын тәсге бағамын есепке ала отырып, жоспарланатын импорт көлемінің мөлшеріне түзету жасалады.

Импортталатын тауарларға акциз түсімдерінің көлемі келесі 8.7-формула бойынша есептеледі:

$$A_{\delta} = K \times I_{\delta} \quad (8.7)$$

мұндағы:

$A_{\delta}$  – акциздің болжанатын сомасы;

$I_{\delta}$  – импорттың болжамды қолемі;

$K$  – акцизді алу коэффициенті.

Ал енді акцизді алу коэффициенті, келесі 8.8-формула бойынша есептеледі:

$$K = A_c / I_k \quad (8.8)$$


мұндағы:

$A_c$  – есептік кезең үшін акциз сомасы;

$I_k$  – есептік кезең үшін импорт қолемі.

Келесі жыл үшін жоғарыда айтылған салықтар бойынша болжам – бірнеше жыл бойындағы салықтың шын мәнісіндегі түсімінің серпіндік есебімен, ағымдағы жылы күтілетін түсім есебінің және аймактың макроэкономикалық көрсеткіш есебімен анықталады.

Салықтың түсімдердің колеміне әсер ететін негізгі салықтар бойынша факторларды келесі 8.2-суреттепең коруге болады:



8.2-сурет – Негізгі салықтар бойынша салықтық түсімдердің қолеміне әсер ететін факторлар

Корытта келгенде бұл тарауда жанама салықтардың, оның ішінде: қосылған құн салығы мен акциздердің салықтық түсімдерін жоспарлау мен болжамдаудың едістемесін баяндадық. Сондай-ақ осы тақырыпта қарастырылған сұрақтардың мазмұнын толық ашу үшін және жанжакты зерттеу мақсатында 2010 жылғы ҚР Экономикалық даму жөнде сауда министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаментімен әзірленген «Бюджет кірістерін макроэкономикалық болжамдау бойынша» тәжірибелі нұсқаулықпен тапсысу қажет. Ол оқу құралының соңында қосынша ретінде берілген.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жанама салықтардың сипаттамасы.
2. Жанама салықтардың рөлі.
3. Жанама салықтардың маңызы.
4. Жанама салықтардың түрлері.
5. Жанама салықтардың артықшылығы.
6. Қосылған құн салығының маңызы.
7. Тұтынуға салынатын салықтар.
8. Акциз салығының мәні.
9. Айналымға салық салу жүйесі.
10. Қосылған құн салығының объектісі.
11. Салық салынатын айналым және мөлшерін анықтау.
12. Салық салынатын импорт және мөлшері.
13. Қосылған құн салығының мөлшерлемелері.
14. Қосылған құн салығын есептеу тәртібі.
15. Қосылған құн салығын төлеу тәртібі.
16. Бюджетке төленетін ҚҚС-тың сомасын айқындау.
17. Қосылған құн салығын толеу мерзімі.
18. Акциз салығы.
19. ҚҚС түсімдерін болжамдауды есептеудің бірінші нұсқасы.
20. ҚҚС түсімдерін болжамдауды есептеудің екінші нұсқасы.
21. Тауардың әр түрі бойынша акциз түсіміндегі болжанатын сомасы.
22. Импортталатын тауарларға акциз түсімдеріндегі көлемі.
23. Акцизді алу коэффициенті.
24. Негізгі салықтар бойынша салықтық түсімдердің көлеміне әсер ететін факторлар.

**Білім алушылардың өзіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:**

*Келесі сұрақтарды меңгеріп, презентация дайындау:*

1. Жанама салықтарды жоспарлау және болжау: үлгілері мен механизмдері.
2. Қосылған құн салығын есептеу әдістері мен тасілдері.
3. Әр түрлі нұсқада ҚҚС-ты есептеу және салық салынатын базаны анықтау.
4. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 8-бөлімі «Қосылған құн салығы» 28-37 тарауын қарастыра отырып, ҚҚС түсімін есептейтін тапсырмаларды дайындау және шешу.

*Берілген тақырып сұрақтарын меңгеру үшін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің «ҚҚС жеконінде» болімдері мен баптарды және сәйкесінше адебиеттерді оқу қажет.*

**Талдамалық баяндамалар тақырыптары:**

1. Откен 5 жылға Қазақстан Республикасындағы қосылған құн салығының күрылымы мен серпініне талдау жасау, болашақтағы 3 жылға ҚҚС түсімін болжау.
2. Уш жылдық мерзімдегі республикалық бюджетке түсетін қосылған құн салығы бойынша түсімдер көлемінің осуіне және азаоына әсер ететін факторларды талдау.



## 9-ТАРАУ. МЕНШІККЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ (БОЛЖАМДАУ)

1. Меншікке салынатын салықтарды жоспарлаудың (болжамдау)  
мазмұны және маңызы
2. Меншікке салынатын салықтарды жоспарлау (болжамдау) әдістемесі

### 9.1 || Меншікке салынатын салықтарды жоспарлаудың (болжамдау) мазмұны және маңызы

**Колік құралдары салығы** – Қазақстан Республикасындағы салықтардың бірі болып саналады. Жеке және заңды тұлғалар меншігіндегі көлік құралдарынан салық төлейді. Бұғынгі таңда, көлік салығы салық ретінде кең түрде қолданылып келеді. Ертеректе көлік салығы аттың құшімен есептелініп келді. Бұл есеп түрі мемлекетке тиімсіз болып келді, себебі көлік құралдарынан түсken салық сомалары аз ғана болды. Қазіргі кезде көлік салығын есептеуде бірнеше тәсілдер қолданылады. Женіл автокөліктерді двигатель колемінс қарай есептейді. Сол кезде соңы жетістегі және қуатты коліктердің салық сомасы жоғары болады. Жүк көліктері жүк көтергіштігіне қарай, жолаушы таситын көліктерде орындық санына қарай көлік салығы есептелінеді.

Қазақстан Республикасында көлік салығына коптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Көлік құралдары салығы негізінен мақсатты салық болып келеді, яғни түсken салық сомалары жолды жөндеуге жұмсалады және бюджетке түсүіне орай жергілікті салық болып саналады.

**Колік салығын толеушілер:**

- меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар;
- меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар;
- заңды тұлғалардың құрылымдық болімшелері;
- лизинг алушы қаржы лизингі шарты бойынша берілген салық салу объектілері бойынша.

**Колік құралдары салығы бойынша салық салу объектілері** – Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жататын және есептегілген (тіркемелерді қоспағанда) көлік құралдары.

*Колік құралдары салығы бойынша салық салу обьектілеріне жастанайыды:*

1) жүк көтергіштігі 40 тонна және одан асатын карьерлік автосамосвалдар;

2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары;

3) Қазақстан Республикасы халықаралық кеме тізілімінде тіркелген теңіз кемелері.

*Салықты есептеу тәртібі* – салық төлеуші салық салу обьектілерін, әрбір көлік құралы бойынша салық мөлшерлемесін негізге ала отырып, салық кезеңі үшін салық сомасын дербес есептейді. Жеке тұлғалар салық кезеңінің 31 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімде салықты төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда салық органдары көлік құралдарын есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыратын үәкілетті органдар беретін мәліметтер негізінде салықты есептеуді жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар және ауылдық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер салықты 70 пайызға азайтылған ерекшеліктерді ескере отырып есептейді. Көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында салық кезеңінен аз уақыт болған жағдайда, салық сомасы көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында іс жүзінде болған кезең үшін салықтың жылдық сомасын он екіге бөлу және көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында іс жүзінде болған айлардың санына көбейту арқылы есептеледі.

*Көлік салығын төлеу мерзімі* – заңды тұлғалар ағымдағы төлемдер сомасын төлеуді ағымдағы төлемдерді енгізу арқылы салық салу обьектілерінің тіркелген жері бойынша салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмейді.

Көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын салық кезеңінің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, заңды тұлғалар салық кезеңі үшін декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей көрсетілген көлік құралы бойынша салық толейді. Жеке тұлғалар үшін бюджетке салық төлеу мерзімі салық кезеңінің 31 желтоқсанынан кешіктірілмейді. Салықты төлеу салық салу обьектісінің тіркелген орны бойынша жүргізіледі. Көлік құралдарын тіркеуден, қайта тіркеуден, мемлекеттік немесе міндettі техникалық байқаудан өткізген жағдайда, жеке тұлғалар көрсетілген әрекеттерді жасағанға дейін Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салықты есептейді және бюджетке төлейді.

**Колік құралдары салығын есептегенде мен толеу үшін салық кезеңі – құнитізбелік** жыл болып саналады. **Толеушілер** – занды тұлғалар көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесінен, сондай-ақ декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етеді.

**Мұлік салығы** – Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар занды тұлғалар, жеке қасіпкерлер және жеке тұлғалар төлейтін салық түрі.

**Мұлік салығы** – тікелей және нақты салық болып табылады, себебі оның көлемі төлеушілердің мүлкінің құнына байланысты болады. Салық – мұлік иелерін оларды тиімді қолдануға шақырады. Мұлік салығы жергілікті бюджетке түсетіндіктен жергілікті салық болып табылады. Мұліктер құрылымына қарай жылжитын және жылжымайтын болып бөлінеді.

#### **Мұлік салығын толеушілер:**

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар занды тұлғалар;

2) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар дара қасіпкерлер;

3) концессия шартына сәйкес концессия объектісі болып табылатын салық салу объектісін иеленуге, пайдалануға құқығы бар концессионер;

4) занды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жерінде салық салынатын объектілер бойынша осындай құрылымдық бөлімшесін мұлік салығын дербес төлеуші деп тануға құбылы.

**Салық салу обьектісі** – Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамалық актісіне сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуіді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырумайтын дара қасіпкерлерді қоспағанда, дара қасіпкерлер және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы:

1) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыйынпамага сәйкес осындайларға жататын және негізгі құралдар құрамында есепке алынатын ғимараттар, құрылыштар немесе қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жылжымайтын мұлікке инвестициялар;

1-1) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларга жататын ғимараттар халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамалық актісіне сәйкес ұзак мерзімді дебиторлық берешек ретінде ескерілетін, сатып алу құқығымен ұзак мерзімді жалға алу шарттары бойынша жеке тұлғаларға берілген осындай ғимараттардың бөліктері;

2) иелік ету, пайдалану құқықтары концессия шартына сәйкес берілген, концессия объектілері болып табылатын ғимараттар, құрылыштар.

3) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамалық актісіне сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуід және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлер үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын және негізгі құралдар болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағындағы ғимараттар, құрылыштар.

### *Мұлік салығы бойынша салық салу обьектісіне жетпайды:*

1) жер салығының салық салу обьектісі ретінде жер;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияда тұрған ғимараттар, құрылыштар;

3) ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автокөлік жолдары мен олардағы жол құрылыштары: бұрылу белдеуі; жолдардың конструкциялық элементтері; жол жағдайы мен оны абаттандыру; көпірлер; өткерме жолдар; виадуктар; жол тарамдары; тоннельдер; қорғаныш галереялары; жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыштар мен құрылғылар; су бұрғыш және су өткізгіш құрылыштар; жол бойындағы орман алаптары; желілік тұрғын үйлер және жол пайдалану қызметінің кешендері;

4) аяқталмаған құрылыш обьектілері;

5) метрополитеннің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көліктік кешенниң ажырамас бөлігі болып табылатын ғимараттар, құрылыштар.

*Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салық салу обьектілері бойынша салық базасы* – бухгалтерлік есептің деректері бойынша айқындалатын салық салу обьектілерінің орташа жылдық баланстық құны.

*Концессия обьектілерінің ортасында жылдық баланстық құны болмаган жағдайда – осындай обьектілердің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалған құны салық базасы болып табылады.*

*Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салық базасы – есепті салық кезеңінің 1 қаңтарындағы жағдай бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын ұзақ мерзімді дебиторлық берешек мөлшерінде белгіленеді.*

*Салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны – ағымдағы салық кезеңінің әр айының бірінші күні мен есепті кезеңнен кейінгі кезең айының бірінші күніндегі салық салу объектілерінің баланстық құнын қосу кезінде алынған соманың он үштен бірі ретінде айқындалады.*

#### **Қазіргі кездегі мүлік салығының мөлшерлемелері:**

1. Заңды тұлғалар салық базасынан 1,5 пайыз.

2. Салық базасынан 0,5 пайыз:

- дара кәсіпкерлер;

- оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режімін қолданатын заңды тұлғалар.

3. Төменде аталған заңды тұлғалар салық базасынан 0,1 пайыз:

- діни бірлестіктерді қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдар деп танылған заңды тұлғалар;

- әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

- негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) болып табылатын ұйымдар;

- гылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы атқарымдарды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;

- мемлекеттік менишіктегі және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының және табиғат қорғау мақсатындағы басқа да су шаруашылығы құрылыштарының объектілері бойынша заңды тұлғалар;

- ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші заңды тұлғалардың және шаруа немесе фермер қожалықтарының жерін суландыру үшін пайдаланылатын гидромелиорациялық құрылыш объектілері бойынша заңды тұлғалар;

- ауыз сумен қамту объектілері бойынша заңды тұлғалар;

- тиісті объект бойынша салық міндеттемесі туындаған салық кезеңін қоса алғанда, бес салық кезеңі ішінде салық салу объектілері бойынша – арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниялары.

4. Салық базасынан 0 пайыз:

- дербес білім беру ұйымдары.

5. Салық кезеңінде мүгедектер саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құрайтын және салық кезеңінде мүгедектердің

еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда – кемінде 35 пайызын) құрайтын қызметтің әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарды коспағанда, салық базасынан 0,1 пайыз мөлшерлемесі бойынша есептейтін заңды тұлғалар пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша мүлік салығын 1,5 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді және төлейді.

6. Қызметтің әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарда көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын, өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыстар және салымдар бойынша сыйақылар ескеріле отырып, олардан алынатын табыстар осындай ұйымдардың жылдық жиынтық табысының кемінде 90 пайызын құрайтын ұйымдар мүлікті пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берген кезде осындай мүлік бойынша салықты есептеуді және төлеуді салық базасынан 0,1 пайыз мөлшерлемесі бойынша жүргізеді.

Осы ережелер пайдаланылғаны, сенімгерлік басқарылғаны немесе жалға берілгені үшін төлемақы мемлекеттік бюджетке түсетін, пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген мүлік бойынша қолданылады.

7. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметтің жүзеге асыратын ұйымдар мүлік салығын 0 пайыз мөлшерлемесі бойынша есептейді.

8. Технологиялық парктер индустримальық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамалық актіде көзделген қызметтің негізгі түрін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын объектілер бойынша салық базасына 0,1 пайыз мөлшерлеме бойынша мүлік салығын есептейді.

Осы ережелерді бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) индустримальық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамаға сәйкес құрылған;

2) осындай технологиялық парктердің жарғылық капиталы немесе акциялары (қатысу үлесі) құнының слу немесе одан астам пайызы технологиялық дамыту саласындағы үлттық даму институтына тиесілі технологиялық парктер қолдануға құқылы.

8. Заңды тұлға халықаралық мамандандырылған көрме аумағында орналасқан халықаралық мамандандырылған көрме объектілері бойынша мүлік салығын салық базасына 0,1 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді.

*Салықты есептөу және төлеу тәртібі* – салық төлеушілер салықты есептеуді салық базасына тиісті салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы дербес жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші занды тұлғалар мен ауылдық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режімін қолданатын салық төлеушілер салықты сомалары 70 пайызға азайтылған ерекшеліктерді ескере отырып есептейді. Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша әрбір салық төлеуші үшін мүлік салығы мүлік құнындағы оның үлесіне барабар есептеледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін арнаулы салық режімін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді төлеуге міндетті. олар салық салу объектілерінің салық кезеңінің басындағы бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша айқындалған баланстық құнына тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы айқындалады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін арнаулы салық режімін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салық кезеңінің 25 ақпанынан, 25 мамырынан, 25 тамызынан және 25 қарашасынан кешіктірмей, салықтың ағымдағы төлемдерінің сомасын тең үлестермен енгізеді. Бюджетке салықты салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша төлейді.

*Мүлік салығын есептөу үшін салық кезеңі* – күнтізбелік жыл.

Салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы салық салу объектілері бойынша 1 ақпандагы, 1 мамырдагы, 1 тамыздагы және 1 қарашадагы жағдай бойынша тиісінше ағымдағы салық кезеңінің 15 ақпанынан, 15 мамырынан, 15 тамызынан және 15 қарашасынан кешіктірмей табыс етеді. Декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.

*Жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеушілер* – меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар.

*Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні айқындау* – меншік иесі салық салу объектілерін сенімгерлік басқаруға берген кезде, салық төлеуші мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беру кезінде салық міндеттемесінің орындалуы және мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беру кезінде салық міндеттемесін орындаудың ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады. Сондай-ақ салық салу объектісі бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші болып саналады. Бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері

бойынша өздерінің арасындағы келісіммен осы салық салу обьектісі меншік иелерінің бірі салық төлеуші бола алады.

**Жеке тұлғалар үшін тұргын жайлар, саяжай құрылыштары бойынша салық базасы –** жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы мемлекеттік үәкілетті орган әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша белгілейтін, 9.1-формулада берілген тәртіппен айқындалатын салық салу обьектілерінің құны болып табылады:

$$K = K_{\delta} \times S \times K_{\text{физ}} \times K_{\text{атк}} \times K_{\text{айм}} \times K_{\text{аек. өзг}} \quad (9.1)$$

**Жаңадан салынған тұргын жайлар, саяжай құрылыштары бойынша салық базасы –** құқықтарын мемлекеттік тіркеу ағымдағы салық кезеңінің 1 қаңтарынан кейін жүргізілген, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы мемлекеттік үәкілетті орган осында тіркелген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша белгілейтін, 9.2-формулада көрсетілген тәртіппен айқындалатын құн болып табылады:

$$K = K_{\delta} \times S \times K_{\text{атк}} \times K_{\text{айм.}} \quad (9.2)$$

Мұндағы:

- $K$  – салық салу мақсаты үшін мүліктің құны;
- $K_{\delta}$  – тұргын жайдың, саяжай құрылышының бір шаршы метрінің базалық құны;
- $S$  – тұргын жайдың, саяжай құрылышының шаршы метрмен көрсетілетін пайдалы алаңы;
- $K_{\text{физ}}$  – физикалық тозу коэффициенті;
- $K_{\text{атк}}$  – атқарымдық тозу коэффициенті;
- $K_{\text{айм}}$  – аймақта бөлу коэффициенті;
- $K_{\text{аек. өзг}}$  – айлық есептік көрсеткіштің өзгеру коэффициенті.

**Жеке тұлғалардың мүлік салығын есептеу мен толеу үшін салық кезеңі –** күнтізбелік жыл.

Жеке тұлғалардың салық салу обьектілері жойылған, бұзылған, кираган кезде, салық салу обьектілерінің жойылу, кирау, бұзылу дерегі болған ай салық кезеңінде есеп-қисабына кіреді. Жеке тұлғалардың салық салу обьектілері бойынша мүлік салығын есептеу салық органдарымен жүргізіледі, ол салық төлеушінің мекенжайына байланысты емес, салық салу обьектісінің орналасқан жеріне байланысты салықтық базага сәйкес салық мөлшерлемесін қолдану арқылы салықтық кезеңінде 1 тамызынан кешіктірмей жүргізіледі. Бюджетке салықты салық салу обьектісінің мекенжайы бойынша есептік салықтық кезеңінде 1 қазанынан кешіктірмей төлейді.

**Жер** – белгілі бір өлшемдегі пайдалану мүмкіндігі орасан зор табиғи байлық. Адамзат жерді пайдалану арқылы өзінің қажеттіліктерін қанағаттандырып келеді. Қазақстан Республикасының кең байтақ жері бар.

**Жер салығының экономикалық мәні** – Қазақстанда 1992 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері негізінде меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттарға сәйкес есептеледі.

**Жер салығының қызметі** – Қазақстан Республикасының кең байтақ жерін тиімді пайдалану болып саналады. Салық мөлшерлемелері мен бонитет балдары арқылы игерілмеген жерлерге сұраныс пайда болады. Ол өз кезегінде өндірістің өркендеуіне әкеледі. Ал енді өндірістің қарқындан дамуы нарыктық экономика жағдайында ірі дамыған елдердің қатарына қосылуға үлкен мүмкіндіктер болатыны даусыз.

*Сонымен қатар жер салығын енгізу мынадай мақсаттарды қөздейді:*

- экономикалық әдістермен жерді ұтымды пайдалану;
- тұлғаларды жерге орналастыру;
- жердің құнарлығын арттыру;
- жерді қорғау жөніндегі шараларды енгізу үшін төлемдер төлеу;
- аумақтың әлеуметтік-мәдени дамуы үшін бюджет кірістерін қалыптастыру.

*Барлық жерлер салық салу мақсатында олардың ариалған нысанасы мен тиесілілігіне қарай мынадай сапаттарға болінеді:*

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер;
- 2) елді мекендер жерлері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер (өнеркәсіп жерлері);
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері);
- 5) орман қорының жерлері;
- 6) су қорының жерлері;
- 7) босалқы жерлер.

Жердің қандай да болсын санатқа тиесілігі Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленеді. Елді мекендер жерлері салық салу мақсаты үчін мынадай екі топқа болыптен:

1) тұрғын үй коры, соның ішінде олардың жаһындағы құрылыштар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, елді мекендер жерлері;

2) тұрғын үй коры, соның ішінде олардың жаһындағы құрылыштар мен ғимараттар орналасқан жерлер.

Аталған жерлер (босалқы жерлерді қоспағанда) тұрақты жер пайдалануға немесе бастапқы отеусіз уақытша жер пайдалануға берілген жағдайда, оларға белгіленген тәртіппен салық салынады.

*Жердің салық салынбағының сапаттары:*

1) ерекше қоргалатын табиги аумақтардың жерлері;

2) орман қорының жерлері;

3) су қорының жерлері;

4) босалқы жерлер.

Аталған жерлер (босалқы жерлерді қоспағанда) тұрақты жер пайдалануға немесе бастапқы отеусіз уақытша жер пайдалануға берілген жағдайда, салық салынады.

*Жер салығын есептөу үчін қажетті құжаттар:*

1) менинкің құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын күәланыратын құжаттар;

2) жер ресурстарын басқару жоніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар жыныздың 1 қантарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері.

*Жер салығын толеушілер:*

1) жеке менинкің құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар;

2) тұрақты жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар;

3) бастапқы отеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар.

4) заңды тұлғалардың жоғары да белгіленген құқыктарда салық салынатын объектілері бар құрылымдық болімнелері.

*Жер салығының салық салу обьектісі – жер участкесі* (жер участкесіне ортақ үлестік менинкі кезінде – жер үзесі).

*Жер салығының салық салу обьектісіне жеттайды:*

1) елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жер участкелері: алаңдар, концелер, откелдер, жолдар, жағалаулар; саябақтар, скверлер, гүлзарлар; су айдындары, жағажайлар; зираттар; халықтың мұқтаждарының қанагаттандыруға ариналған озге де обьектілер (су құбырлары, жылу-

9-тарау. Мениңкө салынатын салыктарды жоспарлау (болжамдау) 211 күбірлары, электр беру желілері, тазарту құрылғылары, күл-коқыс күбірлары, жылу трассалары және басқа да ортақ пайдаланудағы инженерлік жүйелер) алып жатқан және соларға арналған жерлер;

2) ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автоколік жолдарының желісі алыш жатқан жер участекері: жер алаңтары, жол тарамдары, өткерме жолдар; жасанды құрылғылар, жол бойындағы резервтер мен өзге де жол қызметін көрсету жоніндегі құрылғылар; жол қызметінің қызметтік және тұрғын үй-жайлары; кардан коргайтын және әсемдік екпелер орналасқан жерлер;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған объектілер орналасқан жер участекері;

4) жалға берілген үйлерді күтіп-ұстау үшін сатып алынған жер участекері.

**Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық мөлшерлемегері** – бір гектарға есептеліп белгіленеді және топырақтың сапасы бойынша сарапанаады.

**Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық мөлшерлемегері** – жеке тұлғаларға қора-қоңыс салынған жерді қоса алғанда, озіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағандық және саяжай құрылымын жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық мөлшерлемегері мынадай мөлшерде белгіленеді:

1) колемі 0,50 гектарға дейін қоса алғанда – 0,01 гектар үшін 20 теңге;

2) колемі 0,50 гектардан асатын алаңға – 0,01 гектар үшін 100 теңге.

**Үй іргесіндегі жер участекеріне салынатын базалық салық мөлшерлемегері** – томенде атаптаған базалық салық мөлшерлемелері бойынша салық салынады:

1) Астана, Алматы қалалары және облыстық маңызы бар қалалар үшін:

– колемі 1000 шаршы метрге дейін қоса алғанда – 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;

– 1000 шаршы метрден асатын алаңға – 1 шаршы метрі үшін 6,00 теңге.

Жергілікті оқілді органдардың шешімі бойынша 1000 шаршы метрден асатын жер участекеріне салық мөлшерлемелері 1 шаршы метрі үшін 6,0 теңгеден 0,20 теңгеге дейін томендетілуі мүмкін.

2) қалған елді мекендер үшін:

– колемі 5000 шаршы метрге дейін қоса алғанда – 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;

– көлемі 5000 шаршы метрден асатын алаңға – 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 5000 шаршы метрден асатын жер участекеріне салық молшерлемелері 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңгеден 0,20 теңгеге дейін томендесілуі мүмкін.

*Үй іргесіндегі жер участекесі* – елді мекендердің тұрғын үйге (тұрғын гимаратқа) қызмет көрсетуге ариалған және тұрғын үй (тұрғын гимарат), оның ішінде ондағы құрылыштар мен гимараттар орналаспаган жерлеріне жататын жер участекесінің бір болігі.

Алматы, Астана, Петропавлск қалаларында белгіленген елді мекендердегі базалық салық мөлшерлемелері 1 шаршы метр ауданына дифференцияланады. Алматы, Астана және де басқа елдімекендердегі үлдің қасындағы жер участекері базалық салық мөлшерлемелерімен ауданына байланысты дифференциалып толенеді. Елді мекендерден тыс жерде орналасқан өнеркәсіптік аймақтарда базалық салық мөлшерлемесі бір гектарға бонитет балдарымен үйлесімді тұрде анықталады: балл бонитет нольге тең болса, базалық мөлшерлемесі 48,25 теңгеге, ал ең жоғары балл бонитет бойынша (100), базалық салық мөлшерлемесі 5693,50 теңгеге тең.

Шахта мен карьерлерді қосқандагы оперкаситтік жер және олардың санитарлы-корғауши, техникалық және басқа аймақтары елдімекен шегінде орналасса, елді мекен жерімен бірдей салықтық мөлшерлемелермен есептеледі. Ерекше корғалатын табиги аймақтар, ормандар және су қорлары бойынша салық мөлшерлемелері ауышишаруашылық жерлермен бірдей болып табылады. Автогұрактар, жанаар май құю станцияларды және сауда-саттық орталықтары елді мекенге бескітілген салық мөлшерлемелерімен бірдей алынады.

Салық мөлшерлемелерін түзетуге болады. Ол үшін жергілікті атқарушы органдар жобалар негізінде жерді зоналарға бөледі және КР жер заңдарына сүйене отырып жер салықтарын базалық мөлшерлемелерінің 50 пайызынан артық емес деңгейде көтеруге немесе түсіруге құқығы бар. Салық толемдерін есептеу салық базасының әр жер ауданының мөлшерлемелеріне сәйкес қолдануы арқылы жүргізіледі. Жер салығы Салық Кодексінде басқа шарттар белгіленбеген жағдайда, салық төлеушиге жер берілгеннен кейінгі айдан бастап елдімекен орналасуына байланысты жүзеге аса бастайды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваосиру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерінде заңды тұлғалар мен ауылдық тұтыну кооперативтері үшін ариаулы салық режімін қолданатын салық толеушілер салықты 70 пайызға азайтылатын ерекшеліктерді ескере отырып есептейді.

**Заңды тұлғалардың салықты есептейу тәртібі мен толеу мерзімдері** – заңды тұлғалар жер салығының сомаларын салық базасына тиісті салық молшерлемесін қолдану арқылы дербес есептейді. Заңды тұлғалар салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеге және толеуге міндettі.

Ағымдағы төлемдердің сомасы ағымдағы жылдың 25 ақпанынан, 25 мамырынан, 25 тамызынан, 25 қарашасынан кешіктірілмей тен үлестермен толенеді. Жаңа құрылған салық төлеуші құрылған күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

**Жеке тұлғалардың салықты есептейу тәртібі және толеу мерзімдері** – жеке тұлғалар толсистің жер салығын есептеуді салық органдары тиісті салық молшерлемелері мен салық базасын негізге ала отырып, ағымдағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей жүргізеді.

Салық кезеңі ішінде салық салу объектілеріне құқықтар берілген жағдайда, салық сомасы нақты кезең үшін есептеледі. Жеке тұлғалар салық органдары есептеген жер салығын бюджетке ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей толайді.

**Жер салығын есептей мен толеу үшін салық кезеңі** – күнтізбелік жыл.

**Жер салығы бойынша салық есептілігі** – дара кәсіпкерлер (шагын кәсіпкерлік субъектілері үшін ариаулы салық режімін қолданатын дара кәсіпкерлердің қоснаганда) және заңды тұлғалар салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдарына декларацияны – есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей, сондай-ақ ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын тапсырады.

Жеке тұлғалар жер салығы бойынша салық есептілігін салық органдарына табыс етпейді. Мұлік салығында козделген объектілерді және салық базасы мұлік салығынша сәйкес есептелетін объектілерді қоснаганда, менинкі құқығындағы гимараттар (гимарат бөліктері) орналасқан жер участеклері бойынша жеке тұлғалар (оның ішінде жеке погарниустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар) салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдарына декларацияны есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

Салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша салық міндettемелері озгерген кезде, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы салық салу объектілері бойынша 1 ақпандағы, 1 мамырдағы, 1 тамыздағы және 1 қарашадағы жағдай бойынша тиісінше ағымдағы салық кезеңінің 15 ақпанынан, 15 мамырынан, 15 тамызынан және 15 қарашасынан кешіктірілмей табыс етіледі.

## 9.2 || Меншікке салынатын салықтарды жоспарлау (болжамдау) әдістемесі

Занды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің меншігіне салынатын салық жоспары ҚР Статистика агенттігінің түркі есептік кезеңдегі негізгі құралдар (сонымен қатар тұргын үй қор құрамына кірстін обьектілер) және материалдық емес активтер бойынша ақпараттарына сүйеніп жасалынады. Есептеу кезінде ортақ құннан салық обьектілерінің негізгі құрамына жатпайтын обьект құны алынын тасталынады және салық төлеуші болып табылмайтын занды тұлғаның материалды емес активтері алып тасталынады.

*Негізгі құралдарының салық салынатын құны болжамды қайта бағалаудау коэффицентімен түзетіледі және салық заңнамасына байланысты салық мөлшерлемесін ескеру арқылы келесі 9.3-формуламен есептеледі:*

$$M_{\delta} = (K_{\text{нк}} \times K / 100\%) \times M / 100\% \quad (9.3)$$

Мұндағы:

- $M_{\delta}$  – мұлікке салынатын салықтың болжамды сомасы;
- $K_{\text{нк}}$  – салық салынатын негізгі құралдардың және материалды емес активтердің орташа жылдық құны;
- $K$  – қайта бағалаудың болжамды коэффиценті;
- $M$  – салық мөлшерлемесі.

Жеке тұлғалардың мұлікисе салынатын салықтың болжамы уәкілетті органдардың жекес тұлғалардың кәсіпкерлік мақсатта пайдаланылмайтын жеке меншігіндегі мәліметтеріне сүйене отырып белгіленеді. Оларға салық заңдарында аталған тұргылықты баспа налар, саяжай құрылыштары, гараждар, және басқа да құрылыштар, сондай-ақ республиканың териториясында орналасқан және құрылышы аяқталмagan обьектілер жатады. Салық салуға ариналған меншіктің құны салық мақсатын уәкілетті органдар бір шаршы метр базалық тұргылықты жердің, пайдалы меншік ауданы мен тозу коэффиценттерін қолдану арқылы, сонымен қатар, базалық салық мөлшерлемелері арқылы анықтайды. Есептеу барысында қолданыстағы заңға орай жеке азаматтар тобына болінегін жөнілідіктер ескерілуі керек.

*Болжам бойынша есептеу мөлшері келесі 9.4-формуламен анықталады:*

$$M_{\delta} = K_{\text{m}} \times M / 100\% \quad (9.4)$$

мүндагы:

–  $M_{\text{б}}$  – мұлікке салынатын салықтың болжамды сомасы;

–  $K_{\text{ж}}$  – әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша үекілетті органдармен белгіленетін, салық салу мақсаты үшін мұліктің құны;

–  $M$  – салық мөлшерлемесі.

Колік құралдарына салынатын салық болжамдары иесінің ҚР үекілетті органдарына беретін толық есебінде көрсетілетін олардың түріне, болашек сандарына, колік тобына, қозгалтқыш көлемін, жүк көтеруі көрсеткішіне және жолаушы орынна байланысты жүзеге асырылады. Колік құралдарының жалпы санын есептеген кезде салық заңнамасында аталған жеңілдіктерге ие заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар есепке алыпбайды.

*Колік құралдарының жеке түріне және тобына салынатын салық мына 9.5-формуламен есептеледі:*

$$K_{\text{ж}} = C_{\text{k}} \times \text{АЕК} \times M \times K / 100\% \quad (9.5)$$

мүндагы:

–  $K_{\text{ж}}$  – колік құралдарына салынатын салықтың болжамды сомасы;

–  $C_{\text{k}}$  – салық салынатын колік құралдарының саны;

– АЕК – жоспарланған жылдағы айлық есептік көрсеткіш мөлшері;

–  $M$  – АЕК-нің еселеңген салық мөлшерлемесі;

–  $K$  – пайдалану мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

*Салық түсімдерінің контингенттің есептеу әдістемесі мына салықтармен сипатталады:*

– бюджетті жүзеге асыруны орталық үекілетті орган түсіп жатқан салықтар жайлы мәліметті бюджетті жоспарлайтын орталық үекілетті органға табысталды;

– бюджетті жоспарлайтын орталық үекілестті орган макро-экономикалық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып, мемлекеттік орта мерзімді даму барысындағы салық түсімі контингенттің бюджетті жоспарлайтын жергілікті үекілестті органға жеткізеді;

– бюджетті жоспарлайтын және бюджетті орындаитын жергілікті үекілестті органдар бір мезгілде территорияға байланысты түсім контингенттің болжамдауды жүзеге асырады.

Бюджеттік түсім контингенттерін болжамдау барысында нормативтік актілер мен салық заңдарына енгізілген озгерістер мен қосымшаларды, сол жылғы республикалық Бюджет кодексіне және Салық кодексіндең нормаларының бюджеттік жүйесі бойынша жүзеге асқан түсім деңгейлерін ескерген жөн.

*Жер салықтарын болжасау үшін келесі деректер қолданылады:*

- жер ресурстарын басқару комитеттерімен табысталатын жер аймақтары категориясы;
- балл бонитетке үйлесімді топырақ түрі мен сапасына байланысты дифференциаланатын базалық салық мөлшерлемелері;
- салық органдарымен табысталатын декларацияның мәліметтері.

*Жер салығын болжасаң кезде салық заңнамаларында берілген жеңілдіктер ескеріледі. Жер салығының болжасамды есебі келесі 9.6-формуламен есептеледі:*

$$\dot{J}_6 = A \times M_6 \times K \quad (9.6)$$

Мұндағы:

- $\dot{J}_6$  – жер салығының болжамды сомасы;
- А – жер участкесінің алаңы;
- $M_6$  – әр категория бойынша салықтың орташа базалық мөлшерлемесі;
- К – заңнамаларға байланысты жекелеген салық төлеушілерге белгіленген коэффициент;

*Жер салығын болжасауда келесі санаттар бойынша жүзеге асады:*

- ауыл шаруашылығына арналған жерлер;
- елдімекен жерлері;
- өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа да ауыл шаруашылық мақсаттағы емес жерлер.

Жергілікті уәкілетті органдар ҚР жер зандарына жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары негізінде ауыл шаруашылық жерлерде (сонымен қатар жеке тұлғаларға берілген) бекітілген, елді мекендерде, елді мекеннен тыс жерде орналасқан өнеркәсіpterде байланысты салықтық мөлшерлемені базалық жер салығының 50%-нан кем мөлшеріне көтеруге немесе кемітуге құқылы. Бірақта жекелеген салық төлеушілер үшін дербес жер салық мөлшерлемелерін көтеруге және кемітуге тиым салынған. Бірыңғай жер салығын болжаган кезде салық органдарының декларациялық мәліметтері қолданылады. Бірыңғай жер салығын есептеу кезінде жер участкесінің бағалау құны ескеріледі. Бірыңғай жер салығын есептеу 0,1% мөлшерлемесін жер участкесінің бағалау құнының шаққандағы мәнін қолданады.

Белгілі бір жер участкесінің бағалау құны жер ресурстарын басқару уәкілетті органдарымен табысталған акт деректеріне байланысты анықталады, ал жоқ болған жағдайда аудан бойынша орташа 1 га жердің жер ресурстарын басқару уәкілетті органдарымен табысталған бағалау

кұнына байланысты белгіленеді. Шаруа (фермерлік) қожалықтары жердің иелену құқығына (салық объектісінің өзгеруін ескере отырып) байланысты жерді нақты қолдану уақыты бойынша бірыңгай жер салықтарын төлеуі болжам кезінде бірыңгай жер салығының мөлшерінің алдыңғы жылғы түсім серпіні ескеріледі. Есептеу мәліметтерінің негізінде осы жылғы кезеңнен күтілетін түсімдер мен болжамды жылдық салық кұны анықталады.

*Орманды пайдаланғаны үшін толемақы – мемлекеттік орман қорының участеклерінде орманды пайдаланудың мынадай түрлері үшін алынатын төлем:*

1) агаш дайындау;

2) шайыр және агаш шырындарын дайындау;

3) қосалқы агаш ресурстарын (агаштар мен бұталардың қабықтарын, бұтқартарын, томарларын, тамырларын, жапырақтарын, бүршіктерін) дайындау;

4) орманды жанама пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, көкөніс шаруашылығы, бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жи-дектер және басқа да тағамдық өнімдер, мұк, орман төсемдері мен түсken жапырактар, қамыс дайындау және жинау);

5) мемлекеттік орман қоры участеклерін:

- мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттары;
- аңшылық шаруашылығы қажеттері;
- ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану.

6) агаш және бұта тұқымдылары мен арнайы мақсаттағы план-тациялық екпелердің егілетін материалын өсіру үшін мемлекеттік орман қоры участеклерін пайдалану.

*Толемақының салық салу обьектісі:*

1) көшеттердің құрамы мен нысанына қутім жасау үшін кесуді, сондай-ақ оның жас талдарының толықтығын реттеуді (жарықтандыру, тазарту) және құндылығы шамалы агаш көшеттерін қайта жөндеуге және ландшафттарды қалыптастыруға байланысты кесуді жүзеге асыру кезінде түбірімен босатылатын сүрек көлемі;

2) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін алынған агаш ресурстарының, шайырдың, қосалқы орман ресурстарының көлемін қоспағанда, пайдалануға берілетін орман пайдаланудың көлемі және мемлекеттік орман қоры участеклерінің, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы алаңы.

*Орман шаруашылығы бойынша облыстың басқармадардың жоспарланған және күтілетін мәдімістітерінің негізінде есептеудермен келесі 9.7-формулға көмегімен жүзеге асады:*

$$O_t = K_o \times T \quad (9.7)$$

мұндагы:

- $O_t$  – орманды пайдаланған үшін төлемақының болжамды сомасы;
- $K_o$  – босатылған ағаштың көлемі (орманды пайдаланудың басқа да түрлері);
- Т – ағаш үшін оргаша молшерлемелер (орманды пайдаланудың басқа да түрлері).

*Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін толемақы – жер үсті көздерінен суды ала отырып немесе оны алмай, арнаулы су пайдаланудың барлық түрлері үшін алыштын толем.*

Арнаулы су пайдалану су қорын пайдалану және қоргау саласындағы үәкілдettі мемлекеттік орган берегін рұқсат беру құжатының негізінде жүзеге асырылады. Ресімделген рұқсат құжатсыз арнаулы су пайдалану суды алудың нақты колемі белгіленген лимиттерден асып түсетін су пайдалану ретінде қарастырылады. Су пайдаланудың арнаулы түрлері Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленеді. Су қорын пайдалану және қоргау саласындағы үәкілдettі мемлекеттік органдардың оңірлік органдары озінің оргаласқан жері бойынша салық органдарына үәкілдettі орган белгілелеген иысан бойынша толемақы толеушілер мен салық салу объектілері туралы мәдімістірді тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айданың 25-інен кеміктірмей табыс етеді.

#### *Толемақы толеушілер:*

- 1) жер үсті көздерінен және теніз суларынан механикалық және өзі ағып жатқан суды алу жоніндегі стационарлық, жылжымалы және жүзбелі құрылғыларды пайдалана отырып;
- 2) гидравликалық электр станцияларын пайдалана отырып;
- 3) балық шаруашылығын жүргізу үшін су шаруашылығы құрылғыларын пайдалана отырып;
- 4) балық ресурстарын ондіру үшін;
- 5) су колігі мұқтаждары үшін жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

#### *Толемақының салық салу объектілері:*

- 1) жер үсті су көзінен алғынған судың колемі:
- бөгөттерге және басқа да тірек гидротехникалық және су реттесуші құрылғыларға шогырланырылатын су колемін;

– ағынды бассейнаралық бұруды жүзеге асыратын ариаларда және ағынды реттеуді жүзеге асыратын ертеуден тыс су қоймаларында сұзуге және булануға кететін, су шаруашылығы жүйелерінің жобалық деректері негізінде су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган растаган су шығындары;

– су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпнен бекіткен табиғат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық су ағызы қолемін;

– су тасқынын, су басуды және су астында қалуды болғызбау мақсатында жүзеге асырылатын, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган растаган суару жүйесіне мәжбүрлі түрде су жинау қолемін қоснаганда;

2) ондірілген электр энергиясының қолемі;

3) су колігімен тасымалдау қолемі.

Толемақы кеме тіркемесінен сүректі ағызуға, рекреацияға, жер казатын техниканы қолдануға, батиакты құрғатуға қолданылмайды.

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланганы үшін толемақы күтілестін және болжамды мәліметтер негізінде облыстық су ресурстар басқармасы анықтайды. Бұл толемақы толем объектісінің негізінде нақты су қолдану және ҚР Үкіметі бекіткен толем мөлшерлемесі негізінде анықталды. Аталған толемақыны болжаганда су қолдану түрін еске ру керек: тұрғылықты қолданыстағы және коммуналды қызмет көрсету, оперкәсіп, жылу энергетикасы, шаруашылық, балық шаруашылығы, гидроэнергетика, су колігі және т.б.

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланганы үшін толемақыны жоспарлау 9.8-формулада бойынша есептеледі:

$$CPT_{\delta} = K_c \times M \quad (9.8)$$

мұндағы:

- $CPT_{\delta}$  – жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланганы үшін толемақының болжамдалған сомасы;
- $K_c$  – су тарту қолемі;
- $M$  – толемақы мөлшерлемесі.

Қорыта келгенде бұл тарауда меншікке салынатын салықтардың, оның ішінде: колік құралдарына салынатын салық, мұлік салығы, жер салығы, бірыңғай жер салығымен бірге орманды пайдаланганы үшін толемақы мен жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланганы үшін толемақылардың түсімдерін жоспарлау мен болжамдаудың

*адістемесіне тоқтаподық. Сондай-ақ осы тақырыпта қарастырылған сұрақтардың мазмұнын толық ашу үшін және жаса-жсақты зерттеу мақсатында 2010 жылды КР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаментімен әзірленген «Бюджет кірістерін макроэкономикалық болжасамдау бойынша» тәжірибелі нұсқаулықпен танысу қажет. Ол оқу құралының соңында қосымша ретінде берілген.*

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Көлік құралдары салығының экономикалық мәні.
2. Көлік құралдары салығын төлеушілер.
3. Көлік құралдары салығы бойынша салық салу объектілері.
4. Көлік құралдары салығы бойынша салық салу объектілеріне жатпайды.
5. Көлік құралдары салығын есептеу тәртібі.
6. Көлік құралдары салығын төлеу мерзімі.
7. Көлік құралдары салығы бойынша салық кезеңі.
8. Мүлік салығының экономикалық мәні.
9. Мүлік салығын төлеушілер.
10. Мүлік салығының салық салу объектісі.
11. Мүлік салығы бойынша салық салу объектісіне жатпайды.
12. Мүлік салығы бойынша салық базасы.
13. Салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны.
14. Мүлік салығының мөлшерлемелері.
15. Мүлік салығын есептеу және төлеу тәртібі.
16. Мүлік салығын есептеу үшін салық кезеңі.
17. Жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеушілер.
18. Жеке тұлғалар үшін тұрғын жайлар, саяжай құрылыштары бойынша салық базасы.
19. Жеке тұлғалардың мүлік салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі.
20. Жер салығының экономикалық мәні.
21. Жер салығының қызметі.
22. Жер салығын енгізуіндегі мақсаттары.
23. Жердің санаттары.
24. Жердің салық салынбайтын санаттары.
25. Жер салығын есептеу үшін қажетті құжаттар.
26. Жер салығын төлеушілер.
27. Жер салығының салық салу объектісі.
28. Жер салығының салық салу объектісіне жатпайды.
29. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық мөлшерлемелері.
30. Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық мөлшерлемелері.
31. Үй іргесіндегі жер участкеріне салынатын базалық салық мөлшерлемелері.

32. Үй іргесіндегі жер учаскесі.
33. Заңды тұлғалардың салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері.
34. Жеке тұлғалардың салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері.
35. Жер салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі.
36. Жер салығы бойынша салық есептілігі.
37. Негізгі құралдарының салық салынатын құны.
38. Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықтың болжамы.
39. Көлік құралдарына салынатын салық болжамдары.
40. Көлік құралдарының жеке түріне және тобына салынатын салықты есептеу тәртібі.
41. Салық түсімдерінің контингентін есептеу әдістемесі.
42. Жер салықтарын болжау үшін қолданылатын деректер.
43. Жер салығының болжамды есебі
44. Жер салығын болжамдау.
45. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы және салық салу обьектісі.
46. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы және оны төлеушілер.
47. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының салық салу обьектілері.
48. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны жоспарлау.

### ***Білім алушылардың өзіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:***

*Келесі сұрақтарды мәңгереп отырып, презентация дайындау:*

1. Меншікке салынатын салықтың мазмұны және міндеттері.
2. Меншікке салынатын салықтың жеке түрлері бойынша жоспарлау мен болжаудың әдістері мен тәсілдері.
3. Меншікке салынатын салықты есептеу және салық салынатын базаны анықтау.
4. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің «Көлік құралдарына салынатын салық» бойынша 13 бөлімнің 50-52 тарауларын, «Жер салығы» бойынша 14 бөлімнің 53-56 тарауларын, «Мұлік салығы» бойынша 15 бөлімнің 57-58 тарауларын, 62 тарауды, 70 және 73 тарауларын пайдалана отырып, салық түсімдерін болжау және есептеу.

*Берілген тақырып сұрақтарын мәңгереп үшін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің «Меншікке салынатын салықтар» бөлімдері мен баптарды және сәйкесінше әдебиеттерді оқу қажет.*

### ***Талдамалық баяндамалар тақырынтары:***

1. Өткен 5 жылга Қазақстан Республикасындағы меншікке салынатын салықтың құрылымы мен серпініне талдау жасап, алдағы 3 жылға салықтың түсімдерді болжау.
2. 3 жылдық мерзімдегі республикалық бюджетке түсsetін меншікке салынатын салықтың түсімдер көлемінің артуы мен азаюына әсер ететін факторларды талдау.



## 10-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ АРНАУЛЫ ТӨЛЕМДЕРІН ЖОСПАРЛАУ (БОЛЖАМДАУ)

1. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдері мен салықтық режімінің үлгілері.
2. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдерін жоспарлау (болжамдау) әдістемесі.

### **10.1 || Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдері мен салықтық режімінің үлгілері**

Қазақстанның табиғи және басқа да коздерін пайдаланғаны үшін толемдер шамалап алғанда жалпы салықтық түсімдердің 10%-н құрайды. Мұндай түсімдер республикалық бюджеттеге ҚҚС сияқты қызмет көрсету, жұмыс, тауар үшін ішкі салықтар ретінде көрініс табады. Бұл түсімдердің үлкен салмагын бонустар, пайдалы қазбаларды ондіру салығы, үстеме пайда салығы және келісілген шарттар бойынша Қазақстан Республикасының ойімді болу бойынша үлесі алады. Бұл толемдер жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы толемдері деп аталынады. Бұл жер қойнауын пайдаланушының шарты негізінде жүзеге асады. Үстеме салық үшін және жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы толемдері үшін салық төлеушілер Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану операциясын жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар болып табылады.


*Жер қойнауын пайдаланушылардың негізгі толейтін арнаулы толемдері мен салықтары:*

- 1) жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдері:
- а) қол қойылатын бонус;
- б) коммерциялық табу бонусы;
- в) тарихи шығындарды отеу бойынша толемдер;
- 2) пайдалы қазбаларды ондіру салығы;
- 3) үстеме пайда салығы (10.1-сурет).

*Жер қойнауын пайдалану жоніндегі операцияларды жүргізу жоніндегі қызметке салық салу – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шенбірінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық және бюджеттегі толенетін басқа да міндетті толемдер бойынша салық міндеттемелерін есептеу, оларды төлеу жоніндегі міндеттемелер туындаған*

кезде қолданыстагы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

*Жекелеген жер қойнауын пайдаланушылардың салық міндеттесін орындау тәртібі* – Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылығы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салық саралтамасынан откен, онімді болу туралы келісімде (келісімшарт), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшартта айқыналған салық режимі мүндай келісімнің (келісімшарт) ережелеріне сәйкес оларға қатысты салық режимінің тұрақтылығы тікелей көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер үшін сақталады, мүндай келісімнің (келісімшарт) белгіленген бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тек қана оның тараптарына қатысты, сондай-ақ операторларға қатысты қолданылады, мүндай келісімнің (келісімшарт) тараптары болып табылмайтын тұлғаларға немесе операторларға қолданылмайды және тараптардың өзара келісімі бойынша озгертуі мүмкін.



10. I-сурет – Жер қойнауын пайдаланушылардың ариаулы төлемдері мен салыктары

*Жер қойнауын пайдаланушыларда қолданылатын негізгі терминдер*

**Жалпы табыстар мен шығыстар** – жер қойнауын пайдаланушиның келісімшарттық және келісімшарттан тыс қызметті жүзеге асырумен байланысты және жер қойнауын пайдалануға ариалған нақты келісімшарттан және келісімшарттан тыс қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысты емес және олардың арасында болуді талап ететін жалпы тіркелген активтер бойынша табыстары мен шығыстарын қоса алғанда, есепті салық кезеңдері табыстары мен шығыстары.

**Жалпы тіркелген активтер** – келісімшарттық және келісімшарттан тыс қызметті жүзеге асырумен байланысты және пайдалану ерекшелігі-

не қарай жер қойнауын пайдалануға арналған нақты келісімшартпен және келісімшарттан тыс қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысты емес тіркелген активтер.

**Жанама табыстар мен шығыстар** – жер қойнауын пайдалануышының есепті салық кезеңіндегі табыстары мен шығыстары, оның ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшарттармен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар және жер қойнауын пайдалануға арналған осындай келісімшарттар арасындағанда бөлінетін тіркелген активтер бойынша табыстары мен шығыстары.

**Жанама тіркелген активтер** – пайдаланылу ерекшелігіне қарай жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартпен ғана тікелей себеп-салдарлық байланысы бар тіркелген активтер.

**Өндіру мен бастапқы қайта оңдеудің (байыту) ондірістік өзіндік құны** – халықаралық қаржылық есептілік стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, пайдалы қазбаларды сақтау, тасымалдау, өткізу шығыстарын, жалпы әкімшілік пен пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер үстіне шығарумен және оларды бастапқы қайта өндірумен (байыту) тікелей байланысты емес басқа да шығындарды қоспағанда, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер үстіне шығарумен және оларды қайта оңдеумен (байыту) тікелей байланысы бар өндіріс шығындары.

**Тікелей табыстармен шығыстар** – жер қойнауын пайдалануышының жер қойнауын пайдалануға арналған нақты келісімшартпен немесе келісімшарттан тыс қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар тіркелген активтер бойынша табыстары мен шығыстарын қоса алғанда, есепті салық кезеңіндегі табыстары мен шығыстары.

**Келісімшарт қызметі бойынша болек салықтық есепке ату мынадай салық және бюджетке толенетін басқа да міндетті төлемдер бойынша жүргізіледі:**

- 1) корпоративтік табыс салығы;
- 2) қол қойылатын бонус;
- 3) коммерциялық табу бонусы;
- 4) пайдалы қазбаларды өндіру салығы;
- 5) үстеме пайда салығы;
- 6) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың салық режімдері негізінде Салық кодексінде белгіленген тәртіптен өзге есептелетін өзге де салық және бюджеттес төленетін басқа да міндетті төлемдер.

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығы бойынша салық міндегітемелерін қоспағанда, салық міндегітемелерін есептей үшін болек салықтық есепке алушы жүргізу туралы осы ережелер жер қойнауын пайдалануга ариалған келісімшарттардың мынадай түрлеріне қолданылмайды:*

- 1) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және ондіру;
- 2) жерасты суларын барлау немесе ондіру;
- 3) емдік балшықты барлау және ондіру;
- 4) барлау немесе ондіруге байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және пайдалануға ариалған келісімшарттар бойынша туындаған салық міндегітемелері.

*Жер қойнауын пайдаланушилардың ариалы толемдерінің ең көп үлес салмағын пайдалаты қазбаларды ондіруге салынатын салық алады.*

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығы* – жер қойнауын пайдалануышы Қазақстан Республикасының аумагында ондірілетін минералды шикізат, мұнай, жерасты сулары мен емдік балшықтың әрбір түрі бойынша жеке толейтін салық.

Пайдалы қазбаларды ондіру салығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша үәкілдегі мемлекеттік орган мен жер қойнауын пайдаланушиның арасында жасалатын қосымша келісімде белгіленген тәртіпен заттай нысанға ауыстырылуы мүмкін жағдайды қосиағанда, ақинаялай нысанда толенеді.

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығын толеушілер* – жер қойнауын пайдалануға ариалып жасалған әрбір жеке келісімшарт шенберінде техногендік минералды құралымдардан пайдалы қазбалар алушы қоса алғанда, мұнайды, минералды шикізатты, жерасты сулары мен емдік балшықты ондіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар.

*Салық салу обьектісі* – жер қойнауын пайдалануышы салық кезеңінде ондіріген шикі мұнайдың, газ конденсаты мен табиғи газдың нақты колемі.

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығын есептей үшін салық базасы* – салық кезеңінде ондірілген шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ колемінің құны.

*Салықты есептей тәртібі* – бюджетке төленетін пайдалы қазбаларды ондіру салығының сомасы салық салу обьектілерінің, салық базасы мен молшерлемелерінің ісегізінде айқындалады.

*Салық салу обьектісі* – минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалар қорларының нақты колемі (айналыстар шыққан қорлардың салық салынатын колемі).

*Айналыстар шыққан қорлардың салық салу обьектісі* – салық кезеңі ішінде нормаланған ысырапты шегере отырып, жер қойнауын

пайдалануға арналған келісімшарт талаптарында табу, пайдалану (откізу) көзделген минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалардың айналыстан шыққан қорларының көлемі.

Әрбір алу бірлігі бойынша нормаланған ысыраптың көлемі осы мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органды бекіткен кен орындарын әзірлеудің техникалық жобасының негізінде белгіленеді.

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығын есептейу үшін салық базасы* – салық кезеңінде минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалардың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құны.

*Салық салу обьектісі* – жер қойнауын пайдаланушының салық кезеңінде өндірген кең таралған пайдалы қазбалардың, жерасты сулары мен емдік балшықтың нақты колемі.

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығы мынадай жағдайларда төленбейді:*

1) жер қабатының қысымын қалпында ұстаяу және техногендік суларды сору үшін жерасты суларын жер қойнауына кері айдағанда;

2) меншік құқығында, жер пайдалану құқығында және жерге арналған өзге де құқықтарда озіне тиесілі жер участесінде жерасты суларын өндіруді жүзеге асыратын жеке тұлға ондірілген жерасты суларын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланбаган жағдайда;

3) өзінің шаруашылық мұқтаждары үшін мемлекеттік мекемелер өндіретін жерасты сулары бойынша.

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығын есептейу үшін салық базасы* – жер қойнауын пайдаланушылар салық кезеңінде өндірген кең таралған пайдалы қазбалар, жерасты сулары мен емдік балшық көлемінің құны.

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығы бойынша салық кезеңі – күнтізбелік тоқсан.*

*Толеу мерзімдері* – салық толеуші салықтың есептелген сомасын орналасқан жері бойынша бюджетке салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей толеуге міндетті.

*Салық декларациясы* – жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіруге салық жоніндегі декларацияны орналасқан жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей береді.

*Бонус* – жер қойнауын пайдаланушының тіркелген толемдері.

Жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған келісімшарттың түріне және талаптарына қарай жер қойнауын пайдаланушы үшін бонустың мынадай түрлері белгіленеді:

- 1) қол қойылатын бонус;
- 2) коммерциялық табу бонусы.

**Қол қойылатын бонус** – жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісімшарт аумағы кеңейтілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу үшін алған біржолғы тіркелген толемі.

**Салық декларациясы** – жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонус жөніндегі декларацияны орналасқан жері бойынша салық органды төлеу мерзімі басталған айдан кейінгі екінші айдың 15-не дейін табыс етеді.

**Жер қойнауын пайдалануши коммерциялық табу бонусын** – пайдалы қазбаларды өндіруге арналған және келісімшарт аумағындағы пайдалы қазбаларды әрбір коммерциялық табу үшін, оның ішінде кен орындарына қосымша барлау жүргізу барысындағы табу үшін бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар шенберінде төлейді.

**Коммерциялық табу бонусы толенбейді** – пайдалы қазбалардың кен орындарына оларды кейіннен өндіруді көздемейтін барлау жүргізуге арналған келісімшарттар бойынша.

**Коммерциялық табу бонусын толеушилер** – жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған келісімшарттар шенберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде келісімшарт аумағында пайдалы қазбаларды коммерциялық табу туралы жария еткен жер қойнауын пайдаланушылар.

**Коммерциялық табу бонусының салық салу обьектісі** – осы келісімшарт аумағында осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік орган бескіткен пайдалы қазбалар қорларының физикалық қолемі.

**Комірсүтек шикізаты бойынша пайдалы қазба қорлары** – алынатын пайдалы қазбалар қорлары.

**Коммерциялық табу бонусын есептеу үшін салық базасы** – осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік орган бескіткен пайдалы қазбалар қорлары қолемінің құны.

**Коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібі** – коммерциялық табу бонусының сомасы салық салу обьектісінің, салық базасы мен мөлшерлемелерінің негізінде айқындалады.

**Коммерциялық табу бонусының мөлшерлемесі** – коммерциялық табу бонусы салық базасының 0,1 пайыз мөлшерлемесі бойынша төленеді.

**Тарихи шығындарды отеу бойынша толем** – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалғанға дейін келісімшарт аумағын

геологиялық зерттеуге және кең орындарын барлауга мемлекет шеккен жиынтық шығындарды өтсү бойынша жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемдері.

*Үстеме пайда салығы жер қойнауын пайдаланушы үстеме пайда салығын төлеуші болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша салық кезеңінде есептеледі.*

*Үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін жер қойнауын пайдаланушы осында белгіленген тәртіпке сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша салық салу объектісін, солдай-ақ салық салумен байланысты мынадаи объектілерді айқындаиды:*

- 1) үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін таза табыс;
- 2) үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін салық салынатын табыс;
- 3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жиынтық жылдық табыс;
- 4) үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін шегерімдер;
- 5) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығы;
- 6) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бейрезиденттің тұрақты мекемесінің таза табыс салығының есен айрысу сомасы.

*Үстеме пайда салығын төлеушілер* – жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушылар.

*Үстеме пайда салығын төлеуден босатылатын жер қойнауын пайдаланушылар:*

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдалапушы арасында 2009 жылғы 1 қантарға дейін жасалған және міндепті салық саралтамасынан откен, онімді болу туралы келісімде (келісімшарт) корсетілген;

2) осы келісімшарттар пайдалы қазбалардың басқа тұрларін өндіруді көздемеген жағдайда, кең тараған пайдалы қазбаларды, жерасты сұларын және емдік балишықты барлауда, барлау мен өндіруде немесе өндіруде корсетілген;

3) барлауға және өндіруге байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және пайдалануға арналған келісімшарттардың негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша.

*Үстеме пайда салығының салық салу объектісі* – үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін жер қойнауын пайдаланушиның ше-

герімдер сомасының 25 пайзызына тең сомадаи асатын салық кезеңі үшін жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін айқындалған жер қойнауын пайдаланушының таза табысының бір болігі.

**Үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін таза табыс** – үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін салық салынатын табыс пен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметтің жүзеге асыратын бейрезиденттер үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін таза табыс – осы жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшартпен байланысты тұрақты мекеменің таза табыс салығының есеп айырысу сомасына қосымша азайтылады.

**Үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін салық салынатын табыс** – табыстар мен шығыстар сомасына азайтуды ескере отырып, айқындалған жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарт бойынша жылдық жиынтық табыс пен үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

**Жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарт бойынша жылдық жиынтық табыс** – келісімшарттық қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарт бойынша жылдық жиынтық табысты түзетулерді ескере отырып, корпоративтік табыс салығын есептеу мақсаты үшін Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалануға ариалған әрбір жеке келісімшарт бойынша айқынрайды.

#### **Үстеме пайда салығы үшін салық кезеңі:**

- 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі күнтізбелік жыл;
- жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарт күнтізбелік жыл ішінде жасалса, жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік жылдың соңына дейінгі уақыт кезеңі осындаі келісімшарт бойынша үстеме пайда салығын есептеу үшін бірінші салық кезеңі;
- жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарттың қолданысы күнтізбелік жылдың соңына дейін откес болса, күнтізбелік жыл басталғанинан жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарттың қолданысы аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі осындаі келісімшарт бойынша үстеме пайда салығын есептеу үшін соңғы салық кезеңі;
- күнтізбелік жыл басталғанинан кейін күшіне енген жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарттың қолданысы осы күнтізбелік

жылдың соңына дейін өткен болса, жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарт күшіне енген күннен бастап жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарттың қолданысы аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі осындай келісімшарт бойынша ұстеме пайда салығын есептеу үшін салық кезеңі.

**Салықты толеу мерзімі** – ұстеме пайда салығы салық толеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке салық кезеңінен кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірілмей толенеді.

**Салық декларациясы** – жер қойнауын пайдаланушы ұстеме пайда салығы жөніндегі декларацияны орналасқан жері бойынша салық органдына салық кезеңінен кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей табыс етеді.

## 10.2 || Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдерін жоспарлау (болжамдау) әдістемесі

*Бонустар түсімін болжамдау мұнай секторы үйымдары мен өзге де жер қойнауын пайдаланушылар бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады.*

*Бонустар түсімін болжасуды есептей үәкілдесті органының жер қойнауын пайдалануға құқық алу үшін жүргізілетін конкурста жеңіске жеткен жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы бонустар (АҚШ долларында) мен теңгениң АҚШ долларына болжамды бағамына қайта есептелецін пайдалы қазбалар түрлерінің колемі туралы мәліметтерінің негізінде жүргізіледі.*

*Пайдалы қазбаларды ондіру салығын (ары қарай – ПҚӨС) «Теңізшевройл» ЖШС мен онімді болу туралы Келісімді 2009 жылдың 1-қаңтарына дейін бекіткен үйымдардан басқа мұнай ондіруші үйымдар төлейді.*

*ПҚӨС болжасуын есептей үшін үәкілдесті мемлекеттік орган ұсынатын жер қойнауын пайдалануға бекітілген әрбір жеке келісімшарт арасындағы ишкі мұнайды, газ конденсатын ондіру колемі туралы маліметтер, әлеуметтік-экономикалық даму мен елдің бюджеттік параметрлерін болжауга сәйкес теңгениң АҚШ долларына қатысты болжамды бағамы мен мұнайға әлемдік баға пайдаланылады.*

*ПҚӨС-тың болжамдалған сомасы келесі 10.1-формулада арқылы анықталады:*

$$\Pi_{\bar{o}} = \Gamma_{\bar{o}} \times \Theta_{\bar{o}} \times M \quad (10.1)$$

### Мұндагы:

- $\Pi_{\delta}$  – ПҚӨС-тың болжамдалған сомасы;
- $\Gamma_{\delta}$  – газ конденсаты, мұнай ондіру көлемінің болжамдалған көлемі;
- $\Theta_{\delta}$  – өткізудің орташа бағасы;
- М – орташа мөлшерлеме.

Орташа өткізу бағасын анықтау кезінде мұнайға әлемдік баға тенгенің АҚШ долларына қатысты болжамды бағамына және баррельді тоннаға аудару коэффициенті – 7,5 корсектішіне қайта есептеледі. Орташа мөлшерлеме, салықтық заңнамамен белгіленген мөлшерлемелер шкаласына сәйкес жер қойнауын пайдалануга әрбір жеке келісімшарт бойынша ағымдагы салықтық жылға ондірудің жоспарлы көлеміне сәйкес мөлшерлемені қолдану жолымен анықталады. Мұнайды, газ конденсатын ішкі нарыққа өткізген кезде төмендетілген 0,5 коэффициенті қолданылады.

Көмірсутегі шикізатының суландырылған, шағын дебетті, тұтқырлығы жогары түрлерінің қойнауларын игеретін, сонымен қатар, рентабельділігі томен келісімшарттар бойынша қызмет атқаратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін ПҚӨС мөлшерлемесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Салық кодексіне сәйкес ПҚӨС бойынша салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады. ПҚӨС төлеу есептік тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірілмеуі тиіс, осыған байланысты, болжам кезінде 4 тоқсанның етпелі төлемдері есепке алынады.

*Қатты пайдалы қазбаларды ондіруге салынатын салықты болжауды есептегу үшін ағымдагы жылдың бағалауы бойынша салық түсімдерінің колемін мұнай секторының жыныстық қосылған құнының колемінің болжамды озгерістеріне түзету қажет. Болжам кезінде, сонымен қатар, бір жолғы толемдерді алып тастай отырып, өткен кезеңдегі нақты салық түсімдерінің серпінің есепке алған жоң.*

Шағын дебетті, ондірілген кен орнын пайдаланушылар үшін, сонымен қатар, рентабельділігі аз келісімшарттар бойынша қызмет атқартын жер қойнауын пайдаланушылар үшін ПҚӨС салығының мөлшерлемесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Салық кодексіне сәйкес ПҚӨС бойынша салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады. ПҚӨС төлеу есептік тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірілмеуі қажет, осыған байланысты, болжам кезінде 4-тоқсанның етпелі толемдері есепке алынады.

«Тенізшевроил» ЖИС және Өнімді болу туралы келісім бойынша қызмет атқаратын ұйымдар бойынша болжамды роялтиді есептей үшін үәкілдегі мемлекеттік орган ұсынатын шикі мұнайды, газ конденсатын

өндіру көлемі туралы мәліметтер, әлеуметтік-экономикалық даму мен елдің бюджеттегі параметрлерін болжауга сәйкес теңгениң АҚШ долларына қатысты болжамды бағамы мен мұнайға әлемдік баға пайдаланылады.

*Болжамдалған роялти сомасы орташа тиімді мөлшерлеменің газ конденсаты, өндірген мұнай құнының кобейтіндісі есебінен келесі 10.2-формула арқылы анықталады:*

$$P_{\delta} = \Gamma_{\delta} \times \Theta_{\delta} \times M \quad (10.2)$$

Мұндағы:

- $P_{\delta}$  – болжамдалған роялти;
- $\Gamma_{\delta}$  – газ конденсаты, мұнай өндіру көлемінің болжамдалған көлемі;
- $\Theta_{\delta}$  – өткізудің орташа бағасы;
- $M$  – орташа тиімді мөлшерлеме.

Өткізудің орга бағасын анықтау кезінде мұнайдың әлемдік бағасы болжанып отырган теңгениң АҚШ долларына бағамы және баррельді тоннага аудару коэффициенті – 7,8 қайта есептеледі. Роялти бойынша орташа тиімді мөлшерлеме есепті мерзімде роялти мен есепті кезеңдегі откізуден түскен табыс көлемінің сомаларының қатынасы арқылы нақты қалыптасқан пайызға негізделіп анықталады. Шығарып тастаудың орташа пайызы да ағымдағы жылдың түсімдерін бағалау негізінде анықталуы мүмкін. Өткізуден түскен табыс көлемі откізуудің орташа бағасын мұнайды, газ конденсанттын шыгару көлеміне кобейту арқылы анықтайды. Роялтидан түсімдерді бағалау кезінде алдыңғы кезеңдегі салықтың және жүйелі емес бір жолғы төлемдердің түсү серійнін есепке алу туіс.

*Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рентта салығын болжамдау «Тенгизшевройл» ЖШС-і мей 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін Өнімді болу туралы келісімге отырган ұйымдардан басқа мұнай шығарушы ұйымдарда жүргізіледі.*

Рентта салығына болжамды есептеу үшін шикі мұнай, газ конденсатының экспорттау көлемі, мұнайдың әлемдік бағасы мен мемлекеттің бюджеттегі параметрлері мен әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспарларына сәйкес теңгениң АҚШ долларына шаққандығы бағамы пайдаланылады.

*Рентта салығының болжамдық сомасы топмендегі 10.3-формула арқылы анықталады:*

$$P_{\delta} = \Gamma_{\delta} \times \Theta_{\delta} \times M \quad (10.3)$$

**мұндағы:**

- $P_b$  – рента салығының болжамдық сомасы;
- $\Gamma_b$  – мұнайды, газ конденсатын ондірудің болжамдық көлемі;
- $\Theta_b$  – откізудің орташа бағасы;
- $M$  – молшерлеме.

*Мұнайды экспорттаудың болжамдық көлемі толмендегі 10.4-формулалар арқылы анықталады:*

$$Q = \Gamma_b \times M, \quad (10.4)$$

**мұндағы:**

$\Gamma_b$  – мұнайды, газ конденсатын шығарудың болжамдық көлемі;  
 $M$ , – жалпы шығару көлеміндегі мұнайды, газ конденсатын экспорттау үлесі.

Мұнай мен газ конденсатын экспорттау үлесі мұнай, газ конденсатын экспорттау көлеміндегі есепті жылда мұнайды шығару көлеміне қатынасымен анықталады. Откізудің орташа бағасын анықтау кезінде мұнайдың әлемдік бағасы болжанып отырган теңгегенің АҚШ долларына бағамы және баррельді тоннага аудару коэффициенті – 7,8 қайта есептеледі. Рента салығының молшерлемесі әлемдік баға деңгейіне байланысты Салықтық заңнамага сәйкес анықталады. Рента салығын төлеу есепті мерзімнен кейінгі екінші айдың 25 жүлдізына дейін төленуі тиіс. Есепті мерзім күнтізбелік тоқсан болып табылатындықтан болжам кезінде отнелі төлемдер есепке алынады.

*Комір бойынша экспортқа рента салығына болжасам есепті жыл бойынша макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерісін есепке ала отырып түзестілген нақты түсімдердің көлеміне байланысты болады.*

*Салық кодексіне сәйкес рента салығы бойынша салық кезеңі – күнтізбелік тоқсан. Рента салығын төлеу есепті мерзімнен кейінгі екінші айдың 25 жүлдізына дейін төленуі тиіс. Есепті мерзім күнтізбелік тоқсан болып табылатындықтан болжам кезінде отнелі төлемдер есепке алынады.*

*Мұнай секторындағы ұйымдардың көлісіншарттары бойынша онімді болу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін болжасу (ҚР үлесі) онімді болу бойынша Келісім жасасқан мұнай шығарушы ұйыдар арасында жүзеге асады.*

ҚР үлесінде болжамдық түсімдерін есептеу уәкілетті орган тарапынан ұсынылған мұнай, газ конденсатын шығарудың болжамдық көлемін, откізу бағалары мен табысты өнімдердің құнына қолданылатын онім болімі бойынша Қазақстан Республикасының үлесінде пайыздық көрсеткіш негізінде жүргізіледі.

*КР үлесінің болжамдық сомасы келесі 10.5-формула арқылы есептеледі:*

$$\Theta B_6 = \Gamma_6 \times \Theta_6 \times Y_{\text{но}} \times Y_{\text{кп}} \quad (10.5)$$

Мұндағы:

- $\Theta B_6$  – КР үлесінің болжамды сомасы;
- $\Gamma_6$  – мұнайды, газ конденсатын шығарудың болжамды колемі;
- $\Theta_6$  – откізудің орташа бағасы;
- $Y_{\text{но}}$  – пайдалы өнімнен үлесі;
- $Y_{\text{кп}}$  – пайдалы өнімнен КР үлесі.

Үлесті толейтін үйымдар бойынша откізудің орташа болжамдалған бағасы мұнайга болжамдалған әлемдік бағаның нақты қалыптасқан бағаға қарсы өзгерістеріне сәйкес түзетілген осы үйымдар бойынша есепті жылда қалыптасқан орташа бағадан шығады. Табысты өнімнің және КР үлесінің орташа пайыздық корсектіштерінің болжамын есептеу үшін үйымның мәліметтері негізге алынады. КР үлесінің түсімдерін есептеу үшін алдыңғы кезеңдердегі салықтардың түсімі мен жүйелі емес бір жолғы төлемдерді сепке алған жон.

Тарихи шығыстарды өтеу бойынша төлемдердің түсімін болжауды есептеу осы төлемнің колемі туралы үәкілдettі органның мәліметтері негізінде (АҚШ долларымен) жер қойнауын пайдаланушылар құқығына ие болу үшін сайыста жеңгін жер қойнауын пайдаланушылар және бірнеше жылдар аралығындағы түсімдердің серпінін қарастыра отырып, тәсігеннің болжамдалған АҚШ долларына багамында қайта саналатын табиғи кендердің түрлері шеңберінде септегеледі.

*Бұл тарауда жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтарын, атап айтқанда: қол қойылатын бонус, коммерциялық табу бонусы, тарихи шығындарды отеу бойынша төлем, пайдалы қазбатарды ондіру салығы, мұнайға арналған пайдалы қазбатарды ондіру салығы, минералды шикізатқа пайдалы қазбатарды ондіру салығы (кең таратған пайдалы қазбатарды қосылғанда), кең таратған пайдалы қазбатарға, жерасты сугары мен емдік базықтарға пайдалы қазбатарды ондіру салығы, үстеме пайда салығының салық салу обьектілерін, салық базасын мен молиерлемесін, есептеу және төлеу тәртібіне тоқтатса отырып, атаптап төлемдер мен салықтардың салықтық түсімдерін жоспарлау мен болжамдау әдістемесі баяндатды. Сондай-ақ осы тақырыпта қарастырылған сұрақтардың мазмұнын толық аныу үшін және жсан-жасақты зерттеу мақсатында 2010 жылды КР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Бюджеттік жоспарлау*

*департаментімен әзірленген «Бюджет кірістерін макроэкономикалық болжамдау бойынша» тәжірибелі нұсқаулықпен танысу қажет. Ол оқу құралының соңында қосымша ретінде берілген.*

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Қазақстанның табиғи және басқа да көздерін пайдаланғаны үшін толемдер
2. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдері мен салықтары.
3. Жер қойнауын пайдалану жоніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі қызметке салық салу.
4. Жекелеген жер қойнауын пайдаланушылардың салық міндеттемесін орындау тәртібі.
5. Жалпы табыстар мен шығыстар.
6. Жалпы тіркелген активтер.
7. Жанама табыстар мен шығыстар.
8. Жанама тіркелген активтер.
9. Өндіру мен бастапқы қайта ондеудің (байыту) өндірістік өзіндік құны.
10. Тікелей табыстар мен шығыстар.
11. Пайдалы қазбаларды оңдіру салығы.
12. Пайдалы қазбаларды оңдіру салығын толеушілер және салық салу объектісі, салық базасы.
13. Пайдалы қазбаларды оңдіру салығын есептеу тәртібі.
14. Айналыстан шықкан қорлардың салық салу объектісі.
15. Пайдалы қазбаларды оңдіру салығын есептеу үшін салық базасы.
16. Пайдалы қазбаларды оңдіру салығы бойынша салық кезеңі.
17. Пайдалы қазбаларды оңдіру салығы төлеу мерзімі.
18. Пайдалы қазбаларды оңдіру салығының салық декларациясы.
19. Бонус және оның түрлері.
20. Қол қойылатын бонус.
21. Коммерциялық табу бонусын толеушілер.
22. Коммерциялық табу бонусының салық салу объектісі.
23. Комірсүтек шикізаты бойынша пайдалы қазба қорлары.
24. Коммерциялық табу бонусын есептеу үшін салық базасы.
25. Коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібі.
26. Коммерциялық табу бонусының молшерлемесі.
27. Тарихи шығындарды өтсө бойынша төлем.
28. Үстеме пайда салығын толеушілер.
29. Үстеме пайда салығын толеуден босатылатын жер қойнауын пайдаланушылар.
30. Үстеме пайда салығының салық салу объектісі.
31. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін таза табыс.
32. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін салық салынатын табыс.
33. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық жиынтық табыс.

236 **Салықтык-бюджеттік жоспарлау**

34. Үстеме пайда салығы үшін салық кезеңі.
35. Үстеме пайда салығын толеу мерзімі.
36. Үстеме пайда салығы бойынша салық декларациясы.
37. Бонустар тұсімін болжамдау.
38. Бонустар тұсімін болжауды есептеу.
39. ПҚӘС-тың болжамдалған сомасы.
40. Қатты пайдалы қазбаларды ондіруге салынатын салықты болжаяу.
41. Болжамдалған роялти сомасы.
42. Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығын болжамдау.
43. Рента салығының болжамдық сомасы.
44. Мұнайды экспорттаудың болжамдық колемі.
45. Комір бойынша экспортқа рента салығына болжам.
46. Рента салығы бойынша салық кезеңі.
47. ҚР үлесінің болжамдық сомасы.
48. Тарихи шығыстарды өтсөй бойынша толемдердің тұсімін болжаяу.

**Білім алушылардың озіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:**


*Келесі сұрақтарды мәңгереп отырып, презентация даіындау:*

1. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдерінің мазмұнын карастыру.
2. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдерінің жеке түрлері бойынша жоспарлау мен болжамдаудың әдістері мен тәсілдері.
3. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдерін есептеу және салық салынатын базаны анықтау жолдары.

*Берілген тақырып сұрақтарын мәңгеру үшін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің II боліміндегі «Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жонінде» 42-46 тарауларды мен баптарды және осыған сәйкес әдебиеттерді оқу қажет.*

**Талдамалық баяндамалар тақырыптары:**

1. Откен 5 жылға Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдерінің құрылымы мен серпініне талдау жасап, алдағы 3 жылға салықтың тұсімдерді болжаяу.
2. Үш жылдық мерзімдегі республикалық бюджетке түсетін жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы толемдері бойынша тұсімдер көлемінің осуі мен азауына әсер ететін факторларды талдау.



## 11-ТАРАУ. БЮДЖЕТТИҢ САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕРІН ЖОСПАРЛАУ (БОЛЖАМДАУ)

- Бюджеттің салықтық емес түсімдерін жоспарлаудың (болжамдау) экономикалық мазмұны.*
- Бюджеттің салықтық емес түсімдерін жоспарлау (болжамдау) әдістемесі.*
- Негізгі капитаł мен трансфертерді саудан түсемтін түсімдерді жоспарлау (болжамдау).*
- Бюджеттік несиелер мен мемлекеттің қаржылық активтерін саудан түсемтін түсімдерді жөнне борыштардың түсімдерін жоспарлау (болжамдау).*

### 11.1 || Бюджеттің салықтық емес түсімдерін жоспарлаудың (болжамдау) экономикалық мазмұны

Бюджеттің кірістері салықтық түсімдермен қатар салықтық емес түсімдердің есебінен де қалыптасады. Олардың басым көпшілігінде қатаң бекітілген молшерлемесі жоқ және фискалды-тұрақты сипатта емес. Осының есебінен бюджеттің салықтық емес түсімдері қатаң жоспарланған алмайды, бірақ тәжірибеде олар алдыңғы жылдың деңгейінде болжамданады. Мұның негізі ретінде салықтық емес түсімдерді болжамдау осы толемдердің отелуін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің негізінде жүргізілетіні бола алаңы.

Салықтық емес түсімдердің болжамдау кезінде болжанатын жылдағы тұғыну бағаларының индексімен және теңге бағамының өзгерісі есепке алына отырып, бірнеше жылдың түсімдер серийінің мәліметтері пайдаланылады.

Сонымен бірге келесідей мемлекеттік бюджеттің салықтық емес түсімдері бойынша орталық мемлекеттік органдар ұсынған болжамдық мәліметтер қолданылады:

- КР Ұлттық банкінің таза табысының бір болігінің түсімдері;
- республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір болігінің түсімдері;
- республикалық мениніктегі мемлекеттік акциялар пакетінің дивидендері;

- республикалық меншіктегі заңды тұлғаларга қатысу үлесінің кірістері;
- республикалық меншіктегі мұлікті жалға берудің кірістері;
- мемлекеттік сыртқы борыштарға қаржы орналастыру сыйақылары;
- мемлекеттік бюджеттен берілген несиецер бойынша сыйақылар;
- қару жараптар мен әскери техниканы сатудан түсін табыстар;
- мемлекеттік мекемелердің тауарлар (орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет) откізуден түсін түсімдері;
- мемлекеттік мекемелер үйымдастыратын мемлекеттік сатып алуштарды откізуден түсімдері;
- мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, осімақы, санкциялар, төлстулер;
- республикалық бюджеттің басқа да салықтық емес түсімдері.

Жергілікті атқарушы органдармен сойкес томенгі тұрган деңгейлер бюджеттің ұқсас салықтық емес түсімдері бойынша болжамдық мәліметтер анықталады.

***Мемлекеттік баж салығы*** – мемлекеттік уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін жөне құжаттарды бергені үшін алынатын міндепті толем болып табылады.

Мемлекеттік баж салығын төлеу іс-әрекетті орындашын тұрып төленеді, сонымен қатар тікелей баж салығымен төленген құжатты беру кезінде төленеді. Баж салығының төленген сомалары бюджеттің кірістеріне Бюджет кодексіне сойкес есептеледі.

*Республикалық бюджеттің түсімдерінде Бюджет кодексіне сойкес келесі мемлекеттік баж салықтары ескеріледі:*

- отандық тауар ондірушілерді қорғау шаралары ретінде алынатын баждар;
  - консулдық алым;
  - Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сойкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың апостиль қойғаны үшін мемлекеттік баж;
  - жеке басын қуәландыратын құжаттар берілгені үшін мемлекеттік баж;
  - жүргізуши қуәліктерінің берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж;
  - механикалық колік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктер берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж;
  - мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж;

- нотариаттық іс-әрекеттер жасалғаны үшін алынатын мемлекеттік баж;
- зияткерлік меншік саласындағы үәкілетті мемлекеттік органның заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін алынатын мемлекеттік баж;
- мемлекеттік мекемелерді сотқа берген талап қою арыздарынан алынатын мемлекеттік баж;
- халықаралық техникалық байқау сертификатының берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж;
- жұқтердің халықаралық автоколік тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру күзлігін және оның төлнұксасын бергені үшін алынатын мемлекеттік баж;
- ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алым.

Мемлекеттік баж салығының қалған барлық тұрларі республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және ауданының (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджет түсімдеріне есепке алынады. Мемлекеттік баж салығын алу тәртібі, шарттары мен молшерлемесі арнайы заңнамалық және нормативтік актілермен белгіленген. Бұл актілерде төленген баж салықтарының сомасын қайтару тәртібі, айып бағасын есептеу әдістемесі, айынтаушылар арасында баж сомасын болу тәртібі, айынтаушыны баж толеуден босату және оны жауап берушіге төлету қарастырылған. Сонымен қатар баж толеуден босатылған тұлғалар тізімі анықталған, белгілі бір жағдайларда баж толеуден айынтық түріне, айынтаушы мен жауап берушінің санатына байланысты босатылады.

*Мемлекеттік баж салығы тұрақты пайыздық молшерлемемен алынады.* Бұл молшерлемелер жыл сайын Республикалық бюджет туралы заңмен бескіліеттін айлық есептік корсеткіш АЕК (2015 жылы 1982 теңге) молшеріне байланысты есентеледі және баж салынатын іс-әрекетке байланысты немесе айыптың мөшеріне, дауланың отырған соманың не келісім сомасының молшеріне байланысты 1-ден 500, 700 және 1000 пайызды құрайды. Мемлекеттік баж салығының алынатын мөлшерлемелері мен тәртібі соптагы, нотариалдық кеңселердегі, азаматтық жағдай актілерін жазу органдарындағы, шетелге шығуды рәсімдеу кезінде және басқа да іс-әрекеттер мен құжат тұрларіне байланысты сараланады.

**Консулдық алым** – Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері консулдық іс-әрекеттер жасағаны және заңдық маңызы бар құжаттарды бергені үшін шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан, бейрезидент шетелдік заңды тұлғалардан, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларынан алынатын толем.

Консулдық алымның мөлшерлемесі КР Үкіметімен бекітіледі, ал консулдық алымдар сомасын, соның ішінде шестелде толенгендерін бюджетке аудару тәртібі бюджетті орындау бойынша орталық уәкілетті органдың менең белгіленеді.

*Бюджетке мемлекеттік бажы түсімдерінің сомасын болжамдау алдыңғы жылдардағы түсімдер серпінін талдау арқылы, ағымдық жылдардағы күтілестің түсімдерді бағалай отырып, алдағы кезеңдегі жорамалдық озгерістерге түзетулермен анықталады.*

Болжанатын жылға көсіпкерлік және кәсіби қызмет жүргізу үшін табыстар сомасы алдыңғы жылдардағы түсімдер серпінін талдау арқылы, ағымдық жылдағы күтілестің түсімдерді бағалай отырып, алдағы кезеңдегі салықтық базадағы жорамалдық озгерістерге түзетулермен анықталады. Мұндай табыстарға мүлік табысы, жеке көсіпкердің салық салынатын табысы, адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы, толем козінен салық салынбайтын басқа табыстар жатады.

*Мүліктік табыс жылжымайтын мүлікті, бағалы қағаздарды, асыл тастандарды, асыл металлдарды және олардан жасалған бұйымдарды, өнер туышыларын және антиквариаттарды сатудан түскен құн осімінің, сонымен қатар мүлікті жалға беруден түскен табыстың есебінен қалыптасады.*

*Жеке көсіпкердің салық салынатын табысы* – жылдық жыныстық табыс пен Салық кодексінің ережелеріне сәйкес шегерімдердің арасындағы айырма ретінде анықталады.

*Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы* – адвокаттық және нотариалдық қызметті жүзеге асырудан түскен барлық табыс түрлерін қосу және қорғау және оқиғеттік стүмен байланысты шығыстарды алғып тастау арқылы қалыптасады. Адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары бойынша жеке табыс салығының колемі ай сайни атынғап табыс сомасының 10% мөлшерлемесі бойынша анықталады.

## 11.2 || Бюджеттің салықтық емес түсімдерін жоспарлау (болжамдау) әдістемесі

Салықтық емес түсімдерді болжамдау нормативтік-құқықтық актілерге негізделеді, толемдер соларға сәйкес толенеді. Мемлекеттік менишіктегі акциялар пакетіне дивидендердің, мемлекеттік менишіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесінің, мемлекеттік менишіктегі мүліктің жалға берудің түсімдерін болжамдау мемлекеттік менишікке жататын мемлекеттік мүлікті иелену және қолдану құқығын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдың менең анықталады.

«Байқоңыр» кешенін және әскери полигондарды пайдалану үшін жалдық төлемдердің түсімін болжамдау – Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы «Байқоңыр» кешенін және әскери-сынақ полигондарды пайдалану туралы бекітілген келісімдеріне сәйкес, теңгенің АҚШ долларына болжанған бағамын әскере отырып жүзеге асырылады. Мемлекеттік бюджеттен берілген несиelerдің сыйақыларын болжамдауға сәйкес бюджеттен берілген бюджеттік несиelerді төлеуді болжамдауға ұқсас жүзеге асырылады.

*Бюджеттің жобасын жасау кезінде келесі салықтық емес түсімдер бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдардың және басқа да мемлекеттік органдардың ұсынған болжамдық мәліметтері қолданылады:*

- ҚР Ұлттық банкінің таза табысының бір бөлігінің түсімдері;
- ҚР Үкіметінің ҚР Ұлттық банкіндегі салымдары бойынша сыйақылар;
- жер қойнауын пайдалану туралы ақпарат ұсынғаны үшін төлемақы;
- респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауар (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен түсімдері;
- қару жарақтар мен әскери техниканы сатудан түскен табыстар;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігінің түсімдері.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, үстемақылар, санкцияларга, сонымен қатар облыстық, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары респубикалық бюджеттен берген бюджеттік несиelerі бойынша айыппұлдарға болжам жасалмайды.

*Гранттарды жоспарлаудың негізі – донорлардың қайтарусыз қаржылық және техникалық көмек беруі туралы ұсыныстары болып табылады.*

Байланысты гранттардың түсімін болжамдау байланысты гранттардың және респубикалық бюджет қаражаттарының есебінен бірігіп қаржыландыру есебінен жобаларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілігі болып табылатын мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады. Байланысты гранттардың түсімін болжамдау гранттар туралы сәйкес келісімдерде айтылған сомалар шегінде белгіленеді.

Басқа да салықтық емес түсімдерді болжау салықтық емес түсімдердің әр түрі бойынша откен жылдардағы түсімдер серпінін талдау арқылы, ағымдық жылдағы күтілетін түсімдерді бағалай отырып, болжанатын жылдағы инфляция деңгейіне түзетулермен анықталады.

### 11.3 || Негізгі капитал мен трансфертерді сатудан түсेतін түсімдерді жоспарлау (болжамдау)

**Негізгі капиталды сатудан түсекен түсімдерді болжамдау заңнамалық актілерге негізделеді, төлемдер соларға сәйкес төленеді.** Жұмылдырылған материалдық құндылықтар мен мемлекеттік материалдық резервтерді және мемлекеттік ресурстардан, астық өткізуден түсекен түсімдерді болжамдау кезінде – орталық және жергілікті атқару органдары, басқа мемлекеттік органдар ұсынған, елдің және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарлары негізінде жасалған болжамдық көрсеткіштер қолданылады.

Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мұлікті сатудан, жер участекерін жалдау құқығын сату үшін төлемақыдан, жер участекелерін сатудан және материалдық емес активтерді сатудан түске түсімдер бірнеше жылдың түсімдерін болжанатын жылдағы инфляция деңгейін ескере отырып талдау негізінде жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік менишкіті және оны жекешелендіру үдерісін басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты – мемлекеттік менишкіт пайдаланудан түсекен салықтық емес түсімдер есебінен бюджет кірістерін ұлғайту және мемлекеттің мұдделері мен міндеттерін ескере отырып, мемлекеттік менишкітің онтайлы құрамы мен құрылымын белгілеу.**

Бұл үшін үнемі мемлекеттік менишкік объектілерінің түтендеуі жүргізіледі. Ол қолданылмай жатқан немесе мақсатка сай емес пайдаланылып жатқан, сонымен қатар кейіннен жекешелендірілетін немесе жалға берілетін (сенімділік басқаруға) иесіз мұлікті анықтауга мүмкіндік береді. Жекешелендіру экономиканың белгілі бір салаларына және нақты кәсіпорындарға қатысты мемлекеттің мұдделеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Басқа салықтық емес түсімдерден айырмашылығы республикалық менишкітегі тау-кен және ондеуші салалардың мұліктерін жекешелендіруден түсекен қаражаттар бюджеттің кірістік бөлігін емес, ҚР Ұлттық қорын толтыруға қолданылады. Мұлікті сатудан түсекен түсімдерді болжамдаудың ерекшелігі қаржыландыру көздеріне байланысты мемлекеттік мекемелерге бекітілген негізгі капиталды болу болып табылады. Республикалық бюджетке осы бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерден мекемелердің мемлекеттік мүлкін сатудан түсекен түсімдер болжанады. Негізгі капиталды сатудан түсекен түсімдердің болжамы республикалық маңызы бар қала бюджетіне, астана мен ауданының

(облыстық маңызы бар қала) бюджеттіне мемлекеттік мекемелердің мұлқін сатудан түскен қаражаттардан қалыптасады.

Капиталмен операциялардан бюджетке түсімдерді болжамдаумен бірге бюджеттік жүйенің барлық деңгейлеріндегі түсімдерінде ресми трансфертердің болжанатын сомалары көрінеді. Жалпы сипаттағы ресми трансфертер жоғарғы бюджеттерден тәменгі бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялар және тәменгілерден жоғарғы бюджеттерге берілетін бюджеттік алулар болып табылады. Бюджет кодексіне сәйкес республикалық бюджет пен облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеті арасындағы көлемі үш жылдық кезеңге бекітіледі, «Республикалық бюджет туралы» Заңмен жылдар бойынша белінген. Облыстық және аудандық бюджеттер арасындағы ресми трансфертердің көлемі облыстық мәслихаттардың шешімімен бекітіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің түсімдерінде облыстық бюджеттен ресми трансфертер, ал республикалық маңызы бар қалалар, астана үшін республикалық бюджеттен ресми трансфертер есептеледі. Облыстық бюджетке тәменгі бюджеттерден (аудан, облыстық маңызы бар қала) және республикалық бюджеттен ресми трансфертер түседі. Республикалық бюджеттің түсімдерінде тәмен тұрған бюджеттерден (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана) және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан ресми трансфертер ескеріледі.

Республикалық бюджеттен белінетін мақсатты трансфертердің болжамдық көлемі мен мақсаты бюджеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органмен бюджеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті органға жеткізіледі. Бюджеттік жоспарлау бойынша жергілікті уәкілетті органдар ұсынылған қосымша бюджеттік өтініштер бойынша республикалық бюджеттен мақсатты трансфертерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілтері бойынша таратады.

#### *Республикалық бюджетке трансфертердің түсімі:*

– облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен берілетін бюджеттік алулар;

– республикалық бюджетте бекітілген сома шегінде жалпы сипаттағы үш жылдық трансфертердің жүзеге асу кезеңінде, республикалық деңгейге мемлекеттік басқарманың жергілікті деңгейінен мемлекеттік органдардың қызметін берумен байланысты шығыстардың артуына әкелетін, заңды актілерді. Қазақстан Республикасының Президентінің актілерін қабылдаудан шыққан, республикалық бюджеттің шығыстарын өтеуге бағытталған облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы қала, астана бюджеттерінен мақсатты ағымдық трансфертер;

– Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көпілдендірілген трансферт.

### *Жергілікті бюджеттерге трансферттер түсімі:*

– жалпы сипаттағы трансферттер: жоғары тұрған бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар, тәмен тұрған бюджеттен бюджеттік алуулар;

– жоғары деңгейлі бюджетте бекітілген сомалар шегінде және жалпы сипаттағы үш жылдық трансферттер көлемінің жүзеге асу кезеңінде, жергілікті бюджеттердің кірістерінің қысқаруына және шығыстардың артуына әкелетін, заңды актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін қабылдаудан шығатын, тәмен тұрған бюджеттердің жоғалтуларын өтеге бағытталған, тәмен тұрған бюджеттерге жоғары тұрған бюджеттерден мақсатты ағымдық трансферттер;

– дамудың жергілікті бюджеттік бағдарламаларын жүзеге асыру үшін республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттерден тәмен тұрған бюджеттерге берілетін, дамуға мақсатты трансферттер.

*Казақстан Республикасының Ұлттық қорынан көпілдендірілген трансферттер көлемі абсолютті белгіленген көлемде анықталады және Қазақстан Республикасының заңымен бекітіледі.*

## 11.4 || Бюджеттік несиeler мен мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдерді және борыштардың түсімдерін жоспарлау (болжамдау)

*Республикатық бюджеттің кіріс болісіне республикатық менийкеттегі несиelerді толеуден және қаржылық активтерді сатудан түсек үкіметтік қарыздар есептеледі. Осыған ұқсас түсімдер жергілікті бюджеттің кіріс болігіне есептеледі, айырмашылығы несиeler жергілікті бюджеттен беріледі, активтер және жергілікті атқарушы органдардың қарыздары сәйкесінше коммуналды меншікте болады.*

Бюджеттен берілген «*несиені толеу*» категориясы, бюджеттік несиeler бойынша мемлекеттік шаруашылық субъектілері жағынан ақша қаражаттары түсімінің жыныстығын білдіреді. Бюджеттік несиeler республикалық бюджеттерден және облыстық бюджеттерден тәмен тұрған бюджеттерге бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға және қаржылық жыл көлемінде кассалық айырмашылықты жабуға беріледі.

Ертерек берілген несиеңі жабу бюджетке ақша қаражаттарының түсінің бір көзі ретінде қарастырылады. Төлеу ретінде бюджеттен берілген несиелер бойынша негізгі қарызды қайтару сомасы немесе үкіметтік қарызды және жергілікті атқарушы органдың қарызын қайтару сомасы есептеледі. Бұл сомалар бұрын несие берілген бюджеттердің кіріе болігіне есептеледі.

Бюджеттік несиелерді төлеу, яғни бюджеттен қайтарымдық, жедел және ақылы негізде болғандағы несиеңінің төлеу дегеніміз қарызгердің негізгі қарызды несиеlek келісімшартқа сәйкес қайтаруы. Несие беруші мен бюджеттік бағдарламаның әкімшісі және қарызгер арасындағы келісімді білдіретін несиеlek келісімшартта бюджеттік несиеңі ұсыну, қолдану, қызмет көрсету және отеу бойынша құқықтар мен міндеттер бекітіледі. Бюджеттік несиеңі қайтару несиеңі отеу және қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүреді. онда бюджеттік несиеңі отеу және қызмет көрсету бойынша төлемдердің уақыты мен кезеңділігі бекітіледі.

Қарыз берушінің келісімімен бюджеттік несиеңі қарызгері несиеңі мерзімінен бұрын отеуге құқық беруін талап етеді алады, ал егер қарызгерде қарызы болса несие беруші несиеңі отеуді қамтамасыз ететін бекітілген заңды шарапарға жүгінеді. Бюджеттік несие бойынша қарыз жергілікті атқарушы органдың да болса немесе ол мақсатты бағыты бойынша қолданылмаса, несие беруші жергілікті бюджет шотынан қарыз сомасын немесе мақсатты бағыт бойынша қолданылмаған соманы альып тастауға құқығы бар.

*Қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер бюджетті атқару бойынша орталық үекілдегі орган мен қарыз беруші арасында кепілдік келісімшарттының жазбаша түрінде бекітілетін келісімді реттеп және тіркетіннен кейін ұсынылады. Бұл құжат республикалық бюджеттен бағытталған және міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаражаттарды қайтару үшін міндеттемелердің орындалуын дәлелдейтін мәліметтерді қамтиды. Мемлекеттік кепілдеме мемлекеттік кепілге ие қарыз қарыз алушы тарағынан отелмесе және ағымдағы жылдың қаржылық жылына сәйкес келетін республикалық бюджет туралы заңнамада көзделген қаражат шегінде қарыз берушінің талабы бойынша төлем күні өткеннен кейін жүзеге асырылады.*

Республикалық бюджетке мемлекеттік кепіл бойынша міндеттерді атқаруға болған қаражагты қайтару келісімде анықталған мерзімде және Бюджет кодексінде бекітілген сыйакы молшерлемесі бойынша жүргізіледі. Бюджет кодексінің сәйкес баптары бойынша қарыздың қайта құрылуы, борышқорды ауыстыру, қуын мерзімі, қаражатты қайтару бойынша таланттарды қысқарту арқылы да реттеледі.

*Бюджеттік несиені отеуді болжамдау мақсаты – қаралжаттардың қайтару бойынша түсімдерді болжамдауды жүргізу болын табылады.*

Бюджеттік несиелерді өтеу және қызмет көрсету бойынша ақпарат көздері ретінде келісімшарттар, несиелік келісімшарттарға қосымша келісімдер, нормативтік-құқықтық база, сонымен қатар, қарызгердің несиені қайтару бойынша ағымдық қаржылық жағдайы алынады. Бюджеттік несиелердің өтеуі мен қызмет көрсетуі бойынша ақпаратты түпкі қолданушы ретінде атқарымды міндеттеріне бюджеттік несиелерді өтеу мониторингі, қызмет көрсету кіретін органдар саналады.

*Бюджеттік несиелерді өтеу және қызмет көрсетуді болжамдауда кіретіндер:*

1. Өткен жылдар үшін сәйкес бюджеттен берілген бюджеттік несиелерді қайтару және қызмет көрсету бойынша бірінші құжаттардың негізінде түсімдердің талдауын жүргізу;

2. Бюджеттік несиелерді қайтару және қызмет көрсету бойынша түсімдердің талдауы негізінде, сонымен қатар, бюджеттік несиелерді өтеу кестесінің негізінде бюджеттік несиелерді өтеу және қызмет көрсету бойынша түсімдердің болжамын жасау;

3. Бюджеттік несиелерді өтеу және қызмет көрсету бойынша түсімдер болжамын қалыптастыру.

*Мемлекеттік қаржылық активлерді сатудан түскен түсімдерді болжамдау мемлекеттік қасіпорындарға катысы бар мемлекеттік басқару органдарының, мемлекеттік мекемелерге катысты уәкілетті органдардың және акционерлік қоғамдардың (ЖИС) мемлекеттік акциялар пакетіне (катысу үлесін) не болу құқығын, оны қолдану және сату құқығын беретін органдар мемлекеттік менишік бойынша уәкілетті органға жекешелендіруге берілетін объектілердің және оларды сату қажеттілігін көрсететін тізімді еткізеді. Мемлекеттік менишік бойынша уәкілетті орган жоспарланған жылдың ішінде жекешелендіруге жататын объектілердің тізімін әзірлейді және оларды өткізуден түсімдердің мерзімді болжамын құрады.*

Осы орайда акционерлік қоғамдардың (ЖИС) акциялардың мемлекеттік пакетін, мемлекеттік қасіпорындар мен мекемелерді, олардың болімшелерін және құрылымдық бірліктерін менишік кешені ретінде сатудың болжамдық сомасы объектілерді баланстық құнына байланысты

болады (ұйымның активтерінен міндеттемелерді ала маңыз). Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел бақаруында немесе шаруашылық есебінде тұрған басқа да мемлекеттік менишіктің болжамдық сомасы болжамдалатын жылдың алдындағы жылдарында нақты соманы талдау негізінде анықталады.

*Үкіметтік қарыздарды болжамдау – бюджеттік жоспарлау бойынша Қазақстан Республикасының орталық үекілді органымен жүзеге асады.*

*Үкіметтік сыртқы қарыздарды болжамдау – келер орта мерзімді кезеңде дрекеттегі және жоспарланған сыртқы қарыздардың сомасы.*

*Дрекеттің жатқан сыртқы қарыздарды болжамдау – Республикалық бюджеттік комиссияның сәйкесінше шешімі негізінде келер қаржылық жылда республикалық бюджетте сәйкесінше шығыстармен қамтамасыз етілген бірігіп қаржыландыру мен қолдану көзделген Қазақстан Республикасының Үкіметтің қарыздары. Ол келер қаржылық жылдың республикалық бюджеттің әзірлеу кезінде Республикалық бюджеттік комиссияның қабылданған шешімдерін есепке ала отырып, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджеттік отініштері негізінде жүзеге асырылады. Республикалық бюджет тура-лы Занды қабылданғаннан кейін дрекет етуші сыртқы қарыздарды болжамдау сомалары Зандада белгіленген сомаларға сәйкес түзетілуі мүмкін.*

*Жоспарланған сыртқы қарыз атуды болжамдау – Қазақстан Республикасының Үкіметтің мемлекеттердің донор бағдарламаларымен бірлесіп тарту жоспарланған қарыздар. Олар мемлекеттік донор бағдарламаларында белгіленген инвестициялық жобалардың тізімі негізінде донорлардың қарыздарынан қаражаттандырылып жоспарланады.*

*Үкіметтік ішкі қарыз атуды болжамдау – республикалық бюджеттің тапшылығы мен бюджеттің орындалуы туралы орталық үекілді орган тарапынан берілеттің үкіметтік қарыздарды өтеу болжамын есепке ала отырып, үкіметтің сыртқы қарыз алу болжамы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.*

#### *Бақылау сұрақтары:*

1. Салықтық емес түсімдерді болжамдау.
2. Салықтық емес түсімдері бойынша орталық мемлекеттік органдар үсінгандылытын болжамдық мәліметтер.
3. Мемлекеттік баж салығы және оның мөлшерлемесі.
4. Консулдық алым және оның мөлшерлемесі.
5. Мұліктік табыс.
6. Жеке кәсіпкердің салық салынатын табысы.
7. Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы.

8. «Байқоңыр» кешеңін және әскери полигондарды пайдалану үшін жалдық төлемдердің түсімін болжамдау.
9. Гранттарды жоспарлаудың негізі.
10. Байланысты гранттардың түсімін болжамдау.
11. Басқа да салыктық емес түсімдерді болжакау.
12. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді болжамдау.
13. Мемлекеттік меншікті және оны жекешелендіру үдерісін басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты.
14. Капиталмен операциялардан бюджетке түсімдерді болжамдау.
15. Республикалық бюджетке трансфертердің түсімі.
16. Жергілікті бюджеттерге трансфертер түсімі.
17. Қазақстан Республикасының Ұлттық корынан кепілдендірілген трансфертер көлемі.
18. «Несиені төлеу» категориясы.
19. Бюджеттік несиелер.
20. Қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер.
21. Бюджеттік несиені өтеуді болжамдау мақсаты.
22. Бюджеттік несиелерді өтеу және қызмет көрсетуді болжамдау.
23. Мемлекеттік қаржылық активтерді сатудан түскен түсімдерді болжамдау.
24. Үкіметтік қарыздарды болжамдау.
25. Үкіметтік сыртқы қарыздарды болжамдау.
26. Әрекет етіп жатқан сыртқы қарыздарды болжамдау.
27. Жоспарланған сыртқы қарызы алуды болжамдау.
28. Үкіметтік ішкі қарызы алу болжамы.

**Білім алушылардың озіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:**

Көтесі сұрақтарды менсеру және презентация дайындау:

1. Салыктық емес түсімдерді жоспарлау және болжамдау: үлгілері мен механизмдері.
2. Салыктық емес түсімдерді есептеу әдістері мен тәсілдері.
3. Әр түрлі нұсқада салыктық емес түсімдерді және салық салынатын базанды есептеу.

**Талдаматық баяндамалар тақырыппары:**

1. Откен 5 жылға Қазақстан Республикасындағы салыктық емес түсімдер күрылымы мен серпініне талдау жасап, алдағы 3 жылға салыктық емес түсімдердің түсіміне болжам жасау.
2. Уш жылдық мерзімдегі республикалық бюджетке түсетін салыктық емес түсімдер түсім көлемінің өсуі мен азауына әсер ететін факторларды талдау.



## 12-ТАРАУ. БЮДЖЕТТІК ШЫҒЫСТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ

- Бюджеттік шығыстар жүйесінің сипаттамасы.*
- Республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстарының лимиті, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік отініштерді жоспарлауды.*

### 12.1 || Бюджеттік шығыстар жүйесінің сипаттамасы

*Мемлекет атқарымдарын жүзеге асыру олардың қаржылық қарастымасы з етілдүйшегендегі мемлекеттік шығыстардың нақты түрлерінің жиынтығы, озарабайланысқан, кез-келген мемлекеттік шығыстардың жүйесін көрсетеді. Шығыстар жүйесін азірлеу қаражаттарды мақсатты бағыттау, үнемдеу режимі мен мемлекеттік қаражаттарды шығындаудың қайтарымсыздығына негізделеді.*

*Шығыстар – шығыстардың нақты колемін көрсетеді. Бюджеттік бағыттар деңгейлеріндегі мемлекеттік шығыстардың нақты түрлерінің жиынтығы, озарабайланысқан, кез-келген мемлекеттік шығыстардың жүйесін көрсетеді. Шығыстар жүйесін азірлеу қаражаттарды мақсатты бағыттау, үнемдеу режимі мен мемлекеттік қаражаттарды шығындаудың қайтарымсыздығына негізделеді.*

*Мемлекеттік шығыстар тек қана нақты мақсаттық арналымы бойынша – бюджетте қарастырылған бағыттар бойынша жұмсалуы тиіс. Қаражаттарды қайтармау принципі негізінен әлеуметтік саланы қаржыландыруды қарастырылады, ал егер экономика дамуының қаржыландырылуы туралы сөз қозғалса, онда нәтижелік инвестициялау көрінуі тиіс, яғни бюджеттік ондірістік шығыстар деп қарастырылу мүмкіндігі бар бюджеттік қаржылардың қайтарылуу принципі қарастырылады. Үнемдеу режимін ұстану принципі өз алдында бюджеттік шығыстардың жұмсалуының нәтижелігі мен тиімділігін көрсететін бюджеттік шығыстарды тәмендетудің әдістері мен тасілдерінің жүйесін билдіреді.*

*Мемлекеттік бюджет шығыстарының жүйесі белгілі бір факторлармен сипатталады. Олардың негізгілері ретінде мемлекеттік жағдайы мен қызметтерін, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, әкімшілік-территориялық белгінүүн, бюджет қаражаттарын белу объектілерін атап кетуге болады. Мемлекеттік бюджет шығыстарының*

мазмұны мен құрылымы олардың экономикалық мазмұны мен мемлекет алдында тұрган жағын ішкі онімді болу бойынша мәселелер негізінде аныкталады. Бюджет шығыстарының мемлекет экономикасындағы орны мен маңызын білу мақсатында оларды әр түрлі ерекшеліктері бойынша сыйыптастырылады. Республиканың Бюджет кодексінде бюджеттік жүйенің барлық деңгейінде қызмет ететін бюджет шығыстарының жіктелімі бекітілген.

**Мемлекеттік шығыстар** – орталықтанған және орталықтанбаган ақшалай қаражат қорлары тарапынаи өтелетін үздіксіз әрекет ету үшін және қоғам мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мемлекеттің жұмысалған қаражаттары болып табылады. Бұл шығыстардың негізгі бөлігі мемлекеттік бюджетте шоғырландырылған қаражат есебінен жабылады.

*Көзашының өсіп-онуіндеңгі ролі бойынша мемлекеттік бюджеттің шығыстарын екі топқа болуға болады:*

а) өндіріс үдерісінің токтамаудың қамтамасыз ету, өндірістік көрді ұғайту;

ә) қоғам мүшелерінің алеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Бірінші топқа экономиканы қаржыландыруға бағытталған мемлекеттік бюджет шығыстары жатады. Екінші топ алеуметтік-мәдени шараларды, білім беру, ғылым, қауіпсіздік пен мемлекетті басқаруды қаржыландыруға бюджет шығыстарын қамтиды. Осы екі топтың аракатынасы бюджеттің тиімділігін анықтайты. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған шығыстар деңгейі жоғары болған сайын, бюджеттің тұтынушы шығыстары төмен болады, сәйкесінше бюджет қаражаттарын қолдану тиімді болады.

Бюджеттік қаражаттарды жұмсаудың тиімділігі мемлекеттік бюджет шығыстарының қалыптасуынан айналысты болады, ал ол өз алдына мемлекеттің жүргізіп отырган алеуметтік саясаты мен қалыптасқан алеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты болады. Бюджеттердің түрлері бойынша шығыстардың қалыптасу ерекшеліктері олардың мақсатты арналымына байланысты болады.

*Бюджет түрлері бойынша шығыстарды қалыптастыруданда келесі негізгі факторлар ескеріледі:*

- басқару органдары арасында атқарымдарды шектеу;
- мекемелердің бағыныштылығы;
- мекемелер қызметтің шекаралары;
- нақты бюджетке шығынды жатқызуын дұрыстырығы.

Бюджеттік жүйенің деңгейлері арасындағы шығыстар КР Бюджет кодексіне сәйкес таратылады.

**Республикалық бюджеттің шығыстары** **Бюджет кодексінің 53 бағына сәйкес, келесі бағыттарды қаржыландыру үшін қамтамасады:**

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар:

– Қазақстан Республикасының Президентінің және оның отбасының қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және күзету;

– Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің жұмыс істеуі;

– облыстық бюджеттен қаржыландырылатын сайлауларды қоспағанда, референдумдар мен сайлаулар откізу;

– республикалық деңгейде мемлекеттік жоспарлау;

– мемлекеттік кіріс органдарының қызметі;

– республикалық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және жергілікті бюджеттердің кассалық қызмет көрсетуі, бюджеттік есепке алуды жүргізу және бюджеттің атқарылуы бойынша есептілікті жасау;

– республикалық мешікті бақару;

– оңалту рәсімін, банкроттық рәсімін жүргізуді және банкроттық рәсімін қозғамастан борышкерді таратуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша ет шешімімен тарату рәсімдерін жүргізуді ұйымдастыру;

– мемлекеттік сатын алудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру;

– мемлекеттік қаржылық бақылау және қаржы мониторингі;

– мемлекеттің сыртқы саяси қызметі;

– іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу;

– мемлекеттік статистика органдарының статистикалық қызметі;

– мемлекеттік қызметтің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру;

– ғылыми кадрларды мемлекеттік атtestаттау;

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әртүрлі қызмет салалары мен аяларында мемлекеттік сыйлықтар беру және мемлекеттік наградалармен марапаттау;

– саяси партиялардың қызметін қаржыландыру;

2) қорғаныс, қоғамдық тәртіл, қауіпсіздік:

– мемлекеттің қорғанысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

– орталық атқарушы органдар жүргізетін жұмылдыру дайындығы жөні жұмылдыру;

– мемлекеттік материалдық резервтерді қалыптастыру және сактау;

– ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

– терроризмге және экстремизм мен сепаратизм көріністеріне қарсы іс-қимыл;

– мемлекеттік құпиялардың коргалуын қамтамасыз ету;

– облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен қаржыландырылатын іс-шараларды қоспағанда, жалпыға бірдей ескери міндетті орындауға байланысты іс-шараларды ұйымдастыру;

– облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

– азаматтық қорғау және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қызметті ұйымдастыру;

– жаһандық, өнірлік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;

– кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

– мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмысын қамтамасыз ету;

– азаматтық қорғаныс жүйесін ұйымдастыру;

– азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына мемлекеттік кадастр жүргізу;

– экономикалық және қаржы салаларындағы құқық қорғау қызметі;

– көші-қон саясатын іске асыру;

– жеке басты қуәландыратын құжаттарды дайындау;

– халықты құжаттандыратын және тіркейтін тіркеу пункттерінің жабдықтары мен ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін жүзеге асыру;

3) құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі:

– әділет саласындағы қызмет;

– азаматтардың және мемлекеттің мүдделерін құқықтық қорғау;

– занылдықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;

– мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу;

– сот сараптамасы қызметі;

– сот жүйесінің жұмыс істеуі;

– қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

4) білім беру:

– республикалық білім беру үйимдарында дарынды балаларға жалпы білім беру;

– республикалық маңызы бар мектептеген тыс іс-шаралар өткізу;

– республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру үйимдарында жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімді мамандар даярлау;

– республикалық деңгейде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

– республикалық орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес шетел мектептерінде оқытын отандастарды оқулықтармен және оку-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;

#### 5) денсаулық сактау:

– жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

– денсаулық сактау ұйымдарының Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын түрлер бойынша мамандандырылған медициналық көмек көрсетуі:

– республикалық деңгейде алеуметтік, табиги және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде шұғыл медициналық көмек қызметін ұйымдастыру;

– республикалық маңызы бар мемлекеттік денсаулық сактау ұйымдарында медициналық оңалту;

– психиатриялық бұзылулардан (аурулардан) зардал шеккен және қатаң бақылауды қажет ететін адамдарға медициналық көмек көрсету;

– сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама жүргізу;

– ауру адамдарды шетелде емдеуді ұйымдастыру;

– айрықша қатерлі жүқпалы ауруларға қарсы іс-кимыл;

– республикалық маңызы бар мемлекеттік денсаулық сактау ұйымдары үшін қан, оның құрауыштары мен препараттарын өндіру;

– санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салуаттылығын қамтамасыз етуі;

– Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің катарына шыққан зейнеткерлерге және азаматтардың басқа да санаттарына медициналық қызмет көрсету;

– жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын шығыстардан басқа, азаматтардың денсаулығын сактау саласындағы қызмет;

#### 6) алеуметтік көмек және алеуметтік камсыздандыру:

– Қазақстан Республикасының зейнетакымен камсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен зейнетакымен камсыздандырылуға құқығы бар азаматтарға зейнетакы төлемдері;

– мемлекеттік алеуметтік жәрдемақылар;

– мемлекеттік арнайы жәрдемақылар;

– арнайы мемлекеттік жәрдемақылар;

– зейнеткерлерді. Ұлы Отан соғысының катысушилары мен мүгедектерін. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мемлекеттік жәрдемақы алушыларды жертеуге жәрдемақы;

- бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- баланы бір жасқа толғанға дейін бағу-куңу бойынша оларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;
- экологиялық анат аймактарында тұратын адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген әлеуметтік көмек;
- әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік ортке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің отбасыларына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген әлеуметтік төлемдер;
- саяси құғын-сүргін құрбандарына және одан зардап шеккендерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген әлеуметтік төлемдер;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері болып табылатын әлеуметтік төлемдер;
  - оралмандарға әлеуметтік көмек көресету;
  - көші-қон саясатын іске асыру;
- 7) мәдениет, спорт, туризм және ақиараттық кеңістік;
  - қазактың ұлттық мәдениетін және басқа да ұлттық мәдениеттердің қайта еркендешту, сактау, дамыту және таралу;
  - республикалық маңызы бар театр және музыка өнерін, ұлттық фильмдер шығаруды, мұражай ісін қолдау;
  - мәдениет және мемлекеттік жастар саясаты саласында республикалық және халықаралық маңызы бар әлеуметтік маңызды іс-шараларды өткізу;
  - халықаралық және республикалық маңызы бар тарихи-мәдени мұра объектілерінің сакталуын қамтамасыз ету;
  - республикалық деңгейде спортың ұлттық және бұқаралық түрлерінің дамуын қолдау;
  - жогары жетістіктер спортын дамыту;
  - спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командалары (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары) мүшелерінің халықаралық спортың жарыстарға дайындалуы және қатысуы;
  - мемлекеттік республикалық спорт ұйымдарының жұмыс істеуі;
  - халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде Қазақстан және оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпарат дайындау және таралу;
  - республикалық маңызы бар мұрағат қорының сакталуын қамтамасыз ету;

- республикалық кітапханалардың жұмыс істеуі;
- бұқаралық ақиарат құралдары арқылы республикалық деңгейде мемлекеттік ақиарат саясатын жүргізу;
- мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;
- телерадио хабарларын тарату ұйымдарының телевизия және радио бағдарламаларын жерсеріктік хабар тарату жүйелері арқылы тарату;
- – республикалық деңгейде мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

8) агрономеркаспіткік кешен, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аұмактар және қоршаған ортаны қорғау, жер қатынастары:

- су ресурстарын қорғауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету; су шаруашылығы баланстарын, су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемаларын өзірлеу; су ресурстарын пайдалану және қорғау болжамы, су ресурстарын пайдаланудың ақиараттық-талдау жүйесін қамтамасыз ету;
- судың мемлекеттік есебін, мемлекеттік су кадастрын жүргізу;
- су беруге байланысты емес траншекаралық су шаруашылығы құрылыштарын және республикалық маңызы бар су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану;
- республикалық маңызы бар ерекше авариялық су шаруашылығы құрылыштарын және гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру;
- сауармалы жерлердің мелиорациялық жай-куйінің мониторингі және оны бағалау;
- республикалық маңызы бар орман қорын, жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аұмактарды мемлекеттік есепке алууды, табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу, ормандар мен жануарлар дүниесінің мемлекеттік мониторингі;
- орман шаруашылығын жүргізу;
- орман тұқым шаруашылығы және селекция;
- мемлекеттік орман кадастрын, жануарлар дүниесінің, ерекше қорғалатын табиғи аұмактардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу;
- ормандарды ертген қорғау, орман зиянкестерінен және ауруларынан қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар;
- балық ресурстарын және басқа да су мекенді жануарларын қорғау және өсімін молайту;
- балық аулауды мемлекеттік реттеу және балық корларын қорғау;
- республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аұмактарды күтіп ұстау, мемлекеттік табиғи-қорық қорын қалпына келтіру;

- Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген жағдайларда, жер участкерінің менинкі нелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтөу;
- қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингі;
- республикалық деңгейде қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жүргізу;
  - I санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу;
  - қоршаған ортага эмиссияга I санат объектілері үшін рұқсат беру;
  - гидрометеорологиялық мониторинг;
  - республикалық деңгейде жер қатынастарын реттеу;
  - мемлекеттік жер кадастрын, жер мониторингін жүргізу;
  - топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар;
  - жануарлар ауруларының диагностикасы, эпизоотияға қарсы жұмыс, оның ішінде ветеринариялық препараттарды, олардың корын қоса алғанда, сатып алу, жеткізу, сактау, қолдану, сондай-ақ жануарлар мен құстардың қатерлі жұқпалы ауруларының ошактарын және зарарсыздандыру;
  - фитосанитариялық мониторинг;
  - карантиндегі өнімнің зертханалық сараптамасы және егіс пен екпе материалдарындағы жасырын жұқтырылған ауруды анықтау;
  - карантиндік объектілердің тараулу ошактарын анықтау, оқшаулау, жою;
  - корымен қоса, пестицилтерді (ұлы химикаттарды), оларды жеткізуге, сактауға және қолдануға байланысты қызметтер көрсетуді сатып алу;
  - мемлекеттік астық ресурстарына астық сатып алу, мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сактау және ауыстыру;
  - аграрлық азық-түлік нарығында сатып алу және тауар интервенцияларын жүргізу;
  - сорт сынақтары, тұқымдық және екпе материалдың сортың және егістік сапаларын айқындау;
  - ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымының мемлекеттік ресурстарын қамтастыру және басқару;
  - ауыл шаруашылығы ондірісін агрохимиялық және агроклиматтық қамтамасыз ету;
  - агроОнеркәсіптік кешенді техникалық қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеу;
  - агроОнеркәсіптік кешеннің тұракты дамуын қамтамасыз ету, оның субъектілеріне бәсекелестік нарығында жоқ немесе жеткіліксіз көрсетіліп келген қызметтер көрсетудің жекелеген түрлерін ұсыну;

– агрономеркаситтік кешенің ақпараттық-маркетингтік жүйесін үйімдастыру;

– екінші деңгейдегі банктердің ауыл шаруашылығы өнімін өндедеу жоніндегі қасіпорындарға беретін кредиттер бойынша сыйакы мөлшерлемелерін субсидиялау;

– ауылшаруашылық өнімін шыгаруды басқару жүйелерін дамыту;

– осімдік шаруашылығындағы міндетті сактандыруды колдау;

– осімдіктердің жогары бағалы сорттарының, ауыл шаруашылығы жануарларының, құстар мен балықтардың тұқымдары мен түрлерінің тектикалық қорын сактау және дамыту;

– суармалы жерлерді мелиоративтік жақсарту жөнінде іс-шаралар жүргізу;

– 9) онеркасіп, жер қойнауын пайдалану, саулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі:

– мемлекеттік онеркасіп саясатын іске асыру;

– отын-энергетика кешенін дамыту;

– жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, сейсмологиялық ақпарат мониторингі;

– мемлекеттік геологиялық зерттеу;

– геологиялық ақпаратты қалыптастыру;

– кеніштер мен шахталарды жабу және жою, техногендік қалдықтарды кому;

– мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу;

– құрылыш нормалары мен стандарттарын сатып алу және әзірлеу;

– саулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы бақылау;

9-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру:

– республикалық деңгейде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізу;

10) көлік және коммуникациялар:

– ақылды автокөлік жолдарын (жол участекерін) ағымдағы жөндеуді және күтіп-ұстауды, сондай-ақ жүріп өткені үшін ақы алушын бағдарламалық-аппараттық кешенін күтіп-ұстауды қоспағанда, халиқаралық және республикалық маңызы бар автокөлік жолдарын, сондай-ақ оларда жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстай;

– су көлігі қызметін үйімдастыру және реттеу;

– кеме қатынасы жолдарын, шлюздерді күтіп-ұстай және кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– теңіз жолдарын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз ету;

- ауе және су көлігін мемлекеттік реттеу;
- алеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;
- магистралды темір жолдарды дамыту;
- аэроғарыш қызметі;
- радиожийлік спектрі мен радиоэлектронды құралдар мониторингі;
- 11) экономикалық қызметті реттеу:
- стандарттау, метрология және сертификаттау;
- патенттерді, тауар белгілерін тіркеу және қорғау;
- мемлекеттік инновациялық саясат;
- мемлекеттік экспорттық және импорттық бақылау;
- саудалық және демпингке қарсы реттеу;
- бәсекелестікті дамыту және қорғау;
- бағаны және табиғи монополияларды мемлекеттік реттеу;
- жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;
- 11-1) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық:
- нормативтік-техникалық құжаттамаларды иелену, әзірлеу және жетілдіру;
- елді мекендердің шегінде орналасқан жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газben жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру обьектілерін жаңғыру және дамыту, сондай-ақ елді мекендерді абаттандыру;
- коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласын реттеу;
- қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;
- кадрлық және ақпараттық-тадамалық қамтамасыз ету;
- коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілдті органиның елді мекендердегі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының техникалық-экономикалық негіздемелерін, жаңғыру және дамыту инвестицияларының негіздемесін орталықтандырып әзірлеуі;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы обьектілерді тексеруді және техникалық жай-күйін бағалауды жүргізу;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының мониторингі және оны бақылау үшін ақпараттық жүйе құру;
- энергия және ресурс үнемдеу жөнінде іс-шаралар жүргізу;
- 12) басқа да бағыттар:
- облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне трансфертер;
- үкіметтік борышқа қызмет көрсету және отеу;
- мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау;
- үкіметтік қарыздастыруды хеджирлеу мәмілелері бойынша пығыстар;

- мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындау;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін орындау.

Сәйкес әкімшілік-аймақтық бірліктер үшін маңызы бар бюджет қаражаттарын жұмсаудың баека ұқсас бағыттары төмен тұрған бюджет деңгейлерінде жүзеге асады. Жергілікті бюджеттердің қалыптасуы Бюджет кодексімен, нормативтік-құқықтық актілермен, әкімшілік-аймақтық бірлікке сәйкес келетін мәслихаттар шешімдерімен реттеледі. Жергілікті билік органдары аймактардың экономикалық және қаржылық базаларын қолдануға үәкілетті болып табылады. Эрбір жеке әкімшілік-аймақтық бірліктің экономикалық базасын жергілікті тұргындардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған табыс ақелетін жеке меншіктері мен олардың өкіміне өткізілген объектілер құрайды. Қаржылық база жогары деңгейдегі бюджеттерден бөлінген ресми трансфертер мен жеке бюджеттік қаражаттардан тұратын қаржылық ресурстар болып табылады.

Бюджеттік жүйенің ербір деңгейіндегі шығыстардың құрамы мен құрылды әрекет етуші заңнамалық актілермен, сәйкес әкімшілік-аймақтық бірлікте қаржыландыруды қажет ететін нақты объектілердің бар болуымен, сонымен қатар оның омірлік іс-әрекетін қалыпта ұстап тұру үшін шығыстармен анықталады.

## **12.2 ||| Республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстарының лимиті, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік отініштерді жоспарлауы**

Республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстар лимиті ағымдық бюджеттік бағдарламалар мен дамудың бюджеттік бағдарламалары үшін сәйкес үәкілетті органдармен қалыптасады. Бюджет шығыстарының лимитін анықтаудың негізі бюджеттің болжамдық көрсеткіштері, бюджет қаражаттарын шығындаудың басымды бағыттарының көрсеткіштері, теріс операционды сальдоның шекті мүмкін көлемі, орга мерзімді фискалды саясатиен бекітілген көрсеткіштер және макроэкономикалық көрсеткіштер болып табылады. Ағымдағы қаржылық жылдың 5 шілдесіне дейін бюджеттік комиссиямен қарастырылып және бекітілген бюджет шығыстарының лимиті кейін бюджеттік жоспарлау бойынша үәкілетті органдармен бюджеттік бағдарламалардың ербір әкімшісіне жеткізіледі.

*Ағымдық бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының лимитін есептегендегі ескеріледі:*

- бюджет субвенциялары мен алымдарды қосқандағы ағымдық бюджеттік бағдарламаларға шығыстардың жалпы сомасы;
- бекітілген заттай нормалар;
- ағымдагы қаржылық жылдың ағымдық бюджеттік бағдарламаларының көлемі;
- орта мерзімді фискалды саясатта бюджет шығыстарын арттыру немесе қыскартуды анықтау;
- ағымдагы қаржылық жылда аяқталатын ағымдық бюджеттік бағдарламалар.

Ағымдық бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының лимиті осы бағдарламалардың әр әкімшісіне анықталады және жеткізіледі. Дамудың бюджеттік бағдарламалары үшін шығыстар лимиті бағдарламалардың әкімшілері арасында таратылмай анықталады және бюджеттің барлық шығыстарының жалпы болжамдық көлемі мен ағымдық бюджеттік бағдарламаларға бюджет шығыстары лимитінің жалпы көлемі арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мерзімде бюджеттік жоспарлау бойынша үәкілетті органға бюджеттік өтініштерді өткізеді.

**Бюджеттік отініш** – бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан жыл сайын әзірленіп тапсырылатын бюджеттік бағдарламаларды неғіздеу және бюджетті әзірлеу кезінде оларды қаржыландыру сомаларын анықтауга қажетті құркагтар жиһінтығы.

**Бюджеттік отініштерді әзірлеудің негізгі мақсаты** – болжаңып отырган мерзімге қажетті ресурстар мен бағдарламаны орындау нәтижелері бойынша сандық және қаржылық ақпарат негізіндеғі бюджеттік бағдарламаларды таңдау, сонымен қатар бюджеттік бағдарламалардың тиімділігі мен нәтижелігіне кейінгі бага беру болып табылады.

Бюджеттік өтініш сәйкесінше мерзім аралығындағы облыстың (қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының, мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалардың орга мерзімдік жоспары негізінде құрылады. Бағдарлама туралы мәліметтер осы бағдарлама бойынша жиналған объективті сипаттамалар негізінде нақты және толық ақпараттан тұруы тиіс. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі сәйкесінше бюджеттік комиссия белгілеген сәйкес инвестициялық жобалар бюджеттің қаржыландыру тізбесі мен көлемдеріне, ағымдагы бюджеттік бағдарламалардың шығыстарының шектері мен бюджеттік даму

12-тaraу. Бюджеттік шығыстарды жоспарлау 261 бағдарламаларына қарай бюджеттік өтінішті күрады. Республикалық немесе жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тек бір ғана өтінішті күрай алады.

*Бюджеттік отініш торт бөліктен тұрады:*

- бюджеттік бағдарламалар тізімі және олар бойынша шығыстар со- масы;
- әр бюджеттік бағдарламаға түсіндірме хат;
- бюджеттік өтінішке қосылған әр бюджеттік бағдарлама паспор-тының жобасы.

Жыл сайынғы бюджеттік отініш бекітілген нысан бойынша өткеш жылдың есептік мәліметтері, ағымдық жылдың жоспарлы көрсеткіштері және келер үш жылдық кезеңге болжамдық көрсеткіштер туралы ақпараттан тұруы керек. Сәйкес бюджеттік комиссия бюджеттік өтінішті қарастырганда ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда, сонымен қатар, Парламентте реснубликалық бюджеттің жобасының өзгеруі жағдайында бұл өтініштер қарастырудың әр кезеңінде нақтылауға жа-тады. Бюджеттік отініш бағдарламаларды қаржыландыру жоспарын және қаржыландырудың жинақтық жоспарын жасау үшін негіз болып табылады. Бюджеттік өтініш бағдарлама әкімшісінің басшысымен қол қойылады. Бюджеттік өтініште сәйкес бағдарлама әкімшісінің жа-уапты атқарушының тегі, аты, әкесінің аты, қызметі, жұмыс телефоны көрсетіледі.

Шығыстарды қайта құру бойынша бюджеттік саясат мемлекеттің экономиканың әр түрлі салаларында қатысуының тиімділігін бағалауда және мемлекет қатысуының мақсатты емес бағыттарын қаржыландыруды қысқартуға байланысты бағалауға негізделеді. Бұл бюджеттік қаражаттардың экономика дамуының басымды бағыттарына шоғырлануын қамтамасыз етеді. Экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың деері жүйесін әзірлеу, бағдарламалық құжаттарды онтайландыру және бірынгайландыру, оларды бағалау әдістемесін әзірлеу бюджеттік бағдарламалармен қарастырылған шаралардың нақты байланысын жасауға, бюджеттік қаражаттарды қолданудың тиімділігін арттыруға жағдай жасайды.

Заттай нормаларды қолдану – материалды және материалды емес иғіліктегерге қажет тұтынудың ең төменгі заттай көрсеткіштері – мемлекеттік органдың топтары бойынша бір қызметкерге ағымдық шығыстардың орташа нормасын қолданудың орына бюджет шығыстарын жоспарлаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Казақстан Республикасының 2013-2017 жылдарға алоғаметтік-экономикалық дамуының Орта мерзімді жоспары негізінде және мем-

262 ⇨ Салыктық-бюджеттік жоспарлау мемлекеттік, саясатык бағдарламаларға сәйкес орта мерзімді кезеңде бағынды бюджеттік шығыстар ретінде анықталадандар:

- денсаулық сақтауды реформалау және дамыту;
- білім беруді дамыту;
- әлеуметтік реформаларды ары қарай тереңдешту;
- индустримальды-инновациялық даму;
- аграрлық секторды дамыту;
- жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыру.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Бюджеттік шығыстар жүйесінің сипаттамасы.
2. Мемлекеттік шығыстар.
3. Мемлекеттік бюджет шығыстарының жүйесі.
4. Бюджеттік қаражаттарды жұмысрудың тиімділігі.
5. Бюджеттік жүйенің деңгейлері арасындағы шығыстар.
6. Республикалық бюджеттің шығыстары.
7. Жалпы сипаттагы мемлекеттік функцияларға арналған шығыстар.
8. Қорғаныс пен қоғамдық тәртіпке және қауіпсіздікке арналған шығыстар.
9. Құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметіне арналған шығыстар.
10. Білім беруге арналған шығыстар.
11. Денсаулық сақтауга арналған шығыстар.
12. Әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстар.
13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікке арналған шығыстар.
14. АгроОнеркәсіптік кешен, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қоргалатын табиги аумактар және қоршаған ортаны корғау, жер қатанастарына арналған шығыстар.
15. Өнеркәсіп, жер қойнауын пайдалану, саулет, қала құрылышы және құрылыш қызметіне арналған шығыстар.
16. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруға арналған шығыстар.
17. Көлік және коммуникацияларға арналған шығыстар.
18. Экономикалық қызметті реттеуге арналған шығыстар.
19. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа арналған шығыстар.
20. Басқа да бағыттарға арналған шығыстар.
21. Бюджеттік жүйенің әрбір деңгейіндегі шығыстардың құрамы мен құрылуды.
22. Республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстар лимиті.
23. Ағымдық бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының лимитін есептеу.
24. Бюджеттік отініш.

25. Бюджеттік отініштерді азірлеудің негізгі мәсесі.
26. Бюджеттік отініштің боліктері.
27. Заттай нормаларды қолдану.
28. Қазақстан Республикасының 2013-2017 жылдарға әлеуметтік-экономикалық дамуының Орта мерзімді жостары.

**Білім алушылардың озіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:**

*Келесі сұрақтарды мемлекеттік шығыстардың презентация дайындау:*

1. Бюджет шығыстарын жоспарлау түсінігі және міндеттері.
2. Бюджет шығыстарын жоспарлаудың жеке түрлері бойынша жоспарлау мен болжаудың әдістері мен тасілдері.
3. Бюджет шығыстарын жоспарлауды есептеу және салық салынатын базаны анықтау.

*Берілген тақырыптың сұрақтарын мемлекеттік шығыстардың бюджет кодексін және осыған сәйкесінше адебиеттерді оқу қажет.*

**Талдамалық баяндамалар тақырыптары:**

1. Откен 5 жылға Қазақстан Республикасындағы бюджет шығыстарының күрүлімі мен серініне талдау жасап, алдағы 3 жылға бюджет түсімдерін болжау.
2. 3-жылдық мерзімдегі республикалық бюджет шығыстарының көлемінің өсуі мен азаюына әсер ететін факторларды талдау.
3. Келесі тақырыптар бойынша жасалынған талдаудың негізінде БӨЖ не-месе ғылыми баяндамалар дайындау:
  - бюджеттің шығыстарын жоспарлаудың экономикалық өсуге әсері;
  - бюджеттің шығыстарын жоспарлаудың қазақстан экономикасын әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға ықпалы;
  - бюджеттік инвестицияларды жоспарлаудың қазақстан экономикасын жаңғырту, әртараптандыру және индустримальдырудың негізгі факторы ретінде;
  - бюджет тапшылығын жоспарлау мемлекеттің макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылығына әсері.



## 13-ТАРАУ. САЛЫҚТЫҚ-БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУДЫҢ (БОЛЖАМДАУ) ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

1. Шет мемлекеттерде бюджеттік жоспарлаудың (болжамдау) әдістері, тәсілдері және ерекшеліктері.
2. АҚШ-та, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда ұзақ мерзімді жоспарлаудың (болжамдау) ерекшеліктері және Еуропатың Одақ елдерінің тәжірибелесі.

### **13.1 || Шет мемлекеттерде бюджеттік жоспарлаудың (болжамдау) әдістері, тәсілдері және ерекшеліктері**

Бюджеттік жоспарлау (ағылшын тілінен budgetary planning) – қаржылық жоспарлаудың құрамадас бөлігі, көлемін, көздерін анықтауға және басқарудың әр деңгейінде бюджеттік ресурстарды мақсатқа бағытты қолдануға мүмкіндік беретін: мемлекеттік, республикалық, жергілікті; бюджеттік жүйенің қызмет атқаруына қажетті компонент, бюджеттік үдерістің ажыратылмайтын бөлімі.

- $M$  – салық мөлшерлемесі (жалны бекітілген мөлшерлеме бойынша – 20 пайыз, «Тенгизшевройл» және Оңімдерді бөлу туралы келісім бойынша қызметтің жүзеге асыратын салық толсушілер бойынша – 30 пайыз).

Мұнайды, газ конденсатының орташа бағасын анықтағанда мұнайға әлемдік баға АҚШ долларына теңгенің болжанаттын бағамы мен баррельді тоннага ауыстырудан – 7,5 коэффициенті есептеледі. Резиденттер мен бейрезидент заңды тұлғалардан, төлем көзінен ұсталатын болжамдық корпоративтік табыс салығын есептеу салық түсімдері серпіні, ағымдағы жыл үшін күтілеттің салық түсімін бағалау негізінде жүзеге асырылады. Күтілеттің салық түсіміне болжамды есептеу үшін жүйесіз сипаттағы бір жолғы төлемдер (тексерулер нәтижелері бойынша үстеме есептеулер, қате есептелеғен сомалар және т.б.) алынып тасталады.

*Салық болжамын есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:*

$$KTC_b = \Gamma_{\text{кут}} \times B_{\text{кап}} / 100\% \times M_{\text{кап}} / 100\% \times T_b / 100\%$$

мұндағы:

- $KTC_b$  – КТС-ның болжанатын сомасы;
- $T_{\text{кут}}$  – ағымдық жыл үшін күтілеттің салық түсімі;
- $B_{\text{кап}}$  – мұнайға әлемдік бағаның осу (төмендеу) қарқыны;
- $M_{\text{кап}}$  – мұнай оптірудің осу (төмендеу) қарқыны;
- $T_b$  – АҚШ долларына теңге бағамының осу (төмендеу) қарқыны.

## 1.2. Жеке табыс салығы

### 1.2.1. Төлем көзінен салық салынатын табыстарға жеке табыс салығы

Бұл алғынатын кіріс сомасына, қолданыстағы заңнамалық сәйкес ұсынылатын жеңілдіктер мен шегерімдерге және бекітілген салық салу мөлшерлемелеріне тәуелді. Төлем көзінен алғынатын табыстар жеке табыс салығын есептерде қолдану үшін табыстардың болжамды қөлемін анықтау барысында алдыңғы жылы немесе ағымдық жылдың бағасы бойынша жасалған жалақы қорының озгеру қарқынына түзетіледі не-

мессе ЖІО-нің болжанатын өзгеру қарқынына түзетілестін жалақы қоры бойынша есептік статистикалық мәліметтер қабылданады. Сонымен қатар, есепті жылға болжамды жалақы қорын анықтау бойынша басқа тәсілдер қолданылуы мүмкін.

*Бірінші нұсқа, төлем көзінен салық салынатын жеке табыс салығының болжамын есептеу негізіне болжанатын жылға арналған салық салынатын табыс мөлшері мен Салық кодексіне сәйкес салықтық молшерлеме алынады.*

Салық салынатын табыс мөлшері табыстың болжамды сомасынан барлық қызметкерлерге есептелген ең тәменгі жалақы мөлшерін, сонымен бірге міндettі зейнетақы жарналары мен салық заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың женілдіктер сомасын шегеру жолымен айқындалады.

*Салық салынатын болжамды табыс мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:*

$$\text{ЖТС}_6 = T - Z_* - (ETЖ \times K_e) - Ш$$

**Мұндағы:**

- ЖТС<sub>6</sub> – салық салынатын болжамды табыс мөлшері;
- Т – табыстың болжамды сомасы;
- З<sub>\*</sub> – міндettі зейнетақы жарналары;
- ЕТЖ – ең тәменгі жалақы;
- К<sub>e</sub> – қызметкерлер саны, адам;
- Ш – женілдіктер және басқа да шегерімдер.

*Бұдан әрі жеке табыс салығының болжамы мынадай формула бойынша айқындалады:*

$$\text{ЖТС}_6 = T_6 \times M$$

**Мұндағы:**

- ЖТС<sub>6</sub> – жеке табыс салығының болжамды сомасы;
- Т<sub>6</sub> – салық салынатын болжамды табыс мөлшері;
- М – жеке табыс салығының молшерлемесі.

*Екінші нұсқа, төлем көзінен салық салынатын жеке табыс салығының болжамын есептеу кезінде салық толеушілердің салық органдарына беретін салық декларацияларының деректерін пайдаланған дұрыс. Салық салынатын табыстың есептелген сомасы мен жеке табыс салығының мөлшеріне байланысты өткен жылдарда және ағымдағы жылдың есепті кезеңінде салықтың орташа мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:*

$$M = \frac{ЖTC_{\text{есен}}}{K_i} \times 100\%$$

мүндағы:

–  $M$  – орташа салық мөлшерлемесі;

–  $ЖTC_{\text{есен}}$  – есепті кезеңдегі төлем козінен салық салынатын жеке табыс салығының сомасы;

–  $K_i$  – есепті кезеңдегі табыстың көлемі.

Төлем козінен салық салынатын табыстардан жеке табыс салығының болжамы салық толеушілердің табыстарының өсуінің болжамды коэффициенттеріне түзетілген ағымдағы жылды салық салынатын табыстың болжамды сомасының және мына формула бойынша орташа салық мөлшерлемесін қолданудың негізінде айқындалады:

$$ЖTC = T_{\text{күт}} \times \Theta_{16} / 100\% \times M$$

мүндағы:

–  $ЖTC$  – төлем козінен салық салынбайтын жеке табыс салығының болжамды сомасы;

–  $T_{\text{күт}}$  – ағымдағы жылы табыстың күтілетін сомасы;

–  $\Theta_{16}$  – жоспарланып отырған жылы тұтыну бағаларының өсімі;

–  $M$  – орташа салық мөлшерлемесі.

Сонымен бір мезгілде бағдарлау үшін оның табыстарының серпіні бойынша болжанатын және күтілетін салықтың есебін жүргізу қажет. Есептеу кезінде күтілетін табыстардан тұракты сипаттағы емес бір жолты төлемдерді алып тастаған дұрыс (өткен кезеңдердегі берешекті өтеу, тексеру қорытындылары бойынша үстеме есептеулер, қате есептеген сомалар және т.б.).

1.2.2. Төлем козінен салық салынбайтын табыстарға жеке табыс салығы

*Бірінші нұсқа – төлем козінен салық салынбайтын табыстарға салынатын жеке табыс салығын болжаган кезде жеке қасіппердің табысы, мүліктік табыс және өзге де табыстар, адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары жонандегі есепті кезеңдегі салық декларацияларының дерекгерін қолдану керек.*

Төлем козінен салық салынбайтын табыстарға салынатын жеке табыс салығын есептеу төлем козінен салық салынбайтын (адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстарын қоспағанда) болжамды табыс сомасына қатысты, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген салық салынбайтын табыстар сомасы мен салықтың шегерімдерге

азайтылған орташа молшерлемені қолдану жолымен жүргізіледі. Бұл кезде өнірде қалыптасқан орташа молшерлеме молшері есептік деректерге негізделіп айқындалады, бұл деректер оларға әсер ететін факторлардың болуына байланысты түзетілуі мүмкін.

*Төлем көзінен салық салынбайтын табыстарға салынатын жеке табыс салығының сомасы алынған кіріс сомасына қатысты белгіленген молшерлемені қолдану жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:*

$$\text{ЖTC} = T_{\text{күт}} \times (100+И) / 100\% \times M$$

#### Мұндағы:

– ЖTC – төлем көзінен салық салынбайтын жеке табыс салығының болжамды сомасы;

–  $T_{\text{күт}}$  – ағымдағы жылы салық салынатын кірістің күтілетін сомасы;

– И – инфляция деңгейі, %-бен;

– М – орташа салық молшерлемесі.

*Екінші нұсқа* – төлем көзінен салық салынбайтын табыстарға салынатын жеке табыс салығын болжамы өткен жылдардағы түсімдер серпінін талдау, өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының макроэкономикалық көрсеткіштерін ескере отырып ағымдағы жылғы түсімдерді бағалау есебінің негізінде есептеледі.

### 1.3. Әлеуметтік салық

Әлеуметтік салықты болжау кезінде салық декларацияларының алдыңғы жылғы және ағымдағы жылдың есепті кезеңіндегі әлеуметтік салық жөніндегі деректерін пайдалану керек.

*Бірінші нұсқа.* Әлеуметтік салықты болжауды есептеу негізіне жостарлы кезеңге салық салынатын табыс молшері және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есебімен Салық кодексіне сәйкес салықтық молшерлеме қолданылады:

*Салық салынатын табыс молшері табыстардың болжамды сомасынан салықтық зағнамашарға сәйкес міндетті зейнетек қарналары мен салықтық жаңғылдіктер және шегерімдерді шегеру жолымен анықталады және мына формула бойынша есептеледі:*

$$\text{ССТ}_6 = T - \text{МЗЖ} - (\text{ЕТЖ} \times \text{ОЖ}_{\text{күт}}) - \text{Ш}$$

#### Мұндағы:

– ССТ<sub>6</sub> – салық салынатын табыстың болжамды молшері;

- Т – табыстың болжамды көлемі;
- МЗЖ – міндеңті зейнетакы жарналары;
- ЕТЖ – ең төменгі жалақы;
- ОЖ<sub>көзм</sub> – қызметкерлердің орташа жалақысы;
- Ш – женілдіктер және бақса да шегерімдер

*(Әлеуметтік салықты болжасу келесі формула бойынша есептеледі):*

$$\Theta C_6 = CCT_6 \times M$$

**Мұндағы:**

- $\Theta C_6$  – әлеуметтік салықтың болжамды сомасы;
- $CCT_6$  – салық салынатын табыстың болжамды мөлшері;
- М – әлеуметтік салықтың мөлшерлемесі.

*Екінші нұсқа. Есепті кезеңге табыстың нақты мөлшері мен аударылған әлеуметтік салық мөлшерінен, көрсетілген кезеңге салықтың орташа тиімді мөлшерлемесін келесі формула мен анықтауға болады:*

$$M = \Theta C_n / T_n \times 100\%$$

**Мұндағы:**

- М – салықтың орташа тиімді мөлшерлемесі;
- $\Theta C_n$  – есепті кезеңде нақты түскен әлеуметтік салықтың сомасы;
- $T_n$  – есепті кезеңде табыстың нақты көлемі.

Содан кейін салық толеушілердің салық салынатын табысының күтілетін өсімі есебімен орташа мөлшерлемені қолдану арқылы ағымдағы жылға күтілетін салық көлемі анықталады.

*Әлеуметтік салық болжасы салық толеушілердің табыстарының болжамды осу қарқыны түзетілген ағымдық жылға табыстың күтілетін көлемі неғұзінде және келесі формула бойынша орташа тиімді мөлшерлемені қолданумен анықталады:*

$$\Theta C_6 = T_{kut} \times \Theta_{kk} / 100\% \times M$$

**Мұндағы:**

- $\Theta C_6$  – әлеуметтік салықтың болжамды сомасы
- $T_{kut}$  – ағымдағы жылға табыстың күтілетін көлемі;
- $\Theta_{kk}$  – жоспарлы жылға жалақы қорының өсу қарқыны;
- М – орташа тиімді мөлшерлеме.

Бағдар үшін бір мезгілде салықтың күтілетін және болжамды түсімдерінің есебін ағымдағы жыл және жылдар қатары бойынша

түсімдер серпіні базасында жүргізу қажет. Болжамды есептеу барысында болжамды түсімдерден жүйелі емес сипаттағы бір жолғы толемдерді (тексеру нәтижесі бойынша қайта аударымдар, қате аударылған сомалар) алып тастау қажет.

#### *1.4. Мұлік салығы*

*1.4.1. Занды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мұлікіне салынатын салық бойынша болжамды айқындау кезінде мынадай нұсқалар қолданылады.*

*Бірінші нұсқа* бойынша болжам Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің түпкі есеп беретін күнгі Қазақстан Республикасының аумағындағы және негізгі құралдар немесе жылжымайтын мұлікке инвестициялар (объектілер) болып табылатын гимараттар, құрылыштар, тұргын үй құрылыштары, орын-жайлар сондай-ақ жермен тығыз байланысты өзге де құрылыштар туралы деректері негізінде есептеледі. Негізгі құралдарының (соның ішінде тұргын үй қорының құрамындағы объектілердің) және материалдық емес активтерінің түпкі есепті күндегі құны туралы деректерінің негізінде есептеледі. Бұл ретте салық салу объектілеріне жатпайтын объектілердің құны, мұлік салығын төлемейтін занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер объектілерінің құны жалпы құннан алыныш тасталады.

*Объектілердің салық салынатын құны болжамды қайта бағалау коэффициентіне түзетіледі және салық затратасына сәйкес салық молшерлемесін ескере отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:*

$$MC_6 = (K_0 \times \Theta / 100\%) \times M$$

*мұндағы:*

- $MC_6$  – мұлік салығының болжамды сомасы;
- $K_0$  – салық салынатын объектілердің органия жылдық құны;
- $\Theta$  – негізгі құралдар құнының болжамды осу қарқыны;
- $M$  – салық молшерлемесі.

*Екінші нұсқа* бойынша ондайлатын декларация негізінде арнаулы салық режімін қолданатын болек занды тұлғалар бойынша және болек жеке кәсіпкерлер мен занды тұлғалар бойынша есепті кезеңінде сонына негізгі қорлар немесе жылжымайтын мұлікке инвестиация болып табылатын Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан жермен берік байланысқан үйлер, гимараттар, тұргын құрылыштар,

сонымен катарап басқа қурылыштардың қалдықтық құны туралы салық декларациясының мәліметтері қолданылады. Мұлік салығының болжамды сомасы ариаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер Салық кодексіне сәйкес болек мөлшерлемелерді қолданумен бірнеші нұсқа бойынша үқсаес формуламен есептелінеді.

*Үшінші нұсқа* бойынша болжам бірнеше жыл түсімдері серпінің талдауды, салық салынатын базада болжамды өзгерістерге түзетілген ағымдағы жылғы болжамды түсімдерді бағалауды және болжанатын кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер параметрлері ескеріле отырып айқындалады.

*Түсімдердің болжамды сомасының есебі келесі формула бойынша айқындалады:*

$$MC_{\delta} = T_{\delta} \times (100 + I) / 100\%$$

мұндагы:

- $MC_{\delta}$  – мұлік салығының болжамды сомасы;
- $T_{\delta}$  – ағымдағы жылғы салықтың болжамды түсімі;
- $I$  – инфляция деңгейі.

1.4.2. Жеке тұлғалардың мұлік салығы бойынша болжам жылдар қатарына түсімдер серпінің талдай отырып, салық салынатын базадағы болжамды өзгерістерге және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының макроэкономикалық көрсеткіштері параметрлеіне түзетілген ағымдағы жыл бойынша түсімдерді бағалаумен анықталады.

*Салық түсімдерінің болжамды сомасын есептейу келесі формула бойынша анықталады:*

$$MC_{\delta} = T_{\kappa_{\text{т}}} \times (100 + I) / 100\%$$

мұндагы:

- $MC_{\delta}$  – мұлік салығының болжамды сомасы;
- $T_{\kappa_{\text{т}}}$  – ағымдағы жылға күтілетін салық түсімі;
- $I$  – инфляция деңгейі.

## 1.5. Жер салығы

*Жер салығын болжау үшін мынадай ақпаратты пайдалану қажет:*

- жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттер беретін санаттар бойынша жердің алана;
- жердің сапасы мен түрлері бойынша бонитет баллдарына тепе-тең сараланатын базалық салық мөлшерлемелері;

— салық органдарына берілетін декларациялардың деректері.

Жер салығын болжау кезінде салық заңнамасында көзделген жеңілдіктер ескеріледі.

*Болжанатын салық түсімдерін есептеу мынадай формула бойынша айқындалады:*

$$\text{ЖС}_6 = \Lambda \times M_6 \times K$$

Мұндағы:

—  $\text{ЖС}_6$  — жер салығының болжамды сомасы;

—  $\Lambda$  — жер участкесінің алаңы;

—  $M_6$  — әр санат бойынша орташа базалық салық мөлшерлемесі;

—  $K$  — салық заңнамасына сәйкес жекелеген толеушілерге арналған коэффициент.

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес откізілетін жерді аймақтандыру жобаларының негізінде жергілікті оқілдік органдар жер салығы молиерлемесін томендетуге немесе ауыл шаруашылық мақсаттагы жерлерге, елді мекендерге (үй жаңындағы жер участкелерінен бөлек), елді мекендерден тыс орналасқан автотұрақ, жана май бекеті және казино үшін болінген жерлерден басқа өнеркәсіптер үшін бекітілген жер салығының базалық мөлшерлемеден 50 пайыздан артық емес жоғарылатуға немесе томендетуге құқықтары бар. Сонымен қатар жеке салық толеушілер үшін жер салығының мөлшерлемесін жекелеген томендету немесе жоғарылатуға тыйым салынады.

*Екінші нұсқа.* Жер салығы түсімдері серпінінен шыға отырып, ағымдағы жылға салықтың құтілетін түсімдерін бағалау жүзеге асады. Болжамды есептеу үшін құтілетін салық түсімдерінен жүйесіз сипаттагы бір жолғы төлемдер алынып тасталады.

*Салықты болжау есебі келесі формула бойынша жүзеге асады:*

$$\text{ЖС}_{\text{кут}} = \text{ЖС}_6 \times (100+И) / 100\%$$

Мұндағы:

—  $\text{ЖС}_6$  — жер салығының болжамды сомасы;

—  $\text{ЖС}_{\text{кут}}$  — ағымдағы жылға құтілетін салық түсімі;

— И — инфляция деңгейі.

### 1.6. Колік құралдарына салынатын салық

Көлік құралдарына салынатын салық бойынша болжамды айқындаған кезде мынадай нұсқалар қолданылады.

*Бірінші нұсқа* бойынша көлік құралдарына салық болжамы тіке-лай есептің бойынша көлік құралдары иелерінің толық есебін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарынан алынатын түрлеріне қарай көлік құралдарының саны, қозғалтқыш көлемі бойынша, жұқ көтерімділігі, отыратын орындарының саны туралы мәліметтер негізінде есептеледі. Сонымен қатар, көлік құралдарының жалпы санынан салық заңнамасына сәйкес женілдіктер корсетілетін заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың көлік құралдарының шығарын тастау қажет.

Бұл кезде көлік құралдарының жалпы санынан салық заңнамасына сәйкес женілдіктер берілетін заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдары алынып тасталуы тиіс.

*Көлік құралдарының әрдір түрі мен тобы бойынша салық сомасы мынадағы формуламен есептеледі:*

$$KC_{\text{б}} = KK_{\text{в}} \times AEK \times M \times K / 1000$$

Мұндагы:

- $KC_{\text{б}}$  – көлік құралдарына салынатын салықтың болжамды сомасы;
- $KK_{\text{в}}$  – салық салынатын көлік құралдарының саны;
- $AEK$  – жоспарланатын жылға ариалған айлық есептік көрсеткіштің мөлшері;
- $M$  – салық молшерлемесі;
- $K$  – пайдалану мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

*Екінші нұсқа* бойынша болжам жылдар қатарындағы түсімдер серінің талдауынан шыға отырып, салық салынатын база мен елдің алеуметтік-экономикалық дамуының макроэкономикалық көрсеткіштер параметрлеріндегі күтілетін озгерістерге түзетілген ағымдағы жылдың күтілетін түсімдерін бағалаудан анықталады.

*Салық түсімдерінің болжамды сомасын есептеу келесі формула бойынша анықталады:*

$$KC_{\text{б}} = T_{\text{күт}} \times (100 + I) / 100\%$$

Мұндагы

- $KC_{\text{б}}$  – көлік құралдарына болжанатын салық сомасы;
- $T_{\text{күт}}$  – ағымдағы жылда күтілетін салық түсімі;
- $I$  – инфляция деңгейі.

### *1.7. Бірыңғай жер салығы*

Бірыңғай жер салығын болжамдау ағымдық жыл үшін күтілетін салық түсімінің базасында жүргізіледі. Бірнеше жылдар және ағымдық

жыл бойынша бірыңғай жер салығының түсім серійінен ағымдақ жыл үшін күтілетін салық түсімін бағалау жүргізіледі. Салықтың күтілетін түсімінен болжамды есептеу үшін жүйелі емес сипаттагы бір жолға төлемдер алынады (тексеріс нәтижесі бойынша түскен төлемдер, ката түскен сомалар және т.б.).

*Бірыңғай жер салығын болжамдау есебі келесі формула бойынша жүргізіледі:*

$$\text{БЖС}_6 = \text{БЖС}_{\text{күт}} \times (100 + И) / 100\%$$

Мұндағы:

- $\text{БЖС}_6$  – бірыңғай жер салығының болжанатын сомасы;
- $\text{БЖС}_{\text{күт}}$  – ағымдағы жыл үшін күтілетін салық түсімі;
- И – инфляция деңгейі.

### *1.8. Қосылған құн салығы*

*1.8.1. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, атқарылған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге қосылған құн салығы*

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарлар, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге қосылған құн салығы бойынша болжамды есептеу елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттік параметрлер және орташа тиімді мөлшерлеменің болжамына сәйкес жалпы ішкі өнім көлеміне негізделген.

*Қосылған құнға салық бойынша болжам келесі формула бойынша анықталады:*

$$\text{ККС}_6 = \text{ЖІО}_k \times M - K_6$$

$$M = (\text{ККС}_{\text{есеп}} + K_e) / \text{ЖІО}_{\text{есеп}} \times 100\%$$

Мұндағы:

- $\text{ККС}_6$  – жоспарлы кезеңге қосылған құн салығы сомасы;
- $\text{ЖІО}_k$  – жоспарлы кезеңге жалпы ішкі өнімнің көлемі;
- М – орташа тиімді мөлшерлеме;
- $\text{ККС}_{\text{есеп}}$  – есепті кезеңдеңі қосылған құн салығының сомасы;
- $\text{ЖІО}_{\text{есеп}}$  – есепті кезеңдеңі жалпы ішкі өнімнің көлемі;
- $K_e$  – есеп бойынша қайтарылған қосылған құн салығының сомасы;
- $K_6$  – қайтарылған қосылған құн салығының болжамды сомасы.

Қосылған құн салығын болжамдау барысында есепті кезеңге қосылған құн салығын қайтарудың мөлшері туралы және қайтаруга жататын сомалардың болжамды озгерісі туралы мәліметтерді қолдану қажет.

*1.8.2. Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға қосылған құн салығы.*

Қазақстан Республикасының аумағына имортталатын тауарларға қосылған құн салығы бойынша болжам есепті кезеңде қалыптасқан имортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының орташа тиімді мөлшерлемесі және елдің бюджеттік параметрлері мен әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамына сәйкес келе жатқан жылға болжамдалатын импорт көлемінің негізінде келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{ККС}_{\text{иб}} = K_{\text{и}} \times M$$

$$M = \frac{\text{ККС}_{\text{иб}}}{K_{\text{и}}} \times 100\%$$

Мұндағы:

- $\text{ККС}_{\text{иб}}$  – имортталатын тауарларға қосылған құн салығының болжамды сомасы;
- $K_{\text{и}}$  – жоспарлы кезеңге импорт көлемі;
- $M$  – салықтың орташа тиімді мөлшерлемесі;
- $\text{ККС}_{\text{иб}}$  – есепті кезеңге имортталатын тауарларға қосылған құн салығының сомасы;
- $K_{\text{и}}$  – есепті жылға импорт көлемі.

## *1.9. Акциздер*

*1.9.1. Бірінші пүсқа. Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарларға акциздер бойынша болжамды есептеу үшін акцизделетін тауарлар өндірісінің алдағы жылға арналған көлемі жөніндегі мәліметтер пайдаланылады. Өндіріс көлемі қолданыстағы және жақадан енгізілетін қуаттардың болуы, акцизделетін өнім шыгаратын кәсіпорындардың жүктелу пайызы ескерілетін, жоспарланып отырған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына негізделіп айқындалады. Есептерде акциздердің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мөлшерлемелері қолданылады.*

*Әрбір тауар түрі бойынша акциз түсімінің болжамды сомасы мынадай формуламен есептеледі:*

$$A_6 = K \times M$$

**Мұндағы:**

- $A_6$  – акциздің болжанатын сомасы;
- $K$  – акцизделетін тауарлар ондірудің болжамды қолемі;
- $M$  – акциз мөлшерлемесі.

*Екінші нұсқа.* Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарларға акциздер бойынша болжамды есептеу үшін акцизделетін тауардың бірнеше жыл ішінде өндірілген қолемі жөніндегі деректер қолданылады, яғни, акциз мөлшерлемелерінің төмендеуі (өсуі), өндірістің қайта бейімделуі, лицензияны қайтарып алу және т. б. сияқты факторлардың әсерін есепке ала отырып, өндіруші көсіпорындардың өндірістік қуаттарын пайдаланудың нақты мүмкіндіктері қарастырылады.

*Әрбір тауар түрі бойынша акциз түсімінің болжамды сомасы мынадағы формуламен есептеледі:*

$$A_6 = K_{\text{орт}} \times M$$

**Мұндағы:**

- $A_6$  – акциздің болжанатын сомасы;
- $K_{\text{орт}}$  – жылдар қатарында өндірілген акцизделетін тауардың орташа қолемі;
- $M$  – акциз мөлшерлемесі.

$$K_{\text{орт}} = (Ж_1 + Ж_2 + \dots + Ж_n) / Ж_c$$

**Мұндағы:**

- $K_{\text{орт}}$  – жылдар қатарында өндірілген акцизделетін тауардың орташа қолемі;
- $Ж_1, Ж_2, Ж_c + 1$  – жылдар бойынша ондірілгеннің қолемі;
- $Ж_c$  – жылдар саны.

*1.9.2. Импортталаатын акцизделетін тауарлар* бойынша кеден органдарының кедендейтін жүктің декларациялары жөніндегі деректеріндегі әрбір акцизделетін тауар түрінің импорт қолемінің өзгеруін талдаған жөн және жоспарланып отырган жылдардың импорт қолемінің өзгеруіне, сондай-ақ тәңгениң АҚШ долларына қатысты болжамды бағамына түзету керек.

*Импортталаатын тауарларға акциздердің болжамды түсімінің мөлшері мынадағы формуламен айқындалады:*

$$A_6 = M \times K_u$$

$$K_n = A_{\text{есен}} / ИК_{\text{есен}}$$

мұндағы:

- $A_n$  – акциздің болжанатын сомасы;
- $M$  – орташа тиімді молшерлемесі;
- $K_n$  – есепті кезеңдегі импорт көлемі;
- $A_{\text{есен}}$  – есепті кезеңдегі акциз сомасы;
- $ИК_{\text{есен}}$  – есепті кезеңдегі импорт көлемі.

### *1.10. Басқа да толемдер*

Болжанып отырған жылға ариалған кәсіпкерлік және кәсіпқойлық қызмет жүргізу үшін алымдар, табиги ресурстарды пайдаланғаны үшін толемақы, мемлекеттік баж сомалары ағымдағы жылы күтілетін түсімнің салық салынатын базадағы және болжанып отырған кезеңнің макроэкономикалық көрсеткіштеріндегі болжамды өзгерістерге түзстілген бағалауы арқылы алдынғы жылдардағы түсімдер серпінін талдауға негізделе отырып есептеледі.

*Мұндаидар толемдерге жататындар:*

- тіркеу алымдары;
- аукционнан алынатын алым;
- жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
- телевизия және радио тарату ұйымдарына радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым;
- сыртқы (көрнекі) жарнаманы ориаластырғаны үшін толемақы;
- мемлекеттік баж.

Алдағы жылға ариалған бюджет жобасын әзірлеу кезінде алымдар мен толемақылардың жекелеген түрлері бойынша тиесті уәкілдегі органдар берген болжамды деректер ескеріледі.

*Қазақстан Республикасының Колік және коммуникациялар министрлігі:*

- автоколік құралдарының Қазақстан Республикасы аумағымен жүргені үшін алым;
- азamatтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым;
- радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін толемақы;
- қалаараалық және (немесе) халықараалық телефон байланысын, сондай-ақ үялды байланысты бергені үшін толемақы;
- кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін толемақы;

*Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:*

- консулдық алым;

*Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіді:*

- жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

*Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі:*

- қоршаған ортага эмиссия үшін төлемақы;

- жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;

- орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;

- ерекше қорғалатын табиги аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы;

*Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:*

- Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы жонінде мәлімет береді.

## *1.11. Үстеме пайда салығы*

Үстеме пайда салығын болжамдау мұнай секторы ұйымдары бойынша болек және басқа жер қойнауын пайдаланушылар бойынша жүзеге асады. Үстеме пайда салығының болжамын есептеу салық түсімдері серпінінен шыға отырып, ағымдағы жылға күтілетін салық түсімдерін бағалаумен жүзеге асады. Болжамды есептеу үшін күтілетін салық түсімдерінен жүйелі емес синаттагы бір жолғы толемдер (тексерулер інтижелері бойынша қайта аударымдар, қате аударылған сомалар) алышады.

Мұнай мени минералды шикізатқа салық болжамын есептеу, мұнай өндіру мен минералды шикізатқа әлемдік бағалардың және ағымдағы жылдағы долларга теңгендегі бағамының түзетулерін ескере отырып, есепті жылға салық сомасының негізінде жүзеге асады. Болжау барысында сонымен қатар бір жолғы толемдер сомасынан басқа отken кезенге салық түсімдерінің нақты серпінін ескеру қажет.

## *1.12. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы*

*Бірінші нұсқа.* Су ресурстарын пайдаланғаны үшін толемді есептеу суды қолданудың нақты колемі мен жергілікті окілді органдармен орнатылатын суды қолдану козі мен суды қолданудың ариайы түрлеріне байланысты жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем молинерлемесінен шыгады.

Болжамды есептеу суды пайдалану түрлеріне қарағанда – түрлерин жіді пайдаланушилық және коммунальдық қызметтер, операторлардың оған жылу

жергіліктердің, ауди, су және батық шаруашылығы, су энергетикасы, су колікі қоса отырып жүзеге асуы керек және келесі формуламен есептеледі:

$$\text{СРТ}_\delta = K_c \times M$$

мұндағы:

- СРТ<sub>δ</sub> – жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының болжамды сомасы;
- K<sub>c</sub> – суды жинау көлемі;
- M – төлемақы мөлшерлемесі.

*Екінші нұсқа.* Жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының болжак ағымдағы жылға күтілетін салық түсімдерінің базасында жүзеге асады. Жылдар қатары мен ағымдық жыл бойынша төлем түсімдерінің серпінінен шыға отырып, ағымдағы жылға күтілетін түсімдер бағалауы жүзеге асады.

*Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемді* болжак есебі келесі формула бойынша жүзеге асады:

$$\text{СРТ}_\delta = C_{\text{күт}} \times (100 + И) / 100\%$$

мұндағы:

- СРТ<sub>δ</sub> – жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының болжамды сомасы;
- C<sub>күт</sub> – ағымдағы жылға төлемақының күтілетін түсімі;
- И – инфляция деңгейі.

### *1.13. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы*

*Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы – мемлекеттік орман қорының участкерлерінде орманды пайдаланудың мынадай түрлері үшін атынанын төлем:*

- 1) ағаш дайындау;
- 2) шайыр және ағаш шырындарын дайындау;
- 3) қосалқы ағаш ресурстарын (ағаштар мен бұталардың қабықтарын, бұтақтарын, томарларын, тамырларын, жапырақтарын, бүршіктерін) дайындау;
- 4) орманды жанама пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, ақ шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, көкөніс шаруашылығы, бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы

дақылдарын осіру, дөрілік осімдіктер мен техникалық инкізаттар, жабайы осетін жемістер, жаңғақтар, санырауқұлақтар, жиңектер және басқа да тағамдық онімдер, мұқ, орман тоссемдері мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау және жинау);

5) мемлекеттік орман қоры участеклерін:

- мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттары;
- аңышылық шаруашылығы қажеттері;
- ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану;

6) ағаш және бұта тұқымдылары мен ариайы мақсаттагы шлангациялық екінелердің егілетін материалын осіру үшін мемлекеттік орман қоры участеклерін пайдалану төлем.

*Толемақы мөлшері:*

– ағашты тұбірімен жонелтіп дайындаған кезде орманды пайдалану қолеміне және Салық кодексімен белгіленген толемақы мөлшерлемелерінің коэффициентін ескере отырып, толемақы мөлшерлемесіне негізделіп айқындалады;

– орманды пайдаланудың өзге де тұрлері кезінде орманды пайдаланудың қолеміне және алаңына, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті үәкілетті органдары белгілейтін орманды пайдаланудың өзге тұрлеріне үшін төлемдер мөлшерлемесіне негізделіп айқындалады.

*Бірінші нұсқа.* Толемақы болжамының есебі орман шаруашылығы саласында үәкілетті мемлекеттік орган үсынштын ағашты тұбірімен жонелтіп жіберу қолемінің болжамды деректері негізінде мынадай формуламен жүргеziледі:

$$\text{ОПТ}_6 = K_a \times M$$

мұндағы:

- ОПТ<sub>6</sub> – орманды пайдаланғаны үшін толемақының болжамды сомасы;
- K<sub>a</sub> – жөнелтілетін ағаштың (орман пайдаланудың өзге тұрлерінің) қолемі;
- M – ағаш дайындау (орман пайдаланудың өзге тұрлерінің) үшін толемақының мөлшерлемесі.

*Екінші нұсқа.* Орманды пайдаланғаны үшін толемақы болжамы ағымдағы жылға күтілеттің түсімдер негізінде жүргізіледі. Жылдар қатарында және ағымдағы жылға түскен толемдер серінінен ағымдағы жылға күтілеттің түсімдерді бағалау жүргізіледі.

*Орманды пайдаланғаны үшін толемақы болжамының есебі мынадай формуламен жүргеziледі:*

$$\text{ОПТ}_\delta = \text{ОПТ}_{\text{күт}} \times (100 + И) / 100\%$$

мұндағы:

- ОПТ<sub>δ</sub> – орманды пайдаланғаны үшін төлемақының болжамды сомасы;
- ОПТ<sub>күт</sub> – ағымдағы жылға орманды пайдаланғаны үшін төлем-ақыдан күтілетін түсімдер;
- И – инфляция деңгейі.

### *1.14 Бонустар*

Бонустардың түсімдерін болжамдау мұнай ондірушілер мен басқа да жер қойнауын пайдаланушылар бойынша болек жүзеге асырылады. Бонустар түсімдерінің болжамын есептеу жер қойнауын пайдалана құқықтарын алу конкурсында жеңгелі жер қойнауын пайдаланушылар және тенгенің АҚШ долларына бағамының болжамды өзгеруіне түзетілетін пайдалы қазбалардың түрлері бөлінісінде Құзыретті органиның бонустардың колемі туралы (АҚШ долларымен) деректері негізінде жүргізіледі.

### *1.15 Мұнай секторы үйымдарынан түсетін пайдалы қазбаларды ондіруге салынатын салық*

Пайдалы қазбаларды ондіруге салынатын салықты (ПҚОС) болжамдау «Тенішшевройл» ЖШС мен 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін өнімді болу туралы келісімшарт жасасқан үйымдарды қоспағанда, мұнай ондіретін үйымдар бойынша жүргізіледі. ПҚОС-ті есептеу үшін елдің алеуметтік-экономикалық даму болжамдары мен бюджеттік параметрлеріне сәйкес болжанатын мұнай, газ конденсатын ондіру көлемінің, оптимің бір бірлігінің элементтік бағасының және тенгенің АҚШ долларына бағамының көбейтіндісі ретінде жер қойнауын пайдалануға арналған жекелеген әрбір келісімшарт болінісінде мұнай, газ конденсатын ондіру колемінің құны айқындалады.

ПҚОС болжамды сомасы мынадай формуламен жүргізіледі:

$$\text{ПҚОС}_\delta = M\Gamma_\delta \times \Theta_\delta \times M$$

мұндағы:

- ПҚОС<sub>δ</sub> – пайдалы қазбаларды ондіруге салынатын салықтың болжамды сомасы;
- MΓ<sub>δ</sub> – мұнай, газ конденсатын ондірудің болжамды колемі;

- $\Theta$  – откізудің оргапаша бағасы;
- $M$  – оргапаша мөлшерлеме.

Сатудың оргапаша бағасын анықтаған кезде мұнайға әлемдік баға АҚШ долларына болжамды бағамға баррельді тоннага – 7,5 ауыс-тыру коэффициентіне қайта есептеледі. Оргапаша мөлшерлеме салық заңнамасында белгіленген мөлшерлемелер шкаласына сәйкес жер қойнауын пайдалануға әрбір жеке келісімшарт бойынша ағымдағы қаржы жылына жоспарланған өнімге сәйкес мөлшерлемелерді қолдану жолымен анықталады. Мұнайды, газ конденсатын ішкі нарыққа откізген жағдайда белгіленген мөлшерлемелерге 0,5 томендетілген коэффициент қолданылады.

Су баекан, шағын дебетті, коміреутегі шикізатының оте тұтқыр түрлерін игеретін, сондай-ақ қызметтің рентабельділігі томен келісімшарттар бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін НҚОС мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Салық кодексіне сәйкес ПҚОС бойынша салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады. ПҚОС толеу мерзімі – салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей, осыған байланысты болжам кезінде 4 тоқсанның ауыспалы толемдер ескеріледі.

### *1.16 Мұнай секторы ұйымдарынан түсемтің түсімдерді қоспағанда, пайдалы қазбаларды ондіруге салынатын салық*

Қатты найдалы қазбаларды ондіруге салынатын салықтың болжамын есептеу үшін ағымдағы жылдың бағалауы бойынша салық түсімдерінің көлемін мұнай емес сектордың жалпы қосылған құны колемінің болжамды өзгеруіне түзсту қажет. Болжам кезінде бір жолғы толемдерді шегергендегі өткен кезең үшін салықтың нақты түсімдерінің серпінін ескеру қажет.

Шағын дебетті, бұрын қазылған кең орындарын игеретін, сондай-ақ қызметтің рентабельділігі томен келісімшарттар бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін ПҚОС мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Салық кодексіне сәйкес ПҚОС бойынша салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады. НҚОС толеу мерзімі – салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей, осыған байланысты болжам кезінде 4 тоқсанның ауыспалы толемдер ескеріледі.

### *1.17 Роялти*

«Теңізшевройл» ЖШС мен Өнімді болу туралы келісім бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдар бойынша роялтидің болжамды есебі

үшін шикі мұнай, газ конденсатын өндіру көлемі, мұнайға әлемдік баға мен елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары мен бюджеттік параметрлеріне сәйкес АҚШ долларына бағамы туралы деректер пайдалылады.

*Роялтидің болжамды сомасы ондірілген мұнай, газ конденсаты құнына орташа тиімді мөлшерлемені қолдану арқылы жүргізіледі және мұнадай формуламен анықталады:*

$$P_{\delta} = M \Gamma_{\delta} \times \Theta_{\delta} \times C$$

мұндагы:

- $P_{\delta}$  – роялтидің болжамды сомасы;
- $M \Gamma_{\delta}$  – мұнай, газ конденсатын өндірудің болжамды көлемі;
- $\Theta_{\delta}$  – өткізуіндік орташа бағасы;
- $M$  – орташа тиімді мөлшерлеме.

Сатудың орташа бағасын анықтаған кезде мұнайға әлемдік баға АҚШ долларына болжамды бағамға баррельді тоннага – 7,8 ауыстыру коэффициентіне қайта есептеледі. Роялти бойынша орташа тиімді мөлшерлеме есепті кезеңде сатудан түсken пайданың көлеміне роялти сомасының ара қатынасы жолымен есепті жылға іс жүзінде қалыптасқан пайыз негізінде анықталады. Алудың орташа пайызы сондай-ақ ағымдағы жылғы түсімдерді бағалау негізінде анықталуы мүмкін.

Сатудан түсken түсім көлемі сатудың орташа бағасын мұнай, газ конденсаты өнімінің көлеміне көбейту жолымен анықталады. Роялти түсімдерін бағалау кезінде алдагы кезеңде түсетін салық түсімдерінің және жүйесіз сипаттағы бір жолғы төлемдер түсімдерінің серпінін еске-ру қажет.

## 1.18 Мұнай секторы үйымдарынан салынатын экспортқа рента салығы

Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа арналған рента салығын болжамдау «Теңізшевройл» ЖШС мен 2009 жылғы 1 қантарға дейін оймді бөлу туралы келісімшарт жасасқан үйымдарды қоспағанда, мұнай өндіретін үйымдар бойынша жүргізіледі. Рента салығы болжамын есептеу үшін шикі мұнай, газ конденсатын экспорттау көлемі, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары мен бюджеттік параметрлеріне сәйкес мұнайға әлемдік баға мен АҚШ долларына теңге бағамы туралы деректер пайдалылады.

*Рентатық салықтың болжамды сомасы мынадай формуламен анықталады:*

$$\text{ЭРС}_6 = M\Gamma_6 \times \Theta_6 \times M$$

**мұндағы:**

- ЭРС<sub>6</sub> – экспортқа рента салығының болжамды сомасы;
- МГ<sub>6</sub> – мұнай, газ конденсаты экспорттың болжамды көлемі;
- Θ<sub>6</sub> – өткізудің орташа бағасы;
- М – мөлшерлеме.

*Мұнайды экспорттаудың болжамды көлемі мынадай формуламен анықталады:*

$$M\mathcal{E}_6 = M_6 \times K,$$

**мұндағы:**

- МГ<sub>6</sub> – мұнайды, газ конденсаты табудың болжамды көлемі;
- К, – жалпы табыс көлеміндегі мұнай, газ конденсаты экспорттың үлесі.

Мұнай, газ конденсаты экспорттың үлесі есепті жылға мұнайды табу көлеміне мұнай, газ конденсаты экспортты көлемінің ара қатынасы ретінде анықталады. Сатудың орташа бағасын анықтаған кезде мұнайға әлемдік баға АҚШ долларына болжамды багамға баррельді тоннага – 7,5 ауыстыру коэффициентіне қайта есептеледі. Рента салығы бағасы әлемдік баға деңгейіне байланысты анықталады және Салық заңнамасымен белгіленеді. Рента салығын толеу мерзімі – салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей. Салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады, осыған байланысты болжам кезінде ауыспалы толемдер ескеріледі.

### 1.19 Мұнай секторы ұйымдарынан түсестін түсімдерді қоспағанда, экспортқа рента салыны

Мұнай секторы бойынша экспортқа ариалған рента салығы көмірдің есепті жылға түсестің нақты көлемінен болек, дәлелденген макроэкономикалық корсеткіштердің озгерісі бойынша толенеді. Салық кодексіне сәйкес рента салығы бойынша салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады. Рента салығын толеу мерзімі – салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей, осыған байланысты болжам кезінде ауыспалы толемдер ескеріледі.

## 1.20 Мұнай секторы үйымдарына жасалған келісімшарттар бойынша онімді болу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі

Мұнай секторы үйымдарына жасалған келісімшарттар бойынша онімді болу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін болжамдау (ҚР үлесі) өнімді болу туралы келісімшарт жасасқан мұнай өндіретін үйымдар бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасының болжамды түсімдерін есептеу үәкілетті орган ұсынатын мұнай, газ конденсатын өндірудің жоспарланған көлемі, пайдалы онімнің құнына қолданылатын онімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөнінде і үлесінің пайыздық мәні негізге алынып жүргізіледі.

*ҚР үлесінің болжамды сомасы мынадай формуламен анықталады:*

$$\text{КР}Y_{\text{б}} = M\Gamma_{\text{б}} \times O_{\text{б}} \times Y_{\text{но}} \times Y_{\text{кР}}$$

мұндағы:

- $\text{КР}Y_{\text{б}}$  – ҚР үлесінің болжамды сомасы;
- $M\Gamma_{\text{б}}$  – мұнай, газ конденсатын табудың болжамды **көлемі**;
- $O_{\text{б}}$  – откізуудің орташа бағасы;
- $Y_{\text{но}}$  – пайдалы онімнен үлесі;
- $Y_{\text{кР}}$  – пайдалы онімнен ҚР үлесі.

Тұстасай алғанда үлесті толейтін үйымдар бойынша өткізуудің болжанатын орташа бағасы осы үйымдар бойынша есепті жыл үшін қалыптасқан және әлемдік бағаның болжамды өзгеруіне түзетілген орташа баға негізге алынып айқындалады. Есептеу үшін ҚР табысты онімі мен үлесінің орташа пайыздық мәні үйымдардың деректері негізінде айқындалады. Болжамды есептеу кезінде алдагы кезеңдегі салық түсімдерінің серпінің және жүйесіз сипаттагы біржолғы төлемдерді ескертен жон.

## 1.21 Тарихи шығындарды отеу бойынша төлем

Тарихи шығындарды отеу бойынша төлемдер түсімдерінің болжамын есептеу жер қойнауын пайдалану құқықтарын алу конкурста жеңген жер қойнауын пайдаланушылар және теңгениң АҚШ долларына бағамының болжамды озгеруіне түзетілетін пайдалы қазбалардың түрлері болғандағы Құзыретті органиның осы төлемнің көлемі туралы (АҚШ долларымен) деректері туралы және бірнеше жыл қатарынан түсімдер серпіні негізінде жүргізіледі.

## 1.22 Халықаралық сауда мен ішкі операцияларга салынатын салықтар

Кеден төлемдері, халықаралық сауда сыртқы айналым бойынша ағымдағы кезеңдегі бағага және операциямен өзге де салықтар есепті деректер талдамасына, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен бюджет өлшемдерінің макроэкономикалық қорсеткіштеріне негізделді. Тауардың кедендік құны кеден баждарын салу объектілері болып табылады.

*1.22.1 Әкелінетін тауарларға кеден баждарының болжамды қолемі мынадай формуламен анықталады:*

$$КБ_{\delta} = K_{\pi} \times M$$

$$M = КБ_{есен} / ИК_{есен}$$

мұндағы:

- $КБ_{\delta}$  – кеден баждарының болжамдалатын сомасы;
- $K_{\pi}$  – импорттың болжамды қолемі;
- $M$  – орташа тиімді мөлшерлеме;
- $КБ_{есен}$  – есепті кезеңдегі кеден баждарының сомасы;
- $ИК_{есен}$  – есепті кезеңге импорт колемі.

Кедендік одактың әрекет етуі жағдайында Кедендік одактың қатысуышы елдер арасында кедендік бажды болу механизмі ескеріледі. Болу механизмі Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 303-IV Занымен ратификацияланған Кеден одагында кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу мен болудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы Келісіммен анықталған. Бұл механизм бойынша алғы шетелден Қазақстан Республикасына, Ресей Федерациясына, Беларусь Республикасына импортталаатын тауарларға әкелінетін кедендік баждар Келісім тарантары арасында бекітілген нормативтер бойынша болінеді.

*1.22.2 Әкелінетін тауарларға кеден баждары түсімдерінің болжамы ағымдағы жылы кеден баждарының күтілестін түсімдері және әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен бюджеттік параметрлердің макроэкономикалық қорсеткіштері негізінде жүргізіледі.*

Бірқатар жылдар бойы және ағымдағы жыл бойынша кеден баждары түсімдерінің серпіні негізінде ағымдағы жылға күтілестін түсімдерге баға жүргізіледі.

*Әкелінетін тауарларға кеден бажды болжамының есебі мынадай формуламен анықталады:*

$$КБ_{\delta} = КБ_{күт} \times \mathcal{E}_{\delta} / 100\%$$

мұндағы:

- $КБ_{\delta}$  – кеден бажының болжамды сомасы;
- $КБ_{күт}$  – ағымдағы жылы кеден бажының күтілетін түсімі;
- $\mathcal{E}_{\delta}$  – экспорт көлемі осуінің болжамды қарқыны.

Мұнайга экспорттық кедендік баж (ЭКБ) бойынша есеп экспортталағын шикі мұнайдың колеміне негізделеді, баж мөлшерлемесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

*1.22.3. Кедендік бақылауды және кеден рәсімдерін жүзеге асырудан түсімдерді болжамдау кезінде салық салынатын база үшін сыртқы сауда айналымының колемін қабылдау қажет.*

Кедендік бақылауды және кеден рәсімдерін жүзеге асырудан түсетін түсімдер болжамы ағымдағы жылы кедендік бақылауды және кеден рәсімдерін жүзеге асырудан күтілетін түсімдер және елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және бюджет өлшемдері негізінде жүргізіледі. Бірқатар жылдардағы және ағымдағы жыл бойы түскен түсімдер серпіні негізінде ағымдағы жылдарда кедендік бақылауды және кеден рәсімдерін жүзеге асырудан күтілетін түсімдерге бағалау жүргізіледі.

*Кедендік бақылауды және кеден рәсімдерін жүзеге асырудан түсетін түсімдер болжамының есебі мынағай формуламен анықталады:*

$$КБ_{\delta} = КБ_{күт} \times K_{ca} / 100\%$$

мұндағы:

- $КБ_{\delta}$  – Кедендік бақылауды және кеден рәсімдерін жүзеге асырудан түсетін түсімдердің болжамды сомасы;
- $КБ_{күт}$  – ағымдағы жылы кедендік бақылауды және кеден рәсімдерін жүзеге асырудан күтілетін түсім;
- $K_{ca}$  – сыртқы сауда айналымы көлемі осуінің болжамды қарқыны.

## 2. Салықтық емес түсімдер

Салықтық емес түсімдерді болжау нормативтік-құқықтық келісімдерге негізделеді, төлемдер осы келісімдерге сәйкес толенеді. Республикалық мемлекеттік қасиорындардың таза пайдасы, республиканың меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивиденттер, республиканың менингіндегі заңды тұрақтарға қатысу үлесі, республикалық менингіндегі мүлкін жағдя алу болігіндегі түсімдерді болжауды республикалық мен-

шікке жататын мемлекеттік мүлікті басқару, иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган айқындауды және бюджеттік жоспарлау жөніндегі үәкілетті органға береді.

«Байқоңыр» кешенін және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемақы түсімдерін болжаку Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында «Байқоңыр» кешенін және әскери-сынақ полигондарын жалға алу жонінде жасалған келісімге сәйкес және теңгенін АҚШ долларына қатысты болжамды бағамын есепке ала отырып жүзеге асырылады. Мемлекеттік бюджеттен берілген несиeler бойынша сыйақыларды болжамдау тиесті бюджеттерден берілген несиelerді өтеуді болжаку сияқты жүзеге асырылады («Бюджеттік несиelerді өтеу» деген болімді қараңыз).

*Бюджет жобасын өзіртсек кезде орталық, жергілікті атқаруышы органдар және озге де мемлекеттік органдарға ұсынылған мынадай салықтық емес түсімдердің болжамды корсеткіштері қолданылады:*

– Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кірісінен түсегін таза түсімдер;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі салымдары бойынша сыйақылары;

– жер қойнауын пайдалану туралы ақпаратты бергені үшін төлемақы;

– республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, корсетілетін қызметтерді) сатудан түсегін түсімдері;

– кару-жарақ нен әскери техниканы сатудан түсегін түсімдер;

– шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза түсімі болігіндегі түсімдер.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, осімнұлдар, санкциялар және озге де айыппұлдардың, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқаруышы органдарына республикалық бюджеттен берілген бюджеттік несиeler (қарыздар) бойынша айыппұлдар болжамы жүргізілмейді. Донорлардың қайтарымсыз қаржылық және техникалық комек беру туралы ұсыныстары гранттарды жоспарлаудың негізі болып табылады.

Байланысты гранттар түсімдерінің болжамын байланысқан гранттар мен республикалық бюджеттің менишікті қаражатының есебінен бірлесіп қаржыландыру есебінен жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілірі болып табылатын мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Байланысты гранттар түсімдерінің болжамы гранттар туралы тиесті келісімдерде айтылған сомалар шегінде белгіленеді.

Салықтық емес қалған төлемдер бойынша болжам бірнеше жыл ішіндегі салықтық емес түсімдердің әрбір түрі бойынша серпінің талдауға, ағымдағы жылы күтілетін түсімнің болжанып отырган жылғы тұтыну бағаларының индексіне түзетілген бағасына негізделе отырып айқындалады.

### **3. Негізгі капиталды сатудан түсестін түсімдер**

Негізгі капиталды сатудан түсестін түсімдерді болжау төлемдер соларға сойкес төлемдер жүргізілетін защишама актілеріне негізделеді: Мемлекеттік мекемеге бекітіліп берілген мүлікті, жұмылдырылған және мемлекеттік материалдық резервтегі құндылықтарды сатудан және мемлекеттік ресурстардан бидай сатудан түскен түсімдерді болжаған кезде оргалық және жергілікті атқарушы органдар, езге де мемлекеттік органдар берген болжамды көрсеткіншілер қолданылады.

Жер участекерін жалға беру құқығын сатудан, жер участекерін сатудан және материалдық емес активтерді сатудан түскен төлемдерді болжамдау болжанып отырган жылға инфляция деңгейін ескере отырып, бірнеше жыл ішіндегі түсімдерді талдау негізінде жүзеге асырылады.

### **4. Трансферттер түсімдері**

#### *4.1. Республикалық бюджетке түсестін трансферттер түсімдері:*

– облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен берілетін бюджеттік алулар;

– томен тұрган бюджеттерден жалпы сипаттагы трансферттердің үш жылдық колемінің қолданылуы кезеңінде мемлекеттік органдардың атқарымдарының мемлекеттік басқарудың томен тұрган деңгейінен республикалық деңгейіне беруге байланысты шығыстардың осуіне анып келетін защишамалық актілерді қабылдаудан туындастын ысырабын отеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер;

– Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферттер.

#### *4.2. Жергілікті бюджеттерге түсестін трансферттердің түсімдері:*

– жалпы сипаттагы трансферттер: жогары тұрган бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар және томен тұрган бюджеттен бюджеттік алулар;

– жалпы сипаттагы трансферттердің үш жылдық колемінің қолданылуы кезеңінде шығыстардың осуіне және кірістердің азаоюна әкел согатын жогары тұрган органдардың нормативтік-құқықтық

актілерді қабылдаудынан туындағының, томен тұрган бюджеттердің шығыстарын отеу міндетті түрде жоғары тұрган бюджеттен ағымдағы нысаналы трансфертер болу арқылы жүргізіледі;

– жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сомалар шегінде жоғары тұрган бюджеттердің томен тұрган бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансфертері.

*4.3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынап республикалық бюджетке берілетін кепілдік берілген трансферттің мөлшері абсолютті тексерілестін мөлшерде анықталады және Қазақстан Республикасының заңымен белгіленеді.*

## 5. Бюджеттік несиелерді отеу

Қаражаттарды қайтару бойынша түсімдердің болжамын жүзеге асыру бюджеттік несиелерді отеуді болжаудың мақсаты болып табылады. Жасалған несиелік шарттар, несиелік шарттарға қосымша көлісімдер, нормативтік-құқықтық база, оның інінде несиені қайтару бойынша қарыз алушының ағымдағы қаржы жағдайы алынады бюджеттік несиелерді отеу және оларға қызмет көрсету бойынша акпарат көздері болып табылады. Атқарымдық міндеттеріне бюджеттік несиелерді отеу мониторингі және оған қызмет көрсету кіретін органдар бюджеттік несиелерді отеу және оларға қызмет көрсету бойынша ақпараттың түпкілікті пайдалануыны болып табылады.

*Бюджеттік несиелерді отеу және оларға қызмет көрсету болжамы қамтитын мәліметтер:*

– алғашқы құжаттар негізінде алғағы жылдарда тиісті бюджеттен берілетін бюджеттік несиелерді қайтару және қызмет көрсету бойынша, бюджеттік несиелерді отеу кестесіне сәйкес берілген бюджеттік несиелердің қайтарылуына талдау жүргізу;

– бюджеттік несиелерді қайтару және қызмет көрсету бойынша түсімдерді талдау негізінде, бюджеттік несиелерді отеу кестесіне сәйкес бюджеттік несиелерді отеу және оларға қызмет көрсету бойынша түсімдер болжамын жасау;

– есеп нысанында бюджеттік несиелерді отеу және оларға қызмет көрсету бойынша түсімдер болжамын қалыптастыру (№ 30 қосымшага сәйкес).

## 6. Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсken түсімдер

Қаржылық активтерді сатудан түсken түсімдер болжамын мемлекеттік мұлік жөніндегі үәкілетті орган мемлекеттік кәсіпорындарға және акционерлік қоғамдардың (ЖШС) мемлекеттік акциялар пакеттерін (қатысу үлесі) оларды сату туралы құқық иелену және пайдалануды жүзеге асыратын органдарға қатынасы бойынша мемлекеттік басқару органдарының ұсыныстары негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік кәсіпорындарға және акционерлік қоғамдардың (ЖШС) мемлекеттік акциялар пакеттерін (қатысу үлесі) оларды сату туралы құқық иелену және пайдалануды жүзеге асыратын органдарға қатынасы бойынша мемлекеттік басқару органдары мемлекеттік мұлік жөніндегі үәкілетті органға оларды бұган дейінгі жостарланған жылдың 1 қазанына дейін сату қажеттілігінің негізdemесімен жекешелендіруге жататын, үш жылға сату болжамын есепке ала отырып объектілер тізбесін береді.

Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсken түсімдерді болжау туралы ақпараттар негізінде мемлекеттік мұлік жөніндегі үәкілетті орган бұган дейінгі жостарланған жылдың 1 желтоқсанына дейін мерзімде жекешелендіруге жататын объектілер тізбесін қалыптастырады.

Мемлекеттік мұлік жөніндегі үәкілетті орган тізбені қалыптастырады және акционерлік қоғамдардың, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, олардың болімшелерінің және құрылымдық бірліктерінің мемлекеттік акциялар пакеттерін (мемлекеттік үлесімен) жекешелендіруге жататын және болжамды кезеңде сатуға жостарланып отырган объектілер тізбесіне ейкес объектілердің (міндеттемелерді алып тастағанда кәсіпорын активтері) тендерім құнын негізге ала отырып, мұліктік кешендер ретінде іске асырудан түсken түсімдерді болжауды айқынрайды.

Мемлекеттік мұлік жөніндегі үәкілетті орган жекешелендіруге жататын объектілер тізбесін мемлекеттік кәсіпорындарға және акционерлік қоғамдардың (ЖШС) мемлекеттік акциялар пакеттерін (қатысу үлесі) оларды сату туралы құқық иелену және пайдалануды жүзеге асыратын органдарға қатынасы бойынша мемлекеттік басқару органдарына келісуге жібереді.

Мемлекеттік мұлік жөніндегі үәкілетті орган мемлекеттік кәсіпорындарға және акционерлік қоғамдардың (ЖШС) мемлекеттік акциялар пакеттерін (қатысу үлесімен) оларды сату туралы құқық иелену және пайдалануды жүзеге асыратын органдарға қатынасы бойынша мемлекеттік басқару органдарымен келіскениен кейін жекешелендіруге жататын объектілер тізбесін әрбір объектін жекешелендіруге беру жөніндегі

экономикалық негізdemесі болігінде ақнараттарды бере отырып бюджеттік жоспарлау жоніндегі уәкілетті органға жібереді.

**Бюджеттік жоспарлау жоніндегі уәкілетті орган жекешелендеру-  
ге жататын объектілер тізбесін мынадарды ескере отырып қарайды:**

– мемлекеттік активтер құрылымдарын оңтайландыруды, мемлекеттік мүлікті басқаруга арналған мемлекеттік бюджет шығыстарын азайтуды;

– қазақстандық экономиканың нақты секторына инвестицияларды, бәрінен бұрын қазақстандық үйымдарды ұзак мерзімді дамытуға мүдделі, инвестициялық және әлеуметтік жағдайларды іске асыру бойынша міндеттемені өзіне алуга және оларды орындауға дайын инвесторлар есебінен тартуды;

– үйымдарды ұзак мерзімді дамытуға, қазақстандық нарыкты отандық онімдермен толтыруға және олардың әлемдік нарықта ілгерілеуіне, өндірісті кеңейтуге және жаңа жұмыс орындарын құруға бағдарланған тиімді менишік иесінің кең тобын құруды.

Өзге де мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдердің болжанатын сомасын олардың бұған дейін жоспарланған кезең ішіндегі түсімдерінің нақты сомасын ескере отырып және есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша мемлекеттік мүлік жоніндегі уәкілетті органдың ақпараты бойынша айқындалады.

## 7. Қарыздар түсімдері

**Үкіметтік қарыздарды болжауды Қазақстан Республикасының бюджеттік жоспарлау жоніндегі оргалық уәкілетті орган жүзеге асырады.**

**Үкіметтік сыртқы қарыздар болжасы – қолданыстағы және алдағы үш жылдық кезеңде арналған жоспарланатын сыртқы қарыздар сомасы.**

**Қолданыстағы сыртқы қарыздарды** – Республикалық бюджет комиссиясының тиесті шешімі негізінде пайдаланылуы және бірлесіп қаржыландырылуы алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте тиесті шығыстармен қамтамасыз стілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын болжау – алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік отінімдері негізінде Республикалық бюджет комиссиясының алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын әзірлеу барысында қабылданған тиесті шешімдерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін қолданыстағы

сыртқы қарыздар болжамы осы Заңда бекітілген сомаларды ескере отырып түзестіледі.

*Жоспарланатын сыртқы қарыздарды – тартылуы донорлардың келісілген мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес жоспарланып отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын болжау – донорлардың келісілген слідік бағдарламалары негізінде, оларға қосылған қаржыдандырылуы донорлардың қарыздары есебінен жоспарланып отырған инвестициялық жобалардың тізбесіне негізделе отырып жүзеге асырылады.*

Ішкі үкіметтік қарыз алу болжамы бюджетті атқару жөніндегі орталық үәкілдепті орган ұсынған үкіметтік қарыздарды өтеу болжамы ескеріле отырып, республикалық бюджет тапшылығы мен үкіметтік сыртқы қарыз алу болжамының арасындағы айырма ретінде айқындалады.

**Қазақстан Республикасының Заңы  
2014 жылғы 28 қарашадағы № 259-В**

**2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы**

**1-бап.** 2015-2017 жылдарга ариалған республикалық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 5 874 940 963 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер бойынша – 3 064 822 209 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер бойынша – 145 596 084 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 9 508 247 мың теңге;
  - трансфертер түсімдері бойынша – 2 655 014 423 мың теңге;
- 2) шығындар – 6 864 195 556 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 78 361 053 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер – 190 476 745 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтешу – 112 115 692 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 188 864 239 мың теңге, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алу – 189 814 239 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 950 000 теңге;
- 5) тапшылық – -1 256 479 885 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы онімінің 3 пайзызы;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 256 479 885 мың теңге.

**2-бап.** 2015 жылға ариалған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін 21 275 000 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 4 585 410 мың теңге сомасында жалдау қылыштарының түсімдері көзделсін.

**3-бап.** Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2015 жылға ариалған бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 4-қосымшага сәйкес бекітілсін.

**4-бап.** Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

1) бірыңғай бюджеттік сынынтаудың кірістер сыныптамасының «Пайдалы қазбаларды ондіргуғе салынатын салық» коды бойынша – жер қойнауын пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының көнілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға ариалған келісімшарттар бойынша роялти;

2) бірыңғай бюджеттік сынынтаудың кірістер сыныптамасының «Әлеуметтік салық» коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жоніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтаңдыру қорына, Мемлекеттік алеуметтік сақтаңдыру қорына, Жұмысмен қамтуға жарәмдесу қорына аударылып келген

жарналар бойынша берешек, соңдай-ақ бұрын автомобиль жолдарын пайдаланушылардың Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық толеушілер жогарыда корсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты «Міндегі әлеуметтік сактандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады;

3) «Өндірушілер көтерме саудада откізетін, озі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)» коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алышатын алым бойынша берешек;

4) «Өндірушілер көтерме саудада откізетін, озі өндіретін дизель отыны» коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алышатын алым бойынша берешек.

**5-бап.** Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туган кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан толеніп келген жәрдемақы сомаларының көрсетілген қорға аударымдардың есептелген сомасынан асып түсіі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 пайзы шегінде әлеуметтік салық толеу есебіне жатқызылады.

**6-бап.** 2015 жылға ариалған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден және республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен республикалық бюджеттеге бюджеттік алым қоюлардың колемі 168 538 087 мың теңге сомасында көзделеін, оның ішінде:

- Атырау облысынан – 60 683 258 мың теңге;
- Маңғыстау облысынан – 16 725 915 мың теңге;
- Алматы қаласынан – 83 656 400 мың теңге;
- Астана қаласынан – 7 472 514 мың теңге.

**7-бап.** 2015 жылға ариалған республикалық бюджетте Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Маңғыстау облыстарының облыстық бюджеттерінен республикалық бюджеттеге облыстардың ішкі істер департаменттерінің оку орталықтарын күтіп-устауға ариалған шығыстарды беруге байланысты 447 957 мың теңге сомасында трансфертер түсімдері көзделеін.

**8-бап.** 2015 жылға ариалған республикалық бюджетте Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық бюджеттерінен жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша сынамалауды откізу үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру үйымдарында

10-11 сыйнштар үшін білім беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты 528 380 мың теңге сомасында трансфертер тұсімдері көзделсін.

**9-бап.** 2015 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық корынан кепілдендірілген трансферт мөлшері 1 702 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

**10-бап.** 2015 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық корынан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында айқындалған мақсаттарға нысаналы трансферт 783 499 999 мың теңге сомасында көзделсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық корынан нысаналы трансферті бөлу және оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**11-бап.** 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең томенгі мөлшері – 21 364 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетакы төлемінің мөлшері – 11 182 теңге;
- 3) зейнетакының ең томенгі мөлшері – 23 692 теңге;
- 4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, соңдай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есентік көрсеткін – 1 982 теңге;
- 5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең томенгі күнкөріс деңгейінің шамасы 21 364 теңге болып белгіленсін.

**12-бап.** 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, соңдай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық қасиеторындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлық-ақыларына ерекше сілбек жағдайлары үшін 10 пайыз мөлшерінде ай сайншты үстемеақы төлеу белгіленсін.

**13-бап.** 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қоргау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызметкерлеріне тұргынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай отемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

**14-бап.** 2015 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттегі облыстық бюджеттерге берілеттін субвенциялар көлемі 904 371 171 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

– Ақмола облысына – 59 210 424 мың теңге;

- Ақтобе облысына – 19 926 241 мың теңге;
- Алматы облысына – 102 811 145 мың теңге;
- Шығыс Қазақстан облысына – 86 527 329 мың теңге;
- Жамбыл облысына – 95 371 591 мың теңге;
- Батыс Қазақстан облысына – 36 203 569 мың теңге;
- Қарғанды облысына – 33 833 329 мың теңге;
- Қызылорда облысына – 83 180 589 мың теңге;
- Қостанай облысына – 58 910 235 мың теңге;
- Павлодар облысына – 14 477 485 мың теңге;
- Солтүстік Қазақстан облысына – 58 719 253 мың теңге;
- Оңтүстік Қазақстан облысына – 255 199 981 мың теңге.

**15-бап.** Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінс:

1) дағдарыстық жағдай қаупі тонген және туындаған кезде іс-кимылдар бойынша оқу-жаттығу жүргізуге;

2) Қазақстан Республикасында агроинеркәспіттік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға ариалған «Агробизнес-2020» байдарламасы шеңберінде өнірлерде агроинеркәспіттік кешен субъектілерін қолдауга;

2-1) жергілікті атқаруны органдардың агроинеркәспіттік кешен болімшелерін ұстауга;

3) мемлекеттік атаулы әлеуметтік комек төлеуге;

4) 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар толеуге;

5) халықты әлеуметтік қоргауга және оған комек корсетуге;

6) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетініс жылдығына ариалған іс-шараларды откізуге;

7) «Бизнесстің жол картасы-2020» байдарламасы шеңберінде өнірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауга;

8) монокалалардагы ағымдағы іс-шараларды іске асыруға;

9) ауызсұмен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сүмен жабдықтаудың аса маңызды оқиша жүйелерінен ауызсу беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауга;

10) мемлекет мұқтажы үшін жер участекелерін алыш қоюға;

11) колік инфракүрылымының бағым жобаларын қаржыландыруға;

12) мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмысекерлерінің, соңдай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмысекерлерінің лауазымдық айлықақыларына ерекше сінбек жағдайлары үшін ай сайнаны үстемеақы толеуге;

13) мектепке дейінгі білім беру үйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асyrуга;

14) үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға;

15) техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға;

16) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыланыруды сынамалауға;

17) техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

18) тегін медициналық комектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуғе;

19) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

20) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға;

21) халықтың иммундық профилактикасын қамтамасыз етуге;

22) профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуғе (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиги ошақтарының аумагындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда);

23) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

24) жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі үәкілетті органиның штат санын ұстауға;

25) жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылышы, құрылыш және мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы істері жөніндегі штат санын ұстауға;

26) жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық обьектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асиратын штат санын ұстауға;

27) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сүмен жабдықтау үшін жер асты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын үйимдастыруға және жүргізуғе;

28) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға 2015 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансфертерді бөлу және оларды пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**16-бап. Мынадай:**

1) агрономеркесінгі кешен субъекттерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау;

2) қасиеттік стандарттарды өзірлеу бағыттары бойынша іске асырылатын қаражатты болу және оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**17-бап.** Мынадай:

1) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұргын үй жобалауға және салуға кредит беру;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және жайластыру;

3) коммуналдық тұргын үй қорының тұргын үйін жобалау және салу, реконструкциялау;

4) коммуналдық тұргын үй қорының тұргын үйін сатып алу бағыттары бойынша іске асырылатын Өнірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде қаражатты болу және оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**18-бап.** Облыстық бюджеттергеmonoқалаларда қасиеттерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2015 жылға кредиттер сомаларын болу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**19-бап.** Жұмыспен қамту-2020 жол картасың іске асыруға арналған қаражатты болу және (немесе) оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**20-бап.** Азаматтардың деңсаулығын сақтау мәселелері бойынша секторараптық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2015 жылға арналған қаражатты болу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**21-бап.** Гылыми және гылыми-техникалық қызмет субъекттерін базалық қаржыландыру бойынша қаражатты болу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**22-бап.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылға арналған резерві 317 866 086 мың теңге сомасында бесітілсін.

**23-бап.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауга респубикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібінде шыгарылған материалдық құпидылықтарды өткізуден түсken 2 279 747 мың теңге сомасындағы қаражатты корсете отырып, 11 618 838 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

**24-бап.** 2015 жылға арналған республикалық бюджеттеге мемлекеттік көпілдік берген қарыздарды отеу және оларға қызмет көрсету үшін 350 989 мың теңге көзделсін.

**25-бап.** 2015 жылды Қазақстан Республикасының мемлекеттік көпілдіктерін беру лимиті 120 000 000 мың теңге молшерінде белгіленсін.

**26-бап.** 2015 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 6 925 492 122 мың теңге молшерінде белгіленсін.

**27-бап.** 2015 жылды мемлекеттік көпілгерлік беру лимиті 182 560 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

**28-бап.** 2015 жылды Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті 1 148 280 000 мың теңге молшерінде белгіленсін.

**29-бап.** 2015 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатнайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшага сәйкес бекітілсін. 2015 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 6-қосымшага сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

**30-бап.** Осы Заң 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

## ТЕСТИЛЕР ЖИНАГЫ

**1. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуышында жетістіктерге жету үшін елдің негізгі құжаты – «Қазақстан-2030» даму стратегиясын жүзеге асыру үшін қандай стратегиялар әзірленді:**

- а) салалық, территориялдық;
- ә) индустримальдық, салалық;
- б) көліктік, ақпараттық;
- в) индустримальдық, ақпараттық;
- г) инновацияллық, территориялдық.

**2. «Қазақстан-2030» даму Стратегиясының бірінші артықшылығы:**

- а) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ә) бюджеттік қаражаттарды тиімді қолдануды қамтамасыз етуі;
- б) мемлекеттің әскери құрамында ірі масштабты реформалар жүргізу;
- в) ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның консолидациясын қамтамасыз ету;
- г) маңызды стратегияллық міндеттерді шешу.

**3. Мемлекеттің әскери құрамында жүргізілген ірі масштабты реформалар:**

- а) 4;
- ә) 7;
- б) 3;
- в) 2;
- г) 5.

**4. Қазақстаниң энергетикалық әлеуетін ары қарай дамыту үшін маңызды міндеттердің бірі:**

- а) мұнай-газ кешенімен байланысты терең қайта өндеу салаларын қамтамасыз ету;
- ә) жеке мәншік институттарын нығайту;
- б) мемлекеттің экономикаға шектеулі тікелей араласуы;
- в) индустримальды-технологиялық стратегияны қалыптастыру;
- г) энергетикалық және басқа табиги ресурстарды өндеу және оңтайды қолдану.

**5. Қазақстан оз даму жолында экономикалық осімнің негізгі ұстанатын принциптері:**

- а) 10;
- ә) 7;
- б) 5;
- в) 9;
- г) 3.

**6. Стратегияның тортінші ұзак мерзімді басымдылығы:**

- а) Қазақстан азаматтарының деңсаулығы, білімі және әл-ауқаты;
- ә) кәсіби мемлекеттің қалыптасуы, шетелдік инвестициялары жоғары деңгейлі анық нарықтық экономикага негізделген экономикалық осу;

б) энергетикалық ресурстардың дамуы;

в) когамды ары қарай консолидациялау және қазақстанды бірегей бәсекеге қабілетті ұлт ретінде қалыптастыру;

г) анық экономика және еркін сауда.

**7. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жаңа «Қазақстан-2050»: қалыптасан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын ұсынған күн:**

а) 14 желтоқсан 2012ж;

б) 16 қараша 2010ж;

б) 11 маусым 2012ж;

в) 11 желтоқсан 2011ж;

г) 23 сәуір 2013ж.

**8. 2020 жылдан бастап салықтық несиелендіруді енгізілуінің жоспарлаудағы негізгі міндеті:**

а) кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін тудыру;

ә) шығыстардың алдын-алу және салауатты өмір салтын жандандыру;

б) жемқорлықпен куресу;

в) стратегия негізінде бағдарламалар бойынша жұмыс істеу;

г) жалдау жүйесін, кадрларды дайындау және жылжыту жүйесін жақсарту.

**9. Ауыл шаруашылық салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау механизмдері қамтамасыз етуі тиіс міндеттер:**

а) 3;

ә) 5;

б) 2;

в) 4;

г) 6.

**10. Тікелей шетел инвестицияларын мемлекеттік қолдаудың принципиалды негізі:**

а) жоғары сапалы және гылыми сыйымды технологияларға негізделетін өндірістердің бәсекеге қабілеттілігі;

ә) ҚР экономикасына тартылған отандық және шетел инвестицияларын сактап қалу;

б) ресурстарды қолдануды оқтайландыру үшін ынталандырулар қалыптастырылуы;

в) шығыстарды қысқарту және шығыстарды басқару мақсатында корпоративті басқаруда өзінің нағызжелігін дәлелдеген адістер мен құралдар қолданылуы;

г) белгілі бір аткарымдар мен бағдарламаларды орындау үшін қаржыландырудың ұзақ мерзімді отиелі лимитті қабылданылуы;

**11. Стратегиялық жоспарлау, негізгі міндеттерді шешуде бағдарламалық қарым-қатынастар, қаржыны басқару және мәліметтерді электронды оңдеу адістері мен құралдары қандай мақсатта қолданылады:**

а) шығыстарды қысқарту және шығыстарды басқару;

ә) жалдау жүйесін, кадрларды дайындау және жылжыту жүйесін жақсарту үшін;

б) ҚР экономикасына тартылған отандық және шетел инвестицияларын сактап қалу үшін;

- в) жоғары сапалы және тыныштық сыйымды технологияларға негізделетін индірістердің бәсекеге қабілеттілігі;
- г) ресурстарды колдануды оқтаїландыру үшін ынталандырулар калыптастырылуы.

**12. Елбасының Жолдауын орындау маңыздылығында қай кезде жаңа Бюджет кодексі өзірленді:**

- а) 2008 ж акпан айы;
- ә) 2012 ж қаңтар айы;
- б) 2008 ж маусым айы;
- в) 2005 ж сәуір айы;
- г) 2009 ж акпан айы.

**13. Элеуметтік-экономикалық дамудың болжамы қанша жылға жоспарланады:**

- а) 5 жылға;
- ә) 4 жылға;
- б) 3 жылға;
- в) 2 жылға;
- г) 1 жылға.

**14. Мемлекеттік органдың, республикалық және жергілікті бюджеттік стратегиялық және операциондық болжамы қанша жылға болжамданады:**

- а) 3 жылға;
- ә) 4 жылға;
- б) 5 жылға;
- в) 2 жылға;
- г) 1 жылға.

**15. ҚР Президенттің 2012 жылы 27 қантардағы Қазақстан халқына жолдауының тақырыбы:**

- а) «Элеуметтік-экономикалық жаңғырту - қазақстан дамуының басты бағыты»;
- ә) «Нұрлы жол»;
- б) «Қазақстан-2030»;
- в) «Қазақстан-2050»;
- г) «Қоғамды ары караі консолидациялау және қазақстанды бірегей бәсекеге қабілетті ұлт ретінде калыптастыру».

**16. Бюджетті жоспарлаудың негізгі принциптері қабылданған күн:**

- а) 2008 жылы 4 желтоқсан;
- ә) 2012 жылы 20 мамыр;
- б) 2010 жылы 25 мамыр;
- в) 2011 жылы 13 қаңтар;
- г) 2011 жылы 22 сәуір.

**17. ҚР Бюджет кодексі құрылымының боліктері:**

- а) 2;
- ә) 4;
- б) 7;

н) 3;

р) 5.

**18. Бюджет кодексі ерекше болігінің бөлімдері:**

а) 11;

ә) 7;

б) 9;

в) 5;

г) 12.

**19. Республикалық бюджетті әзірлеу кезеңдері:**

а) 14;

ә) 12;

б) 13;

в) 11;

г) 15.

**20. Стратегиялық жоспарлауға негізделген, бекітілген артықшылықтарға сәйкес және нәтижеге бағдарланған бюджеттік қаражаттарды орналастыратын жүйе:**

а) бағдарламалық-мақсатты бюджеттеу;

ә) алеуметтік-экономикалық жоспарлау;

б) экономикалық реттеу;

в) салалық реттеу;

г) стратегиялық реттеу.

**21. Тәуелсіздік жылдары елде жүргізілген бюджеттік реформалар негізгі иеше кезеңге болінеді:**

а) 10;

ә) 15;

б) 13;

в) 9;

г) 11.

**22. Тәуелсіздік жылдары елде жүргізілген бюджеттік реформалардың бірінші кезеңі қай жылдары жүргізілді:**

а) 1997-1998 жж;

ә) 1995-1996 жж;

б) 1993-1995 жж;

в) 1999-2001 жж;

г) 1991-1992 жж.

**23. Тәуелсіздік жылдары елде жүргізілген бюджеттік реформалардың үшінші кезеңі қай жылдары жүргізілді:**

а) 2000-2001 жж;

ә) 1995-1996 жж;

б) 1997-1998 жж;

в) 1999-2000 жж;

г) 1993-1995 жж.

**24. Бюджеттік реформалауды жүргізу барысында инициативаның көзенде ҚР бюджеттік кодексі қабылданды:**

- а) алтыншы кезеңде;
- ә) екінші кезеңде;
- б) бесінші кезеңде;
- в) тоғызынышы кезеңде;
- г) сегізінші кезеңде.

**25. Қай жылдан бастап Қазақстанда инициативеге бағдарланған мемлекеттік органдардың қызмет жүйесінің өндірілдіктері:**

- а) 2007 ж;
- ә) 2003 ж;
- б) 2005 ж;
- в) 2008 ж;
- г) 2006 ж.

**26. Бюджеттік реформалаудың онынышы кезеңінде ҚР үш жылдық бюджеттік жоспарлауға ауысқан жылы:**

- а) 2009 ж;
- ә) 2008 ж;
- б) 2007 ж;
- в) 2006 ж;
- г) 2005 ж.

**27. 2009-2011 жылдарға арналған орталық мемлекеттік органдармен азірленген стратегиялық жоспарлардың талдау инициелері көрсеткендегі олардың сапасы қандай болды:**

- а) томен;
- ә) орташа;
- б) құбылмалы;
- в) жогары;
- г) оте жогары.

**28. Стратегиялық бағыттарға, мақсаттарға, мемлекеттік саясаттың міндеттеріне сәйкес нақты инициелерге жету мақсатымен бюджетті қалыптастыру және атқару:**

- а) инициативеге бағдарланған бюджеттеу;
- ә) алеуметтік-экономикалық жоспарлау;
- б) бағдарламалық-мақсатты бюджеттеу;
- в) экономикалық реттеу;
- г) стратегиялық реттеу.

**29. Дәстүрлі жүйе үшін тән сипат:**

- а) бюджеттік шығыстардың еткей-тегжейлі атқарымды және экономикалық тонтастырылуы;
- ә) дербестік үсіну арқылы шығыстардың мақсаттылығы мен тиімділігіне акцент жасау;
- б) бюджеттік ресурстар инициативеге жету үшін болінеді;
- в) басқарушылық құзыреттерді тиімді орындау деңгейлерінде табыстау;
- г) мемлекеттік органдарда стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру.

**30. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу бойынша мемлекеттік органдардың нәтижелері:**

- а) тікелей және түпкі;
- ә) жоғары және төмен;
- б) ішкі және сыртқы;
- в) тікелей, түпкі және аралас;
- г) ақылы және ақысыз.

**31. Түпкі нәтижелердің көрсеткіштері бола алады:**

- а) тұсімнің (егін) артуы;
- ә) әзірленген нормативтік актілердің саны;
- б) салынған жолдардың километражы;
- в) жүргізілген тексерістердің саны;
- г) білім алған студенттердің саны.

**32. Қазақстан Республикасында алғаш рет қай кезде ұзак мерзімді «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы қабылданды:**

- а) 1997 жылы;
- ә) 1998 жылы;
- б) 1999 жылы;
- в) 2000 жылы;
- г) 2001 жылы.

**33. «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы қажет ететін базалық артықшылықтар:**

- а) 7;
- ә) 3;
- б) 6;
- в) 5;
- г) 4.

**34. Мемлекеттің 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамының бірінші болімінің атауы:**

- а) Қазақстан Республикасының даму үрдістері мен жағдайы;
- ә) 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаттың неғізгі шаралары мен бағыттары;
- б) халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту;
- в) мемлекеттік басқарма жүйесін жаңғырту және мемлекеттік қызмет корсету сапасын арттыру;
- г) дамудың сценарлық түрлері.

**35. 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамының әзірлегендеге оның неше нұсқасы әзірленген:**

- а) 3;
- ә) 2;
- б) 4;
- в) 5;
- г) 6.

**36. 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму Болжамының нұсқалары:**

- а) пессимистік, базалық, оптимистік;
- ә) қысқа, орта және үзак;
- б) стратегиялық, мақсатты;
- в) баяу, жылдам;
- г) макроэкономикалық, микроэкономикалық.

**37. Орталық мемлекеттік органдардың үш жылға және республикалық бюджеттің үш жылға Стратегиялық жоспарларды жасауға үшін негіздер:**

- а) әлеуметтік-экономикалық даму болжамы;
- ә) әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдылығы;
- б) әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсаты;
- в) әлеуметтік-экономикалық дамудың бақыланылуы;
- г) әлеуметтік жағдай.

**38. Әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдылығы:**

а) нәтижелік жағынан тиімділерін және әлеуметтік-экономикалық мақсатқа жету үшін іс-әрекет амалдарын түсіну керек;

ә) орталық мемлекеттік органдардың үш жылға және республикалық бюджеттің үш жылға Стратегиялық жоспарларды жасауға негіз болып табылады;

б) (жоспарлы) экономиканың, әлеуметтік саланың, корғаныстың және қауіпсіздіктің жағдайы;

в) мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың қатысуышыларымен анықталады және сандық, сапалық көрсеткіштермен сипатталады;

г) тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар.

**39. Әлеуметтік-экономикалық дамудың міндеті:**

а) мерзім бойынша шектелген бір-бірімен байланысқан шаралар кешені ретінде анықталады;

ә) серпінді және тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету;

б) тенгерімделінген аудандық дамуды қамтамасыз ету;

в) халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыру;

г) экономика құрылымындағы салалардың дамуы.

**40. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамында 2013-2017 жылдары экономиканың осуінің параметрлері откес жылға қандай көрсеткішін беріледі:**

- а) пайыздық;
- ә) жылдық;
- б) айлық;
- в) жарты жылдық;
- г) цифрлық.

**41. Бюджеттің шығыстарын әзірлеуге жаңа жолдардың мәні:**

а) базалық шығыстар, жаңа бастаналарға шығыстар;

ә) кірістер, шығыстар;

б) міндетті шығыстар;

в) негізгі шығыстар, базалық шығыстар;

г) жаңа бастамаларга шығыстар, міндетті шығыстар.

**42. Мемлекеттік атқарымдар, өкілдіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетумен, трансфертер толеумен және мемлекеттің басқа да міндеттемелерімен байланысты шығыстар?**

а) жаңа бастамаларга шығыстар;

б) міндетті шығыстар;

в) негізгі шығыстар;

г) базалық шығыстар;

т) амортизациялық шығыстар.

**43. Кейиншегі жана бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа басым бағыттарын іске асыру шығыстары:**

а) жаңа бастамаларга шығыстар;

б) негізгі шығыстар;

б) міндетті шығыстар;

в) амортизациялық шығыстар;

г) базалық шығыстар.

**44. Бюджет кірістерінің шамамен 97,8% қандай түсімдерден құралады:**

а) салық;

ә) комиссия;

б) айыншұдь;

в) пайыздық міндеттемелер;

г) зейнетакы.

**45. «Өнімділік-2020», «Бизнестің жол картасы-2020» қандай бағытты қаржыландыратын бағдарламалар?**

а) индустріаландыру;

ә) әлеуметтік саланы жаңғырту;

б) индустріалды-инновациялық;

в) адам капиталы сапасының артуы;

г) аймақтардың дамуы.

**46. Әлеуметтік саланы жаңғырту бағыты бойынша қандай бағдарлама қаржыландырылады:**

а) «Балапан» бағдарламасы;

ә) «Қолжетімді баспа-2020» бағдарламасы;

б) «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы;

в) «Ақ Бұлақ» бағдарламасы;

г) «Жасын даму» бағдарламасы.

**47. Елбасының қай жолдауында Қазақстаниң алдыңғы он жылға дамуының негізгі бағыты аныкталды:**

а) 2012 жылы 27 қаңтар;

ә) 2012 жылы 5 шілде;

б) 2013 жылы 22 қаңтар;

334. Салықтық-бюджеттік жоспардау

- в) 2014 жылы 5 ақпан;
- г) 2012 жылы 20 қаңтар.

48. Қазақстан Республикасының ақша-несиелік саясатының негізгі маңыздылықтары:

- а) бағаның тұрактылығын қамтамасыз ету;
- ә) теңде багамының икемділігін арттыру;
- б) инфляция тарифтеріне салымдармен шектеу;
- в) халықтың әл-ауқатын арттыру;
- г) экономиканы жаңғырту.

49. Орта мерзімді кезеңде салықтық саясаттың бағыттары:

- а) 4;
- ә) 3;
- б) 2;
- в) 5;
- г) 6.

50. Жалпы декларациялануға көшу қанша жыл көлемінде кезең бойынша жүзеге асады:

- а) 7;
- ә) 8;
- б) 6;
- в) 5;
- г) 9.

51. Қай жылды Әлемдік Банк есебінің қорытындысы бойынша Қазақстан бизнес жүргізу бойынша бәсекеге қабілеттілік рейтингі бойынша 47 орынға ие болды:

- а) 2011 жылы;
- ә) 2012 жылы;
- б) 2010 жылы;
- в) 2013 жылы;
- г) 2009 жылы.

52. Мемлекеттік бюджеттің кірістерінің көп болігі қалыптасатын түсімдер:

- а) салықтық;
- ә) негізгі капиталды сатудан түскен;
- б) ресми трансфертерден түскен;
- в) салықтық емес;
- г) бюджет кірістері.

53. 12 жыл үшін (2000-2011) мемлекеттік бюджет кірістерінің осу деңгейі қанша пайызды құрады:

- а) 897,0;
- ә) 8,94;
- б) 22,34;
- в) 27,91;
- г) 759,9.

**54. Ресейде табыс салығының негізін күрушы жылжымайтын мүлікке салынатын 1812 жылы белгіленген салық:**

- а) табыс салығы;
- ә) корпоративтік табыс салығы;
- б) жеке бас салығы;
- в) мұлік салығы;
- г) толем салығы.

**55. Қазақстан Республикасының Салық кодексі қабылданған мерзім:**

- а) 2001 жыл 12 маусым;
- ә) 2002 жыл 5 шілде;
- б) 2003 жыл 12 маусым;
- в) 2001 жыл 5 шілде;
- г) 2002 жыл 12 маусым.

**56. 1954 жылы М.Лоренің (Франция) жасаған еңбегі:**

- а) ҚҚС-ты енгізді;
- ә) кедендей бажды енгізді;
- б) акциздерді енгізді;
- в) жанама салықты енгізді;
- г) дара кәсіпкерлікті енгізді.

**57. ҚҚС-ты есептеу барысында негізінен қолданылатын әдістер:**

- а) 4;
- ә) 5;
- б) 2;
- в) 3;
- г) 6.

**58. Қазастаңда қосылған құн салығы алғаш рет енгізілген жылы:**

- а) 1992 жылы;
- ә) 1993 жылы;
- б) 1994 жылы;
- в) 1995 жылы;
- г) 1996 жылы.

**59. Әлеуметтік салықты төлеушілер:**

- а) дара кәсіпкерлер;
- ә) ЖТС-ны төлеушілер;
- б) ойын бізнесі мен тіркелген салықты төлеушілер;
- в) заңды емес тұлғалар;
- г) резидент және бейрезидент жеке тұлғалар.

**60. Акциз салығы:**

- а) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын салық;
- ә) қосу жолымен алынатын шама;
- б) жергілікті бюджеттердің салықтық түсімдерінің көзі;
- в) жергілікті бюджеттерді қалыптастыру өз бетімен жұмыс істеуі бойынша үш деңгейлі ерекшелігі;

г) резиденттен немесе бейрэзиденттен жасасқан еңбек шарты бойынша Қазақстан Республикасындагы қызметтөн түсетін табыстар.

**61. Акцизделетін тауарлар:**

- а) спирттің барлық түрлері;
- ә) киім-кешек;
- б) авиациялық бензин;
- в) металдар;
- г) қолмен басқару адаптері бар автоколік.

**62. Мемлекеттік қызметтерді орындау үшін қажетті елдің орталықтандырылған қаржылық ресурстарының болігі:**

- а) бюджет кірістері;
- ә) жергілікті бюджет;
- б) республикалық бюджет;
- в) әлеуметтік салық;
- г) инфляция.

**63. Толымдылық, сабактастық, негізділік, бірыңғайлық, реалистік принциптері қаңдай бағытқа жатады:**

- а) бюджеттің түсімдерін болжамдау;
- ә) брутто бюджеті;
- б) салықтық жоспарлау;
- в) бюджет кірістері;
- г) инфляция.

**64. Бюджет жобасын әзірлеу үдерісінде бюджеттік тәсестірудің спецификалық әдістерін көрсетіңіз.**

- а) сатылас, деңгейлес;
- ә) сатылас, салықтық;
- б) деңгейлес, салықтық;
- в) сатылас, мемлекеттік;
- г) мемлекеттік, салықтық.

**65. Салықтық-бюджеттік жоспарлаудың мақсаты:**

- а) бюджеттің сұранысын қамтамасыз ету;

ә) экономикалық негізделген салықтық параметрлер мен берілген салықтық әлеуеттің параметрлері бойынша бюджеттік жүйеге салықтық түсімдердің максималды көлемін қамтамасыз ету;

б) койылған стратегиялық мақсаттарды ұзақ мерзімді жоспарлау, яғни салықтық саясаттың стратегиялық параметрлері негізінде ұзақ мерзімге салықтық ағымдарды жоспарлау;

в) салықтық толемдерді оңтайландыру, оларды азайтудың заңды тәсілдерін табу;

г) мемлекеттік деңгейде салықтық саясат белгілі бір дәрежеде салықтық жоспарлау.

**66. Болжамдау үшін трендтік үлгілерді колданудың дәйектілігі мен заңдылығы анықталатын жағдайлар:**

- а) З;

- а) 6;
- б) 10;
- в) 5;
- г) 4.

**67. Мемлекеттік салықтық реттеу:**

а) салық салуды және салықтық ағымдарды арнағы тәсілдердің, әдістердің жоне құралдардың жүйесімен басқару;

ә) экологияга, алеуметтік инфрақұрылымға, халықты әлеуметтік қорғау;

б) салықтық женілдіктер беру;

в) салықтық жоспарлау мен бюджеттеу параметрлерін түзету үдерісі, соньмен қатар басқарушы субъект деңгейінде салықтық ағымдарды оңтайландыру;

г) экономикалық және алеуметтік нәтижеге жету үшін әр түрлі женілдіктермен, шегерімдермен және санкциялармен айла-шарғы жасауға мүмкіндік болуы.

**68. Ұлыбритания мемлекеті қай жылдары «Төмен салықтар экономиканы тиімді етеді» деген ұранымен салықтық реформалар жүргізген:**

- а) 1980-90 жылдары;
- ә) 1960-70 жылдары;
- б) 1970-80 жылдары;
- в) 1950-60 жылдары;
- г) 1930-40 жылдары.

**69. Неміс слінің 1990 жылы салықтың алғашқы молшерлемесі 22 пайыздан 19 пайызға дейін томендеген, ал ең жоғарғысы қанша пайыз болды:**

- а) 53%;
- ә) 49%;
- б) 52%;
- в) 40%;
- г) 65%.

**70. Корпорациялардың табысына салық салудың импутациялық жүйесі қолданылатын елдер:**

- а) Бельгия, Ұлыбритания, Данія, Ирландия, Италия, Франция;
- ә) Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания, Ирландия, Чехия
- б) Франция, Италия, Польша, Швеция, Данія;
- в) Бельгия, Данія, Қазақстан, Польша, Словакия, Қытай;
- г) Монголия, Данія, Франция, Түркія, Қазақстан, Қытай.

**71. Қазақстан Республикасында 1991 жылдың 25 желтоқсанында салық салудың жаңа жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының иешінші Заңы қабылданды:**

- а) 15 Заңы;
- ә) 12 Заңы;
- б) 11 Заңы;
- в) 13 Заңы;
- г) 20 Заңы.

**72. КТС<sub>6</sub> белгісіндең қандай мағынасы білдіреді:**

а) жоспарлы кезеңге корпоративтік табыс салығының сомасы;

а) жоспарлы кезеңге мұнайдан тыс секторының жалпы қосылған құнының колемі;

б) орташа тиімділік молшерлемесі;

в) есептік кезеңге мұнайдан тыс секторының жалпы қосылған құнының колемі;

г) есептік кезеңге корпоративтік табыс салығының сомасы.

**73. Болжамдағы үшін ірі салық толеушілерден жылдық күтілеттің салық түсімдерінің есебі қандай формула бойынша жүргізіледі:**

а) КТС<sub>кут</sub> =  $(T_{есептік} - T_{бірж})/A_{некты} \times 12$ ;

ә) КТС<sub>6</sub> =  $(K_x \times B_o\text{-III}) \times M$ ;

б)  $T_c = K_x \times M$ ;

в)  $M = T_{есептік} / K_{есептік} \times 100\%$ ;

г)  $T_6 = T_{кут} / Y_{некты} \times 100\% \times \Theta_{каржын} / 100\%$ .

**74. Ағымдағы жыл бойынша ірі салық толеушілерден күтілеттің салық түсімдерін білдіреттің белгінің көрсетініз:**

а) Р<sub>кут</sub>;

ә) Т<sub>кут</sub>;

б) Т<sub>6</sub>;

в) Θ<sub>каржын</sub>;

г) А<sub>некты</sub>.

**75. Салық жеңілдіктері болінеттің топ:**

а) 2;

ә) 4;

б) 5;

в) 6;

г) 3.

**76. КТС<sub>6</sub> = (K<sub>x</sub> x B<sub>o</sub>-III) x M формуласындағы М белгісінің мағынасы:**

а) салық молшерлемесі;

ә) мұнай, газ конденсатын жеткізу колемі;

б) КТС-ның болжанатын сомасы;

в) өткізуудің болжанатын орташа бағасы;

г) салықтық заңнамаларға сәйкес қарастырылған шегерімдер.

**77. Экстраполяция әдісінің негізі:**

а) болжанатын обьекттің тарихын зерттеу және оның өткені мен қазіргі даму заңдылықтарын болашаққа ауыстыру;

ә) жеткілікті салықты жоспарлау;

б) салық толеушінің некты жұмсаған шығындарымен байланысты болуы;

в) акциз қосылатын босату бағасы бойынша жүзеге асрырылатын акциздік тауарлардың құны болуы;

г) салық салынатын айналым молшерін анықтау.

**78. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы 1 наурызда Халықта ариған «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жа-сау карсаңында» жолдауында ҚҚС мөлшерлемесін неше пайызға қысқарту көрек екенін мәлімдеді?**

- а) 1%;
- ә) 2%;
- б) 3%;
- в) 4%;
- г) 5%.

**79. Акциз бюджет кірістерінің қанша пайызын құрайды:**

- а) 2,7;
- ә) 5,7;
- б) 4,7;
- в) 3,7;
- г) 6,7.

**80. Есептік кезең үшін импортталатын тауарларға ҚҚС-тың орташа мөлшерлемесі қандай формуламен анықталады:**

- а)  $M = \frac{KKC_e}{I_k} \times 100\%$ ;
- ә)  $KKC_n = \frac{B_{nn}}{M} \times 100\%$ ;
- б)  $KKC_b = \frac{ЖI\Theta_b}{A} \times 100\%$ ;
- в)  $A = \frac{KKC_e}{ЖI\Theta_k} \times 100\%$ ;
- г)  $KKC_b = KKC_e \times I_b / 100 \% \times \Theta_{онд} / 100\%$ .

**81. Есептік кезең үшін имортталатын тауарларға ҚҚС сомасының белгісі:**

- а)  $KKC_e$ ;
- ә)  $KKC_b$ ;
- б)  $KKC_n$ ;
- в)  $KKC_{**}$ ;
- г)  $KKC_{**}$ .

**82. Қазіргі кезде алеуметтік салықты оңтайландырудың көп тараган әдісі:**

- а) аутсорсинг;
- ә) мұлікті жалдау;
- б) ЖТС;
- в) ҚҚС;
- г) салықтың орташа мөлшерлемесі.

**83. Жапама салықтар:**

- а) ҚҚС және акциз;
- ә) жеке табыс салығы және мүлік салығы;
- б) табыс салығы және мүлік салығы;
- в) жер салығы және ҚҚС;
- г) табыс салығы және акциз.

**84. ЖТС бойынша салық кезеңі:**

- а) күнтізбелік ай, күнтізбелік жыл;

340. Салыктық-бюджеттік жоспардау

- а) құнтізбелік күн, құнтізбелік ай;
- б) құнтізбелік күн, құнтізбелік жыл;
- в) құнтізбелі сағат, құнтізбелік күн;
- г) құнтізбелік сағат, құнтізбелік жыл.

85. Мұнайды, газ конденсатын ішкі нарыққа откізген кезде томендеңділген қолданылатын коэффициент:

- а) 0,5;
- ә) 0,4;
- б) 0,6;
- в) 0,7;
- г) 0,8.

86. Коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібі:

а) коммерциялық табу бонусының сомасы салық салу объектісінің, салық базасы мен мөлшерлемелерінің негізінде айқындалады;

ә) коммерциялық табу бонусы салық базасының 0,1 пайыз мөлшерлемесі бойынша төленеді;

б) жер қойнауын пайдалануга арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушылар;

в) жер қойнауын пайдалануши пайдалы қазбаларды өндіруге салық жоніндегі декларацияны орналасқан жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей береді;

г) салық толеуші салыктың есептелеңген сомасын орналасқан жері бойынша бюджетке салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей төлеуге міндетті.

87. Жер қойнауын пайдаланушылардың негізгі төлейтін ариаулы толемдері мен салықтары:

- а) 3;
- ә) 5;
- б) 6;
- в) 4;
- г) 7.

88. Салық түсімдерінің контингенттің есептеу әдістемесі қаша сатымен сипатталады:

- а) 3;
- ә) 5;
- б) 6;
- в) 4;
- г) 7.

89. Жер салығының болжамды есебі қандай формуламен есептеледі:

- а)  $\mathcal{K}_6 = A \times M_6 \times K$ ;
- ә)  $K_6 = C_k \times AEK \times M \times K / 100\%$ ;
- б)  $M_6 = (K_{6k} \times K / 100\%) \times M / 100\%$ ;
- в)  $M_6 = K_{6k} \times M / 100\%$ ;
- г)  $O_1 = K_6 \times T$ .

**90. Мұлік салығын есептеу үшін салық кезеңі:**

- а) құнтізбелік жыл;
- ә) құнтізбелік құн;
- б) құнтізбелік ай;
- в) құнтізбелік он қүндік;
- г) құнтізбелік тоқсан.

**91. Колік салығының төлеу мерзімі:**

- а) 5 шілде;
- ә) 1 шілде;
- б) 10 шілде;
- в) 15 шілде;
- г) 20 шілде;

**92. Әмбебаптың акциздердің түрлері:**

- а) 2;
- ә) 4;
- б) 3;
- в) 5;
- г) 6.

**93. Колемі 0,50 гектарға дейін қоса алғанда – 0,01 гектар үшін қаша тенге мөлшерде белгіленеді:**

- а) 20;
- ә) 10;
- б) 40;
- в) 30;
- г) 60.

**94. Негізгі құралдарының салық салынатын құны болжамды қайта бағалау коэффицентімен түзетіледі және салық заңнамасына байланысты салық мөлшерлемесін ескеру қандай формуламен есептеледі:**

- а)  $M_{\delta} = (K_{m_k} \times K / 100\%) \times M / 100\%$
- ә)  $K_{\delta} = C_k \times AEK \times M \times K / 100\%$
- б)  $J_{\delta} = A \times M_{\delta} \times K$
- в)  $O_{\delta} = K_{\delta} \times T$
- г)  $M_{\delta} = K_{\delta} \times M / 100\%$

**95. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін толемақы:**

а) жер үсті көздерінен суды ала отырып немесе оны алмай, арнаулы су пайдаланудың барлық түрлері үшін алынатын толем.

б) мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орманды пайдаланудың мынадай түрлері үшін алынатын толем.

б) орманды пайдаланғаны үшін толемақының болжамды сомасы.

в) босатылған ағаштың колемі.

г) ағаш үйін ортасы мөлшерлемелер.

**96. СРТ<sub>6</sub> = K<sub>e</sub> x M формуласындағы СРТ<sub>6</sub> белгісінің мағынасы:**

а) жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін толемақының болжамдаған сомасы;

- а) су тарту көлемі;
- б) толемақы мөлшерлемесі;
- в) ағаш үшін орташа мөлшерлемелер;
- г) босатылған ағаштың көлемі.

**97. Қазақстанның табиги және басқа да қөздерін пайдаланғаны үшін толемдер шамалап алғанда жалпы салықтық түсімдердің қанша пайзызын құрайды:**

- а) 10%;
- ә) 11%;
- б) 12%;
- в) 9%;
- г) 8%.

**98. Бонус дегеніміз:**

- а) жер қойнауын пайдаланушының тіркелген толемдері;
- ә) минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалар корларының нақты көлемі;
- б) мемлекеттік орман қорының участкерінде орманды пайдаланудың мынадай түрлері үшін алынатын төлем;
- в) жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптен келісімшарт аумағы кеңейтілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу үшін алған біржолғы тіркелген толемі;
- г) жер үсті қоздерінен суды ала отырып немесе оны алмай, ариаулы су пайдаланудың барлық түрлері үшін алынатын толем.

**99. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаты үшін жер қойнауын пайдалануши осында белгіленген тәртіпке сәйкес жер қойнауын пайдалануга ариналған әрбір жеке келісімшарт бойынша салық салу объектісін, сондай-ақ салық салумен байланысты қанша объектілерді айқындаїды:**

- а) 6;
- ә) 7;
- б) 8;
- в) 9;
- г) 10.

**100. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдалануши арасында қай мерзімге дейін жасалған және міндеғі салық сараптамасынан откен, онімді бөлу туралы келісімде корсетілген:**

- а) 2009 жылы 1 қантар;
- ә) 2009 жылы 1 маусым;
- б) 2009 жылы 1 мамыр;
- в) 2009 жылы 1 наурыз;
- г) 2009 жылы 1 ақпан.

## ГЛОССАРИЙ

### А

**Аванстық толем** – заңды тұлғалардың материалдық игілік, аткарылған жұмыс және көрсетілген қызмет үшін алдағы төлеметтің толем есебінен берілетін акшалай сома. Заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығы бойынша әр тоқсан сайын аванстық толем декларациясын тапсырады.

**Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүргені үшін алым** – халықаралық қатынастарда жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кетуі; халықаралық қатынастарда жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына келуі (кетуі), Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиті; ірі көлемді және салығы ауыр отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүруі үшін.

**Агенттік шарттар (келісім)** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар (келісім), олар бойынша бір тарап (агент) сыйакы үшін екінші тараптың тапсырмасы бойынша өз атынан, бірақ екінші тараптың есебінен, не екінші тараптың атынан және есебінен белгілі бір әрекет жасауга міндеттепеді.

**Ағымдағы салықтық бақылау** – салық қызметі органдары салықтық бақылау ишемдердің орындалуына ағымдағы кезеңде жасалатын бақылау.

**Ағымдық бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының лимитін есептесу** – бюджет субвенциялары мен ағымдарды қосқандығы ағымдық бюджеттік бағдарламаларға шығыстардың жалпы сомасы; бекітілген заттай нормалар; ағымдағы қаржылық жылдың ағымдық бюджеттік бағдарламаларының колемі; орта мерзімді фискалды саясатта бюджет шығыстарын арттыру немесе қысқартуды анықтау; ағымдағы қаржылық жылда аяқталатын ағымдық бюджеттік бағдарламалар.

**Ағымдық салықтық жоспарлау** – нақты қаржылық жылға салықтық түсімдердің жоспарын қалыптастырумен және берілген салықтық міндеттерді қамтамасыз ету әдістерін анықтаумен байланысады. Бұл үдерісті жүзеге асыру кезінде бастаңы сәт нақты бағыттар бойынша және мемлекеттік шығыстардың колемі бойынша ағымдық жылға қоғамдық басымдықтарға байланысты шеінімдер қабылдау болуы керек.

**Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы** – заң комегін, нотариаттық іс-әрекеттер ақысын қоса алғанда, адвокаттық және нотариаттық қызметті жүзеге асырудан түскен табыстардың барлық түрлері, сондай-ақ қоргау мен оқілдікке байланысты шығыстардың орыны толтырудан алынған сомалар.

**Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым** – Қазақстан Республикасында дүге көзістігін найдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген таланттарға сәйкестігін растауға азаматтық дүге кемелерінің найдалануынын, авиациялық

